

А.С. Ақтанова, А.Қ. Жұндібаева, Ж.Н. Нұрлыбаева

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық
багыттағы 11-сыныбына ариалған оқулық

Екі бөлімді

2-бөлім

11

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі ұсынған

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының сарапшыларымен желісілді



Алматы «Атамұра» 2020

**Оқулық Қазақстан Республикасының Білім және гылым министрлігі бекіткен
Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттагы
10 – 11-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндагы
целлік оқу бағдарламасына сәйкес дайындалды.**

Шартты белгілер:

	– сөздік		түсіну, жауап беру тапсырмалары
	– тірек сөздер		қолдану, талдау, жобалау тапсырмалары
	– ғалым пікірі		жинақтау, салыстыру, зерделеу тапсырмалары
	– қаламгер пікірі		багалау, қорытындылау тапсырмалары
	– теория		

Ақтанова А.С. т.б.

A37 Қазақ әдебиеті: 2-бөлім. Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағыттагы 11-сыныбына арналған оқулық/Ақтанова А.С., Жұндібаева А.Қ., Нұрлышбаева Ж.Н. – Алматы: «Атамұра», 2020. – 224 бет.

ISBN 978-601-331-758-8

2-бөлім. – 2020. – 224 6.

ISBN 978-601-331-760-1

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 84(5Каз)я72

ISBN 978-601-331-760-1 (2-бөлім)
ISBN 978-601-331-758-8

© Ақтанова А.С., Жұндібаева А.Қ.,
Нұрлышбаева Ж.Н., 2020
© «Атамұра», 2020

АЛФЫ СӨЗ

Қымбатты жас дос! Өнердің ең үлкені – сөз өнері. Үлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы әдебиетті «асыл сөз» деп қадір тұтып, оның барлық өнерлерден үстем екенін айтқан.

Қазақ әдебиеті – өзінің тарихы мен дамуында әлем әдебиетінің бір бөлшегі ретінде ғасырлар бойы адамзатпен бірге жасап келе жатқан қымбат қазына. Қазақ халқының алғашқы мифологиялық, танымынан бастап бүгінгі күнге дейін әдебиетте қалыптасқан көркем бейнелер соған дәлел. «Әдебиет – өмірдің айнасы» деген сөз бар. Өмірде, қогамдық ортада, жеке адам басында болып жатқан түрлі оқиғалар әдебиет арқылы бізге жеткен. Біздің заманымыздың да бейнесі болашаққа әдебиет арқылы жетеді.

Әдебиетті көркем де, тартымды ететін – тіл. Әдебиет пен тіл біте қайнасып, бірін-бірі дамытып отырады. Тілдік қорымыздагы барлық сездер әдебиет жасауга қатысады. Әдебиет өз кезегінде сөздік қордагы мол қазынаны игере отырып, жаңа оралымдар мен көркем бейнелер тудырады.

Әдебиеттің дамуындағы тарихи бір маңызды дүние – ой. Ой көркем әдебиетте идея түрінде беріледі. Ой халықтың мақсаты мен болашаққа деген көзқарасынан туады. Тіл, ой, әдебиет үштағаны бірлесіп, халықтың тарихи жадын қалыптастырады. Халық өзінің тарихи жады арқылы болашаққа барады. Еліміздің мәңгілік болуы – әдебиетіміздің көркем ойлы, жан-жақты болуымен де байланысты.

Қазақ әдебиеті оқулығының екінші кітабындағы «Ғасырлық туынды» және «Әдебиеттегі сын-сарын» бөлімдері арқылы кеменгер жазушы М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын, Т. Молдагалиевтың «Бауырлар» өлеңін, Т. Әсемқұловтың «Бекторының қазынасы» әңгімесін, Э. Хемингуэйдің «Шал мен теңіз» повесін оқымыз. Бұл туындылардың барлығы біздің рухани жандуниеміздің жаңа қазыналарымен байып, болашақта ел иғілігін еселеу жолында өз көмегін тигізеді.

Қымбатты оқушы, әдебиеттің осындай зор мүмкіндігін пайдаланып, қасиетті тіліміз берілген көркем туындыларды түсініп оқып, жаңаша ой түйүің керек.

Әдебиет әлеміндегі асыл қазыналарды бірге теріп, игілігімізге жаратайық! Іске сәт!

Авторлар

ОҚУЛЫҚ КАРТАСЫ

Шығарма	Авторы	Жанры	Теория
Сыр сандық	Сәкен Сейфуллин	Өлең	аллегория, символ
Қаһар	Ілияс Есенберлин	Тарихи роман	тарихи роман, стиль, жинақтау, даралау
Бесатар	Асқар Сүлейменов	Повесть	ұлттық мінез
Өзім туралы	Қасым Аманжолов	Өлең	көркем қиял
Жалған дүние	Смагұл Елубай	Роман	экзистенциализм
Абай жолы	Мұхтар Әуезов	Роман-эпопея	эпопея, типтендіру, көркем бейне, көркемдік деталь, көркемдік уақыт, прототип
Бауырлар	Тұманбай Молдағалиев	Өлең	поэзиялық лексика
Бекторы- ның қазы- насы	Таласбек Әсемқұлов	Әңгіме	лирикалық шегініс
Шал мен теңіз	Эрнест Хемингуэй	Повесть	көркем аударма

ФАСЫРЛЫҚ ТУЫНДЫ

«Фасырлық туынды» бөлімі халқымыздың біртуар ұлы, заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясына арналады. Романда гуманист, ойшыл ақын Абай мен оның айналасындағы адамдар бейнесі арқылы қазақ халқының тарихы бейнеленеді. Халқымыздың салт-дәстүрі, тұрмыстық-әлеуметтік жағдайы, қоғамдық өмірі жан-жақты суреттеледі. Абайдың идеал тұлғасы, өресі биік көркем бейнесі де романда барлық қырынан ашылған. Абай арқылы әлем қазақты таниды. Қазақтың тарихы мен мәдениетін, әдебиетін түйсінеді. Абай жолы – қазақ халқының жолы. Абай жолы – әділдік пен ақиқаттың жолы.



МҰХТАР ОМАРХАНҰЛЫ ӘУЕЗОВ

(1897–1961)



Мұхтар Омарханұлы Әуезов – жазушы, абайтанушы, драматург, публицист, әдебиеттанушы, аудармашы, қоғам қайраткері, академик. Ол Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданындағы Бөрілі ауылында 1897 жылы 28 қыркүйекте дүниеге келген. Атасы Әуез де, әкесі Омархан да сауатты адамдар болған. Абай ауылымен іргелес отырған Әуез – ақын өлеңдерін алғашқы тыңдаушылардың әрі қағаз бетіне түскен өлеңдер туралы пікір айтқан адамдардың бірі болған. Мұхтар Әуезовтің

Абай шығармашылығына қызығушылығын оятқан да атасы еді. Әуезді Абай құрмет тұтып, «Әуке аға», «Үлкен қожа» деп атаған. М. Әуезов өз естеліктерінде атасының оған алты жастан бастап Абайдың өлеңдерін жаттатқанын айтады.

1908 жылы Семейдегі Камалиддин медресесінде, кейін орыс мектебінің дайындық курсында оқиды. 1910 жылдан Семейдегі бес сыныптық қазына училищесінде оқиды. 1915 жылы Семей қаласындағы мұғалімдер семинариясына оқуға түседі. 1917 жылы Шекерім Құдайбердіұлының «Жолсыз жаза» поэмасының негізінде «Еңлік-Кебек» пьесасын жазып, оны Ойқұдық деген жерде Әйгерімнің үйінде сахналайды. Осы жылдары «Адамдық негізі – әйел», «Оқудағы құрбыларыма!», «Қайсысын қолданамыз», «Фылым», «Будда», «Мәдениетке қай кесіп жуық?», «Мәдениет һәм ұлт» және т.б. көптеген мақалалары жарықта шықкан. 1918 жылы Жүсілбек Аймауытовпен бірігіп «Абай» журналын шығарады. 1921 жылы «Қорғансыздың күні» атты алғашқы әңгімесі жарияланды.

1922 жылы күзде Ташкенттегі Орта Азия университетіне оқуға түсіп, «Шолпан» және «Сана» журналдарында қызмет етеді. «Қыр суреттері», «Қыр әңгімелері», «Үйлену», «Оқыған азамат», «Кім кінәлі?», «Заман еркесі» әңгімелері осы басылымдарда жарық көрген.

1923 жылы маусым айында Ташкенттегі Орта Азия университетінен Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) мемлекеттік университетінің тіл-әдебиет бөліміне ауысады. 1924–1925 жылдар аралығында Семейдегі мұғалімдер техникумында оқытушы болып істейді. Оқытушы бола жүріп, «Таң» журналын шығарады. 1925 жылы Ленинградқа оралып, оқуын қайта жалғастырады. 1928 жылы Орта Азия мемлекеттік университетінің

аспирантурасына қабылданды. Бұдан бөлек Қазақ ағарту институтында сабак берді. М. Өуезов проза мен драматургияда қатар қызмет етті. Отызынышы жылдары «Қасенниң құбылыстары», «Іздер», «Шатқалан», «Құм мен Асқар», «Бүркітші» әңгімелері мен «Айман–Шолпан», «Тастүлек», «Шегараада», «Тұнгі сарын» пьесаларын жазады.

Абайдың өмірі мен шығармашылығын, Абайдың ақындық мектебі тұжырымдамасын, қазақ әдебиеті тарихының кезеңдерін зерттең, әдебиеттегі зарзаман ақындарының бағыты туралы ғылыми түсінік қалыптастыруды. Жазушы өзінің ең басты шығармасы «Абай жолы» роман-әпопеясының бірінші кітабын 1942 жылы, екінші кітабын 1947 жылы жарыққа шығарды. 1949 жылы роман бірінші дәрежелі Сталиндік сыйлықпен, Құрмет белгісімен марапатталды. 1954 жылы «Абай жолы» романын толық аяқтайды. Абайға байланысты «Абай» трагедиясын, «Абай жолы» роман-әпопеясын, «Абай Құнанбайұлы» ғылыми монографиясын, «Абайтану дәрістерін», «Абайтанудан жарияланбаған материалдар» және т.б. көптеген ғылыми және танымдық еңбектер жазған.

1960 жылы ол Кеңес жазушыларымен бірге АҚШ-қа барып қайтты. Қайта оралғаннан кейін «Америка әсерлері» атты очерк және жаңа роман жазумен айналысады.

1961 жылдың жазында Өуезов емделу үшін Мәскеуге барып, 1961 жылы 27 маусымда ота кезінде қайтыс болды.

Қазіргі қазақ әдебиетінде өуезовтану ғылыми бағыты қалыптасқан. М. Өуезов өмірі мен шығармашылығы, үстаздық қызметі, әдеби және мәдени мұрасы туралы Қ. Сәтбаев, М. Қаратаев, З. Қабдолов, З. Ахметов, А. Нұрқатов, З. Кедрина, І. Дүйсенбаев, Е. Лизунова, Р. Бердібаев, Л. Өуезова т.б. зерттеулер жүргізді. М. Өуезов шығармашылығы туралы «Мұхтар Өуезовтің қолжазба мұрасы», «Мұхтар Өуезовтің өмірі мен шығармаларының шежіресі» деген ұжымдық еңбектер жарыққа шықты. Жазушының алты томдығы (1957), он екі томдығы (1967), жиырма томдығы (1987), елу томдық жинағы жарық қөрді.

«Абай» романының жазылу жайынан:

Мен бұл макалада Абай жәніндегі (қазір төрт томы түгел жазылып біткен) романдарымның алғашқы екі кітабын сөз етемін. «Абай жолының» екінші кітабымен оқушы жүртшылық күні бүгін толық танысып болған жоқ. Сондықтан оған кейінрек бір оралып соғуды жән көрдім. Ал менің ұлы ақынды, ақын өмір сүрген дәуірдің тарихи шындығын көрсету мақсатындағы творчестволық ісімнің бірқатар сырын «Абай» романының маңында айтар пікірімнен де аңғаруға болады.

Алдымен, мынаны ескерген жөн: «Абай» да, «Абай жолы» да – тарихи романдар. Бірақ жүртқа мәлім «Петр Бірінші», «Емельян Пугачев» немесе «Степан Разин» сияқты романдардан менің романдарымның өзіне тән кейір өзгешеліктері бар.

Аталған романдардың геройлары – қайсыбірі ірі қоғамдық қайраткер болуымен бірге, көбіне төтенше ер, бұрқанған күштің, қолмақол қимылдың адамдары болып келеді, олар бұқараны өздерінің еркін іс-әрекеттерімен бастайды; ал менің романдарым батыр емес, ақын туралы, менің геройым – творчестволық тұлға; демек, қоғамдық құбылыс есебінде көрінетін оның қолмақол қимыл әрекетінің нәтижесі емес, творчестволық еңбегінің туындысы ғана.

...Міне, бұл тақырыпқа келгенде, мен осы ерекшеліктерді қатты ескердім. Героймның сыртқы әрекетін ғана емес, ішкі творчестволық бұраландарын, творчестволық психологиясын, оның өмірді тікелей түйсінулерінің, сезіну-толқынуларының нәтижесінде көрінген шындық құбылыстың сырларын, тіпті ақын шығармаларының тамыр тартқан теренін аша көрсетуге көп күш жұмсадым.

Мұхтар Әuezов, 1959 жыл

Ғалым пікірі

Қазақ халқының өткенін зерттегісі келетін ғалымның бірде-бірі бұл кітапты жанап өте алмайды: ғалым-филолог одан фольклордың бай материалдарына қаныгумен қоса, қазақ әдеби тілі мен сөздігінің қаз басуы мен қалыптасуын көреді; ғалым-этнограф қазір көне заманмен қоса көнерген небір тұрмыстық белгілер мен өмір құбылыстарын біледі.

Қаныш Сәтбаев

Теория

ЭПОПЕЯ (грекше *eros* – сөз, баяндау және *poieo* – жасаймын) – бүкіл бір дәуірді кеңінен қамтып бейнелейтін кең тынысты, сан салалы эпикалық шығарма. Ежелгі Грекияда халықтың өмірін, қаһармандарын, ірі тарихи оқиғаларды суреттейтін өлең-жырларды бір желіге тізіп, тұтастыру арқылы жасалған көлемді эпостық жырды «эпопея» деп атаған. Мысалы, Гомердің «Илиада», «Одиссея» атты эпостық жырлары, үнді елінің «Махабхарата», қыргыз халқының әйгілі «Манас» эпосы осындай әдеби туындылар қатарына жатады.

Біздің уақытымызда «эпопея» деп тарихи уақыттың маңызды кезеңдерін, халық өмірін әр қырынан көрсететін, үлкен тарихи оқиганы, күрделі тағдырлар тоғысын бейнелейтін романдар циклін айтады. Л.Н. Толстойдың «Софыс және бейбітшілік», М.А. Шолоховтың «Тынық Дон» атты шығармалары соған мысал. Қазақ әдебиетінде М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы – қазақ халқының жарты ғасырлық өмірінің энциклопедиясы дерлік кесек, көркем туынды.

Бұдан біз «эпопея» деген үғымның жазба әдебиетінде тақырып-мазмұнды бейнелеу әдіс-тәсілдері, көркемдік ерекшеліктері жағынан мүлде өзгеріп, жаңа сипат алғанын айқын көреміз.

Серік Негімов

М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының бірінші кітабы мынадай тараулардан тұрады: «Қайтқанда», «Қат-қабатта», «Жолда», «Шытырманда», «Бел-белесте», «Өрде», «Қияда».

АБАЙ ЖОЛЫ

(бірінши кітап)

ҚАЙТҚАНДА

Oқу мақсаттары:

11.1.1.1 әдеби шығарманың сюжеттік-композициялық құрылымын талдау арқылы көтерілген галамдық мәселелерді терең түсіну.

11.1.2.1 әдеби шығармадағы көтерілген мәселелерді қазіргі өмірмен байланыстырып, үлттық мұдде түргысинаш ашу.

11.2.5.1 қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіндегі ортақ бағыт, әдеби ағым, жалпыадамзаттық құндылықтарды анықтау, талдау жасау.

11.3.1.1 шығарманы галамдық тақырыптармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау.



Тірек сөздер: үш күндік жол, бала шәкірт, ауыл, өке, өже, аналар.

Мақсатқа қол жеткізу үшін:

- ✓ берілген үзіндінің сюжетін ауызша айтуға дайындалу;
- ✓ композициялық жүйесін талдау;
- ✓ үзіндіде суреттелетін оқигалардан өмір шындығын табу.

Үш күндік жолдың бүгінгі, соңғы күніне бала шекірт барын салды.

Қорықтан күн шыға атқа мінейік деп асыққан-ды. Бұны қаладан алып қайтқалы барған ағайыны Байтасты да таң атар-атпаста өзі оятып түргызып еді.

Күнүзын аттан да түспей, өзге жүргіншілерден оқ бойы алда отырған. Кей-кейде өзіне таныс Қекүйірім мен Буратиген, Тақырбұлақ сияқты қоныс-құдықтардың түс-тұсына келгенде бала оқшау шығып, астындағы жарау құла бестісін ағызып-ағызып та алады.

Арттағылар – Байтас пен жорға Жұмабай:

– Мына баланың ауылға асығуын-ай!

– Сорлы бала қыстай ішкүса болып қалған-ау, – деседі. Бала шекірт үзап кеткенде, бұлар да еріксіз желе шоқырақтап шауып отырып, қуып жетеді. Жорға Жұмабайдың тақымында қара шоқпары бар. Байтастың да аяғының басына ілген үзын қайың сойылы бар-ды. Тақырбұлақ тұсына келгенде Байтастар баланы жеке шабудан тежеп:

– Енді бізден үзап кетпе! Анау Есембайдың жырасын білесің ғой!.. Үры жатады... – деді.

– Сені мен бізді манадан көріп отыр! «Қоқырақтап жалғыз шабатын неме еken, түсіріп, атын әпкел өзінің!» дейді де, сені төбеден бір-ақ нұқып, мына бейге бестінді алады да, кете барады, – деді Жұмабай да.

– Е, сендер ше? Сендер беріп жібересіндер ме?

– Ойбай, бізде не қауқар бар? Біз екеу-ак...

– Олар самсаған сары қол. Бұл Есембайда ұдайы жау жатады. Тек бізді өзіміздің елдің адамы деп аман қалдырмаса, жер жаман, – деп Жұмабай шошыта сөйлегісі келеді.

Баланың қытығына тиетіні осы жері.

– Өйтекі, сендерден дәрмен жоқ еken. Ендеше бірге жүрдім не, жеке жүрдім не? Ал кеттім! – деп соқтырта жөнелді. Бұл Тақырбұлақтан өте бергенде бастағаны еди.

Содан жаңағы қауіпті деген Есембайга жеткенше, артына бірде-бір қарашан жоқ. Көз үшінша кетіп үзап алыш, ылғи жапа-жалғыз шауып отырған.

Жолдың бұл тұстары ылғи белес-белес болатын. Осы қазіргідей бол жүрт Шыңғысқа, жайлauғa қарай көшкенде елсіз бол қалатын жер. Алыстан жолды бағып отыратын түрғылары бар. Тақ иек артпадан, өкпе тұстан жүргіншіге жауды қоян-қолтық, құшақтастыра түсіретін үрысай, жасырын жыралары да бар.

Бұдан бұрынғы екі күндік жолда үлкендер жылдам жүрмей, баланың шыдамын әбден тауысқан-ды. Ол сондықтан бүгін, ауылға жететін күні



Ұлкендерді еріксіз қатты жүргізудің айласын тапқанына дән ырза. Құні бойы осылай етуге байлаған.

– Бала деген қорқар болар еді. Ес бар ма езінде, пәруәрдігер, – деп Байтас бабын таба алмай басын шайқайды.

Жұмабай әбден болмаған соң:

– Қап, мынаның баласы!.. «Мен бөрінің бөлтірігімін» деп келеді-ау!
Қой, не де болса, қалмайық енді. Байтас, жүр! – деп шаба жөнелді. Екеуде жарыса бастады.

...Бала шәкірт ауылға асыққан, лепірген күйіне қайта келіп, тағы да тебіне жөнелді.

– Үа, қой деймін, бала! Ат зорықтырасың!

– Жапа-жалғыз ұзап кетіп, жауга жем боласың! – деп екі жолдасы тағы тежей бергісі келді.

Бірақ қаладан, жабырқау медреседен жаңа құтылып, енді үйіне, ауылға жетуге асыққан бала шәкірт ол сөздерді тыңдайын деп ойысқан жоқ.

Ұлкендер қорыққан Есембай да, тіпті үрылар да Абайға сондайлық жат, сұық боп көріне алмады. Үры десе, осы елдің өздеріндей қазактары.

Көп болса, киімдері, ер-тұрманы ғана жаман; қолдарында сойылдары ғана бар. Ондай ұрылар жайында Абайдың естіген әңгімелері соншалық көп. Кейде, тіпті сарытоқым ұры болран – ел ішіндегі үлкендердің өз аузынан естіген әңгімелері де ұмытылмайтын. Қайта бір кездесіп, дәл жауга шапқан пішіндерін көрсем деген іште жүрген ынтықтыры да болатын...

Қорықтан шыққалы таңертеңнен бері бөгелмesten тартқан үш салт атты аттарын қан сорпа қылған қалпында, кешкі екінді кезінде Көлқайнардағы Құнанбай ауылына, Абайдың өз шешесі Ұлжанның отырган ауылына кеп жетіп еді.

Көлқайнар сұы мөлдір, мол бұлақ болғанмен, кең қоныс емес. Жайлауга қарай, Шыңғыс асқалы беттеп келе жатқан елдің үш-төрт ауылы қоныпты.

Бұның бәрі «Құнанбай ауылы» деп аталады. Өзінің ауылы мен жақын туысқандарының ауылдары.

Көлемі аз бұлақтың айналасына жиі қонған ауылдардың үйлері де, шұбыртқан малы да, адамдары да кешкі мезгілде ыю-қиу араласып жатқан сияқты. Жерошақтардан шыққан тұтіндері де біріне-бірі қосылып ұласып, тұтасқан кекшіл мұнардай тарайды. Урген иттер, мал қайырган айғайлар, маңыраған қой, қозы шулары араласып жатыр. Кешкі суға келе жатқан қалың жылқының кісінегі шапқан дүбірі, шаңтозаңы болсын немесе оқта-текте азынай кісінеп, үйірін ізден шапқан, мінуден босаған жас айғырлар дауыстары болсын – барлығы да осы отырган ауылдардың осы кештегі тіршілік тынысын білдірген сияқты. Баланың барынша сағынған көрінісі. Қазір жүрегін аттай тұлатып, соншалық қуантып, еркін алған көрінісі. Жүргіншілер бұлақтың дәл қасына ең жақын қонған ауылға келе жатыр. Ортасында бес үлкен ақ үй бар, көп үйлі ауыл – Абайдың екі шешесі Ұлжан мен Айғыздың ауылы.

Осы ауылдың шеткі үйлерін сырттап, кешкі жайылымға, батыс жаққа қарай жаңа өріп бара жатқан бойдақ қойдың ішін аралап, ортадағы үлкен үйлерге қарай беттеп келе жатқан үш аттыны бұл ауыл тез таныды. Өсіреке қораның ортасында қосақталған қойды сауып отырган қатындар бұрын көрген екен. Етектерін белдеріне қайырып түріп алған, алжапқыш тартқан қалыптарымен, қолдарына шелектерін ұстасып, жүргіншілерге қарап:

- Қалашылар, қалашылар келеді!
- Анау Абай, Абай ғой, айналайын-ай! Апасына айтайыншы, – деді...
- Бәсе, Телғара ғой... жаным-ау, мынау... Телғара! Әпкеме айтайыншы, – деп женге де үлкен үйге қарай ұмтылышқан.

Сағынған баласының келер мөлшерін Байтас кеткеннен бері шешесі Үлжан да есептеп, осы бүгінге үйғарып жүр еді. Қырықтың ішіне жаңа кіріп, семіз тартып қалған сары-қызыл бәйбіше жаңағы дауыстарды түгел естіді. Өз үйінен шығарда, төрде отырған енесі Зерені де хабарландырып, сүйемелдеп ерте шықты.

Құлагы көптен мүкіс тартқан көрі әжесінің ең бір жақсы көретін немересі – Абай-ды. Оны есінен шығармай, дұғасына кіргізіп, тілеуін тілеп отыратын.

Аттылар үйдің сыртына келе бергенде алдарында, сол үлкен үй мен күншығыс жағына тігілген қонақ үйдің екі арасында бұларды күткен бір топ жан түр екен. Жаңағы шешелерден басқа: женгелер, көрші үйлердің қатындары, бірен-сарап тыста жүрген шал-кемпір, онан соң осы ауылдың барлық үйлерінен шығып, жүгірісіп келіп жатқан балалар бар. Бұл топқа қарай ауылдың үлкендері де жан-жақтан дабырлап сейлеп, ағылып келіп жатыр.

Осы жиынга қараган бетімен, екі жолдасынан озып кеп бұрын түскен Абайдың атын біреу алып кете берді. Бала көп ішінен, ең алдымен өзінің шешесін көріп, соган қарай жүре беріп еді, шешесі анадай жерде тұрып:

– Әй, шырағым, балам, өуелі ар жағында әкең түр... Сәлем бер! – деді.

Абай жалт қарап барып, жаңа көрді. Анадай жерде, қонақ үйдің сыртында, қасында екі-үш үлкен кісі бар – әкесі Құнанбай түр екен. Іңгайсыздықпен қысылып қалған бала шешесінің сондайлыш салқын сабырының мәнін ұқты да, әкесіне қарай тез бұрылды. Байтас пен жорға Жұмабай да анадайдан аттарынан түсіп жаяулап жетектеп, Құнанбайға қарай келеді екен. Бірақ өңі сұп-сұр, зор денелі, бурыл сақалды Құнанбайдың жалғыз көзі бұларда емес. Батыс жақтан 4–5 атты жолаушы келеді екен. Арты Қыдырдан шыққан жолаушылар төрізді. Өздері өңшең толық денелі, үлкендер сияқты. Құнанбайдың бүгін әдейі тосып отырған адамдары болу керек. Ол соларға қарап түр.

Байтас пен Жұмабай тақай бергенде, Абай да қасына кеп қалып еді. Үшеуі бірдей жамырай сәлем берді. Құнанбай тез бұрылып сәлемдерін алды да, қысқа ғана амандық сұрады. Түрған орнынан қозгалған жок. Баласын қасына да шақырмады. Азғантай уақыт Абайға қарап алыш:

– Балам, бойың өсіп, ержетіп қалыпсың-ау! Молда болдың ба? Бойындаид бол білімің де есті ме? – деді. Кекету ме, жок, күдік пе? Немесе шынымен жай білгісі келгені ме?

Бала ес білгеннен бері қарай әкесінің қабагын жұтаң қыста күн райын баққан көрі бақташыдай бағып, танып өскен. Өкесі де бұл баласының сондай сезгіштігін өзге балаларынан артық санаушы еді. Үялғанды,

жауап айтпағанды кешірмейтін әке мінезі Абайға мәлім. Ол сабырлы, момын пішінмен:

– Шүкірлік, әке, – деп біраз тұрды да, – ат барған соң, дәріс тамам болмаса да, хазіреттің рұқсатын, фатихасын алып қайттым, – деді.

Тіпті, ересек адамша сөйлеп қапты. Баланың бұл ерте өзірлеген жауабы еді.

...Майбасар Абайдың жауабын ұнатып тұрып:

– Өзі, тіпті көшелі кісі бол қапты! – дей беріп еді, Құнанбай оның сөзін аяқтатпастан Абайға:

– Бар, ана шешелерің жаққа бар, аманда, балам! – деді.

Абайдың күткені де сол еді. Өлі тосып, бар қозғалысын алыстан қарап, әңгіме етіп тұрған шешелерге қарай бұрылғанда, Абай қайтадан өзінің жасына лайық қуанышты бала қалпына келе қалды...

Барлық үлкеннің құшагына амалсыз кезек-кезек кіріп болып, енді сытылып, шешесіне қарай баса берді. Абайдың өз шешесі Ұлжан мен екінші шешесі, сұлу жұзді Айғыз қатар тұр екен.

Бала топтан шыға бергенде, Айғыз күліп:

– Пай, баламызың бетінен сүйер жер де қалдырмады-ау, – деп пандана күлді де, Абайды көзінен сүйді.

Кезек өз шешесіне келгенде, ол сүйген жоқ. Қатты бір қысып, бауырына басып тұрды да, маңдайынан иіскеді. Абайдың әкесіндегі тартымды салқындық шешесіне де көптен бергі міnez болған. Бала осыдан аргыны күтпеуші еді. Бірақ бауырына басқаның өзінде де Абайдың жүрегін қатты-қатты соқтырған аса бір өзгеше жақындық білінді. Ана құшагы!.. Ұлжан көп ұстаган жоқ.

– Өжеңе бар, өнеки! – деп үлкен үйдің алдына қарай бұрып жіберді. Кері өжесі Зере бейбіше таяғына сүйеніп, үрсып тұр екен.

– Жаман неме, маган бұрын келмей, өкеңе кеттің-ау! Жаман неме! – дей беріп, қасына, құшагына немересі барғанда, «жаман неменің» артынан лезде: – Қараашығым, қоңыр қозым... Абайжаным... – деп кемесіндең, жылауга айналып кетті.

Өжесін құшактаған бойында үлкен үйге кірген Абай ымырт жабылғанша осында болды. Шешелері бұған бірсесе қымыз, бірсесе тоқазыған ет, бірсесе шай ұсынып тықпалай берсе де, баланың бойына ас батпады. Жөндеп ішкен де жоқ. Күні бойғы аштығы да ұмытылған сияқты.



Медресе (арабша *медраса* – оқу) – орта (сирек жағдайда жоғары) конфессионалдық мұсылмандық мектеп.

Құлагы мүкіс – құлақтың есту қабілетінің азауы, нашар естуі.

ОЙТАЛҚЫ

1. М. Өуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының жазылу тарихы, жанрлық ерекшелігі, тақырыбы мен негізгі ойы туралы қосымша дереккөздерге сілтеме жасай отырып әңгімелендер.
2. «Абай жолы» романының басталуына жазушы қандай мән-магына сыйғызған?
3. «Абай жолы» роман-эпопеясының бірінші кітабы қандай тараулардан тұрады?
4. «Қайтқанда» бөлімінен берілген үзінді мазмұнын аштындағы мәселелердің тізбесінен тұратын жоспар жасаңдар.
5. Жазушы ауылын қатты сағынған жас шәкірттің ынтық көңілін, туган ауылына деген ілтипатын қалай бейнелеген?
6. Құнанбайдың «Бойындағы бол білімің де өсті ме?» деген талап аралас сұрагында қандай мағына бар?
7. Үзіндіде қазақ тәрбиесіндегі әкені, үлкенді құрметтеу ерекшелігі қалай көрініс тапқан?

ОЙ БЕЙНЕЛЕУ

1. «Шығарманы талдау» кестесін топпен бірге толтырып, шәкірт Абайдың бейнесіне талдау жасаңдар.

Тарау	Оқиғалар	Кейіпкерлер	Абайдың іс-әрекеті
Қайтқанда			

2. Үзіндіні негізге ала отырып, «Жазушы тілінің сөздігін» құрастырыңдар.

Тілдік ерекшеліктер	Үзіндіден мысалдар
Табу	
Көнерген сөздер	
Кірме сөздер	
Пейзаждық көріністер	

ОЙ ЗЕРДЕЛЕУ

1. Үзіндіден көрінетін құндылықтарды кестеге түсіріп, шыгарманың құндылығына өзіндік баға беріндер.

Құндылық	Эпизодтар	Құндылық	Эпизодтар
	1.		1.
	2.		2.

Шыгарманың құндылығына өзіндік баға:

2. Абайдың әке алдында және аналар құшагында өзін қалай ұстаганын салыстырындар.

ОЙ ТҮЙІН

«Абай жолы» роман-эпопеясы туралы әлем қаламгерлерінің пікірін жинақтап, шыгарманың тарихи және көркемдік құндылығына баға беріндер.

Кері байланыс. «Зерде».

Білім. *Тақырып бойынша алған ақпараттарым.*

Әмоция. *Сабактағы көңіл күйім.*

Баға. *Өз жетістігіме беретін бағам.*

Сын. *Өз бойымда нені дамытуым керек?*

Идея. *Маган келген жаңа ой.*

ҚАЙТҚАНДА

(жалгасы)

Оқу мақсаттары:

11.1.3.1 көркем шыгармадагы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету.

11.2.3.1 шыгармадагы көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарының қызыметін талдай отырып, автор стилін анықтау.

11.3.3.1 шыгарманың идеясын көркемдік-эстетикалық құндылық түр-түсінан талдап, әдеби ессе жазу.



Тірек сөздер: ақындық жол, Барлас ақын, Барластың батасы, өлецмен айтылған шындық.

Мақсатқа қол жеткізу үшін:

✓ жинақтау мен даралау арқылы кейіпкерлердің бейнелерін сипаттауды қайталау;

- ✓ автор стилі ұғымына байланысты теорияны қайталау;
- ✓ әдеби эссе талаптарына сай эссе жазуға дайындалу.

2

Биыл Абайдың жасы он үшке толған еді. Денесі де бір аралық кейіпте. Бойы өскен. Қол-аяғы ұзарған. Бұрын мұрны шолақтау болушы еді, биыл біраз ұзарып қалыпты. Бет бейнесі баладан гөрі ірілеңкіреп, бала бозбалалық қалпына бейімденген. Бірақ әлі сол мүсінде үлкендік жоқ. Толық, балғын емес. Сидып, арықтап, құр созылған сияқты. Құн көрмей өскен, реңі солғын, бойшаңғана есімдік бейнелес.

Бұрын қара болушы еді, бетінің қызылы да бар еді. Қазірде қаладан қайтқандық және ауру қосылғандық бар ма, әйтеуір бозшылданған. Сүйіктату қоңыр шашының арасынан бас құйқасы да қыланданып керінеді. О да ауыргандық пен құн көзінде болмағандық белгісі.

Абайдың осы сияқты қалпына ендігі мінез машығы да бір алуан боп өзінше үйлесті. Ол атқа мініп журуге жараганымен, үйден кеп шықпайды. Өзге баладан гөрі басқа бір ермек, бөлек, бір дос тапты. Онысы, әсіреле әжесі. Одан қала берсе шешесі. Абай биыл ғана анық бағалады. Бұның әжесі біртүрлі шебер әңгімеші екен. Қызық сейлейді. Әңгімесінің барлық жерін дәмді ғып, қызықтырып айтады. Өуелі Абай ауыра бастағанда бір құні кешке үйықтай алмай жатып, әжесінен әңгіме айтуды сұрады. Сонда ол ойланып отырып:

– Е-е... Бұлдыр-бұлдыр құн өткен. Бұрынғыда кім өткен? – деп кішкене тақпақтап бастап еді. Абай соны ұғып қапты. Келесі жолы әңгіме сұраганда әжесін тізесінен ақырын қағып:

– Е-е... Бұлдыр-бұлдыр құн өткен. Бұрынғыда кім өткен? – деп тағы да әңгіме тілегенін білдіруші еді.

Әжесі өуелде көп-көп ертектер айтқан. «Еділ-Жайық», «Жұпар корығы», «Құла мерген» – бәрі де айтылды. Оның әңгімелерін түсте де, кешке де, тіпті кеш бойы да Абай айтқыза беретін болды.

Бертін келе, тәуір болып алған соң, әжесінен тағы бір әңгімелер тапты. Ол осы ел ішінде Зеренің жасынан бергі көргені, естігені жайындағы әңгімелер. ... Кейде әжесі шаршап, айтпай қойса, өз шешесіне жабысады. Үлжан да көп әңгіме білуші еді. Және ол көбінесе өлеңді сөзді жиі айтады. Оқымаған шешесінің әлі қунге ұмытпай, білдірмей сақтап жүрген зейініне таңғалады. Нелер ескі заман жырларын, айтыс, өситет, өзілдерін де көп айтып береді. Екі анасын көңілдендіріп тағы айтқызу үшін кейде өзі де қаладан әкелген кітаптарының ішінен «Жүсіп-Зылиқа» сияқты қиссаларды оқып береді. Өндөтіп, мақамдалап



қояды. Шешелеріне үгымсыз болған тұрік тілінің жеке сөздерін жолшыбай қазақшалап отырады. Осымен қайта көнілдендіріп алып, ескі әңгімелерді тағы айтқызады.

...Сондай шеше әңгімелеріне бар бейілін беріп жүрген күндердің бірінде бұл үйге екі бөгде қонақ келіп қонды. Бірі – қартан, бірі – жас қонақ. Жасын Абай біледі. Таныған жерде қуанып кетті. Ол былтыр жайлалауда келіп, осы үйде үш күндей жатып, «Қозы Қөрпеш-Баянды» жырлап берген Байқекше деген жырши. Қасындағы қартада кісіні Абай езі білмегенмен, шешесі әбден таниды екен.

Қонақтармен жай сұрасып, амандастып болған соң, Үлжан Абайға қарап жымышып:

– Ал, балам, әжең екеуімізді қажай беруші едің, әңгіме-жырдың дүкені, міне, жаңа келді. Мына кісі – Барлас деген ақын! – деді.

Шоқшалау ғана ақ сақалы бар келбетті келген, зор дауысты, ақ сары кісі Барлас Абайға салғаннан үнады. Білгенін ішіне бүгіп, үндемей отырған өзге үлкендердей емес. Барлас іле сөйлеп кететін жарқылдақ, ашық. Осы үйде талай күннен жатып жүрген, ауыл адамы сияқты.

– Е, балам, «шешенің судай төгілген, тыңдаушың бордай егілген» дегендей, сейлеуді де, тыңдауды да сүйген ел – ел дағы. Тыңдауга өзің жалықпасаң, айтуға Байкекше жалықпас! – деп жас жолдасына қарап, күліп қойды.

Жайлауга келіп қонғалы бөгде қонақтар келгіш еді. Барлас Сыбан болатын. Жайлауга қоныстары жақындаған соң, жылдағы дағдысы бойынша осы ауылдарға амандаса келген екен. Жолшыбай Мамай ішінен Байкекше қосылыпты. Ол – Барластың ақын шекірті. Жылда осылайша қасына еріп, бірнеше айды бірге өткізуші еді.

Үй іші теріс қош алған соң, екі ақын да оңай шешілді. Осы түнде ас піскенге шейін Барлас «Қобыланды батыр» жырын жырлады. Абайдың қазақ аузынан да, кітап ішінен де өмірі естіп білмеген ең бір сұлу, ең бір әсерлі, күшті жыры осы еді. Барлас жырын бітіріп, қол жуғалы қамданған уақытта Абай:

– Мұны айтқан кім? Осы өлеңді шығарған кім екен? – деп бағанадан бері өзін сүйіндірген ақынның атын білмек еді.

– Өріден келе жатқан деседі-ау, балам, бұның түбін... – деді.

Қобыландының қоштасқаны, Тайбурылдың шабысы, Қазан мен Қобыландының жекпе-жегі Абайды өсіресе елтіткендей болатын. Жатқанда кепке дейін алағызып үйықтай алмады.

Ертеңіне Ұлжан Барлас пен Байкекшени жібермеді.

– Жүрмендер. Асықпай әлі біраз күн қонақ бол жатып кетіндер, – деді. Бұл – Абайдың тілегі. Абай бұрын тағылым, үлгі – кітапта; білім, өнер – медреседе ғана деп түсінетін. Оған дастан шебері – Низами, Науай, Физулиде; мұң нәзігі – Шайх-Сағди, Хожа-Хафізде, батыр жыры Фердаусиде көрінетін.

Қазақта нелер «Баян-Көрпеш», талай «Ақбала-Боздақтар» барын анық білмеуші еді.

Тілі ұғымды, өмірі таныс болғаннан ба немесе Барлас пен Байкекшениң кезектесіп айтқан жырларының кейде шырқаған, кейде қалқып баяулаған, кейде лекітіп соқтырып, ескектете желген өнінен бе? Бебеу қаққан қоңыр, майда баяу домбырадан ба? Қалайда болса, Абай бұл күнге шейін өмірінде дәл осы Барлас, Байкекше баян еткен дастан, жырларға барабар еш нәрсе есітпеген сияқты болды. Құндіз де, түнде де Барластардың қасынан шықпайды. Екі ақын Ұлжан үйін барлық осы үлкен ауылға қанbazардай қалың жиын үйі қып жіберді.

Бие байлап болғаннан кейін, түске жақын ауыл қымызға жиылады. Қыза отырып, жыр тыңдайды. Құндіз ылғи ұзақ жырлар жырланады. Немесе әредікте шешендер, ділмарлар айтқан тақпақ, тартыс, билік, даулар айтылады.

Ал ел айырып оңаша қалғанда, Барлас өз жырларына Асанқайғы, Бұқар жырау, Марабай мен Жанақ, Шортанбай, Шәже, Сыбанбай, Балта, Алпыс ақын – бәрін қоса, өзі құрбы өзге ақындар айтқан жырларды термелеп кетеді.

Бұлардың ішінен заман зарын, көп мұңын шертетін сөздерді, әсіресе бөліп айтады. Барлас біреуді мақтап, біреуден сұрап жырлайтын ақын емес.

Абай мен шешелерінің кешкі уақытта тыңдаған жырларының көбі – Барластың өзі сүйген құлақ күйі сияқты термелер болады. Мұндай кезде Барлас Абайға құндізгі Барластан тіпті басқа боп көрінеді. Қызықты, қызууды, қыздырманы ғана айтатын құлқіші, сауықшыл Барлас емес. Кешкі кездерде ол бір үлкен өсietші, кейде шерлі қарт сияқтанады.

Сондай-сондай кездерде өзінің де ішін ашып:

... – Өйтекеүір үлкен қасиеті – болымсызды дардай ғып мақтай беретін әдеті жоқ екен. Ел ақтаған ақын емес қой. Сөзін үғып ал осының! – деп қоюшы еді Улжан.

Тыңдай келе Абай Барластан тағы бір соны сөздер есітті. Ол осы заманың ұлығы мен бегін айтқан, сынақ-мінеп айтқан сөздер. Бір терменің ішінде Барлас:

– Аға сұлтан ұлық бар,
Елге мәлім қылыштар,
«Өл» дегенде өлмесең,
«Жүр» дегенде журмесең,
Малы құрым құрыштар,
Кісен салып құлыштар! –

деп бір кетті.

Абай өкесінің үйде жоғын еске алып, «келмей-ақ қоя тұрса екен», «қыдыра түссе екен» деуші еді. Шынында да, Барластар келgelі Құнанбай бұл үйіне кеп қонған емес. Ол бір топ үлкендермен ел аралап, жолаушылап кеткен. Улжанның Барласты жібермегені де сол. Ақын мен әнші Құнанбай жоқта болмаса, мұның ауылыша онша үйір боп, бой жазып жата алмайтын.

Барлас «ұлық пен бек» дегенде кімді айтады? Онысын ашпайды. Бірақ Абай оның мұндай жырларын ылғи өзінше үгады. Мысалдың көбін жақыннан іздейді. Бірақ бұл бала да сырын, ойын ешкімге ашпайды.

Старшын дейтін әкім бар,
Пайдасын көрер жақындар.
Қалың елі тек жемі
Боранды күн тиіскен
Аш қасқырдай тақымдар...

«Бұл – старшын Майбасар» деп ойлайды Абай.

...Жарлы, зарлы демейді,
Кеңінен ашып көмейді,
Түгіменен түйесін
Жұтам десе, қай сорлы
Қалтқы болып бөгейді?
Соны көріп ақынның
Аса түсіп ағы да
Әжімі де көбейді, –

деп «аһ үргандай» бол кеткенде, Абай Барластың қайғысын да танығандай болады. «Ел үйтқысы шайқалды» дейді. Бұрын Абайдың естімеген заршері сияқты.

Беті-түсі айқын болмаса да, әр заманда, әр жерде күніреніп, қайғы шеруін тартып жатқан көрі әжесі сияқты, көп жасаған, көп қайғыны көрген, үлкен бір шері бар. «Ол кім?..» – дәлін, барын Абай біле алмайды.

Осы жолы Абай әрі өзі ысылып, әрі шешесі арқылы салмақ салып, Барлас пен Байкекшені дәл бір айдай жібермеді. Бұл уақыттарда жас бала Барлас, Байкекшемен біржолата дос, жақын бол алды. Бертін келе түнде ол Барластың қойнына кіріп те жатады. Күндіз барынша күтеді. Мұның үгымтал зеректігіне қатты ырза бол, шын сүйсінген Барлас бір оңашада, жай гана тақпақтап:

– Шырагым, ержетерсің,
Ержетсең, сірә, не етерсің,
Алысқа шырқап кетерсің,
Шындасаң, шыңға жетерсің, –

деп кеп Абайға домбыраны ұсынды.

– Міне, балам, осы менің батам болсын. Тіпті шынымен мейірім түсіп, айтқызып отыр, – деді. Абай ыңғайсыздың қысылды да, үндемеді. Бұл «Барластар ертең жүреді» деген түнде, ас алдында болған сез еді.

Ертеңінде ақындар аттарын ерттеп, жүрерге тақағанда, Абай шешесін тысқа шығарып алды:

– Апа, екеуіне де жақсы қып тұрып сый беріп аттандырши! – деді. Үлжан үндеген жок.

Қонақтар қымыз ішіп болып, енді қоштасарға келгенде Үлжан Барласқа қарап, бір сез айтатындей пішін білдірді. Қонақтар іркіліп қалған еді.

– Мынау балам оқудан қайтқалы сүле науқас бол, арыла алмай қойып еді. Сендер келгелі жақсы сөздеріңмен ем әкелгендей болдындар. Қадамы құтты қонақ болдындар! – деді.

Абай шынында да дәл осы кезде өзін-өзі бар сырқаттан құлан-таза бол арылғандай, нық бір қайрат жиып алғандай сезді. Шешесі үндемесе де, ашып айтпаса да, «білгіш, танығыш, сыншы» сияқты көрінді. Ол бөгелсе де, сөзін бітірген жоқ-ты. – ... Тағы да келе жүріңдер. Анау кәрі әжесі мен бізді де көп сейілттіңдер. Жолдарың болсын! Келген сапарларына тыста бір азырақ ырым байлаттым. Ала кетіндер... Риза, қош бол аттаныңдар! – деді.



Бозбала – он үш жас пен көмелет жас аралығындағы жеткіншек. Адамның өз айналасына балаң қөзқараспен қараудан арылып, естияр адам ретінде қалыптасуға даярланатын кезең.

Старшын – Ресей өкіметі тағайындаған ұсақ билеушілер. Рулар ішіндегі шағын топтарды басқарды. Аға сұлтандар мен болыстарға бағынды.

Сүле науқас – созылмалы дерпт, ауру.

ОЙТАЛҚЫ

1. Үзіндіні оқып, сюжеттік желісі бойынша «Интеллект картасын» құрас-тырындар.
2. Жазушының жас Абайдың портретін сомдаудың шеберлігі туралы не айта аласындар?
3. Ескілікті жыр, ақыздарды көкірегіне тоқыган Зере Абайға қандай ертегілерді, тарихи негізі бар оқигаларды баяндап береді? Зере өнегесі Абай болашағының қалыптасуына қалай әсер етті?
4. Ұлжанның әңгімелерін тыңдай отырып, Абай неге таңгалады?
5. Барластан алған бата Абайдың өміріне, оның ақындық өлеміне қалай әсер етті деп ойлайсындар?
6. «Жарқын ойлар» зерттеу әдісі арқылы «*Тілі ғевымды, өмірі таныс болғаннан ба немесе Барлас пен Байкөкшенің кезектесіп айтқан жырларының кейде шырқаган, кейде қалқып баяулаган, кейде лекітіп соқтырып, ескектеп желген әнінен бе? Бебеу қаққан қоңыр, майда баяу домбырадан ба? Қалайда болса, Абай бұл қынғе шейін өмірінде дәл осы Барлас, Байкөкше баян еткен дастан, жырларга барабар еш нарсе есітпеген сияқты болды*» деген үзіндідегі Барлас пен Байкөкшенің үзіндіде айтылар негізгі ойға қандай қатысы барына зерттеу жасаңдар. Қосымша дереккөздерді пайдаланындар.

ОЙ БЕЙНЕЛЕУ

1. Зере мен Ұлжан бейнелері жинақтық бейне ме әлде даралық бейне ме? Ойларынды дәлелдей, «Пирамида құру» әдісі арқылы жеткізіңдер. Өуелі жұптарға бірігіп, үзіндідегі Зере мен Ұлжан бейнелері туралы өздерінің идеяларың, ойларың мен пайымдауларыңмен бөлісіңдер. Содан кейін 4

- адамнан тұратын топқа бірігіп, Зере мен Үлжан бейнелерінің жинақтық немесе даralық бейне екенін дәлелдендер. Ең сонында сыйнышпен бірге қорытынды шығарындар.
2. Үзіндігі негізгі кейіпкердің портретін тауып, мінездеме беріндер. Кейіпкердің ең маңызды әрекеттерін анықтаңдар. Жинақталған ақпараттар негізінде кейіпкерге қатысты қорытынды жасандар.

Кейіпкер	Портреті	Мінездемесі	Кейіпкердің ең маңызды әрекеттері	Оз көзқарасым

3. Үзіндігі көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарының қызметін талдай отырып, автор стилін анықтаңдар. Төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап жазындар:
- Үзіндіде қандай тілдік құралдар қолданылған?
 - Образдың ашылуына көркемдегіш құралдардың өсери қандай?
 - Автор кейіпкерлердің бейнесі мен әрекеттің сипаттауда қандай сөздерді қолданған?
 - Жазушы стиліне сини түрғыдан қандай баға берер едіндер?

ОЙ ЗЕРДЕЛЕУ

1. Жас Абайды күйзелістен айықтырган иелер еді? Топта талқылап, кестені толтырындар.

Абай нәр алған қайнар бұлақтар	Үзіндіден мысал	Оз ойымыз
1.		
2.		
3.		

2. Үзіндігі кейіпкерлердің портретін өздерің жасап көріндер.

ОЙ ТҮЙІН

1. Жазушы Абайдың әжесі Зере мен анасы Үлжан арқылы қазақ әйелдеріне тән қандай ең жақсы қасиеттерді бейнелеген деп ойлайсындар? Қазіргі әжелер мен аналар бойынан ондай қасиеттер табыла ма? Өзіндік пікірлерінді білдіріп, шағын пікірталас ұйымдастырындар.
2. Алматы қаласындағы Қазақстан Республикасының Үлттық кітапханасына виртуалды саяхат жасап, Абай тыңдаған өртегілер туралы шағын таныстырылым жасандар.

3. Шыгарманың идеясын көркемдік-эстетикалық құндыштық түргысынан талдаң, әдеби эссе жазыңдар.

Кері байланыс. «Бес саусақ».

1. Маған үзінді үнады ма? Неліктен?
2. Қандай білім мен тәжірибе алдым?
3. Мен үзіндіні қалай талқыладым?
4. Тақырып бойынша басты мәселе қандай?
5. Сабак барысында өзімді қалай сезіндім?

«Абай» романының жазылу жайынан:

Мен творчествоның адамы жөнінде жазылған романдарды көп оқып, көп зерттедім; олардың ішінде өзіміздің совет жазушыларының да, қазіргі Батыс жазушыларының да шығармалары бар. Мұны айтқанда мынаны ескерткім келеді: мені оқығандарымның бәрі бірдей қанағаттандырған жоқ, бірін үнатсам, бірін үнатпадым. Бірақ екеуінің де пайдасы болды, екеуінен де үйрендім: бірінен қалай жазу керектігін үйрендім, бірінен қалай жазбау керектігін үйрендім. Айталық, Батыс жазушысы Моруаның Байрон өмірін суреттеуі, өсірсек ақынның өз қарындасы Августамен қарым-қатынасын көрсетуі мені түңілдірді, мен мұндай кітапқа сырт айналдым. Бұлай жазбау керек деген байлауга келдім. Өйткені біздің совет оқушылары өткен дәуірдің данышпанын бұлайша суреттеп көрсетуді тілемейді.

Оларға ақын басынан өткен кез келген кездейсоқ биографиялық ұсақ-түйектерді жиып-теріп көрсетудің керегі аз, оларға ақын өмірінің ең бір есте қаларлық, тәрбие берерлік бағалы құбылыстарын, адам баласының прогрессіл тарихы үшін аса маңызды жайларын сарапалап, талғап суреттеп беру керек.

Мұхтар Өуезов, 1959 жыл

Фалым пікірі

...Мұхаңның атын көпшілікке әйтілі өткен, ең алдымен, «Абай» журналы еді. Бұл журналды Мұхаңның ең алғаш беташары деуге болады. Өйткені оны бірінші рет үйымдастырып, оның негізгі мақалаларын жазған көбінесе Мұхаңның өзі болатын. Бұл алғашқы өрлеуінде Мұхаң көбінесе журналист, публицист, ойшыл, сыншы, философ ретінде көрінді...

Әлкей Марғұлан

ТИПТЕНДІРУ деген суреткердің іс жүзінде өмір шындығын өз дүниесін танымы тұрғысынан белгілі бір уақыт пен кеңістікке, әлеуметтік орта мен дәуірге сай талғап-тануы, таңдалап іріктеуі және жинақтауы, сол арқылы өзі жасап отырган көркем бейнені сомдауы, тұлғаландыруы, даралауы болып табылады.

Зейнолла Қабдолов

ЖОЛДА (жалгасы)

Оқу мақсаттары:

11.1.1.1 өдеби шыгарманың сюжеттік-композициялық құрылымын талдау арқылы көтерілген галамдық мәселелерді терең түсіну.

11.1.4.1 көркем шыгармадан алған үзінділерді галамдық тақырыптарғы өзекті мәселелермен байланыстырып, шыгармашылық жұмыстарда қолдану.

11.2.3.1 шыгармадагы көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарының қызметін талдай отырып, автор стилін анықтау.

11.3.2.1 көркем шыгарманың жаңашылдығын галамдық тақырыптармен байланыстыра отырып, сынни тұрғыдан баға беру.



Тірек сөздер: қала, жұпның киімді жатақтар.

Мақсатқа қол жеткізу үшін:

- ✓ жинақтау мен даралау арқылы сомдалған кейіпкер бейнелерін талдау;
- ✓ галамдық тақырыптарды қамтитын үзінділерді анықтау;
- ✓ көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын табу, автордың стильдік ерекшелігіне байланысты сарапау.

3

... Абай Қарқаралы қаласын жапа-жалғыз аралап кетті. Кейде бір іші пысып, жүдеу тартса немесе бір нәрсеге ырза бол, көңілі өрбісе, осылайша жалғыз кетіп қалушы еді... Құн кешкіргенмен әлі батқан жоқ екен. Қала желкесіндегі әсем таудың қарағайлы жотасында қызыл арай сөүле бар. Тау басында жел тұрды білем. Тогайсыз ашық жондарда сырғақ көрінеді. Жаяу борасында, үйтқи түсіп қызырлыт құйын үшкіндайды.

Қала ішінде желсіз шыңылтыр аяз білінеді. Жайсыз сұық емес. Бойды ширықтырып, жинақы үстараттын жеңіл мезгіл.

Таудың қалага қараган бетін кеш көлеңкесі басқан. Жақын жердегі жақшар таастардың өзі де қазір кекшіл көлеңке ішінде көгілдірленіп, алыстай түсіп, тұнғе бейімдеп барады...

Абай өз пәтерлерінен екі-үш көше үзап кетіп еді... Бір уақытта пүшпақ айналып, даурыға сейлем келе жатқан жаяу топты көрді... Көп адам болса да, ішінен Абайға таныс кісі білінбеді. Құлісіп, дабырласып сейлем келе жатқан ылғи жұпның киімді жатақтар... Жаяу жүрістерінен де қаладағы қарекет адамдары екені танылып тұр.

...Бір пүшпаққа жақындаған қалған екен. Дәл бұрыштан бұрылып, бұған қарсы шыққан үш аттыға көзі түсті.

Аңырып тұра қалды да, тез таныды. Келе жатқан Бежей, Байсал, Байдалы екен. Ортадағы тұлкі тымақты, курең төбел атты Бежей. Ақ сүр жүзі жабыңқы. Қоңырқай мұрты менен сақалына кешкі аяз қылау салыпты.

Абай тоқтаған қалпында бойын тез жиып, аттылардың алдына жұмысы бар кісідей көлденеңдеп кеп, тосып тұрды. Аттылар мұның қозғалысын оқыс көрді ме немесе таныды ма, аттарын баяу бастыра бастап еді, жақындаған түстас келді.

Сол уақытта Абай үлкен ықылас білдіріп, айрықша бір тағзыммен төсін басып, қатты дауыстал:

– Ассалаумагалайкүм!.. – деп сөлем берді.

Медреседе жүргенде: «Көшеде хазіретті көрсөң, осылайша тағзым ету керек» деп халфелер үйретуші еді.

Абай көптен бері ешкімге бүйтіп сөлем беріп көрген жоқ. Қарқаралыға келгелі Бежейдің көрінгені осы. Шешесінің жүрердегі сөзі есіне түсті ме, болмаса қазіргі көңіл күйіне сай келді ме?.. Қалайша бүйтіп әдел шығарғаның Абайдың өзі де байқамай қалған-ды.

Озге қазақтан бөлек, мына сияқты, бір алуан сыйайылыққа Бежей он назарын салды білем... атының басын тежей беріп:

– Ұағалайкүмассалам, балам!.. – деп тоқырай қалды.

Байсал Абайды жаңа таныған еді. Жақтырмай, мұрнын тыржитып:

– Өй, мынау екен гой, жә, жүрші! – деп атын қозгай беріп еді, Бежей:

– Тоқташы! – деді.

– Ей, сол антурғанның баласының сөлемін алушы ма ем?.. – деп Байсал Абайға қабағын түйе қарады.

Абайдың екі беті ду етті. Оқыс жалын беті емес, ішін де шарпып өткендей. Кінәлап, ренжіген жазықсыз баланың отты көздері жарқ етіп, Байсалға қадала қарады.

Бежей Абай күйін жақсы таныған сияқты еді. Байыпташ қарап алып:

– Балам, жөнінді айтшы, бізді көрсөң, сөлем бер деп әкең айтып паді, жоқ өздігінмен істедің бе? – деді.

– Бежіке, әкем емес, өзім беріп тұрган сөлемім сізге!..

Абай болса, күндізгі өзін көңілдендірген күйін ұмытпаған болатын. Қарқаралының кейбір көше қазагы естіген татулық жайын Бежей, Байсалдар әлі естіген жоқ-ты. Жаңа, кешке жақынғана Алшынбай бұл үшеуіне кісі жіберіп, өз пәтеріне асқа шақырған екен. Не сез барын білмесе де, соған аттанып бара жатқан беті осы еді.

Абай жауабын естіген соң, Бежей ықыласпен қарай түсіп, жақындауды да:

– Әкең айтпай, өзің білген болсаң, батамды берейін. Көзіңнен жақсы жанар көрдім ғой, шырагым!.. – деді.

Байсал бұл сезді де жақтырмай сырт қарай беріп еді, Бежей оның қозғалысын танып:

– Ей, Байсал, сен бата бермегенмен, мынау болайын деп тұрган бала ғой, – деді де, Абайға бұрылып:

– Ендігінің жүгі сенде қалар, балам! Жолың болсын!.. Жалғыз-ақ өзегені берсе де, әкеңнің қаттылығын бермесін! – деп бетін сипады. Абай да Бежейге қадала қарап тұрган қалпында бата қылып, бетін сипап еді...

Аттылар жүріп кетті. Байдалы бағанадан үндемеген еді. Ендіғана Бежейге қарап:

– Екі көзі сексеуілдің шоғында жайнап тұр екен өзінің... – деді.

Абай тұрып-тұрып барып қана қозгалды.

Шын ба? Шын айтты ма? Жоқ әлде Байсалдың қаттылық, аямастық мінезі балаға ауыр тимесін деп, жаны ашығаннан айтты ма? Бежей не мәнмен мұндай жақсы бата берді? Ойда жоқтан, оп-оңайдан, осындағы таудай үлкен сый бола ма?.. Мырзалық па? Жоқ әлде Абайды аз білсе де, тез танығаны ма?

Үлкендер көреген, танығыш, сыншы ғой! Шынымен-ақ танып айтқаны ма?.. Олай болса, Абай жаман кісі емес, жақсы кісі болмақ қой!..

Бұл жайды ойлаған сайын балалық өзімшілдігі қатты ырза болды. Абайдың іші ала қызып, біртүрлі қуана серпіліп, тез-тез құлаш сермегісі келгендей. Өлдеқандай өріс іздегендей.

Енді асыға жүріп келеді. Құн қазір ымырт бопты, оны да жаңа байқады. Екі көше адасып, пәтерінен асып кетіпті. Мұны да жаңа білді. Қайта жүрді.

Ауылда жүргенде қысы-жазы дөң басында өтетін кеш, қазір тағы да бір өзгеше бол серпілтіп, өз қуатын айрықша білдіріп, Абайға қатты әсер етеді...

Бұл ой Абайға ең алғаш келген ой еді де... және тіпті өз ойы сияқты көрінді. Анығында: «ақыл, қайрат...», «ақыл мен бақыт, байлық» дегендердің өзара дауы, таласы деген «парсы, түрік» тіліндегі кітаптардан былтырлар бір оқыган нақыл әңгімесі бар-ды.

Қазірде Абай соны өмірден тапқанына да дән ырза... Өз ақылымен тапты... Тапты да: «Осының бәрі бір жерде, бір кеудеде, бір адамның ішінде болмаққа лазым...» деп, өзгеше бір сенімді байлау жасады. Осы оймен қатар, өзін осы Қарқаралыға келгелі қатты өсіп, ұлғайып қалған кісі сияқты көрді. Талай жанды көріп, талай сөздерді үқты...



Халфе (арабша – *орынбасар*) – мұсылман қауымындағы ең жоғарғы атақ түрі, мұсылман қауымының басшысы.

Сексеуілдің шоғындар – «көзі жайнап, жанып тұр» деген мағынада. Сексеуіл – ең қызыу мол, ұзақ жанатын ағаш түрі.

Ымырт – Күн үясына бата бастаған мезгіл. Оның мынандай атаулары бар: алажеуім – күн алакөлеңке, үясына бата бастаған мезгіл. Қеугім, кеүім – қараңғы түсे бастаған кез, ымырт. Кеш – ымырт жабылып, қас қарайған мезгіл.

ОЙТАЛҚЫ

1. Үзінді мазмұнымен танысып, кестені толтырыңдар.

Тарау	Ең басты оқигалар	Негізгі кейіпкерлер
Жолда	1.	
	2.	
	3.	

2. Абай Қарқаралыға неге келді? Кімдерді кездестіреді?
3. Байдалының Абай көздерін «сексеуілдің шоғына» балауында қандай мағына бар деп ойлайсыңдар?
4. «..Абайдың екі беті ду етті. Оқыс жалын беті емес, ішін де шарып өткендей. Қінәлап, ренжіген жазықсыз баланың отты көздері жарқ етіп, Байсалға қадала қарады» деп жазушы неге Абай көзіндегі ерекше отқа назар аударған?
5. Қарқаралы сапарының Абайдың ерте есеюіне ықпалы болды ма?

ОЙ БЕЙНЕЛЕУ

1. «Жолда» тарауынан көрінетін Бөжей, Байдалы, Байсалдардың іс-әрекеттерін жинақтап, мінездеме беріңдер. Жинақтау мен даралау арқылы жасалған кейіпкер бейнелеріне талдау жасаңдар. Тараудың толық нұсқасын пайдалануға болады.

Кейіпкерлер	Үзіндіден көрінетін іс-әрекеттері	Мінездемесі

2. Үзіндідегі Абай мен Бежейлердің диалогін рөлге бөліп оқындар. Үлттық құндылықты баяндайтын қысқаша қойылым өзірлендер.
3. «Жолда» тарауынан алған үзінділерді ғаламдық тақырыптағы өзекті мәселелермен байланыстырып, кестені толтырындар.

Тараудан үзінділер	Ғаламдық тақырыппен байланысы	Менің қорытындым
Бұл ой Абайға ең алғаш келген ой еді де... Анығында: «ақыл, қайрат...», «ақыл мен бақыт, байлық» дегендердің өзара дауы, таласы деген «парсы, түрік» тіліндегі кітаптардан былтырлар бір оқыған нақыл әңгімесі барды. Қазірде Абай соны өмірден тапқанына да дән ырза... Өз ақылымен тапты... Тапты да: «Осының бәрі бір жерде, бір кеудеде, бір адамның ішінде болмаққа лазым...» деп, өзгеше бір сенимді байлау жасады.		

ОЙ ЗЕРДЕЛЕУ

1. М. Әуезов романдағы кейіпкерлерінің киім киоі, жүріс-тұрысы мен сырт пішіндеріне ерекше назар аударып, қазақтың салт-дәстүріне қатысты қандай этнографиялық суреттер жасады? Жазушының шеберлігі туралы ойларынды «ПОПС формуласы» арқылы жеткізіндер.
2. Берілген үзіндіні тыңдай отырып, Байсалдың пікіріне талдау жасандар. Өз ойларынды қорытындылап, жазып беріңдер. Уақыт – 7 минут.
3. Берілген үзіндіні тыңдай отырып, Бежейдің пікіріне талдау жасандар. Бежейдің батасы Абайға қалай өсер етті? Өз ойларынды қорытындылап, жазып беріңдер. Уақыт – 7 минут.

ОЙ ТҮЙІН

1. Хрестоматиядагы үзінділерді негізге ала отырып, Абайды ерте есейткен сахарадагы әртүрлі қарым-қатынастар тізбегін жасандар.
2. Үзіндіге сыни пікір жазындар.

Кері байланыс. «Үш минуттық эссе».

1. Бұғінгі үйрениңдеріңің ішінде ең маңыздысы не?
2. Қай сұрақ есінде қалды?
3. Сен үшін ең қызын, түсініксіз болған не?

«Абай» романының жазылу жайынан:

Абай туралы романдардың бәріне тән бір ерекшелік – менің шығарма үшін материал пайдалануымдағы ерекшелік. Бұл арада мен сіздерге Абай жөнінде, өсіресе оның өмірлік күресінің, ақындық қалыптасуының алғашқы кезеңдері жөнінде бізге жазба түрінде жеткен дерек жоқтың қасы екенін айтқым келеді. Рас, ол кезде кейбір жеке жазушылар болды, жазу-сызу Абайдан көп бұрын туды, бірақ Абай орта жасқа келіп, нағыз жүртқа танылған ақын болғанға дейін оның көптеген шығармалары қағазға түспей, ақынның өз аузында айтылып немесе оған жақын адамдардың жадындаған сакталып жүрген.

Мұхтар Өуезов, 1959 жыл

Теория

КӨРКЕМ БЕЙНЕ – көркеменерде, соның ішінде әдеби шығармада жинақталған түрде суреттелетін өмір құбылышының нақтылы көрініс-қалпы, кейіпкердің көркем ой елегінен өткізіліп, қорытындылап жасалған тұлға-бейнесі. Көркем бейнеде екі түрлі ерекшелік – жинақтау, жалпылық сипаттарды топшылап-түйіндеу және даралау, жекелік қасиет-белгілерді нақтылы түрде көрсету – осы екеудің іштей астасып, қабысып жатады.

Реалистік көркем бейне типтендіру тәсілімен жасалады. Жазушы көптеген адамдарға тән қасиет-сипаттарды жинастырып, екшеп, іріктең алып, бір адамның бойына сыйғызып бейнелейді. Сонда кейіпкердің кескін-тұлғасы, харakterіндегі жекелік, көпке ортақ жалпылық қасиеттері де жалқылық ерекшеліктерімен қатар айқын бедерленеді.

Зәки Ахметов

ӨРДЕ
(жалгасы)

Oқу мақсаттары:

11.1.1.1 әдеби шыгарманың сюжеттік-композициялық құрылымын талдау арқылы көтерілген галамдық мәселелерді терең түсіну.

11.1.2.1 әдеби шыгармадағы көтерілген мәселелерді қазіргі өмірмен байланыстырып, ұлттық мұдде түргысынан ашу.

11.2.5.1 қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіндегі ортақ бағыт, әдеби ағым, жалпыадамзаттық құндылықтарды анықтау, талдау жасау.

11.3.4.1 шыгарманы идеялық жағынан мазмұндас әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдау, әдеби сын жазу.



Тірек сөздер: нағашы, ас беру науқаны, ақын қонақтар.

Мақсатқа қол жеткізу үшін:

- ✓ берілген үзіндінің сюжеті мен композициясын талдау;
- ✓ үзіндіні оқып, ұлттық дүниетанымға байланысты мәселелерді анықтау;
- ✓ әдеби ағым мен әдеби бағыт ұғымдарының теориялық анықтамаларын қайталу;
- ✓ үзіндідегі жалпыадамзаттық құндылықтарды білдіретін түстарына назар аудару.

Нагашы тобы мен артқы аттылардың бәріне жататын үйлерін көрсетпек бол Ызғұтты, Сүйіндік алға түсті.

Нагашылар жақындасып келгенде, Абайлар барлық жігіттермен сәлем беріп, түсіріп алысты. Ақсақал нағашыға Сүйіндік Абайды таныс етіп, Құнанбайдың баласы екенін айтты.

Абай «Кош келдіңіз, нағашы» деп қол қусырып, тағзыммен қарсы алған. Барлық мол үйлерден мынау он үй өзгеше, оқшау тұрғанын қонақ атаулы аттарынан түспей тұрып, ерте таныған еді. Бұл үйлерге өздері түспей, басқа жерлерге орналасқан қонақтар «Анау бөлек үйлер кімге арналған? Онда кім қабылдайды екен?» десіп, сұраса бастаған-ды. Сол ретте ол үйлер Құнанбай баласы тіккізген, Бөжейдің нағашы жұртына арнап тіктірген үйлер екенін де білісіп қалған.

Ақсақал нағашыны қасындағы үлкенірек кісілермен іріктең отырып, Абайлар дөл ортадағы, ең жасаулы үйге кіргізді. Өзге топтарын да дамыл көрмей қарсы алысып, қатар үйлерге кіргізіп жатқан.

Нагашылар бейгеге қосқалы бір баран, екі қылаң жүйріктерін әкепті. Қүйрық-жала сузуулі, үстеріне бала мінгізген, үкілі-тұмарлы аттар оқшау байланды.

Алыс-жақыннан келген қалың топтардың бәрі-бәрі де өзірше осылай бейгелерін жұтындырып, көлбек қақтырып келіп жатыр.

Алғашқы топ келісімен өзге қонақтар да іркілген жоқ. Көз байланғанша он үйдің алтауы толып қалды. Өзірге Жетісудың алыс руының бәрі аталып жатыр. Енді ымырт жабылар кезде Қазбалага төгіліп жатқан топтардың киім үлгілерін болжau қын. Қай рулар екендері мәлім емес. Тек қана кейбірінің қылаң аттысы көп, кейбірінің барап аттылары көп – үлкен шоғыр бол көрінеді. Сам жаққа қарай бұрылса, күміс ер-тұрман жарқылдайды. Өлкедегі қалың нөпірді көргелі жаңада мінілген үйірсек аттар кісінейді. Абай үйлеріне келушілер саябырлап, азғана толас болды. «Ендігі кісілер ертең келер» десіп, Абайлар алдыңғы үйлерге қымыз тарта бастаған. Осы уақытта Ербол Абайға келіп:

– Тағы бір қалың топ келді! – деп ақырын хабар берді. Бұл жиын Найманның Тобықтыға жақын отыратын руы – Сыбан екен. Арғы шеті – Аягөз, Қоңыршөулі, Ақшаулі де, бергі жағы осы Шыңғыстың сілемінде болады. Тобықтымен сырмінез. Бірақ бәсекесі де көп, тайталас ру.

Абай жылдам басып, тысқа шығып, бар жігіттерін топтап тұрып, тағы да жақсы қарсы алды. Жері жақын болғандықтан, өзге Жетісү елінің бәрінен Сыбандар мол келген екен. Абайға тиген қонақтың арты осылар. Бос тұрған үш-төрт үйге соларды түсіріп, Абай барлық қонақтарын жайғастырды да, енді тамам жігіттермен өзі қоса, сарп үрып жүріп сыйлауға кірісті. Өуелі қымыз. Содан соң шай... Содан өрі атпен тартқызыған табақ-табақ ет! Алыс жолдан шалдырып келген, қарны ашып келген қонақтарды тыңайтып күйлендіріп жатты.

Ет желінгеннен кейін, шаршап келген қонақтардың алды жата бастады.

Бүгінгі жүріске мұқалмаған Сыбандар екен. Олардың үйлеріне еттен соң, тағы да қымыз сапырылып еді.

Кеш бойы, кебінесе, нағашы жағының үйлеріне айналып жүрген Абай Сыбан қонақтарға енді оралып келді. Сыбан жиынының бұл келістегі үлкені Қадыrbай екен. Ол – ақын Қадыrbай. Жас күнінде өйгілі Садақ ақыннан айттысып, «Бала ақын» деген ат алышп, сол Садақты өлең сөзде мұдірткен осы Қадыrbай болатын. Оның көп өлецине Абай қанық. Бірқатарын жатқа біледі. Өз қонағының ішінде Қадыrbай болғанына Абай дән ырза болды.

Қадыrbай болса, бағана түсер жерден-ақ бұларға арналған үй – Құнанбай үйлері екенін білген-ді. Арысы Тобықты, берісі Үргызбай ішінің қатын-баласына дейін білетін Сыбанның бірнеше сезуар кісілері тек отырган жоқ. Бағана кештен бері тысқа шығып, қастарындағы күтуші

Ерболдармен сөйлесіп, осы он үйдің жай-жапсарын, күтуші иелерін де Қадыrbайларға мәлім еткен.

Қадыrbай өзі де келгеннен бергі сары қымыздан, дастарқан мен ыдыс-аяқтан, шай үстіндегі тәтті-дәмдінің молдығынан әр жайды топшылап отырган. Өсіресе түрліген жас қазының қатарында жүрген үйіткен қойдың етін – мынау үйдің сыйын өзге үйлердің сыйынан басқаша деп бағалаған. Ас атаулының бөрінде болатын жалпы құрғақ сыйдан бөлек жатыр.

Енді осы сыйды басқарып жүрген Құнанбайдың бір жас баласы деген соң, Қадыrbай сол бала өз қастарына келгенде ілтифат жасады. Абайға:

– Бері кел! Отыр, балам! – деп шақырып ап, өз қолынан қымыз ұсынды.

Қызылт қоңыр сақалы бар, келбетті, ақсары Қадыrbай Абайға аса бір келісті кісі көрінді. Бұл қонақ Абайдан әке-шешелерінің саушылығын сұрастырды. Көрсетіп жатқан сый-құрметіне алғыс айтты.

Абай өздігімен сейлемей, тек қана Қадыrbайдың сұраған сездеріне жауап беріп отыр еді. Жауапты қысқа болса да, байыпты, орнықты ғып айтады. Жас жігіттің түс-тұлғасын Қадыrbай ұннattы білем, тағы да сейлектікі кеп:

– Осы Барлас ақын маған бір әңгіме айтып еді. Құнекеңнің оқудан қайтқан бір жас баласы бар екен. Өзі өлеңкүмар екен. Ұлжаннан туған, Зеренің қолындағы баласы десе керек еді. Сол әлде сенбісің? – деді. Абай үялышырап күлді де:

– Барлас ақынның біздің үйге кеп азырақ қонақ бол кеткені бар еді, – деп Қадыrbайдың жүзіне тұра қарады.

Қадыrbай күлімсіrep қойып:

– Балам, ендеше, сен көңіліце алма, әкеңмен мен құрдастын. Сондықтан еркін сейлей берем. Айтпағым: өлең дегенді аса бір сүймейтін кісі сенің әкең еді. Сен негып өлең сүйгіш бол жүрсің? Осының жөнін айтшы? – деді.

Үй іші Қадыrbайдың қалжыцына күле бастады. Абай өзі үй иесі болғандықтан, сыпайлық жасап, аз сейлермін деген. Бірақ мына Сыбандар шет елдің адамдары сияқты емес, Тобықтының өз ауылдарының адамындей кең отыр. Жауап айтқысы да келеді. Айттар сезі де даяр сияқты. «Тек қонаққа кеп отырган үлкен кісімен жауаптасса, әдепсіздік болар ма екен?» деп екі ойлы болды. Өзі байқамастан тамсанып, басын шайқап еді. Қадыrbай шалып қалған екен.

– Кәне, бірдеме айтқалы отырсың ғой. Ұялма, айт! – деді.

– Ендеше, Қадеке! «Әкесі құрдастың баласы құрдастас» дейді ғой. Оғат айтсам, гафу етіңіз! Бірақ аса бір көңілі керең кісі болмаса, өленді

сүймейтін жан бола ма? Менің әкемнің де сүйетін өлеңі болар. Жалғыз-ақ сіздің есіңізде қалғаны, әлгі бір «Шұбарым, аргымағым, кер маралым, өз заңынша бөлкендік жандаралым!» деген өлеңді жақтырмай, сынап сейлеген сезі болмаса! – деді де, ақырын күліп қойды.

Үйдің іші тегіс елең етіп, Абай жауабын баққан Қадыrbай қатты қарқылдаш күліп жіберді.

– Япыр-ай, мына баланың өзіме соғуын қарай гөр. Сен бұл өңгімені естіген екенсің-ау, в? – деп, үй ішіне жағалай қарады. – Мынаның айтып отырғанын көрдіңдер ме? Бұл менің Солтабайға айтқан өлеңімді нұскап отыр. Құнекең соны естігенде, маган: «Несіне жалына бергенсің?» деп сын айтып еді. Балам, сен дауынды тауып айттың! – деп тағы күлді.

Абай осыдан әрі үндеген жоқ. Тегінде, соғы кезде барлық үлкендерге талас сөзде соқтығыңқырап сейлегенді қатты ұнатушы еді. Өзі қоймай сейлекен соң, Қадыrbайға айтқанына да өкінген жоқ. Қайта мұндайдығы қатқыл көңлі бір ырзалық тапқандай болды.

Бұл үйдегі қонақтар ұзақ отырып, кеш жатты. Орындарын жайластырып, тегіс жатқызып болып, түңліктерін жапқызып, Абайлар ас ошағына қарай қайтқанда, жаздың қысқа таңы сарғайып атып келеді екен.

Абай, Ербол, Ызғұттылар ас үйлерге жақындаій беріп, өзара күңкілдесіп:

- Қазір таң атады. Бұғін үйқы бола қоймас!
- Үйқыны қояйық! Отын-су ерте қамдалсын!
- Қымыз! Қымыз кешікпесін! Бар үйдің де сабалары сарқылып қалды!
- Үйқыны қойып, тез қам қылайық! – десіп, келесі күннің қамына жүмылды.

Келер күн ең ауыр күннің өзі болды. Астың дәл үлкен күні – осы. Абайға тиісті қонақтар бұл күні түске шейін кешегі үйлерінен қозғалған жоқ. Таңертеңен бері шай, қымызбен сыйласп келіп, дәл түске тақай бергенде, барлық он үйге ет тартылды. Абайдың бұл жолы жасаған төртібі қонақтарды да, көлденең елді де, ас иелерін де қатты сүйсіндірді.

Табақ тартуға өңшең жорға аттарды сайлапты. Барлық ат күміс ер-тоқыммен ерттелген. Күтуші жігіттер бастарына тегіс жібек орамал байлапты. Ас ошағымен екі арада бұлар қос табақтан алып, қатар ызығытып жөнелгенде, өлкө бойы жайнап кеткендей болады. Нагашыларға арналған күтімнің қапысы жоқ, оқшашу сый болды.

Астың күндізгі етін осы үйлер түгел жеп болған кезде, Байсал бір үлкен ақ боз атқа мініп, қасына қырық-елудей топ ертіп, қолына үлкен биік ағашқа орнатқан қарақшыны алып, атой беріп шықты. Қонақтар атқа мінсін, өзірленсін деген белгі. Енді бәйге, күрес, ат үсті сауық басталмақ. Астың қалың думан, қызу ордасы қайнады. Өңгіме-дүкен қарақшы

айналасында болады. Байсалдың хабарын құлақтана салысымен, барлық жүрттік аттарына үмтүлді. Жал-құйрығы сүзілген бәйгелер де киікше басып, ойқастап шықты. Аз уақытта қалың ел ат үстінде өзір болды.

Жиынын Абай тегіс болжай алмады. Ол атқа мінбеген, мінбекші де емес. Өйткені мұның сыбагасына тиген қонақтар алыс елдің адамдары болғандықтан, бүгін тарамайды. Ендеше, кешкі сыйына тағы өзірленіп тұру керек. Сол себепті Абай мен Ызғұттылар өз шаруасының қарбаласында жүр. Маңындағы жігіттері де тапжылмай, қастарында қалған. Абай ешқайсысын босатқан жоқ. Тек жалғыз Ербол ғана көптің қызына елігіп, шыдай алмай:

– Тым құрыса, сендерге хабаршы болайын. Не боп жатқанын айтып келейін, – деп тұра жөнеліп, шапқылап кетет те, тез оралып келіп, тың хабарлар айтады. Кешеден бері жиылған жұрттың сан мөлшерін білген кісі жоқ еді. Ербол «талай мың бар екен» деп келді.

Абайдың қонақтары аттарына мініп, белгі күтіп тұрғанда, Байсал ұран салып, қарақшысын аспандата көтеріп, Тезектің Қарашоқысына қарай шапты. Соның ар жағы – кең жазық. Истің бері сонда болмақ.

Қарақшы жөнелісімен, соның бетін бағып тұрған барлық топ-топ аттылар да дүркірек шауып, қаптай жөнелді. Абайлар енді көрді, көлденең өтіп, селдей ағып жатқан халықтың саны ұшан-теңіз екен. Бұл кезде ас үйлерден Ұлжан, Айғыздар да шығып, барлық күтуші, қызметші атаулының баршасы тамашалап, қарап қалысты.



Сырмінез – сырьы, мінезі белгілі. Өрекетіне қанық, білетін адамдар деген мағынада.

Бөлкендік жандаралым – орыс тіліндегі «полковник жандарм» деген сөзді қазақ тілі мөнерінде айту.

Сыбага – құрметті қонаққа немесе жақын-жұыққа ариап сақталған көделі, мүшелі тағам.

ОЙТАЛҚЫ

1. «Өрде» тарауынан берілген үзіндін оқып, тезистік жоспар құрындар.
2. Ас иелері Бежейдің нағашы жұрттың күтуді неге Абайга сеніп тапсырады?
3. Абай алыс жолдан шалдығып келген қонақтарды қалай күтеді?
4. Қадырбай мен Абайдың диалогінен Абайдың қандай қырын байқауга болады?
5. Абай қонақтарды, көлденең елді, ас иелерін қалай сүйсіндірді? Үзіндіден тауып оқындар.
6. Жазушы асты қалай суреттеген? Үзіндідегі ас беру дәстүрі мен бүгінгі замандагы ас беру дәстүрінде айырмашылық бар ма?

ОЙ БЕЙНЕЛЕУ

1. Үзіндідегі кейіпкерлерге тән ерекшеліктерді жұптасып анықтаңдар.

Кейіпкерлер			
Ерекшеліктері			
Өмірлік мақсаттары			
Ұстанымдары			

2. Абай – азамат ретінде қалыптасқан тұлға. Үзіндідегі Абай бейнесін даралап тұрған қасиеттерді қалай бағалайсыңдар? Топпен бірге жоба жасап қорғандар.

ОЙ ЗЕРДЕЛЕУ

1. Үзіндідегі ұлттық мәселелерді өмірмен байланыстырыңдар.

№	Ұлттық мәселелер	Өмірмен байланыс

2. «Абай жолы» романын қазақ, әлем әдебиетіндегі мазмұндас шыгармалармен салыстырыңдар.

- Шыгарма атауы.
- Идеясы мен тақырыбы.
- Жанрлық ерекшелігі.
- Құндыштықтар көрінісі.
- Автор ұстанымы.

ОЙ ТҮЙІН

1. Қосымша ақпарат көздерін пайдаланып, «Абай жолы» роман-эпопеясына байланысты жазылған сын-пікірлермен танысыңдар, ой елегінен өткізіп зерделендер.
2. Өздерің жазушының сез қолданудагы, көркемдегіш құралдарды сұрыптан алудагы шеберлігі туралы сынни мақала жазыңдар.

Кері байланыс. «Шыгу парагы» бойынша сұрақтарына жауап жазыңдар.

Бүгін не үйреніндер?	Романдагы жазушы ұстанымын ұға алдың ба?	Тақырып бойынша қандай сұрақтарың бар?	Келесі сабакта қандай мәселеге баса назар аудару керек?

Мен Мұхтар Өуезовтің шығармаларын тұган еліме таныстыруды өзіме үлкен абырой санаймын. Эпикалық «Абай» романы – менің ойымша, ХХ ғасырдагы ең үздік шығармалардың бірі. Бұл роман окушыга қызықты қиял мен ерен ой өлкесін кездіріп, талай терең толғаныстар тудырады. Бұл шығарма совет әдебиеті туындыларының маңдай легінен орын алады деу аздық қылады, әлемнің басқа елдерінде де онымен тең түсетін шығармалар табу қыны.

Луи Арагон

Теория

КӨРКЕМДІК ДЕТАЛЬ (*бөлшек, бедер-белгі*) – магиналық, көркемдік мәні бар ұсақ ерекшелік, сөз болып отырған нәрсенің жекеленген сипат-белгілері. Кейіпкердің мінезіндегі, кескін-келбетіндегі, іс-әрекеті мен сөйлеу мәнеріндегі немесе шығарманың сюжеттік желісіндегі, композициялық құрылымындағы жекеленген ерекшеліктер немесе суреттеменің, баяндаудың дәлдігін, нақтылығын арттыра түсетін әртүрлі бояу-нақыштар – міне, осылардың қай-қайсысын да көркемдік деталь ретінде алғы қарауға болады. Мұхтар Өуезов «Абай жолы» роман-эпопеясында жас Абайдың Торғанға деген ыстық сезімін суреттегендеге қолданылатын портреттік деталь – қыздың бейнесін оның шолпысының сылдыры арқылы әсерлі елестетуі.

ҚИЯДА

(жалғасы)

Оқу мақсаттары:

11.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді ғаламдық тақырыптағы өзекті мәселелермен байланыстырып, шығармашылық жұмыстарда қолдану.

11.2.4.1 көркем шығармадағы ғаламдық тақырыптарға креативті ой қосып, шығармашылық жұмыс (*ессе, әңгіме, өлең*) жазу.

11.3.1.1 шығарманы ғаламдық тақырыптармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау.



Тірек сөздер: аже қазасы, ана аманаты, әжеге ариалған жоқтаулар, өлецмен уану.

Маңсатқа қол жеткізу үшін:

- ✓ үзіндіні оқып, креативті пікір түю;
- ✓ шығармашылық жұмыстар жазуға дайындалу;
- ✓ үзіндідегі тарихи және көркемдік құндылықтарды анықтау.

Күн әбден жылынды. Көк те шыға бастады.

...Ертең таң атысымен жүк шығартуға бүйірып еді. Бірақ дәл осы күні кешке Зере сырқаттанды.

Көрі әженің сырқаты біліне салысымен қысып кетті. Басында ыңқылы құшті боп, тынысы ауырлап келіп еді. Келесі күні дәрмен азайып, өздігімен қозғала алмайтын болды. Абай мен Үлжан қатты сескенді де, Зеренің қасын құзетті. Сусыны, тесегі, бар күтімі екеуінің ғана мойнында. Өзге жанды көп кіргізген де жоқ. Жұрт аяғын ауырлайды деп, үй ішін оңаша ұстауға тырысты. Зере науқасының келесі күні түнінде Үлжан енесінен күдер үзе бастаған болатын. Абайға айтпастан, Үлжан Қарашоқыға кісі жүргізді. Сейтіп, түні бойы үйықтамай құзетіп отырған келіні мен немересіне Зере таң алдында ең соңғы рет көз салды. Өжесі көзін ашқанда Абай үміттеніп қалып, қадалыққырай түсті. Науқас ана бірдеме айтайын деген төрізді. Ол ажарын Абай өзі таныған жоқ. Үлжан байқады. Екеуі де қатар сырғып, жақындан түсіп, төніп келгенде, Зере бір нәрсені сыйырлай бастады.

Дене күші бітсе де, ойы сап-сау. Тек үні әлсіз.

– Өнегем... болса... тірлігімде көрсете алдым ба, жоқ па? Өсиетім болса... құлағым, тілім барында айтып болдым ба, жоқ па? Қайтейін!.. Енді қайтейін!.. Бүгін мынау әлім біткен шағымда, не дәме етесің екеуің!.. Не күтіп маған телміресің?.. – деді. Осы сездерін көп қиналышп, ұзақ айтып еді.

Сейлету зорлық сияқты. Бірдемені айту да орынсыз. Абай екі қолын төсіне қойып, әжесіне тағзым етті де, басын иді. Өзінше «Бар жүрегімнің құрметі, өулиедей ана, саған арналған» дегені. Сейтіп, аз отырды да, әжесінің екі қолын ұстап, кішкентай алақандарына бетін басты. Иіскеп сүйіп отырғанда бірнеше ыстық тамшы да сол әлсіз жүдеу алақандарға тамып еді. Өжесі тағы да сыйырлап:

– Қарағым... жалғыз қарашығым, – деп Үлжан жаққа қарады да, – анаңды күт! – деді.

Осыдан кейін тағы бір толастан соң:

– Ишімнен шыққан жалғыз еді ғой... Жалғызға топырағым бүйірсын! – деді. Бұл сезді, тіпті ап-анық айтты да, қайтып үнделген жоқ. Кезі тағы да жұмылып кетті. Жаңағы айтқаны Құнанбай екенін Абай лезде

түсінді. Сол сөзді бастай бергенде, Үлжан басын изеп, «Тыныш болыңыз, орындаимыз» дегендей белгі еткен.

Қадірлі ана осы таңға жетпей қайтыс болды.

Абай мен Үлжан таң аппақ атқанша үн қатқан жоқ. Зеренің дана жүзіне мұлгіп, жұдеп, қадалып отырды. Екеуі де жаңа ғана қастарынан гайып болған ана туралы өз шерімен, өз ойларымен болып, бар дүниені үмітқан сияқты.

Абайдың өзі ес білгелі шын жақын жанның өлімін көргені осы. Қөрі анасының қазіргі жүзі кекшіл сұрғылт тартса да, біртүрлі бір зор тыныштыққа жеткен төрізді. Өлім емес, қиналу емес. Қайта көтпен көксеген арманына жеткендей. Соншалық ырза және мейір шафқат нұрын тапқандай.

Күн шыға бергенде, барлық ауыл хабарланып, бала атаулыға шейін тегіс жиылып келген еді. Немерелері мен келін-кепшік үнсіз жыласты. Қерші-қолаң, малшы атаулы да шын күйініп, ауыр-ауыр күрсінді.

Осы таңертеңде Қарашоқыдағы, Шыңғыстағы көп туысқан да кеп жетті. Алдымен келген Құнанбай, Құңқелер болатын. Қалған Ырғызбай да осы күні түске шейін түгел келді.

Бұл өлімді барлық жұрт тегіс ауыр алғанмен, жыласқан жоқ. Үндемей күтті. Келесі күн жаназасы болғанда кедей көршілер де тегіс келген екен. Көп қауым боп, түгел ардақтап қойды.

...Аз уақытта, жылдағы дағды бойынша жұрт жайлауга көшті. Абай әжесінің қырқына шейін, тысқа шықса, ертелі-кеш анасын жоқтап, зар өлеңдер айтады. Тау басына шығып, даланы кезіп жүрсе де, анасына бағышталған мұнды ойлардың қасірет жырлары орала береді.

...Абайдың Ақшоқыға соға кететін жұмысы бар-ды. Ордадан шығып, солай қисая жүрді. Жол жоқ. Бірақ қар жұқа болатын. Ербол екеуі сар желіп отырып, Есембайды бауырлап кеп, Тақырбұлақ тұсындағы жолға түсті...

Бір шақта қаладағы оқудан қайтып келе жатып, ауылды аңсан, асығып шапқан кек жазығы осы еді. Қазірде аппақ, сұық қар басқан. Алыстағы жоталар мен айналадағы өлкелер де панасыз, жүдеу. Айықпас, ауыр мұңға батқан. Бұл күнде Абай көңіліне панасыз, кемтар көрінетін бар сахараасының, бар халқының күйі де осы реңдес. Бір кезде нанғыш, таза бала жүрегі барлық рақат, бақыт осы қырда, ауылда деп алас үрган болса, қазір Абай қайта жортып келеді. Енді бірақ сондагыдан үміт, бақыт тілегін қаладан іздел, соны аңсан келеді.

Бұл уақытта Абайдың жасы 24-ке шыққан-ды. Көз алдынан өзі шегіп еткен жылдардың бірталай күйлері шұбатылып өте берді. Байқап қараса, өмірдің бірталай қат-қабатынан, шытырманынан, бел-белесінен өтіпті.

Бір шақта өрге басып, енді міне, қияға қарай да өрлеп келе жатқан тәрізді. Осындаі өз тірлігінің бұраң жолын көрді.

Қияға қадам басқаны рас. Бір күндерде жалаң құздың басындағы тақырың мен тастақты жарып, әлсіз нәзік шешек атып, жас шынар пайда болған. Сондай бір өмір гүл шашқан. Енді бұл күнде сол шыңға шыққан жалғыз шынар балғын тартып, жас қуатқа толыпты. Қазір оған қыс пен аяз да, тіпті тау дауылды да қатер болудан қалған еди.



Шафқат нұры – мейірім нұры.

Бұраң жол – бұрылыс, қисық жол.

Қия – тау-тасты, биіктеу жер бедері.

ОЙТАЛҚЫ

- Зере әженің соңғы сөздері Абайға қалай әсер етті?
- Абай екі қолын төсіне қойып, тағзым ету арқылы әжесіне не демекші болды?
- Неліктен Абайға мұңды ойлардың қасірет жырлары орала береді?
- Атаның емес, адамның ұлы болуды қалай түсінесің? Абай ол биікке жете алды ма?
- Автор Абай образының символы ретінде нені суреттеген?
- «Абай жолы» роман-эпопеясы I кітабының тарауларын жазып шығып, ерекшеліктерін көрсетіңдер.

I кітаптың тараулары	Ерекшеліктері	Тарау атауларының символдық мағынасы

ОЙ БЕЙНЕЛЕУ

- Ұзінді кейіпкерлеріне «Концептуалды кестені» жүптасып толтырыңдар.

Ұзінді эпизодтары	Адамгершілік үстанымдары	Менің пікірім

- Абайдың өсу жолдары туралы топпен бірге жоба жасандар. Абайдың азаматтық тұлғасын танытатын көріністерден мысалдар көлтіріңдер.

ОЙ ЗЕРДЕЛЕУ

- Абай бейнесін жасаудағы жазушы жеткен биіктікті немен түсіндірер едіңдер? Абайдың азаматтық бейнесін жасауда жазушы жеткен биіктік туралы шағыны эссе жазыңдар.
- «Абай жолының» бірінші кітабындағы эпилогке талдау жасандар.

«Кияла қадам басқаны рас. Бір күндерде жалаң құздың басындағы тақыр құм мен тастақты жарып, әлеіз нәзік шешек атып, жас шынар пайдада болған. Сондай бір өмір гүл шашқан. Енди бұл күнде сол шыңға шыққан жалғыз шынар балғын тартып, жас құватқа толыпты. Қазір оған қыс пен аяз да, тіпті тау дауылы да қатер болудан қалған еді».	Шыгарма сюжетін жеткізудегі маңызы	
	Шыгармадағы мәселелерді жеткізудегі маңызы	
	Шыгарма идеясын жеткізудегі маңызы	

ОЙ ТҮЙІН

Шыгарманы ғаламдық тақырыптармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағаландар.

Кері байланыс. «Сөйлемді аяқта».

Мен мынаны білдім	
Маган қызық болғаны	
Маган қыны болғаны	
Мен мынаны жасай алдым	
Мен мынаган таңғалдым	

«Абай» романының жазылу жайынан:

Ал Абайдың өз басын, оның өмірінің жекелеген фактілерін алатын болсақ, бұлар жөнінде ешқандай мемуар да, күнделік те не сол кезде жарияланған деректі еңбек те жоқ. Мен роман жазбақ болғаннан кейін, керекті материалды әртурлі жолмен өзім жинай бастадым. Абайдың жасы қазір жүз онға жуықтады, – өзі маган кездескен жоқ. Сондықтан мен оның балалық, жастық шағын, жігіт кезін көрсету

үшін Абайды көзben көрген адамдардың аздаган естеліктеріне сүйенуге мәжбүр болдым. Рас, өзімнің сол Абай шыққан жердің қазағы болғандығымның біраз пайдасы тиң: жасаңдау кезімде Абайды жақсы білетін адамдармен – кемпір-шалдармен кездескенім бар. Олардың кейбіреулері тіпті Абайдан бірнеше жас үлкен де адамдар еді...

Мұхтар Әуезов, 1959 жыл

АБАЙ ЖОЛЫ

(екінші кітап)

ТАЙФАҚТА

Оқу мақсаттары:

11.1.1.1 әдеби шыгарманың сюжеттік-композициялық құрылымын талдау арқылы көтерілген галамдық мәселелерді терең түсіну.

11.1.2.1 әдеби шыгармадағы көтерілген мәселелерді қазіргі өмірмен байланыстырып, ұлттық мұдде түрғысынан ашу.

11.2.4.1 көркем шыгармадағы галамдық тақырыптарға креативті ой қосып, шыгармашылық жұмыс (*эссе, әңгіме, өлең*) жазу.

11.3.3.1 шыгарманың идеясын көркемдік-эстетикалық құндылық түрғысынан талдап, әдеби эссе жазу.



Тірек сөздер: кітап оқу, кітаптардағы ғажайып мекендер, жолаушылар, алыс сапарға дайындық.

Мақсатқа қол жеткізу үшін:

- ✓ сюжеттік-композициялық құрылымын талдау;
- ✓ шыгармадағы негізгі мәселені өмірмен байланыстыру;
- ✓ үзіндідегі ұлттық мұддеге сай саралау жасау.

1

Таң алдында бір ғана сағат мызығаны болмаса, Абай бұл тұнді үйқысыз өткізді. Бірақ әлі талған жоқ. Өлі де кітап бетіне үңілуде. Үлкен үстел үстінде шалқасынан ашылып жатқан кітап бір емес, өлденеше. Өр алуан тілдерде туған бұл кітаптар бүгін осы жерге оқыс келіп, қызық бас қосқан. Абай жақсы ұғынатын шағатай, түркі кітаптарымен қатар, тілін Абай қиналып түсінетін араб, парсы және олардан ғері де әлі ауырырақ тиетін орыс тіліндегі кітаптар.

Абайдың жайшылықтағы оқуынан бүгінгі оқуының мақсаты да басқа. Кітаптан алғын білім нұсқаның бүгін тіршіліктің қолма-қол керегі үшін асығыс қажет болған бір шағы еді. Абай соңғы күндерде, өсіреле осы соңғы тұнде, өзіне бұрын дағдылы болмаган бір халде. Ол бір ескі «ғалымдар»

ма, «рауайлар» ма, солардай бір күйде отыр. Осы жайына өзі таңырқай түсіп, қызығып та қарайды. Парсы, түркі кітаптары бұны біресе Шираздың гүлзарына өкетеді. Самарқандың мазар ғимараттарына қадалтады. Мәру, Мешнедтің миуалы, бұлбұлды бақтарына, салқын, самал хауыздарына үцілтеді. Ұлы ақындар мекен еткен Фырат, Газна, Бағдаттың сарайларына, медреселеріне, кітапханаларына тартады. Нелер ықылым замандар бойы асфақани қайқы қылыштары тынымсыз тайталаспен қарш ұрысып еткен араб, парсы, түрк, мұнғыл тарихына да көп-көп көңіл тартады. Осылардан бірауық орысша кітапқа түскенде, Орта Азия, Иран, Араб жер-суы, шелқұмы, қала-сауда тірлігін айқын тани түскендей болады. Абайды бүгін өзіне үңілдірген – жаңағы елдер мен үәлаяттардың дәл бүгінгі көрінісі.

Оқи отырып, кей жайларды анық, айқын етіп, хатқа жазып келеді. Керуен көшетін сауда жолдары, ұлken базарлар, атақты қалалар, су жолдары – барлығы да бүгін айрықша керек болған.

Бұл кітаптардан алған хабардың бәрі қазір аттанатын жолаушы үшін керек. Абай оқи отырып, кей кездерде, бала шақтан көп естіген сонау алыс мұнар ішіндегі шаһар, үәлаяттарға беттеп, «осы сапарға өзім жүрер ме едім» деп, қызығып та қояды. Қөрмек, білмекке қызығады.

Ашық терезеден оқыс соққан салқын жел келді. Ұлken, жеңіл ақ пердені жел үйірді. Шалқыта толқытып көп, жақын тұрган биік үстелдің үстіндегі кітаптарға төндірді. Перде біресе ойнаған баладай боп, Абай оқып отырған кітап бетін жасыра бүркеп қалады, біресе желппи қағып, кітаптың жазуларын сапырып ұшыруға тырысқандай болады.

Абай жаңа байқады, артындағы ұлken есік кең ашылып, ар жағында келе жатқан бір сый адамды күткендей екен. Таң атқалы бұл бөлменің есігі ашылып, кісі кіргені осы еді. Абай бұрылып қарай бере, келе жатқандардың кім екенін білді. Жай басып, ауыр тыныс алып, демігіп келе жатқан өзінің шешесі. Бұл күнде денесі ауырлап, жүріс-қозгалысы ұлken қыындыққа айналған Ұлжан есіктен көп көрінгенде, оны екі жағынан екі өйел қолтықтап, сүйеп келеді екен. Абай орнынан шапшаң тұрып, шешесіне көрпе салды. Тусі Абайға ұқсаған, сөнмен киінген ақсүр сұлу келіншек жастықтар өкеп қойды. Барлық тұлғасы Құнанбай текстес бұл жас өйел – осы үйдің келіні, Абайдың апасы Мәкіш. Екінші өйел – Ұлжанның ауылдан ере жүрген жолдасы Қалиқа. Ол бейбішенің алдына жалтыраган жез шылапшын мен Қашқардың өсем, сопақ құманын өкеп, су қойды. Мәкіш кең бөлменің ортасындағы топсалы үстелді қайрып жазды да, ашық есікке қарай дыбыс беріп:

– Ал өкел, жасай бер! – деді.

Үйге Мәкіштің өзі құрбылас ақ қызыл жүзді, сұңғақ бойлы келіншек кірді. Оқа жага салған, қара мақпал қамзолы бар, самай шашы майланаң,

жылтырай таралған келісті келіншек дастарқан жайып, қонақтарға арналған таңертеңгі асты жасауға кірісті. Шешесі жуынғаннан кейін кезек алып, бешпентін тастап, беті-қолын жуына бастаған Абай үйқысызың түнде басының азырақ ауырлап, зеңіп қалғанын енді сезіп еді. Мәкіш бұны қонақ тұтып сыйлас, қолына су құйып тұрғанда:

– Мәкіш, сұың жайлы тиіп барады, сергіп алайын. Басыма да құйып жібер! – деп бас-мойнын түгел жуып алды.

Сүртініп, демігін жаңағана басқан Үлжан Абай отырған биік үстелге көз салып, баласының жайын түсінді де:

– Абайжан, осы сен түні бойы үйықтамағанбысың? – деп, баласының бетіне қарады. Абайдың өңі әкшыл тартып сұрланып, екі көзі қызырып түр еді.

– Жоқ, түн ортасында көз шырымын алдым ғой! – деді.

– Соншалық сарылғанда кісінің ойы шатаспай ма? «Қойға қасқыр шапқанын неғып байқамай қалдың, үйықтадың-ау» дегенімде, біздің Қодыға айтып еді: «Үйықтағам жоқ, бірақ таң алдында көзіме, тіпті түйенің өркеші төртеу болып көрініп отырған шақ еді. Дәл қасымнан өтіп, сүмендеп кетіп бара жатқан қасқырды ит екен деп қорага жіберіп алдым» дейтін. Сол айтқандай, түйенің өркеші төртеу болған шақта, мен-зең болған басқа білім қона қоя ма екен, балам-ау? – деді.

ЖАЙЛАУДА

Кең кегалға жайыла қонған үлкен ауылдың оң жақ шеті өңшең үлкен ақ үйлер. Бұлар мал жататын қотаннан, ііс-қоңыстан, мазасыздықтан әдейі қашандап, шалқая қонған.

Ауылдың екінші шеті мен мал иірілетін орта түсында отырған өңшең қоңыр үй. Бұл шетте жыртық, шоқпыт лашықтар, құрым қара қостар, кішкене күркелер де бар. «Қоңсы-қолаң» атты көп жанның баспанасы осы жақ. Қойши шал, қозышы бала, түйеші, сауыншы, жылқышы да осы жақтан шығады.

Қазір үлкен ауылдың бұл шетіндегі қолы бос жас-желең де, шүйке есіп, үршық иірген кексе қатын, кәрі кемпір де түгелімен ауылдың екінші жағына құлақ салады. Тегіс алаңдалап, солай жүргілдері де келеді. Олардың берін еліктіріп, аса қыздырған – жалғыз бір шырқаған асқақ үн, ол – ән. Ауыл үстінде шаңқай түсте, бұлтсыз көк аспанға шашылып шырқаған өктем, әсем жалғыз үн.

Шеткі үйлердің барлық жаңы бұл әншіні бұрын алыстан болса да есітіп, дәндегендей.

...Бұл көршілер әңгіме еткен «жас келін», «әнші келін» – Әйгерім болатын.

Қалың қонақ жиылған отау да соның үйі.

Абай Әйгерімді осыдан үш ай бұрын ұзатып әкелген еді. Қазір басында желегі бар жас келіншек қалың қонақ ортасында, Абай қасында отыр. Бұл екеуінің осы жолғы қонағы да өзгеше. Ол – өңшең қызы, сылқым келіншек пен сөнді сұлу бозбала.

...Солардың ішіндегі ең көрнектісі және бар жиынға қадірлі, сүйіктісі мынау қос ішекті домбыраны безілдетіп отырган орта бойлы, қызығылт жүзді, кең ақ маңдайлы, нұрлы жігіт. Ол – Арқага аты шыққан, бүкіл Орта жүзді асыл саз, әсем әнімен үйтқан Біржан сал.

Тобықты ішіне сонау алыс Көкшетаудан келген сирек сый қонақ. Өзі ақын, өзі әнші, өзі сері Біржан. Устінде қара мақпал, кең, жеңіл шапаны бар. Омырауы ағытылған, «сері жаға» ақ кейлектің сыртынан киген сарғылт түсті қытайы жібек қамзолы бар. Оқалы тақиясының жібек шоғы ыргала түседі. Құйқылжыған әніне қалың жиын қыбыр етпей үйіп, мұлгіп отырганда, кербез әнші өзі де, жүзіне жылтыр майда рең бітіп, нұрлана құбылады.

Баласы Қожагұлдың Біржан салмын,
Жұрттыма зияным жоқ жүрген жаммын.
Кісіге өзім қатар бас үрмаймын,
Өзім ақын, өзім сал, кімге зармын?.. –

деп бір кетеді.



Ықылым замандар – ерте кездер, өте ерте замандар деген мағынада.
Асфақани қайқы қылыштары – Исфанаң қаласында жасалған қылыштар.

Үәлаят – Шығыс елдерінде жиі кездесетін аймақтық-әкімшілік бөлік: басқарма, басқару; өлке, аймақ, облыс деген мағынада қолданылады.

ОЙТАЛҚЫ

1. М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының екінші кітабы қандай тараулардан турады?
2. «Тайгақта», «Жайлауда» тарауларының толық нұсқасын алдын ала оқып танысындар.
3. Абай неліктен кітаптан оқыған жайларды анық, айқын етіп, хатқа жазып отыр?
4. Абай мен Әйгерімнің өзгеше сыйлы қонағы кім? Ол туралы не білесіндер?

ОЙ БЕЙНЕЛЕУ

- Тараулардағы басты оқигаларды топпен бірге іріктеп, Абайдың іс-өрекеттерін жинақтаңдар.

Тарау	Басты оқигалар	Кейіпкерлер	Абайдың іс-өрекеттері
1.	1.		
	2.		
	3.		
2.	1.		
	2.		
	3.		

- «Тайгақта», «Жайлауда» тарауларындағы қазақ халқының этностық ерекшелігін танытатын үлттық белгілерді топпен бірге айқындалап, жоба жасаңдар.

ОЙ ЗЕРДЕЛЕУ

- Абай мен Біржанды рухани жақындастырыган өнер құдіреті туралы ойларынды «Төрт сейлем» әдісімен жеткізіңдер.
- «Көршінің сұрагына жауап» әдісі арқылы үзіндіде көтерілген мәселелер туралы ақ парапқа бір сұрақ жазып, сағат тілі бойынша жылжытып, сол жақтарында отырған сыныптастарыңа беріңдер. Олар сұрақ жазылған парапқты алышп, сол сұраққа жазбаша жауап береді. Жазып болған соң, сұрақтар мен жауаптарды жұптасып оқындар, талқыланадар.

ОЙ ТҮЙІН

«Мен Абайды қай қырынан таныдым?» тақырыбында үзіндіні негізге ала отырып, әдеби эссе жазыңдар.

Кері байланыс. «Оқырман көзімен».

- ✓ **Жазушылар:** үзіндіден алған әсерін әңгімелейді.
- ✓ **Ақындар:** жайлау туралы 1–2 шумақ өлең жазады.
- ✓ **Суретшілер:** үзінді идеясы бойынша сурет салады.

КӨРКЕМДІК УАҚЫТ. Әдебиет шығармасындағы уақыттың суреттегілуі, зейінге алыну, қабылдануының езгеше сипат-ерекшелігін түсінүүшін «көркемдік уақыт» деген ұғым бірте-бірте қалыптасып келеді. Көркемдік уақыт әдеби шығарманың танымдық мүмкіншіліктерін, әсерлілігін арттыра түседі. Мысалы, «Абай жолы» эпопеясын алсақ, мунда жарты гасырга таяу мерзім алынған. Абай оқырман онымен алғаш кездескенде 13 жаста болса, кітап аяқталған тұста 60-қа таяп, дүниеден қайтады. Осы мерзім кітапта үзіксіз суреттелмей, кейде жазушы арада бірнеше жылдар өтті деп, бір талай уақытты аттап кетіп те отырады. Ал бірақ кітаптағы көркемдік уақыттың көлемі әлдеқайда кең жатыр. Ондағы өткен замандагы өмір суреттерін еске алсақ, ескі азыз-жырдағы оқиғаларды ескерсек, кітаптың уақыттың сыйымдылығы әлдеқайда мол екенін аңғарамыз. Оның үстінде, роман-эпопеяда маңызды тарихи кезең алынып отырғанына және назар аударалық. Абай жаңа дәуірдің тууын арман етіп, соған жете алмай кетеді ғой. Сонда Абай заманы қазақ даласында жүзденген жылдар бойы қалыптасқан патриархалдық-феодалдық қоғамның өмір салтын көрсететін тарихи кезең десек, кітаптағы көркемдік уақыты, тарихи уақыттың сыйымдылығы онан да кеңең түседі. Әдеби шығармада бейнелі түрде көркемдік уақыттың қаншалық мағыналы, әсерлі болатынын осы мысалдан-ақ айқын аңғаруға болады.

Зәки Ахметов

ЕҢІСТЕ (жалғасы)

Oқу мақсаттары:

11.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету.

11.2.1.1 әдеби шығарманың композициясын, жанрлық ерекшеліктерін айқындалап, уақыт пен кеңістік түргышынан талдау.

11.3.2.1 көркем шығарманың жаңашылдығын ғаламдық тақырыптармен байланыстыра отырып, сыни түргыдан баға беру.



Tірек сөздер: көктемнің жайлы күні, аударма жасау, танысу.

Мақсатқа қол жеткізу үшін:

- ✓ жинақтау мен даралаудың теориялық анықтамасын қайталау;
- ✓ уақыт пен кеңістіктің әдебиетте көрініүі туралы теорияны шолу;
- ✓ үзіндінің композициясы мен жанрлық ерекшелігін талдау.

Есірі тұрулі, тұңлігі шалқия ашылған кең үйге көктем сәскесінің бартынысы, бар үні мол кіріп тұр. Биік тәсек жанында дәңгелек үстелге шынтақтап одаша ғана отырган Абайға есіктен кірген самал да жайлыш.

Таласа, жарыса білінген изен, жусан, жас бетеге иістері де күншуақты салқын сәскенің қош лебіндей. Шырылдан үшқан бозторғай үні бір кезек үй үстіндегі аспанға ілініп, қадалып, қырық құбылады.

Ақшоқының жақын сайларынан анда-санда үн қатып кекек шақырады. Үнемі жауапсыз сұрағын қайталай қадалтып, сұнқ-сұнқ етеді. Дүниенің ең бір жазықсыз, аңқау үнпазы өз жұбайын шақырам деп, кішкене сырын кең тау-тасқа да паш етеді.

Кейде жақын жердегі кең жайылым – «Қорықтан» адырға қарай шеттей үшқан топ үйректердің сыпсың қанат қағыстары естіледі. Ұяны сай тастан, інді моладан салып ап, жүп-жұбайлы күндерге жаңа ауысқан сарыала қаз, итала қаздар үн салып өтеді. Абай кітап оқып отырса да, көктемнің осы сияқты көп алуан жаңа тірлігін үнемі қатар сезеді. Ойлай сезеді.

Үй жанынан кішкене, шымыр түяқтарымен шапшаң дүбірлеп, топыр салып жас қозы-лақтар жүгіріп өтті. Бір болымсыз себептен үркіп, үйитқып безгендей. Өлі өмір танымайтын жас буын өз тірлігін үрке сүйеді.


Көрші үйден осы қозылардай оқушы балалардың да жамыраган үні Абай құлагына оқтын-оқтын естіліп қалады. О да адам көктемінің жас төлді, балапанды тірлік үні.

Абай кітабын оқи отыра, даланың кей дыбыс, иістерін үстірт қана сезінсе, кейде оңай оралған қатар ойды жаңағыдай ойлай да отыр.

Еңсесі биік отаудың оң жақтағы түсқиіз, шымылдығына шаңырақтан түскен Құн сөулесінде көктемдік, жаңа ашық рең бар. Таза сыпырылып, таза жиылған одаша үй Абай көңілін көтеріңкі етеді. Өзіне-өзі тиген еркін шақта, жас жасаулы, жарастықты жаңа көктемді үйден, тыстан бірдей сезіп, өзінше бір қуанышпен тыныс алады.

Кітабына тағы да ерекше сүйсінген ынтымен үціледі. Бұл кітапқа қазірдегі Абай ықыласы, тіпті бөлек. Ол ықылас кітап пен оқушы Абай арасында жақсы бір ұғынысудан туған. Орыс тілінде жазылған ұзақ әңгімені Абайдың ең алғаш рет еркін ұғып, тіл бөтендігін жеңген кезі осы. Ұғымды болған кітап бірінші еткел болды. Таза, сара, ашық еткелдей. Абайдың көп жылдан бері жетсем деп тырмысып созылған арманды жағасына шығаратын еткел.

Биылғы еткен қыс бойы Абай неше алуан «тәпсірлерді» серік етіп, жалғыз табандап қадалғаны орыс кітабы еді. Аяғында осы көктемде, жаңа дүние саңылауы шын жарқырап ашыла бастағандай болған соң,



Пушкинге ауысқан. Қара сөзінен бастаған. Қазірдегі өздігінен оқып, ұғып келе жатқаны – Пушкиннің ұзақ әңгімесі «Дубровский». Тілін берген «Дубровский» хикаясы өзегін де берді.

Осы таңтертеңгі оңаша отырыста Абайдың бар дүниені, үй-мекенді, кең тынысты қектемді өзгеше шат, жарқын көңілмен сезуінің себебі де сол жаңа тыныс, жақын дос болған, қызық кітаптан ауысқан әсер еді. Көптен бұндай қуанған да емес сияқты.

Былтыргы жаз бер өткен қыс бойында барлық істен, сөзден безер бол, қашып жатып алғып, үйден шықпай қойғанының да енді, міне, орайы қайтты.

...Абай қора салатын ұсталарымен, жұмысшыларымен және төртбес үй көршісімен келіп, сол жұмысын жүргіздіріп жатыр. Қораны салушылар өз жұмысын істеп жүр. Ол жақта көбінше Ербол мен Әйгерім болады. Абай бұл жолы әке-шеше ауылышан біраз ұсақ балаларды Кішкене молда деген тәрбиеші молдасымен бөлек үй көтеріп, бірге көшіртіп әкелген. Қазір көрші үйде үй салып жатқан сол шәкірттер ішінде Абайдың Ділдәдан туған балалары: Ақылбай, Әбіш, Құлбадан және кішкентай Магаш бар.

...Кітапхананың ұзынша оқу бөлмесінде жұрт отыр екен. Абай бұл үйге кіргенде, әр үстелдің айналасында екіден, үштен отырып, кітапқа үңілген жандарды байқады. Әр жастағы, әр алуан киімді ерек, әйелдер, жас оқушы шәкірттер мен қыздар да көрінеді. «Осы шаһардағы ең бір қадірлі орын-ау!» деп ойланған қарап, жақсы бейілімен кіріп еді. Абай танитын әжімді жұзді, шоқша бурыл сақалды, жұпның киімді қарт кітапханашы жымия күлді. Сирек бір қонағы келгендей, сыпайы пішінмен қарсы алды.

Залдың бергі шетінде мұртын сәнмен ширатқан, бүйра шашты, жылтыр жұзді чиновник отыр еді. Ол қатарындағы биік прическасы бар, сәнді киінген жас әйелге күлімдеген көзбен жиі иіледі. Бұл жерде де бозбастық дағдысын ұмытпағандай.

Сол жігіт кітапханаға Абай кіргенде, қасында отырған пац жұзді көрші әйеліне Абайдың келе жатқанын көрсетті. Залдың ішіндегі оқушының біразына естіртіп, даурыға түсіп, түрпайы бір әзіл айтты. Ол әзілі кең шапан киіп, бұнда отырған жұрт үлгісінен басқаша көрініспен келген сахара қағағы Абайды қағытқан сөз еді.

– Бұ не ғажап! Гоголь кітапханасына қашаннан бері түйелер жіберілетін болған? – деді.

Абай бұл кезде кітапханашы қартқа қол беріп амандастып, өзіне керек кітабын енді атағалы түр еді. Жақағы түрпайы өзілді құлагы шалысымен, чиновник жаққа салқын ызамен жалт етіп бір қарады. Чиновникке жақын отырған бірер жас оқушы оны қостап, ойсыз күліп қалған екен. Бірақ жігіттің қасындағы тәрбиелі, көрікті әйел күлген жоқ. Чиновникке түңгіриқ қара кек көздерін кейіспен бүрді. Қабағын аз шытынып, жігіттің әдепсіздігі үшін қызырып кетті. Абайдың алғашқы ашуы бір-ақ сөтке білінгендей еді. Енді күлкілі мысқыл жұзбен жігітке бұрылды да, лезде жауап қатты:

– Чиновник мырза, түье кірсе, несі бар, бұнда ол түгіл, есек те отырыпты ғой! – деді.

Чиновник бір қуарып, бір қызарды да, үні өшті. Оның қасындағы әйел шалқия түсіп, қатты күліп жіберді. Абайға соншалық мейірлі жұзбен, кез қызығымен бір қарап, бетін басып, төмен иілді. Абайдың сезін естіген оқушының бәрі де қатты күлсті.

Таныс қартина Абай бүгінгі керегі «Русский Вестник» журналының белгілі саны екенін айтты. Кітапханашы ол журналдың кісі қолында екенін білдіріп үлгергенше, бұл екеуінің қасына орта бойлы, кең маңдайлыш, қаба қара сақалды бір адам тақап келді. Ол бағанадан бері Абай кіргелі бұл кітапхананың сахарадан келген сирек оқушысына қадала қарап, аңысын аңдып отыр еді. Жақағы Абай мен жеңілtek

чиновник арасында болған өткір қағысады да түгел естіген болатын. Қазір сол кісі Абайдың алдына келді де:

– «Русский Вестник» менде. Мен қарап болдым. Сізге бере аламын. Тек сұрайтыным, сізге ол не үшін керек еді? Қай жерін оқымақсыз? – деді.

– Ол журналда Толстойдың жаңа романы басылыпты, соны оқымақ едім! – деді.

– Сіз Толстоймен таныс па едіңіз? Неге оны ғана керек еттіңіз? – деді.

Абай бұл кісіге енді бұрылды. Жүзінен, барлық келбет-қабілетінен өзін сынап, барлап тұрған маңызды адам екенін байқады. Сыпайы жымысып, ілтипат білдірді.

– Мен Толстойды бұрын аз оқыған едім. Бірақ орыс халқының шын дана, ақылды адамы деп естімін. Сол ақылды адам қандайлық өсінет айтады екен, үқым келеді!

Абайдың жаңа танысы журналды Абайға беріп тұрып:

– Білмек талабыңыз жақсы екен. Мен сізді бұдан бұрын, басқа бір жағдайда көріп едім. Областное правлениеде. Рас, ол кездесу қызықты жағдай емес болатын. Сізді мен сыртыңыздан бұрын да білуші ем. Бүгін мынау орында сізді көруім, шынымды айтсам, артық өсер етті! – деді. Өзінің жөнін айтып, Абайға қолын созып:

– Танысайық, Михайлов Евгений Петрович! – деді.

Абай оның қолын шапшаң алыш, қатты қыса түсіп:

– Ибрагим Құнанбаев! Мен сізді жақсы білемін. Достарыңыз маган сіздің жайыңызды көп айтқан. Танысқаныма қуаныштымын! – деді.

Осыдан соң екеуі де кітапханадан шығып, Ертіс жағалаған кешемен ылдилап жүріп кетті. Шапанын желбегей салған Абай қамшысы мен тымағын артына устаған. Екеуі де баяу басып, әңгімелесіп келеді. Бұлардың арт жағында, Абайдың «бір орыспен сейлесем деп, көше бойы жаяулап бара жатқанын» лайықсыз көрген Баймағамбет салт еріп келеді. Олар осы бетте су жағасындағы ақ диірменнің қасында тұрған ұзынша тасболат ақ үйге жетті. Михайлов парадный есікті Абайдың алдынан ашты да:

– Біздің үйге кіріңіз. Менің әлі сізben біраз сейлескім келеді! – деді.

Баймағамбет Абайдың бұл үйде отыра түсетінін аңғарды да, екі атты алыш, Ертіс жағасына кетті. Михайлов көп бөлмелі үйдің сырттан кіретін есікке жақын, кең, жарық бір бөлмесінде жалғыз тұрады екен.

Бұл кездесуде осы күн кешке шейін Абай Михайловтың қасынан кете алмады. Мәжілісіне соншалық ырза болғандай ұзақ отырды.

Михайловқа Абайдың ықыласын ерекше аударатын себеп көп-ті. Абайдың бұл күнгі жіңі сейлесіп, ақыл алыш сырласатын досы адвокат

Андреев осы адамды мол баяндаған. Қазіргі Семей шаһарындағы орыс адамдарының ішінде ең зор ойшыл және үлкен адамгершілік тәрбиесін көрген жан деген. Андреевтің айтудынша, Михайлов Петербург, Москвадағы және Ресейдің іші мен сыртындағы, бұл замандағы орыстың үлкен ойшыл азаматтарының баулуында ескен. Өз өмірін халық, қорам игілігіне еңбек етуге жұмсаған. Сол жолда патшалық, ұлық тарапынан айыпты жан саналып, жастайынан жазага тартылған. Қамау-айдауды көрген кісі. Бірақ сол тартыс жолынан «құғын көрдім!» деп азбаган да аумаған. Қайта айдау, тұтқын сапарын асыл адамдардың ортасында өткізіп, бұрынғысынан да ірі білім, өнер тауып, данышпандыққа жетіп қалған кісі. Заманы келіссе, бір халықтың мандайына біткен ырысы дерлік. Ел қасиетін бойына жиган қадірмен азамат деген-ді.

Андреевтің осылайша таныстырған Михайловаң Абайдың жүз көргені әлгі. Михайлов Абайдың бұл күнге шейін не кітаптар оқығанын сұрастырып білумен қатар, өздігімен оқудың жақсылығын да айтты, қыншылығын да білдірді. Көп сөздері Абайдың көкейіне шекірт жайын жақсы билетін ұстаздың тіліндегі қонады. Бір кез Михайловаң әзіл етіп:

– Мениң жолымдағы қыншылықтарды айтқаныңыз сонша тұра. Мысалы, көңілі жүйрік, қолы шебер сынықшы болады. Соның мертігінді тауып, сипап отырған майда қолындей. Мениң бірталай мұңымды өзіме өзім айтып көрмеген тілмен жеткізіп отырсы! – деді.

Михайловаң Абай бұл сөздерін орышшалап айтқанда, көп тоқтап, көп ойланып, мұдіре отырып жеткізген.

Ол тоқтағанда, бұның орысша теріс сейлемп отырған сөздерінің ар жағындағы мағынасын тез байымдап, қызығып аңғарған Михайлов күліп жіберді:

– Сіздің үқсатуыңыз дұрыс, тапқыр сөз. Мениң аңғаруым дұрыс болса, сіз көбінше бір нәрсеге теңеп айтқанда оқыс, қызық мысалдар табасыз. Оны мен сіздің Кошкинмен дауласқан жауабыңыздан жақсы аңғарған едім! – деді.

Абай өзінің тергеуінде Михайлотовтың болғанын енді білді. Кошкин сияқты ұлықтардың қазақ халқына ететін омырау ожар мінездерін шағым еткендег болып еді. Михайлов Абайдың чиновниктер мінезін білмейтін аңқаулығын айтып берді...

– Ол қауым сонау Петербургтен бастап, сіздің Семипалат уезіне шейін тегіс бір қалыпқа соққандай! – деп қолын бір сілтеді. – Сіз оларды өздерінің ісінен ғана түгел танып болмайсыз. Қайта-қайта Кошкинмен ұстасып кеп, әр жолда бір жарым айдан абақтыда отырып, олар мінезін біліп үлгіру аса қын, ұзақ михнат жолы болады. Мен сізге оларды барлық тұқым-тұяғымен оцай танудың емін айтайын. Бұларды өлтіре

сынап, бәріне қатал үкім айтқан Салтыков-Щедрин сияқты жазушы бар. Соны оқыңыз. Барлық өзіңіз көрген чиновниктер сырын, шынын сонда ұғынасыз! – деді.

...Өзіне осындай сенім көрсетіп, ішін ашып отырған Михайловқа алғыс та бар еді.

– Сіз маған бұрын мен баспаған дүниенің шетін аштыңыз. Соншалық сенім көрсетіп аштыңыз. Мен мына мәжілісіңізден сабак алғандай болдым ғой! – деді.

Михайлов Абайдың иығынан қағып, аса сенгіш, таза көңіл достығын сездірді.

– Менен ғана оқымаңыз, менен ойлы, менен сыншы орыс ойшылдары бар. Солардан оқыңыз. Мен сондай адамдардың кітаптарын сізге беріп отырайын. Рұқсат етсөніз, бұдан былай өз бетіңізben оқуда сізге мен көмекші болайын. Оқу талабыңыз жақсы екен. Сіздің халықтан әлі оқыған жандар аз. Сізге көп білу керек. Көп шындықтарды тану шарт. Бұл жөнінде орыс кітабы үлкен достық етеді. Сенімді серігіңіз болады! – деді.

Абай Михайловтың бұған көрсеткен бейіл, ықыласына әке мейірімінен артық ырза болды.

– Мен өзімді сізге кездестірген тағдырыма соншалық ырзамын. Басшылық етем деген үәдеңіз мен үшін достық, зор достық! – деді.

Алғашқы күнгі кездесуді Михайлов бұдан соң, Абайдың орыс жазушыларын кімнен бастап, қай кітаптарын оқу керек деген байлауымен аяқтап еді. Абайға ол орыс тілінің ұғымсызын білдіретін бірнеше сөздік-лұғатты, тәпсірді өз кітабынан алып берді. Және өз қолымен жазып, Гогольдің, Лермонтовтың, Салтыков-Щедриннің, Лев Толстойдың бірнеше тілі оқай кітаптарын айттып берді. Абай осы кітаптарды дәл осы жолдың өзінде Семей шаһарында жатып оқып шықпаққа бекініп, күн кешкіріп бара жатқан шақта ғана Михайлов үйінен аттанды.

Осы күннен соң, әрбір үш күнде Абай Михайловтың үйінен табылатын болды.

...Абайдың жүрерлік кезі тақаған еді. Михайловқа бұл кездерде ол күн сайын қатынасып, жиі көрсетін. Бер жақтан қайтып, досының пәтеріне Абай енді бір келгенде, есікті Михайлов өзі ашты.

...Үлкен алақанына шалқасынан ашып салған бір кітапты оқып жүр екен. Шала амандаста сала Михайлов Абайды қолтықтап алды. Өз бөлмесіне қарай әкеле жатып:

– Құнанбаев, мен сізге орыс жазушыларынан басқа, соңғы мәжілістерімізде айтқан әр алуан білімдер саласынан да біраз кітаптар өзірледім! – деді.

– Қай білімдер саласын айтасыз, Евгений Петрович!

– Жалпы тарихтан! Европаның есесі тарихынан және географиядан да, осы жыл ішінде сіз оқып, біліп шығатын кітаптар бар. Жарымын мен өзім таптым, тағы біразын Гоголь кітапханасынан, Кузьмичтен аласыз. Сіз үшін тапқызып, елге кетер жолыңызға, уақытша беріп жіберуге бөлгізіп қойдым. Соны барып аласыз! – деді. Аздан соң тағы да өзі сейледі:

– Мениң аңғаруымша, сіз тарихқа көп атсалыспаған сияқтысыз. Ол ғылымдардың анасы рой.

...Абай Михайловтың бүгінгі мәжілісінен кейін, оны өзіне бұрынғыдан да жақын көрді. Екеуін туыс ететін ағалық ойдың өрісін аңғарды.

Осы жолы Семейден бір арба қып алып қайтқан Абай олжасының қақ жарымы Михайлов көрсеткен я өздігімен тауып берген кітаптар еді.



Тәңсір – араб тілінен аударғанда *магынасын ашу, баяндау* магынасын береді.

Михнат – бейнет, азап, қындық.

ОЙТАЛҚЫ

1. «Еңісте» тарауынан берілген үзіндіні оқып, композициялық құрылымына талдау жасаңдар.
2. Абай оқыған кітаптарга, шығармаларга назар аударындар.
3. Абай Михайловпен қалай танысады?
4. Кітапханада Абай мен жеңілtek чиновник арасында болған өткір қағысудан Абайдың қандай қыры байқалады?
5. Абай мен Михайлов диалогіне арқау болған өзекті мәселелерді атаңдар.
6. Абайдың ақындық өлемінің қуаттануына әсер еткен құбылыстар нелер деп ойлайсыңдар?

ОЙ БЕЙНЕЛЕУ

1. Негізгі кейіпкерлерге үзіндіде көрінетін іс-әрекеттеріне сүйене отырып, «Портреттік мінездеме кестесін» толтырындар. Жинақтау мен даралау арқылы жасалған өмір шындығын анықтаңдар.

Салыстыру аймағы	Үндестік	Ерекшелік	Корытынды пікір
Абай			
Михайлов			

2. Үзінді арқылы жазушының айтпақшы болған ойы не? Өзің қалай қабылдайсың? Кестені толтырыңдар.

Үзінді	Жазушының айттар ойы	Менің қабылдауым
«Кітабына тағы да ерекше сүйсінген ынтамен ұніледі. Бұл кітапқа қазірдегі Абай ықыласы, тіпті бөлек. Ол ықылас кітап пен оқушы Абай арасында туган жақсы бір ғевінісдан туган. Орыс тілінде жазылған ұзақ әңгімені Абайдың ең алғаш рет еркін ғызып, тіл бөттендігін жеңген кезі осы. Ұғымды болған кітап бірінші өткел болды. Таза, сара, ашық өткелдей. Абайдың көп жылдан бері жетсем деп тырмысып созылған арманды жағасына шыгаратын өткел».		

ОЙ ЗЕРДЕЛЕУ

1. Жер-су аттары мен мезгіл атауларын мәтіннен тауып, мағынасын анықтаңдар.
2. Абай мен Михайлов диалогін тыңдалап, «Қазақ даласына жер ауып келген ойы озық, саясат қыспагына қарсы тұрган өжет идеяны тұтынушылармен пікірлес болуы Абайдың дүниетанымына қалай өсер етті?» деген сұрақты жұпта талқыланадар. «Абай – агартушы, демократ» тақырыбында өз түйгендерінді жазып беріңдер. Уақыт – 10 минут.

ОЙ ТҮЙІН

Берілген сұрақтарды талқылап, ойларынды ортага салыңдар. Шыгарманың жаңашылдығына сынни баға беріңдер.

- 1) «Абай жолы» роман-эпопеясының жаңашылдығы неде деп ойлайсыңдар?
- 2) Романның жаңашылдығын галамдық тақырыптармен қалай байланыстырап едіңдер?
- 3) «Абай жолы» роман-эпопеясының өміршебендігі неде?

Кері байланыс. «Зерде».

Білім. Білім бойынша алған ақпараттарым.

Эмоция. Сабактағы көңіл күйім.

Баға. Өз жетістігіме беретін бағам.

Сын. Өз бойымда нені дамытуым керек?

Идея. Маган келген жаңа ой.

«Абай» романының жазылу жайынан:

Озім материал алған адамдардың ішінен мен Абайдың бірінші айелі – Ділдәні атай аламын. Ол 1924 жылы өлді. Содан соң, мен Абайдың сүйікті жары – Өйгерімді жақсы білемін. Ол кісі 1918 жылы алпыс жасында қайтыс болды. Абайды бертінде көріп, оның өмірінің естелігін өз аузынан тындаған жасырақ адамдардың да бірқатарымен кездесіп, әңгімелестім. Бірақ олардың айтқандарының көбін мен фольклорлық сипатта қабылдадым: алыс өткенді аңыздай өсірелеп, сырлаңқырап, өзгерте өсіріп айтатын. Кейде тіпті бір нөрсе туралы бірінің айтқаны екіншісінің сезіне қайшы келіп те жататын. Мұндайда шындықты табу мені тағы да көп ізденуге салатын.

Абай шығармаларын мен жастайымнан біліп өстім. Атам Әуез Абайдың досы еді; ол кісі біз сияқты немерелеріне ақынның өз өлеңдерін де, аудармаларын да көп оқытатын. Әсіреле Абай аударған Татьяна жанының нөзік сирыйн, оған Онегиннің жауабын жаттататын. Біз болсақ, Татьяна кім, Онегин кім – онда жұмысымыз жоқ, атамыздың айтқанын істеп, жаттай бердім. Абайға ықыласым ерте түсуге осы жайлар себеп болды. Бірақ орта мектепте оқып жүрген кезімде де, Ленинград университетіндегі студенттік жылдарында да Абай жөнінде алдыма қойған пәлендей мақсатым болған жоқ.

Мұхтар Әуезов, 1959 жыл

Теория

ПРОТОТИП (грекше *prototyp* – түп, тәркін, бейне) – әдебиет шығармасындағы кейіпкердің бейнесін жасауға тірек, негіз болатын өмірде болған адам, яғни өмірде бар бастапқы, түпкі тұлға.

Шығармадағы кейіпкер мен уақыға нағыз өмірден алынғанда да, олар қаламгердің өмірлік тәжірибесімен, бұрынғы көрген-білгендерімен үштасып, оның қиялышында тұган сезім-әсерлермен сабактасады.

Өйткені өмірден көрген сол кейіпкер мен уақыға жазушының жанына жақын болмаса, ой-қиялыммен, арман-мақсатымен жанааспаса, ол тіпті соларға елеңдемеген, мән бермеген де болар еді. Сөйтіп әдеби кейіпкердің тұлға-бейнесі, образы нақтылы бір прототипке негізделіп жасалғанымен, әдебиетке, көркеменерге тән типтендіру, жинақтау принциптеріне сәйкес және жазушының нақтылы шығармасындағы идеялық нысанасына орай сомдалып, өзгеше сипат алады. М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы Абай образын алсақ,

көркем образдың іріленіп, типтік сипатқа ие болатынын көреміз. Шығарманың кейіпкері әдебиетте бұрыннан белгілі көркем тұлғага негізделіп жасалса, оны да прототипі бар образ деуге болады. Мысалы, пьесадағы немесе кинофильмдегі белгілі эпостық жырына негізделіп суретtelген, прототипі (түпкі тұлғасы) бар образ.

Зәки Ахметов

ОҚАПТА

(жалғасы)

Оқу мақсаттары:

11.1.5.1 шығармадағы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың әлемдік тақырыптармен үндестігін ашу.

11.2.3.1 шығармадағы көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарының қызыметін талдай отырып, автор стилін анықтау.

11.2.4.1 көркем шығармадағы галамдық тақырыптарға креативті ой қосып, шығармашылық жұмыс (*эссе, әңгіме, өлең*) жазу.

11.3.4.1 шығарманы идеялық жағынан мазмұндас әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдау, әдеби сын жазу.



Тірек сөздер: балаларды оқыту, білім алу, алғашқы сабактар, Михайловтың ақылы.

Мақсатқа қол жеткізу үшін:

- ✓ көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын талдау;
- ✓ автор стилін анықтау;
- ✓ галамдық тақырыптарға креативті ой қосу;
- ✓ әдеби сын талаптарын қайталау.

...Үш ат жеккен кең күйме Ақшоқыдағы қыстаудың түсынан – Қорықтан шығып, қалага қарай тартып келеді. Ат ұстаган – козлодагы Баймағамбет. Үш торыны күз күнінің таңтеренгі қоңыр салқынында тықсырып айдал, сар желдіреді. Шалқасынан ашылған қызыл сафиян іші бар күймеде Абай мен үш баласы отыр. Бұл – Әбіш, Мағаш және Күлбадан.

Кең ақ мәндайлы, жіңішке ұзынша қара қасты, жүқалан қызығылт жүзді Әбіш Абаймен әңгімесін үзбей келеді. – Аға, біз қалада қайда тұрамыз? Үшеуіміз бір үйде тұрамыз ба? Қазақ үйінде тұрамыз ба, орыс үйінде тұрсақ, жақсы бола ма? Жоқ әлде мен мына екеуінен бөлек оқып, бөлек тұрам ба? – деп алдағы жұмбак күндерін әкесінен тынымсыз сұрайды.

...Абай Құлбадан мен Мағашты Михайловтың ақылымен «Уездная школага» берді. Бірі – ереке, бірі әйел балалар оқытын шкодарға бөлініп түскенмен, бұл екі баланы Андреев тауып берген орыс үйіне бір бөлек қойды. Әбіш туралы Михайловтың мәслихаты басқа болды. Оның мұсылманша жақсы оқуы бар. Ұғымтал, өз талабы зор, ынтасты ашылған бала. Жөне орысшада тілмаштан бірталай оқып, бірге сейлесіп, қасынан қалыспай жүріп, тілге жақсы бол шықты. Алғашқы кластарға түсіруге жасы да ересегірек бол қалған. Оны Абай мен Михайлов ана екі баладан бөліп алды. Тіл тәжірибесіне, бар тәрбиесіне үлкен септігі тиетін оқымысты адамдар үйіне жалғыз қойды. Жөне школда оқытпай, өзін жалғыз, үде оқытатын байыпты, ысылған, жақсы учительді жеке жалдап берісты.

Әбіштің ажарына, мінез, тәрбиесіне ең алғаш танысқаннан Михайловтың ықыласы басқаша болды. Оны оқу мен пәтерге орналастырып болғаннан кейін, Михайлов Абайға тағы бір ақыл айтты.

– Ибрагим Кунанбаевич! Мынау бала – Әбдірахман көп окуға жарайтын бала сияқты. Аз ересек болғаннан күдіктенбеніз. Мүмкін, тіпті өзінің ана тілінде оқып, ашылып, ысылып келгені жақсы да болар. Бірақ осы туралы менің бір ақылымды алыңыз. Биыл қыс бойы Әбдірахман төтенше жолмен, бір гана оқытушыдан жақсы әзірленсін. Келесі жыл школға түскенде Семейде оқымасын. Түменде оқу орындары бұдан артырырақ. Жөне менің жақсы дос, таныстарым бар. Бұл бала жаз сахарасына қайтып тұrap. Бірақ қысқы оқуда таза орыс ортасында болып, шаһарлық орыс тәрбиесін толық алатын болсын. Дені сау болса, ар жағындағы болашағын Түменнен де ары, Питер деп үміт етейік! – деген.

Абай өзінің жас балалары туралы қырдағы жақынының бәрінен де сонағұрлым тілеулем аға, дос бол отырған Михайловтың мәслихатына үлкен алғыс айтты. Сол арада іркілместен, оның ақылын құп алды.

Бұл сөздер Михайловтың жұмыс істеп отыратын үлкен бөлмесінде болған еді.

...Абай осы жолы қалада көп жатты. Оқуға балаларын орналастырган алғашқы жылында оларды қимай жүргені де болды. Құз бойы, қыстың қалың ортасына шейін Гоголь атындағы кітапханада күнүзын отырады. Фылым зерттеуші, оқымысты тәрізді бол алған өзінің дағдысына да аса қызыгулы. Кітап бетінен кете алмайтындай. ...Сенбі күн кештерде Баймағамбет ат-шанамен жалғыз кетіп, бір пәтерден Әбішті, тағы бір пәтерден Мағаш пен Құлбаданды алып келеді. Олар екі тұн, бір күн әкесінің қасында аунап-қунап, тынырып, қуанысып қалады. Абай балаларының қонаққа келетін кештерін ел қазағына бермеуге, бөлмеуге тырысады.

...Абай жұмасына немесе он күнде бір Өбіштің пәтеріне барады. Ондағы үлкен тәрбиелі, сұлу жүзді, бурыл шаш Анна Николаевна атты Өбіштің «хозяйкасымен» ұзақ өнгімелесіп қайтады.

...Қыстың ортасы ауып, енді қаладан елге қайтар кез жеткенде, тары бір сенбінің кешінде Абай Баймағамбетті жарым күндей жүргізді. Қаланың әр жерінде тұрған жаңағы оқушы балалардың барлығын өз пәтеріне шақырып алды. Соларға өз алдында еркіндептің ән салдырыды. Асық ойнатып, жаңылтпаш, жұмбақ айтқызыдып, емін-еркін бой жаздырыды. Сонымен кешкі ет алдында азғана бір толаста: «Балалар!» – деді. Жас қонақтарын, өз балаларын салмақты үнмен өзіне қаратып алды. Бүгін күндіз жазып қойған бір табақ қағазды алып отырып, үнсіз аңырған балаларға бір өлең оқып берді:

– Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім...

Бұл жиында бір өзінен басқа ешкімге мәлім емес, осы бүгін туған өлеңін оқыды. Арасында:

– Адамның бір қызығы бала деген,
Баланы оқытуды жек көрмедин.
Баламды медресеге біл деп бердім,
Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедин... –

деген жолдарын қайталап оқып беріп, балаларға қысқа ғана тіл қатты:

– Міне, балаларым, інішектерім. Біз сияқты аға, әкелерің мезгілінде есе алмай, қылтанақ жарып, сарғайып қалған шептейміз. «Ғылымнан маҳрум қалдық» деп енді өкінеміз, опық жейміз. Сол – біздің мұң. Ал сендер үшін тілегім, айтарым жаңағы. Бұл – аға батасы! Сендерден дәрмен күткен далаңның, еліңнің тілегі! Адам болам деп оқындар. Аймағыма жақсылығым жетеді, адап азамат болам деп, халықтың қамқоры болам деп оқындар! Міне, осы өсінетті сендерге арнап, мынадай өлең жазып отырған Қекбай атты ақын еді, – деді.

«Осы отырған балалардан жаңа төл өсірем, жаңа буынның жаңа азаматын шығарар болсам, менің ендігі жұбанышым, көмектесім де, үміт етер қанатым да солар болмас па еді? Ендігі етер еңбегім мен көмегім, айттар өсінет, ақылым болса – көзі ашық, оқыған жаңа қауым тұғызуға арналсын. Ел ішін көгереттің кез жетті гой» деп ойлады Абай.

Биыл қыс Абай кітаппен қатар қағаз-қарындашты жи үстап, өзі де көп өлеңдерді құлақ күйдей, жан сазындағы күйлей толқып жүргенді. Бірақ бұл өлеңдердің иесі де өзіне-өзі сенген ақын аты жоқ. Өз ақындығына шала сенген сыншыл жанның көмексілеу айтылатын «Қекбай» деген ғана аты бар-ды.



Сафиян – киім тігуге, бұйым жасауға арналған өндөлген тері түрі.

Уезд – тәмениң қатардағы әкімшілік-аумақтық бірлік. Алғаш рет «уезд» термині XIII ғасырдағы орыс құжаттарында кездеседі. 1775 жылдан бастап Ресейдегі әкімшілік-аумақтық, қаржылық бірлік есебінде губернияның құрамдас бөлігіне айналды.

Махрұм – ештеңесі жоқ деген магынадағы араб сөзінен алынған.

ОЙТАЛҚЫ

1. Абай Михайлотовтың кеңесімен балаларын қандай оқуга береді?
2. Әбіш туралы Михайлоловтың мәслихаты неге басқа болды?
3. Абайдың өнер-білім жолына бет бұруының себептері неде?
4. Абайдың «Жасымда гылым бар деп ескермедім» өлеңі дүниеге қалай келді?
5. «Осы отырган балалардан жаңа төл өсірем, жаңа бұынның жаңа азаматын шыгарар болсам, менің ендігі жұбанышым, көмектесім де, үміт етер қанатым да солар болмас па еді? Ендігі етер еңбегім мен көмегім, айтар өснег, ақылым болса – көзі ашиқ, оқыған жаңа қауым тұғызызуға арналсын. Ел ішін көгертетін кез жетті гой» деген ойын Абай жүзеге асыра алды ма? Ойларыңды бүгінгі күнмен сабактастыра өрбітіңдер.
6. «Өз ақындығына шала сенген синшыл жаннның көмекслеу айтылатын «Көкбай» деген гана аты барды» деген үзіндідегі Көкбай кім? Ол туралы не білесіңдер? Абаймен қандай байланысы бар?

ОЙ БЕЙНЕЛЕУ

1. Үзіндідегі көркемдегіш құралдарды тауып, автор стилін анықтаңдар.

Көркемдегіш құрал	Үзіндіден мысал	Автор стилі

2. Абай шыгармашылығы мен эпопея арасындағы байланыс туралы не айтар едіңдер? «Жасымда гылым бар деп ескермедім» өлеңінің «Абай жолы» эпопеясындағы көрінісін талдаңдар.
3. Үзіндіде көтерілген мәселелерді қазіргі өмірмен байланыстырып, үлттық мұдде тұрғысынан талдап көрсетіңдер.

Абай үстенімі	Бұғынгі қазақ жастары
Тілді меңгеру	
Әлемдік деңгейде білім алу	
Өнерлі болу	
Адамгершілік	

ОЙ ЗЕРДЕЛЕУ

- «Еркін жазу» стратегиясы бойынша азamat ақынның рухани дамуы, қайраткер ретінде өсуи төңірегінде өз ойларыңды жазбаша жеткізіндер.
- Узіндіден алынған: « – Міне, балаларым, інішектерім. Біз сияқты ага, әкелерің мезгілінде өсе алмай, қылтанақ жарып, сарғайып қалған шөптейміз. «Фылымнан маҳрұм қалдық» деп енді өкінеміз, опық жейміз. Сол – біздің мұң. Ал сендер үшін тілегім, айтарым жаңагы. Бұл – ага батасы! Сендерден дәрмен күткен далаңың, еліңнің тілегі! Адам болам деп оқыңдар. Аймагыма жақсылығым жетеді, адап азamat болам деп, халықтың қамқоры болам деп оқыңдар!» деген үзіндіге өз дәлледерінді ұсынындар.

Үлгі:

Өзіндік пікір: ...

Дәлел: ...

Өз пікірінді айғақтайтын мысал: ...

Өз пікіріце қарсы дәлел: ...

Қарсы дәлелді жоққа шыгаратын мысал: ...

Қорытынды: ...

ОЙ ТҮЙІН

Қаныш Сәтбаевтың пікірін негізге ала отырып, «Абай жолы» роман-эпопеясы мен жазушы стиліне әдеби сын жазындар. Көзқарастарыңа дәлел келтіріндер.

«Қазақ халқының өткенін зерттегісі келетін ғалымның бірде-бірі үлкен кітапты жанап өтеп алмайды: ғалым-филолог одан фольклордың бай материалдарына қанығумен қоса, қазақ әдеби тілі мен сөздігінің қаз басуы мен қалыптасуын көреді; ғалым-этнограф қазір көне заманмен қоса көнерген небір түрмистық белгілер мен өмір құбылыстарын біледі. Құс салып, саят құрган, қызы үзатып, ас беруді, өлік жөнелтуді суреттейтін тараулар, билер айттысы мен билік шешкен қазылық картиналарының әрқайсысы жеке-жеке-ақ ғылыми-этнографиялық толайым еңбектерге парапар; ғалым-экономистер Қазақстанның XIX ғасырдағы халықшаруашылығының құрылышынан дәлме-дәл нақты

мәлімет алады, ондағы тап қайшылығының өзіндік ерекшелігімен танысады; ғалым-юристер шаригаттан бастап, билер кесіміне шейінгі даланың заң-жобаларынан бағалы мәғлұматтар жинайды».

Кепі байланыс. «Сабақ бойынша ойынды білдір».

Қандай жаңа білім алдың?	Алған білімінді қолдана аласың ба?	Саған қандай түсініктер қызындық тудырды?

«Абай» романының жазылу жайынан:

Алдақашан бел асып кеткен көштің айдаладағы жұртына кешігіп жеткен жүргінші сөніп қалған от орнынан болмашы жылтыраған бір қызығылт шоқ тауып ап, оны демімен үрлеп тұтатпақ болды десек, романға материал жинаған менің халім де дәл сол әрекет сияқты еді. Мен қарт адамдардың көмескі жадында ұмыт болған көп нәрселердің қайта ойлатып, айтқызып алдым. Алпыстағы Өйгерімнің әжімді бетіне қарап, оның бір кезде Абайды тұтқындаған жас, шырайлы, тажап сұлу жүзін «қалпына келтіруім» де әлгідей еді.

Мұхтар Әуезов, 1959 жыл

Теория

ҰЛТТЫҚ МІНЕЗ – әдеби шығармадағы кейіпкердің ұлттық сипатымен ерекшеленген міnez-бітімі, оның белгілі бір халықтың екілі екендігін танытатын психологиялық және ойлау, сөйлеу өзгешелігі. Ұлттық міnez – тарихи категория. Ол қоғамдық, рухани, экономикалық және саяси жағдайларға сәйкес қалыптасады. Дүниені ұлттық түсінікпен қабылдау жолы – қай адамға болсын тән қасиет. Өнерде, әдебиетте адам бейнесінен бұл қасиет толық көрініп отырады. Әр халықтың өз эпикалық туындыларын олардың талай замандар ұлт болып қалыптасуынан беліп қарауға болмайды.

Сондықтан шығармада ұлттық характер жасау үшін оның дүниетанымын, психологиясын, әдет-ғұрыптарын т.б. қасиеттерін білу керек. Бұл жөнінде Н.В. Гоголь: «Ақын өмірге өз халқының көзқарасымен қарап, әр нәрсені ұлттық психологияға сәйкес құбы-

лыстай сезініп, толғанғандаға ғана ұлттық сипатты бейнелеп беруі мүмкін», – деген ой айтады. Бұл дұрыс та. Мысалы, «Игорь полки туралы жыр» – орыстардың, «Махабхараты» – үнді халқының, «Нибелунга туралы жыр» – немістердің, «Манас» – қырғыздардың, «Ер Тарғын» – қазақтардың дүниетанымын, мінез-болмысын айқын-дайтын шығармалар.

Төрекелді Векниязов

БИКТЕ

(Татьянаның сахарарадагы әні)

Оқу мақсаттары:

11.1.2.1 әдеби шығармадағы көтерілген мәселелерді қазіргі өмірмен байланыстырып, ұлттық мұдде тұрғысинаш ашу.

11.2.2.1 автор бейнесінің шығарманың негізгі идеясымен байланысының айқындау.

11.3.2.1 көркем шығарманың жақашылдығын ғаламдық тақырыптармен байланыстыра отырып, сынни тұрғыдан баға беру.



Тірек сөздер: іздену уақыты, ән, ән мен сөз үйлесімі, Татьянаның қазақша әні.

Мақсатқа қол жеткізу үшін:

- ✓ үзіндіні оқып, автор бейнесі туралы теориялық ұғымды қайталау;
- ✓ автор идеясын анықтау;
- ✓ үзіндіде берілген ғаламдық тақырыпты табу;
- ✓ көркем шығармага сынни баға беруге дайындалу.

Бірнеше жыл өтті. Абай үшін бұл еңбек мезгілі, өнер іздеу дәурені болған. Оқу менен жазу оның ендігі тірлік тынысы төрізді.

Бұл күндегі Абай ақын атын анық алған. Сол ақындық еңбегін енді халыққа етер азамат қарызы деп біледі.

Соның орайына, қазіргі заманда Абай айналасына жиылған жас өнерпаздар да көп. Абай ендігі шығарған жырларын әрдайым жазып айтады. Сол жазғандарын жаттаушы, әнге салып айтушы, жүртқа таратушы іні, достары жақағы жас серіктерінің арасынан шыға бастаған.

...Таңертеңгі шайдан соң, үй іші де, қонақ атаулы да тыска шырып кеткен. Қыстың бір ашық күні екен. Абай үлкен бөлмеде оңаша отырып қапты. Алдында кең, дөңгелек, аласа үстел түр. Абай біресе сол үстелге шынтақтап, біресе алақанымен мықынын таянып, үнсіз отыр.

Ішінде ой шырагы жанғандай боп, салмақпен қараған көздері анда-санда қарсыдағы терезеге қадалады. Күн түсіп тұрган қарлы адырға үзак-үзак қарай түседі. Өзінше бір мығым күшпен, үғымсыз бір мұңмен жұмырлана бүгілген тәбе-тәбелер.

Биылғы қыс – ел сезінен, тынышсыз жүрістерден Абай өзін босатып алып, үйде көбірек орнығып отырған қысы. Көп елең жазылған жылдың бірі де осы болатын. Сондай өзімен-өзі боп толғана ойланған уақыттарында кез алдына көптен-көп оралатын осы адырлар. Бұлар күн райына қарай әртүрлі ажар көрсетеді. Ақындық шабыт кейде осы адырмен көп сырласқандай болады. Бұлты сүргылт күні ол адыр күн шуағын сағына мұнданады. Ашық күні жылы, жарқын жазын көксегендей көрінеді. Жеткізбес арман жеңсігі жеңген адыр.

Қазір Абай сол адырдың жадыраңқы бір қабағын көргендей болды. Қоралы қойдың алды солай қарай өріп барады еken. Сарылып, сазарған үнсіз адыр енді тас басында журіп шырқаған қойшы әнінен сергіген сияқты.

Абайдың осындай боп үндемей ойланып қалған көздерін қабағынан танитын жолдасы бар. Ол – мұндаш шақтарда үндемей, көп қозғалмай отыратын Баймағамбет. Қазір, тіпті қарап отырмас үшін ол Абайдың тобылғы сапты сарбас қамшысына бүлдірге тағып отыр. Анда-санда Абайға қарай түсіп, өз жұмысын істейді.

Сондай бір нәрсені бүйірар деп күтіп отырғанда, Абай Баймағамбетке шұғыл бұрылып, жалт етіп салқын қарады да, үйдің сол жақ бұрышына қарай қол созып, үн қатпастан, бір нәрсені «әкел» дегендей белгі етті.

Баймағамбет оның нені керек қылғанын түсінді де, шапшаң тұрып барып, үстелдің үстіне екі үлкен кітапты әкеп қойды.

Абай бір кітаптың бетін ашып, өзіне керек жерін тапты да, сол беттерге қарап, шалқайыңқырап, біраз бөгеліп отырып қалды. Кезі екінші кітапқа да түсе береді.

Бұл екі кітап – осы ауыл, өлкенің Абайдан басқа көп жанына әлі тілімен де, сиримен де үғымсыз кітаптар. Тек Абай көңіліне ғана құрметті боп алған екі ақынның кітаптары. Ол жатқан – Пушкин мен Лермонтов.

...Мынау екі ақын Абайға көп кезде бірге туысқан аға, інідей көрініп қалады. Сол тенеу бұл екі атты Абайға осы өз ортасы, өз айналасындағы адамның арасында жақындана көрсетеді.

...Басында ақылы мен ашуы шарпысып, кезек жеңіспін барып, ақырында сыншы – кемел ой жеңсе де, шерлі көргіш боп алыш, тына жанған аға бар. Сол ағаның дертін көріп «тынғаннан не тауып ек?» деп ызасы мен қызыуна бой үрып, жұлысып өлген іні бар. Сол аға – Пушкин. Сол іні – Лермонтов. Кейінгі үрпаққа, барлық ел, барлық заман, бар

қауымдары ойлыларға атой салып, өмірлері шырақша жанып өткен ага, іні... Абай ойланғанда отырып, Татьяна хатына үңілді.

– Неткен айтқыш тіл! Тіл емес, жүректің лебі. Лупілден соққан ыргагы. Қандай нәзік терендік! – деп отырып, кітап бетінен көзі тайқи береді:

– Фашықтың тілі – тілсіз тіл,
Көзбен көр де, ішпен біл... –

деді.

Татьяна хатының ыргагы мен нәзік үніне өз жанынан үн қосқан бір жолдарды еске алды.

...«Евгений Онегиннің» осы беттерінің арасына салып қойған хат бар.

Семей кітапханасына барып, он шақты кітап әкелген Баймағамбет осы хатты бірге әкелген. Білімді досы Михайлов Абайдың «Евгений Онегинге» сүйсініп жазған сөлеміне жауап айттыпты.

...Көзі жасаурай, ерні жыбырлай отырып, Ақшоқының қос биіктегінде анда-санда кез тастайды. Бірақ қараған нәрсесін бұл халде көріп отырган көз емес. Ол – қазір ойдың көзі. Тербеле толқыған ақын толғауының көзі. Қолы ішек пернені термелеп, жебелей береді. Кешке жатарда да осы бір сарынды алыс бір ызыңдай зейіні шалып қап еді.

Қазір сол саз есіне де, домбырасының ішегіне де тап түсіп, орала кетті. Тағы да тарта отырып, ақырын үн салып күніреніп көріп еді, келген екен.

Амал жок, қайттым білдірмей,
Япырм-ау, қайтіп айтамын? –

деген екі жол, Татьяна сырының басы іркіліп тұрып, шешіле бастаған сияқты. Тағы да, тағы да... Бірсесе шынтақтап жантайып, бірсесе тез қозғалып, құшырлана малдасын құрып ап, арлы-бері тебіренеді. Қос ішек бірде баяу басса, бірсесе шұғыл, қатаң үндерге ауысып, асып қайтып отыр. Соңғы екі жол қымбатқа түсті. Бірақ о да оралды. Татьяна хатының үш аузын мұдіртпей айттып өтті. ...Енді бірде қатты, бірде баяу тартады, ұмытылмайтын сияқты. Бір сөтте артына қарай, барлық мол денесімен шұғыл айналып бұрылып қалды. Жүзі өзіл-мысқыл ажарымен жарқ етіп барып, жылы қарап, Баймағамбетке:

– Өй, сен неғып отырсың, не білдің? – деді.

Баймағамбет Абайдың шұғыл өзгерісінен біраз дағдарып қап, бұлдіргесі тағылып болған тобылғы сапты сарбас қамшыны алақанына салып отырып:

– Мынау еді, Абай аға! – деді.

– Мен не ғып отырмын, оны сездің бе?

– Сіздің ойыңызға бір орыс күйі түсті ме деп отырмын.

– Ө, олай болса, о да білгенің екен. Бар, ендеше! Кішкене молданы шақырып кел! – деді де, өзі тағы да жаңағы ырғағын тарта жөнелді.

Баймағамбет тұрып есікті ашқанда, ар жағында тыстан қайтып келе жатқан Әйгерім көрінді. Оның артында бегде кісілер сияқтанған бірнеше адамның басы байқалады. Қолдарында қамшылары, белдері буулы, беттері біраз аяздаған адамдар. Өңшең тон, шекпен кигендер екен. Алдыңғы бірекеуі Тобықты үлгісінен бөлек, шошақ тебелі, алты сай Уақ тымағын киген адамдар. Соны Абай көзі шалып болғанша, Әйгерім де, бұл кісілер де үйге кірді. Абай домбырасының үнінен ойын үзген жоқ еді.

– Түү, аяз келді-ау! – деді.

Әйгерім тіксініп қап:

– Аяз жоқ қой, Абай-ау! Тіпті, бүгінгі күн май тоңғысыз! – деп таңдана қарады.

Абай:

– Ө-ә, рас, аяз екен десем, сендер екенсіңдер! – деді де, шет елдің кісілерімен амандасты.

Әйгерім Абайдың талай жұмбақ сөзінің бірі екенін аңгарды да, күлімсіреп тұрып, түкпір үйге қарай кетті.

Сейткенше, қарсы үйде бала оқытып отырған Кішкене молда да келген еді. Абай соган қарап елең етті:

– Татьянаның хатын көшіріп пе ең? Енді ол ән салатын болды гой, білдің бе? – деді.

– Онысы афзал болған екен, көшіріп қойып ем.

– Ендеше, Мұқа мен Магашқа хат жазып жібер. Екеуіне «Татьяна сәлем айтыпты, бізben де таныс болсын» депті де! Мына Мұхаметжан қалаға бара жатқан шығар, сол сәлемін ала барсын! – деді.

Үй ішінде тымақ, белдігін шешпей отырған бегде қонақтар бұл сөздер не сөз, кімнің жайындағы сөз екенін үққан да жоқ, үғайын деп елең етіп, селт еткен де жоқ. Жалғыз-ақ, осылармен бірге кіріп, Абайдың төменгі жағынан кеп отырған Мұхаметжан бар еді. Кішкене молдамен қатар, Абайдың жаңағы сөздеріне құлағын түре тыңдаған сол ғана. Сұлу қызыл жұзді, қой көзді Мұхаметжан расында да қалаға бара жатқан.

Ол өзінің жөнін сұрамай сезген Абайға біраз таңданумен бірге, жаңағы хат пен өлең жайын шын білгісі кеп отыр. Мұхаметжан да Мұқа сияқты жақсы әншімін деген жігіт. Оның үстіне бұның өзінің де анда-санда өлең шығаратыны бар. Соңғы жылдары Абайдан тараған өлеңнің бәрін көшіріп алып, жаттап айтып жүретін Абай айналасындағы жас достың бірі. Ол қазір сыртқы киімін шешіп жатып:

– Абай ага, бұл ән салып жатқан кім болды? – деді.

Абай домбырасын қайта үстап, «Татьяна хатының» алғашқы үш аузын әндептіп айтып берді де, енді қайтып бұл жайдан сөйлеспеді. Өлі күнге үнсіз отырған қонақтардың шаруасын сұрады.

Жаңағы бір айтқаннан Абайдың әнін үйрене алмай қалған Мұхаметжан ән ішіндегі сөздің төркінін жақсы сезген. Бұл күнге шейін Абай шығарған өлец мен әннің барлығын білем деп жүрген Мұхаметжан мына сөзді бұрын естімеген болатын. Абайдың жаңағы аңғарына қарағанда, бұны өзге жастар да білмейді екен. «Маган жаттап біліп алып, соларға айтып бар дегені екен гой», – деді де, енді өлеңін де, әнін де әбден білмек болды.

Мұхаметжан – Абайдың туыскандарының бірі. Жасы кіші болғандықтан, Абай өзі айтып бермесе, «тағы айтып беріңізші» деп сұрай алмайды. Қазбалап тақымдай бергенде Абайдың жақтырмайтынын да біледі. Сондықтан: «Бүгін Абай ағамның түстігіне қалайын да, осыны біліп кетейін!» – деп қарсы үйге кеткен Кішкене молданың артынан жөнелді. ...Абай Татьяна әнін қайта іздеді:

– Амал жоқ, қайттым білдірмей...

Домбыраға ыңырана қосып көріп еді, бағанағы ән әлі де жоқ, мүлде ұмытылған. Сейткенше, қарсы үйден шыққан бірталай кісі тағы үстінен кірді.

Бұлар Кішкене молда, бағанағы Мұхаметжан екен. Және осылардың алдында тоғызқұмалақтың ағашын бір қолына үстап, тері дорбашадағы таастарын бір қолына алған Көрпебай кіріп келе жатты.

Келгеніне үш-төрт күн болса да, Көрпебай Абайға тоғызқұмалақтан әлі жөндең үтқызған жоқ. Соңғы күндердің бір қатты бәсекесі боп алған ойын бар. Кейде таңертеңгі шайдан түстікке шейін ойнағанда бір ойынды тауыса алмай айырылыштын. Кеше кеш бойы Абай кітап пен жазу үстінде болды да, ойы үзіліп қалған. Енді Көрпебай «тоғызқұмалақ» ағашын алып кіргенде Абай: «Тағы алаң кірді, қоя тұрайын», – деп Пушкин томының беттерін жауып қойды. Көрпебайға:

– Құр, кешегіңнің есесі енді қайтпаса, сен агалап тұрсың! – деді.

Сары сүйектен істелген жылтыр, жұмыр «құмалақтар» үядан үяға тоғыз-тоғыздан сырт-сырт түсіп жатты. Абайдың үяларын да Көрпебай толтырып жатыр. Мұның қолы ағаш үстінен жүргенде лыпыл қағып, қалқып жүрген сияқтанады. Үяларға санап түсіріп жатқан таастарды қандай қозғалыспен бөгелмestен дәл түсіріп жатқанын байқау қыны.

Абайдың кейбір қыстарда, үде отырып қалғанда әдейі шақыртып алып, жиырма күн, бір айдай табан аудармай ойнап қалатын кіслерінің бірі Мақыштың Смағұлы не Марқабай болса, тағы бірі – осы Көрпебай.

Ішінде Абай бар – осы үш-төрт ойыншы – бұл атыраптағы басқа ойыншылардан озып, ағалап шыққан жөне өзара бәсекесі күшті ойыншылар.

Абай мен Көрпебай ойынға кірісті. Басында үш-төрт кезекте, машиқты бастаулар бойынша екі жағы да тез-тез жүріп барып, екі-екі үядан тас алдысты. Өлі тұздық алысып, беріскендері болған жоқ.

Қазірде бұл ойынға Мұхаметжан, Кішкене молда, Баймағамбет те қадала қарап отыр. Мұхаметжан бағана, қарсы үйге барған бетінде, Абайдың өзі жазған қағаздан Татьяна хатын түгел көшіріп бір алып, артынан Кішкене молдамен салыстырып, бірге оқып шыққан-ды. Молда бұл өлеңді көшірумен бірге, жаттап та алған екен.

Жат үн, жат тілді Татьяна бұрын бұлардың Абайдан да есітіп көрмеген зарымен шерленді.

– Соны сөз деген осындай-ақ болат та! – деп қадалады. Абай өлі де үн қатпай, Татьянасын ұмытқандай боп, Көрпебаймен андысуда отыр. Мұхаметжан алғашқы екі ауыз өлеңді жаттап та алды.

Енді құмалаққа қарай түсіп, домбыраны қолға алып, ақырында п тартып, ішінен «Амал жоқ, қайттымды» өзі білген әнге қосып көріп еді. Өзірге ол әндерге қосылмай жатыр. Өзінің атақты өні «Ақ қайыңға» салып көрді, «Топайкекпен» де жағалатты. Созылмайды, көнбейді.

Баймағамбет мұның нені іздел отырғанын ана үйде-ақ есітіп келген. Енді Абайды осылай аударып көрем бе деп жағалатып, Мұхаметжанға:

– Немене, Татьяна «Ақ қайыңды» білгісі келмей ме, қалай? – деді.
– «Ақ қайың» ғана емес, тіпті біз білген әнге жуысайын деп тұрган Татьяна көрген емен.

– Бәйт, терме сияқты келте, шолақ әнге тез келе ме дейім! – деп, Баймағамбет Абайға тағы қарап қойды.

Абай бұлар сөзіне енді ғана көңіл бөле бастап:

– Солай деймісіңдер! Татьяна болса, ол «Ақбала» да болмас, Бағдат, Мысырдан бейіт те тілемес! – деп бір қойды да, көңілденіп, көтеріңкіреп алып, бір рет көшіп кеткенде соңғы тасы тарс беріп Көрпебайдың орта үясының біріне түсе қалды. Сейткенде, Абай мәз болып, мол денесі селкілдеп қатты күле жөнелді. Көрпебай сасып, қабагын түйіп, томсарып қалды.

Алғашқыдай емес, қасында отырған жігіттердің нені тілеп отырғанын Абай енді аңғара түсіп:

– Баймағамбет-ау, Татьянаның бағанағы салған әнін енді қайта айтпай отырғанын көрдің бе? – деп Мұхаметжаның домбырасына қол созды. Мұхаметжан домбыраны ұсынып, тізесінде жатқан қағазына үңілді.

Абай бұл жолы тартып жөнелгенде, таңертеңгі ән қаз-қалпында қайтадан шапшаң ғана орала кетті.

– Жоқ, енді айтқысы келген еken, – деп сүйсіне құле түсіп, – былай депті ғой! – деді де, үн қосты. Өз аудармасының екі ауызын айтып өтті. Сол екінші өлеңі біте бергенде, түкпір үйден келе жатқан Өйгерім көрінді. Ол Абайды таңдана тыңдай кеп, қасына отыра берді.

...Әйгерім Мұхаметжанга бұрыла қарады да:

– Кәні, ол қандай ән еken? Талайдан үнінді естігеміз жоқ, түстік жеп аттанарсың, өз үққаныңды айтып берші! – деді.

– Ойбай-ау! Өзім де бір-ақ есітіп, ұстай алмай, «дәт» деп қап отыргам жоқ па, жеңеше-ау, – деп Мұхаметжан домбыраға жаңағы әннің бас қайырмасын тыңқылдатып көрді. Келмей жатыр. Абай бұл кезде өз кезегін жүріп, сәл босап отыр еdi.

– Жоқ, теріс тартып отырсың, – деп домбыраны қайта алды. Жаңағы әнін үш-төрт қайырып тартып өтті. Мұхаметжан енді домбыраны қайта алғанда, іркілмestен қатесіз тарта жөнелді.

Сол арада жаттап алған алғашқы екі ауыз өлеңді әнге де салып жіберді.

– Айта түс! – деді Абай.

Рұқсат алып алған Мұхаметжан өзінің зор, таза үнімен енді шырқап айта жөнелді.

Тізесінде жатқан жазуына кез қиығын тастап отырып, барлық Татьяна хатын іркілмей айта берді. Тогызқұмалақ тоқталып қапты.

Абай міз бақпай, кірпік қақпай тыңдайды. Ол қазір Ақшоқы биіктегіне кез жіберіп, Татьянаның наз-наласына үйығандай. Өні өзгеріп апты. Өзі сейлеткен сез, өзі жырлатқан өуен ең алғашқы рет өрі жас, сұлу, әрі әсем нақысты әншінің көлденең үнімен айтылғанда, енді Абайдың өзін де қатты толқытады.

...Бұның ажарын байқап, үйдегінің бәрі де қыбыр етпей, Мұхаметжанның жүзіне ғана қарап қалыпты. Қазақ әні емес. Бірақ сондай бір мұңлы шермен, ұғымды құймен ыргалған майда қоңыр, назды қоңыр толқын кетті. Мұхаметжан «енді айырылып қалмайын, жадыма тоқып алайын» дегендег боп, тоқталмай айтады. Өз көңілі де елжірей сүйінгендік танытады. Татьянадай жасты кез алдында көргендег боп, терең сезініп, ұғынған сияқты. Осы әнінің үстінде ұғынды. Әнін тоқтата бере:

– Тал бойынды үйытқандай, сорлы шерменде еken, ә! Мұны осыншалық күніренте күйзелткен қандай ғана жан еken, Абай аға?! – деп Абайға қарады.

Тыңдаушы өзгелер де бұл сұрауды аса орынды көргендег. Бәрі де Абайдың жауабын күтті. Өзгеден жеңілдеу, шапшаң сейлійтін Кішкене молда:

– Е, оны айтқызып отырған Фошкин ғой! – деді.

Мұхаметжан бұның қазіргі киліккенін жаратпай қалды.

– Қоя тұрыңызшы, молдеке, Фошкин демей. Тіпті, сол ақынның аты да сіз айтқандай емес!

Кішкене молда тағы да шапшаңдал:

– Е, енді қалай екен? Мен бек дұрыс айтам, солай!

– Жоқ, Абай ағам Пушкин дейтін сияқты еді! – деді де, Мұхаметжан Абайға қарады.

Абай Пушкиннің өмірін, өлімін қысқа баян етіп беріп, «Татьяна хатына» қайта оралды. Мұхаметжанның жазбасын қарап, ойланып, кей жерін түзей отырды.

...Сол күні Абайдың үйінде түстеніп алыш, Мұхаметжан Семейге жүріп кетті. Абай бүгінгі кеш бойы Пушкинді тағы да қайта оқумен болған. Бүгінгі күні анда-санда алаң еткен уақ жайлар болса да, Абайдың Пушкинге окушы ғана емес, ақынша жақындасқан күні. Туысын тапқандай боп шабытты үн қосып толғана бой ұрган күннің бірі. Тұнде кеш піскен еттің алдында Пушкин томын жауып жатып, Абай үй ішіне естіртіп бір сыр айтты:

– Дүниеге көзімді аштың-ау, Михайлов, қандай қазыналарға мені жетектеп әкелген едің!.. Енді менің қағбам орнынан көшіп күншығысым – күнбатыс, күнбатысым күншығыс бол барады! Солай болса, болсыншы! – деді.

Ас ішіп болған соң, үйдің іші жатпай, күндеңі әдет бойынша «Абайдан тағы бір әңгіме шығар ма екен» дегендей боп, ұзақ отырды. Алдында шам жаққаннан асқа шейін кітап оқыған Абай, енді үйдегі жиын көңілін ескеріп, өсіреле бұның әңгімелерін телміре күттетін, бүгінде атақты ертекші бол алған Баймағамбетті ойлап және Әйгерімнің де үнемі құрметпен ден қоятын күйін еске алыш, енді бір тың әңгіме айтып бермек болды.

Сонымен тұн ортасына шейін міз бақпай, қадала қарап, бұны тыңдаған мәжіліске осы кеште Абай француз жазушысы Александр Дюманың атақты романы «Уш мүшкетерді» қызық әңгіме етіп, ұзақ баяндап отырды.



Бұлдірге – қамшы, сойыл, шоқпар сияқты қол қаруларының сабына тағылатын қайыс не былғары таспадан түйілген түйік бау, ілмек. «Бұлдірге» сөзінің түп-теркіні буын және ілдіргі (буынілдіргі – буілдіргі – бұлдіргі – бұлдірге) сөзінен түзілсе керек.

Кемел ой – толысқан ой, толық ой, өз биігіне жеткен ой.

Тұздық алысу – «Тогызқұмалақ» ойынында тұздық алу үшін жүріс жасаған кезде қарсыластың екі құмалагы бар отауына таратқан құмалагызыздың соңғысын түсіру керек. Тұздық ойында бір рет алынады және №9 отаудан ешқашан алынбайды. Тұздық аттас отаулардан алынбайды.

ОЙТАЛҚЫ

1. Үзіндіде жалпыадамзатқа ортақ қандай мәселе көтерілген?
2. Үзіндідегі негізгі идеяны айқындайтын сөйлемдерді тауып жазыңдар.
Негізгі ой туралы жұбыңың пікірін тыңдалап, пікірлерінді білдіріңдер.
3. Жазушы Абай шыгармашылығындағы орыс әдебиетінің ықпалын қалай суреттеген?
4. Абай Пушкин поэзиясымен қалай табысады?
5. Қос ақынның үндестігін жазушы қалай танытқан?
6. Кейіпкерлердің сөйлеу тілі, іс-әрекеттерін сипаттайтын сөз, сөз тіркесі, сөйлемдердің теріп жазыңдар.

ОЙ БЕЙНЕЛЕУ

1. Жазушының шыгармадағы кейіпкерлер арқылы баяндагысы келген құндылықтарын анықтандар.

Үзінді кейіпкерлері	Кейіпкерлер өміріндегі құндылықтар	Менің ойым

2. Берілген сөйлемге назар аудара отырып, Абай аударған Пушкин шыгармаларын түпнұсқамен салыстырыңдар. Абай мен Пушкин шыгармаларындағы ортақ идеялар мен жалпыадамзаттық құндылықтарды анықтап жазыңдар.

«...Абай Пушкиннің өмірін, өлімін қысқа баян етіп беріп, «Татьяна хатына» қайта оралды. Мұхаметжанның жазбасын қарап, ойланып, кей жерін түзей отырды».

Абай шыгармасы	Пушкин шыгармасы
Шыгармалардагы ортақ идеялар	
Шыгармалардагы жалпыадамзаттық құндылықтар	

ОЙ ЗЕРДЕЛЕУ

- Жазушының үзіндігі Абайдың аударма саласындағы өзіндік ұстанымдары мен шеберлік үлгісі туралы пайымдауларын тауып, топта талқыланадар.
- Абайдың Татьянаны қазақша сөйлетуінің сыры неде деп ойлайсындар? Ойларынды «Төрт сөйлем» әдісімен жеткізіндер.

ОЙ ТҮЙІН

Романиның жаңашылдығын ғаламдық тақырыптармен байланыстыра отырып, сынни түргыдан баға беріндер.

Кері байланыс. «Сауалдар кестесі».

Сұрақ	Жауап
Бүгінгі сабакта өз мақсатыңа жете алдың ба?	
Қай тапсырма сен үшін қындық тұбызды?	
Неліктен?	

Ғалым пікірі

Классикалық қазақ әдебиетінің үздік үлгісі саналатын «Абай жолы» роман-эпопеясында Мұхтар Өуезов әлемдік деңгейдегі көркемдік үрдістерді терең пайымдай отырып, сахара төсіндегі үлттық ортага тән тіршілік өрістерін неғұрлым шынайы диалогтік қарым-қатынастар ауқымында дәл, нақтылы бейнелеуді мұрат тұтты.

Бақытжан Майтанов

АБАЙ ЖОЛЫ

(*шыншың кітап*)

АБАЙ АФА

Оқу мақсаттары:

11.1.1.1 әдеби шыгарманың сюжеттік-композициялық құрылымын талдау арқылы көтерілген галамдық мәселелерді терең түсіну.

11.2.2.1 автор бейнесінің шыгарманың негізгі идеясымен байланысын айқындау.

11.3.1.1 шыгарманы галамдық тақырыптармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау.



Тірек сөздер: көш, қайым айтыс, Еңлік-Кебек тарихы, бәсеке ақындар, әділқазылық.

Мақсатқа қол жеткізу үшін:

- ✓ үзіндінің сюжетін талдау;
- ✓ композициялық жүйесін анықтау;
- ✓ автор бейнесін білдіретін сөздерді табу;
- ✓ автор идеясын анықтау;
- ✓ тарихи және көркемдік құндылығын саралау.

1

Күз аспаны күнгірт, бұлышқыр. Ауада дымқыл сыз бар. Таң салқыны қазір құздің сұық желіне айналған. Маңайда қызырып солған қурайлар көп көрінеді. Бүрінен айырылған тобылғы да қуқыл реңді. Ұзарып сартайған селеу мен бозғыл көде, жусан – бәрі де жел лебінен қалтырайды. Бас шұлғып, елбек қағады. Қара жел құған қаңбақ кең жазықта көп бұлышқадап, тынымсыз кезіп, жосып өтеді. Таң жаңада атқан. Салқын түннің қалың шығы жүргіншілердің аттарының түяғын жылтыратып, шашасына шейін суландырған.

Ералының кең жазығына жаңа келіп ілінген жүргіншілер – ерте кешкен ауылдың ер-азаматы. Көшіп келе жатқан Абай ауылы мен көрші ауылдар. Сол кештің алдында ұзаңқырап кеткен мынау бір топ аттылар – Абай мен оның жас достары, кей ақын-әншілер. Топтың алдыңғы қатарында Абай, Кекбай, Шұбар – үшеуі өзгелерден озынқырап, оңаша әңгімелесіп барады. Артқы топ Ақылбай, Магаш, Кекітай, Дәрмен болатын. Бұлардың артында Ербол мен Баймағамбет бір бөлек келеді.

...Кейінгі топтың жол ұзақтығын, мезгіл жүдеулігін елемей, көңілді күлкімен келе жатуына қазірде де себеп болған сол іліп-қақпа өлеңдер.

Бірін-бірі ет ауыртпайтын өзілмен мысқылдан, өнерге бәсекелеседі, құрбылық өзілде де дамылсыз тайталасады. Енді бір кезекте Мағаш ат үстінде құныса түсіп, Қекітай мен Ақылбайға қарап, тағы бір төрттіктің алғашқы бір жолын оқыс бастады:

– Күз жетті ме, батыр-ау, неге тоңдым, –

дегенде, бағанадан кезек қағысып, шапшаңдыққа өздерін қайрағандай бол келе жатқан ақын жігіттер тегіс елең ете қалысты. Бірақ алдымен іліп өкеткен Ақылбай болды:

...Тоңғаның рас, бозарып түсің де онды.

Ендігі кезекті Дәрмен айтуға бейімделді. Ол – бұлардың ішіндегі ең шапшаңы және тапқыр айтқышы. Дәрмен бағанадан бергі дағдысымен төрттіктің соңғы екі жолын тағы өзі бітіруге ыңғайланғанда, Мағаш қатарында келе жатқан Дәрменнің тізгінін ұстап күліп тұрып, өзіл айтты:

– Дәрмен, сен шабытыңды ірке түр. Бағанадан бері есеміз мына Қекітайда кетіп барады. Бұл неге қосылмайды? Осы айтсын. Айт, кәне, шапшаң! – деп Мағаш кезін сығырайта күліп, өзінің үнемі қатты қалжындасадатын құрдасы Қекітайға қарады. Ол да осындағы бір шабуылды тосқандай екен. Жолдастарын таңғалдырығандай оқыс өжеттік көрсетті. Өзінің шарылдаған қатты үнімен дауыстап тұрып, іле жөнелді:

– Бірің тоңып, бірің он, жұмысым жоқ,
Ойына түк кірмейді Қекітай шоңның! –

деп қатты күліп жіберді.

Ақылбай баяу мінезімен таңырқаған бойында Қекітайға бұрылды да, «шоңның»... деп, соңғы үйқасты қайталап:

– Бұл не деген үйқас!? – деді.

Дәл осы сәтте Мағаш пен Дәрмен Қекітайды мысқыл етіп, Ақылбайдың күдігін қостап, күле жөнелісті.

– Қысылғаныңа көрінсін, Қекітай, «шоңның» деген сөз жоқ. Өлең айтса, Қекітайдың бір орга жығылатынын білуші ем. Барып шықсан жерін қарасаңы, – деп Мағаш күліп келеді, Дәрмен де ақсия күліп:

– Бұл қайдан алған үйқасың, қазақ естімеген сөзді қайдан сүйреп өкелдің, Қеке-ау? – деді.

Қекітай олардың күлкісін біраз еркіндеп жіберіп, екі көзі күлімдеп, өзі де лекіте күлді де, енді жауаптасып, дауға кірісті:

– Өлеңнің сөзі Мағаш пен Дәрмен айта беретін, күндегі көптің құлағына сіңген сөз бола ма екен? Қейде айшықты сөз әлдеқайда алыстан

кеп, осылай таңырқатып та кетуі керек. Мен білсем, осы төрттікті өлең гып тұрган жалғыз менің жаңағы үйқасым, – деді.

Бірақ жолдастары, бастығы Ақылбай болып, Кәкітайға қарсы жабыла дау айтты. Қатты күлкілерін естіген соң, топқа енді Баймағамбет пен Ербол кеп қосылды. Оларға да Мағаш өзінің сезін мақұлдатпақ. Өлеңдерін қайталап айттысып, бәрі де жасы үлкен аға Ерболдың төрелігін тілесті. Кәкітай айналадағының қаңқуы, әжусасы көбейген соң, көп күлкіні ауырламаса да, өзінің ісі дұрыстығын Ерболға қуаттатқысы келді, оған жалынғандай шағынып сөйледі.

– Ербол аға, мыналардың орынсыз күлкі, жалған сықағын тыйынзышы! Арашашы тіледім сізден! Құдай ақы, «шоңның» деген қазақ сезі бар деп айттып беріңізші мыналарға! – деді.

Ербол төреші болғандықтан, енді жұрттың бәрі жаттап алған төрттікті өзі тағы бір айттып, аз ойланып, бас шайқады. Кәкітайға жолдастары әлі күліп келе жатыр. Ербол оған жаны ашығандай қабақ білдірсе де, жігітті қостай алмады.

– Айналайын Кәкітай, дауысың шырылдағанда жазықсыздан күйіп бара жатқандай көрінесің-ақ! Бірақ мен өлең сезіде әділ би болатұрым. Баяғыда Абай мен Қуандықтың айттысында Абайды Қуандыққа жығып бергем-ді. Сен арыз айтқаныңмен, зорлық етіп тұрсың. Қазақта «шоңның» деген сез жоқ! Бұл өнірде аргы-бергіде біз естімеген сез, – деді.

Кәкітай ендігі қалған Баймағамбетке жабысып, тағы да бұрынғысынан да дауысын қатайтып, шырылдай түсіп:

– Ойбай-ау, мына жұрт не дейді, Бақа!? Естімеген сезің жоқ, кәрі құлақты өзің ең. Өзің айтшы! – деп, содан үміт қып еді, Баймағамбет бағанадан «шоңның, шоңның» деген сезіді қайталап, күбірлеп, қабагын түйіп айттып келе жатқан. Қазір ол өзінің тұра кететін бірбеткейлігімен:


– Кәкітай, сенікі теріс! Ешбір ертегі-хикаяда «шоңның» деген сез жоқ. Мұндай өлеңді есітіп көргенім жоқ! – деді.

Жұрт Кәкітайдың күйгелек мінезінен тағы бір оқыс нәрсе күтіп, даурыға түсті. Бірақ ол әлі мойындаған да, жасыған да жоқ. Атын тебініп жіберіп:

– Ой, тәңір-ай, жеріне жетпей Кәкітай жығылмайды. Анау Абай ағама жүгінемін. Жұр, білгіштерінді сонда көрермін, көне! – деп жорта жөнелді.

Қалған топтың барлығы да сар желіп отырып, Абайларды қуып жетті.

Өзгелерден бұрын жеткен Кәкітай жаңағы қызу үстіндегі аңы үнімен Абайға дауларының жайын мәлімдеп келеді. Дау «шоңның» деген



сөздің айналасында екенін білгенде, Кекбай күліп жіберді. Ол бірдемені білетін сияқты. Кекітай соған демелене қарады. Артқы аттылардың барлығы қатарына жеткен соң, Абай Ербол мен Баймагамбетке бұрылып:

– Магашқа сен екеуің де қосылып, Кекітайды жығып бердіңдер ме шынымен? – деп еді. Ербол қалжынданап:

– Мен Кекітай ғана емес, әділетіне келгенде сені де сан жерде жығып бергем. Сонымды айтқам жоқ па! – деді.

– Жығып беру оңай той. Үтімді төрелік айтсаң, жыққаның – жыққан. Ал Кекітайдікі дұрыс болса, қайтесің? – дегенде, жаңағы жел-пініп келген аттылардың барлығы да аңырып қалды. Кейбіреулері сөл тоқтап, Абайдың аузына қадалды.

– Қазақта «Шон» деген кісі аты да бар. Кісі болғанда Шон, Торайғыр деген ағайынды екеуі – бірдей суырылған шешен. Сүйіндік ішінен шыққан қос өркештей адамдар болған. Олар айтты деген нақыл-тақпақ исі Орта жүзге мәлім. Ал сол «шон» деген сөздің түп төркіні, мен білсем, қазақ сезі емес. Мына Ұлы жұз, Үйсін ақындарының, шешендерінің ескі

ырғақтарында да ұшырап отырады. Осы сөздің асыл түбі қырғыздан ба деп тошылаймын. Қалайда, Кәкітай бәрінді қирата жеңіп отыр. Шынында, «тоңдым», «ондымдарына» ақын болып қайратты ажар берген Кәкітай! – деп Абай әзіл етті.

Жеңген Кәкітай да, жеңілген ақындар да, оларды құптаушылар да Абайдың зілсіз мысқылына мәз бола түсті.

...Абай ақырын ғана атын бұрды. Семіз қоңыр тәбел ат жай ғана басып, тізгін соза бас изей түсіп, жүріп келеді. Өзгелер де қозғалған. Топ қатар келе жатқан. Орталарында екі қаршыға дүр-дүр сілкіністі. Екеуі де жүргіншілердің алдыңғы жағына қадала қарап, қомағай көздерінен ушқындаған шабыт шашады.

Өлі де желісі үзілмеген ой соңында келе жатқан Абай жастарға тағы бір сез таstadtы:

– Жә, сол Еңлікті буындырған арқан түйінінде тұншығып кеткен шер бар емес пе еді? Ең болмаса, бүгінгі күн осы мола мен сол жүрек сырлын ел-жүртқа дат ететін шақ жетпеді ме?! Еңлік үнімен қыз жүргегі сыр айтса, Кебек тілімен ұл арманы, ер ашуы, ұлан жоғы жоқталса болмас па?! Ақынсыңдар ғой. Мынау күздің тұнерген күнінде, түңілткендей күй мен саз келеді ескіден! Мен айтсам, шабытты тек шаттықтан таппай, елдің, ердің күйкі жүдеу күйінен де таппақ шарт! Жыр шындықпен туысса, шыңнан аққан бұлақтай алыс еріс табады. Ендеше, осы естіген, көрген жайдан жыр туғызыса нетеді? Қызығатының бар ма? – деді.

Абайдың аңғарын жақсы түйген Дәрмен бір байлауга бекініп те қойған екен. Сонысын енді айта бергенде, бұның алдына түсіп Шұбар сейлеп кетті:

– Абай аға, дәл осы жайды мен жазамын!

Өзінен бұрын айтушы болса да, Дәрмен тоқтаған жоқ:

– Абай аға, менің аузымдағы сезімді Шұбар айтты. Мен де жазамын!

Шұбар жақтырмай, тыжырынып күле түсті:

– Сенің аузыңдағы сезінді айтқам жоқ. Өзімнің ойымдағы байлауымды айттым. Сенің жазатыныңды менің айтатыным не? Өзім айттым – өзім жазам!

– Жоқ, мен жазам!

– Сен емес, мен жазам, – деп екі жігіт жарыса таласып, қызу үстінде тоқтай алмағанына Абай бастаған барлық топ қызығып қалды. Дәрмен өзінің дәлелін ойланып алып, көпшіліктің төрелігіне шаққысы келді:

– Екеуіміздің таласымызға байлауын көп айтсын, – деп еді. Бұнысын Мағаш макұлдан, бас изеді. Шұбар ол сезіді қарытып, қалжың етті.

– Рас, жеңер ақынға бұл сезідің де орайы бар шығар. Бірақ әділетінді өзің айтши, Дәрмен! Сен ол жерде өз жаныңнан бір ауыз сез айттың

ба? Абай ағамның өлецін ғана айтпадың ба? Ал жазамын дегенді бұрын айтқан меммін.

– Сен тілмен айтсан, мен ділмен, жүрекпен айттым! Сол Абай ағамның ғашықтық өлецін өлі аруақтарға бағыштап айтқан жерде-ақ сазым менен сезімім соларда екенін танытқам! Тәңірі-ай, біз ақын емеспіз бе? Үнемі сезбен ұғындырып беру керек пе, емеурін де жетпей ме! – деп Дәрмен тағы да ұтымды дау бастады.

Бұл екеуінің таласына Ербол даурыға құліп келе жатқан. Енді ол екі жігіттің сөзін бөлді. Өзі алдағы қыраттау бір тұсқа кез салып келе жатыр еді. Қазірде сыйырая тұсіп күн салып қарап, бір нәрсені болжап алды да, үнді дауысымен көтеріле сейледі:

– Үәй, жігіттер! Сендердің өлец жазамын деп қырқысқан таласың тіпті жақсы. Қандай ғанибет! Бірақ осы жерде кімнің жазатынына билікті мен айтайын ба?! – деп сөл тоқтай берді. Екі жігіт:

– Айт! Айтыңыз! – десіп кідре қалды.

– Айт десең, мынау! Сонау қазотының қалың жерінде, анау қыратта бір топ дуадақ отыр. Қаршығаларың көріп келеді. Қазір алыс та болса, екеуің де құстарынды сол тұрғыға қатар жіберіндерші! Шабыттың бәйгесін шабыт айырсын! – дегенде, Абай «бәрекелді» деп Ерболды тез қостады. Ербол соңғы кесімін тағы айтты. Дуадақ жайы айтылғалы аңшы жігіттер ақырын сөйлесуді белгі етіп, іркіліп қалған-ды. Ербол да дуадақтың сақтығын еске алып, енді ақырын ғана, дабырсыз айтты:

– Кімнің құсы бұрын барып, дуадақ ілсе, «Еңлік-Кебек» жыры сонікі болсын!

...Абай бұл жерде бар топқа ойда жоқ, бір оқыс сабыр көрсетті.

– Ерболдың байлауы дұрыс! Бірақ менің тағы бір шартым бар. Құстарың ана дуадақты барып ілгенше, бір-бір ауыз тың өлеңді екеуің шауып келе жатып, қатар айтындар! – деді.

Бұл кезде барлық аттылар желе женеліскен. Шұбар мен Дәрмен Абайдың екі жағына шығып алған. Абайдың жаңағы байлауын Шұбар тез қостады.

– Жарайды, Абай аға, қаршыға жайында ма?

Барлық жастар саят қызығына қызумен берілсе де, Абайдың ендігі ақындық бүйіріғын анталай тосты.

Абай Шұбарға қарап:

– Жоқ, қаршыға емес! Сын болған соң, қысас сын болсын. Мен қапсызыз шапшаңдықты тілеймін. Тапсыратыным, – деп саспай анық етіп, жарыс өлеңнің жайын айтты. – Қыскы аязды тұнде, гүілден соққан жел үніне күй қосып, көрі өже немересін қандай сезбен жұбатады? Соны шапшаң жыр етіп беріндер. Ал айт! – деді.

...Дәрмен жүрттың тегіс ықылас аударғанын танып, желе-жортып, шапшаң өлеңді соқтырып келеді. Абай ақсия, сүйсіне күліп, тымағын қолына алғып, Дәрменге қарай қисая құлап, тыңдал қапты. Шабытты ақын жосыта жырлап келеді:

– Талай да талай шашаң бар шығар-ды,
Үлгі етер, шапшаң жырым қаршығамды.
Ақ түтек, ың-ышың, у-шу аяз түнде
Көрі өже дәл былай деп зар шығарды:
Қорқытпа мениң баламды,
Гулей соққан ақ боран!
Балам өже қойнында,
Келе алмайсың сен бұған!
Үйқысынан айырма,
Кезе бер ессіз даланды.
Үйықта, бөпем, ояниба,
Өлдилеймін баламды!
«Өлди, бөпем, өлди-ай», –
Деп жырласын көрі ана!
Үйқыга барсын сол бала,
Тілесе тағы жырласын
Жұз жыл бойы сол ана... –

деп көзін алға қарай тастап жіберіп, сүйсінген жүрттың барлығына естірте, өлеңнің соңын айтады:

– Қаршығам жемін іліпті,
Абай ага, бері қара!

Дәрмен енді атына қамшы басып, құйықтыра жөнелді. Абайдың Дәрменге анық сүйсінген жолы осы еді.

– Бәсе! Шіркін, ақын болсаң, осындей бол! – деді.

Барлық топ енді түгел шапқан күйінде құстардың соңынан кетті. Озып барған Магаш еді. Лактай бір дуадақты сары ала жүнін жарқылдатып басып қалған бір қаршығаның үстіне ағызып жетті де, тымағын бұлғап, арттағыларға айғай салды. Кейінгілер де тақау еді.

– Дәрмен! Дәрмен! Шүйінші! «Еңлік» жыры сенікі, – деді Магаш. Дәрмен шауып келе жатқан күйінде атынан домалай түсіп, құсына ұмтылды...

...Осы кезде күздің баяу күні көтеріле түсіп, қызығылт сөуле берді. Шапшыған ақ бедеудің үстінде талпынған қаршыға ұстап, күліп тұрган нұрлы жігіт қызығылт күннің шұғыласына малынды.

Өрі шабыт шалған, әрі күн шұғыласы шалған, шапшыған жігіт Абай көзіне ақ мәрмәрдан ойылған, әсем біткен тас тұлғадай көрініп еді.



Селеу – шөл далада өсетін, басында үлпілдек қылтанақтары бар ақ шөп.

Көде – селеуге үқсас, жайылымдық шөп түрі.

Шоң деген сөзді Арқа қазагы білмейді. Зор, үлкен деген магынада қыргыз бен оңтүстік қазагы қолданады.

Дудадақ – тырнатәрізділер отрядына жататын шөл және шөлейт жерлерде мекен ететін құс.

ОЙТАЛҚЫ

1. «Абай жолы» роман-эпопеясының үшінші кітабы қандай тараулардан тұрады?
2. Үзіндіні оқып, бөлімдерге бөліп, жоспар құрындар.

Бөлімдер	Тақырыбы	Басты оқығалар

3. Тарау неліктен «Абай аға» деп аталған?
4. Абайдың дәстүрін жалғастырушылар ретінде жазушы кімдерді суреттеген?
5. Абай айналасындағы өнерлі, білімге құштар жастанға Еңлік–Кебек моласының басында қандай аманат жүктейді?
6. «Еңлік–Кебек» оқығасын жырлау бақты кімге бұйырады?
7. Тарауда көшіп келе жатқан Абай ауылының көш бастаушыларының алдыңғы қатарына автор неге Абай, Кекбай, Шұбарды шыгарған?

ОЙ БЕЙНЕЛЕУ

1. Үзіндідегі жастан бейнесіне, ішкі жан дүниесіне талдау жасап, баға беріндер.

Кейіпкерлер	Іс-әрекеттері	Ішкі жан дүниесі

Баға:

2. Жазушы кейіпкерлердің қозғалыс, қымыл-әрекеттерін қалай сипаттаған? Айшықты сөздерді қалай қолданған? Өз пікірлерінді «ПОПС формуласы» арқылы жеткізіндер.

Үлгі:

Менің ойымша, ...

Мен оны ... деп түсінемін.

Мен оған ... деген деректер, мысалдар келтіре аламын.

Мен ... қорытынды шешімге келдім.

3. Оқулықтағы сурет үзіндідегі қай эпизодты бейнелеген деп ойлайсыңдар? Сенің ойыща, алдыңғы қатарда кімдер бейнеленген? Суретке қарап, үзіндінің идеялық магынасын айқындауга бола ма?

ОЙ ЗЕРДЕЛЕУ

1. Абайдың Еңлік-Кебек моласы басындағы монологін тыңдаңдар. Монологтен Абайдың жан дүниесіндегі сырт көзге көрінбейтін қандай қасиеттерін тани алдыңдар? Оның ішкі қасиеттерін жазушы қалай мінездеп жеткізуге үмтүлған деп ойлайсыңдар?
2. Үзіндідегі әдеби-тарихи деректерді жинақтаңдар. Тапсырманы орындау үшін тараудың толық нұсқасын пайдаланыңдар. Дерек атауларын толықтырып, жоба жасаңдар.

ОЙ ТҮЙІН

1. Үзіндінің тарихи және көркемдік құндылығын саралап, «Т кестесін» толтырыңдар.

Тарихи құндылығы	Көркемдік құндылығы

2. Жазушының тарихи құндылық пен көркемдік құндылықты жеткізе білудегі шеберлігін зерделеп, тұжырым жасаңдар.
3. Шығарманың жаңашылдығы мен құндылығына бага беріңдер.

Кері байланыс. «5-5-1».

1. Үзінді туралы 5 сөйлем жазыңдар.
2. 5 сөйлемді 5 сөзге дейін қысқартыңдар.
3. 5 сөзді 1 сөзге қысқартыңдар.
4. Түйінді сөзді сыйнаппен бөлісіндер.

Қalamгер пікірі

«Абай» эпопеясы – творчествоның тылсым сырына, өмір мен өлеңнің өзара байланысына терец бойлаган туынды, ақын мен поэзия жайлы өлем әдебиетіндегі ең шоқтығы биік үздік шығарма.

Михаил Луконин

КЕК ЖОЛЫНДА

(жалғасы)

Oқу мақсаттары:

11.1.3.1 көркем шығармадагы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен дара-лау арқылы өмір шындығын көрсету.

11.1.5.1 шығармадагы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың әлемдік тақырыптармен үндестігін ашу.

11.2.5.1 қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіндегі ортақ багыт, әдеби ағым, жалпыадамзаттық құндылықтарды анықтау, талдау жасау.

11.3.2.1 көркем шығарманың жаңашылдығын галамдық тақырыптармен байланыстыра отырып, сынни түргыдан баға беру.



Тірек сөздер: елге оралу, достық ниет, жаңа әннің әсері.

Мақсатқа қол жеткізу үшін:

- ✓ жинақтау мен даралауга байланысты сөздерді анықтау;
- ✓ ұлттық құндылық пен жалпыадамзаттық құндылықтарды үзіндіден табу;
- ✓ галамдық мәселелермен байланыстылдығын саралau;
- ✓ сынни баға беру.

БАЗАРАЛЫ

Базаралы елге келгелі айдай уақыт өтті. Бұл кездерде оған аман-даса келіп, қуаныш білдірген ағайын көп. Аталас жақын ауылдар той істемек болысқан. Бірақ үйінің, жақын туысының жүдеулігін көрген Базаралы той-топыр жасатқан жоқ. Алғашқы он-он бес күн бойында оны Жігітек ішіндегі туыстары ертелі-кеш ауылдан-ауылға шақырып, қонақ етісті. Келісін, амандығын қызықтасты. Бір Жігітек емес, қонақ етіп, қуанысқан Бекенші, Көтібак, Қекше де аз болған жоқ.

Ыргызбай ішінде Базаралы тек Абай ауылында қонақ болып қайтқан. Абай Базаралыға өзі барып көрісіп, амандасып, бір күн, бір түн қасында болған.

Кейін Базаралының ет-бауыр жақындарынан он шақты кісіні қоса шақырып, өз ауылына өкелген.

Әйгерімнің кең, жылы үйінде Базаралыдай сый қонақты үлкен ықыласпен күткен ажар бар. Кілемдер тұтылып, өсем оюлы сырмақтар жазылышты. Абай айналасындағы жас-жааранның бөрі де Базаралының әңгіме, әзіліне, қас-қабағына қарап құрақ ұшады. Сағынған достар бейілін танытады. Құндізгі түстік үстінде Абайдың сұрауы бойынша Базаралы үзік-үзік әңгімелер айтып отырды. Өзі көрген жерлерді, елдерді сөйлейді.

Бірақ шеккен жаза, керген азап жайын мына көптің алдына салмады.
«Бейнет кештім, қажыдым» дейтін емес...

Кешкі отырыста Абай мәжілістің бетін өзгерту. Өз ішінен: «Базаралыға кешегі ауыр күндерін еске ала беру қын шығар. Қайта, соны ұмыттыргандай алаң болса, сол тәтті болар» деп ойлады да, жастарға ән-сауық женинен тілек білдірді.

Осыдан соң Базаралы да жадырай түсіп, Қекбайға домбыра ұсынды.

Кекбай домбыраны бөгелендеп үстады.

– Базеке-ау, бүгінде мен әннен шығып қалғам. Және мына отырган Мұқа, Әлмағамбет деген әншілер қасында, тегі, әнді қор қылмайын деуші едім рой! – деді.

– Жоға! Жаңа әншіні ести жатамыз да! – деп, Базаралы домбыраны еріксіз үстітты.

Абай да Базаралыны қостады.

– Қекбай, бүгін Базекеңнің алдынан алып шыққан шашу – ән болсын!..

Бір сен емес, осы үйдегі өнерпаздың бәрі айтады. Бастай берсеңші! – деді.

Өзге әнші жастар «өнерпаздың бәрі айтады» дегенде Әйгерімге қарасты. Қөптен оның әнін естімегендіктен сағынысқандай.

Енді аз уақытта Қекбай ән созып кетті. Сонда Біржан айтқан асыл ән... «Созады Біржан дауысын қоңыр қаздай» деп нақыстай берді. Жүрт дәл осы әнді өзге әндерден гөрі сирек айтатын. Қекбай сақтап қалған ән ішіндегі бұның дауысына, салмағына, қабілетіне лайық ән осы екен. Жақсы мәнмен сөн беріп, әсем айтып шықты.

Базаралы Қекбай тоқтағанда, қатты сергіп, кетеріліп қалғандай.

– Па-а деген! – деп біраз қуана сүйсініп отырды. – Сонау бір жақсы басталған жазда... жарқыраган күндерде келген... болған екен-ау!.. – деп барып курсініп қалды.

...Осы кезде домбыраны Мұқа алды да, үй ішін тегіс елең еткізіп, сергітердей бол, шырқап кетті. Ерекше таза, күшті, мәлдір үн анық әнші өнері келе жатқанын паш етіп түр. Ол биік бастау соңынан әсемдеп тұрып Абай елеңі «Айттым сөлем, қалам қасты» созады. Сез Базаралы көзілін жаңағы кейістен елең етерлік анық ынтық, ынтызар сезі. Жалынды назға толы. Әнші үш қайырмасын айтып тоқтайын деп еді, Базаралы тоқтаттырмады.

– Айт, жаным, айт!.. Бәрін айт! – деп бар елеңді тегіс айтқызды.

Мұқадан соң Әлмағамбет те Абай елеңі мен әнін созды. Ол – «Кезімнің қарасы». Бәрі де мына қоңыр жүдеу күзден маужыраган мамыр күніне, көңіл күн шуағына созылады.

Базаралыға да сезімтал Абай қауымы ем тауып, сынығын сылап тұргандай.

– Майдай жарып барады-ау!.. Көңіл жарасын құғандай! Май сылаудай дәрім ғой мынау!.. Дәрменім ғой!.. – деп Базаралы ынтыға тыңдал отыр.

Ендігі бір кезекте Базаралы өз қолымен домбыра ұсынып, Әйгерімге бұрылды.

... – Енді сені тыңдамасқа шарам бар ма? Айт, сөулешім! – деп сонша жақын аға, туыстай еркелетіп айтты.

Әйгерім ду етіп қызырып қалды да, сыпайы күліп жіберді.

– Мен көптен ән айтпай кетіп ем ғой, Базеке!

– Жоқ, Әйкежан! Базаралы айтпағаныңды білмейді, айтқаныңды ғана біледі. Айт, айналайын! – деп тағы да жақсы өтінді.

Аздан соң Әйгерім «Татьяна» әнін айтып жөнелді.

Өлі де сонау бір күндердегі барынша сырлы нәзік, терең толқумен айтады екен. Үй іші жым-жырт қатып, үйип тыңдады. Базаралы Абайдың бұл айтылған өлеңінің бәрін де білмеуши еді. ...Қасындағы Қекбайдан жабыса сұрап, әр өлеңінің әнінің мәнін, жөнін үғынып отыр. «Амал жоқ, қайттым білдірмейді» Әйгерімге де түгел айтқызып шықты. Ешкім бұйырмаса да, бүгінгі кеште Абай достары «е» дескендей тек қана Абай сөздері мен әндерін айтты.

Базаралыға анық үлкен соны сый. Ел жаңғырып, ел өнері түлеп өсіп, жаңарып кеткендей. Ол енді Абайға қарап:

– Япыро-ой, қалай өзгерген! Өн мен сөз қалай өзгерген! Сондай сырлы, соңшалық жан-тамырымды солқылдатқан қандай сөздер!.. Түү!.. – деп бас шұлғып, үндемей тамашалап барып: – Өлең мен ән ырысын тауыпты-ау, Абай!.. Өнерінен айналайын! – деді.



Ажар – табиғаттың, адамның, заттың көркін, кескінін, шырайын, сұлулығын білдіретін үғым.

Нақыстау – өрнектеу, әшекейлеу деген мағынада.

ОЙТАЛҚЫ

1. «Кек жолында» тарауын оқып, негізгі оқығалар тізбесін жасаңдар.
2. Абай Базаралыны не үшін құрметтейді деп ойлайсындар?
3. Кешкі отырыста Абай мәжілістің бетін неге өзгерту?
4. Абай айналасындағы өнерпаз жастар қандай әндерді шырқады?
5. Базаралы Абай әндерін қалай бағалайды?

ОЙ БЕЙНЕЛЕУ

1. «Әдеби шеңбер» әдісімен үзіндіні талдаңдар.
- 1) Талқы себепшісі – үзінді сюжеті бойынша 5 сұрак құрастыр;

- 2) *Белгілеуші* – тақырыптың қай бөлімі ең маңызды екенін дәлелде;
- 3) *Байланыстырушы* – тақырыпты өмірмен байланыстыр, дәлелде;
- 4) *Корытындылауши* – автор позициясы мен көтерген мәселесін қорытындыла.
2. Үзіндідегі кейіпкерлердің іс-әрекетіне бага бере отырып, түйінде, шагын мінездеме беріңдер.

Кейіпкер бойынан менің байқаганым...		
Базаралы	Абай	Көкбай

ОЙ ЗЕРДЕЛЕУ

1. Үзіндіден көрінетін Базаралының тұлғалық болмысын талдаңдар.

«Кек жолында» тарауынан үзінді	Базаралының тұлғалық болмысы
«...Ел жаңғырып, ел өнері түлеп өсіп, жаңарап кеткендей. Ол енді Абайға қарап: – Япыро-ой, қалай өзгерген! Өн мен сөз қалай өзгерген! Сондай сырлы, соңшалық жантамырымды солқылдатқан қандай сөздер!.. Түү!.. – деп бас шұлғып, үндемей тамашалап барып: – Өлең мен ән ырысын тауыпты-ау, Абай!.. Өнеріңен айналайын! – деді».	

2. Үзіндідегі үлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың көрінісі туралы пайымдауларынды жазыңдар.

ОЙ ТҮЙІН

Көркем шыгарманың жаңашылдығын ғаламдық тақырыптармен байланыстыра отырып, сыни тұрғыдан бага беріңдер.

Кері байланыс. «Ыстық орындық».

1. Базаралы бейнесін сомдайтын оқушыны таңдаңдар.
2. «Кейіпкерге» сұрақ қойыңдар.
3. «Кейіпкер» болып, сұрақтарга жауап беріңдер.

Үлт туралы толық та, тұтас түсінікті бізге жазушының өнері береді... Мұхтар Әуезов өзінің «Абайымен» менің қазақ халқы туралы түсінігімді толықтырды, мен енді ғана хош иісті самал ескен даланың жұпар ауасын жүтүп, қазақ болып кеткен тәріздімін...

Константин Федин

ҚАРАШЫҒЫН

(жалғасы)

1

Оқу мақсаттары:

11.1.4.1 көркем шыгармалардан алған үзінділерді галамдық тақырыптағы езекті мәселелермен байланыстырып, шыгармашылық жұмыстарда қолдану.

11.2.3.1 шыгармадагы көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарының қызыметін талдай отырып, автор стилін анықтау.

11.3.3.1 шыгарманың идеясын көркемдік-эстетикалық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу.



Тірек сөздер: жайлауда, қонақ күту, Әбіштің білімі, жастардың пікірі.

Мақсатқа қол жеткізу үшін:

- ✓ үзіндін оқып, шыгармашылық жұмыста қолданатын сөздерді тери;
- ✓ автордың сөз қолдану ерекшелігін сарапалау;
- ✓ көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын тери;
- ✓ әдеби эссе жазуға дайындалу.

Жас шалғыны мол, кең қоныс – Барлыбайда отырган Абай ауылы. Мұнда бүгін үлкен әбігер бар. Ақ үйлер мен отаулар, қонақ үй, ұранқайлар арасында асырып басып жүгіргендер көп...

Ауыл сыртындағы көгалға апарып, қағып-соғып тазалаған кілем, тұскиіз, алаша, текемет, жаңа сырмақтар көрінеді. Бұлар Абай үйлерінің айналасын оюлап, кестелеп, ерекше әшекейлеп түр. Күміс қарғылы сыландаған екі сары тазы да үйлер арасында қарғып ойнап, әсем көрініс береді. Шашақты құлақтары жалбырап, ұзын құйрықтары шиыршықталып жүр. Олар секірсе де, ортқып ойнап алышса да, сыпайы сұлулықты байқатады. Еркелік шашаңдықпен ұстарадай өткір қуатты да танытқандай. Барлық жинақы сәнді бітімімен еріксіз көз тартады.

...Бүгінгі Абай ауылындағы үлкен әбігер мен қарбаластың жөні бөлек. Бұнда тартыс-таластың жиыны болмақ емес. Бөтен, бөгде, жат-

жалаң келмек емес. Мазасыз, жайсыз кеткен ауылдың төрізі жоқ. Бірақ күйеу келтіретін, келін түсіретін, қыз ұзататын дағдылы той әбігері де емес. Абай мен оның барлық үй іштері, өсіреле іні-шәкірт, достары үшін ең бір қадірлі әбігер. Бұның себепшісі – Өбіш. Екі жылдан бері елге қайтпай, осы бүтін, енді ғана «туған ауылына келеді» деп, ата-ана, ага-бауыр ерекше тосып отырган Өбіш.

Оны тосушылар тек ауылда ғана емес. Ат үсті әбігер ауылдан алыста. Шыңғыстан Барлыбайға қарай асатын Бекенші асуының маңына да созылып барған. Ересек азаматтар, бозбалалар ауылдан алыста, асуға тақап барып, таңертеңнен бері сонда тосяп жүр. Ол кеткендер Кекбай, Ақылбай бастаған – Кекітай, Дәрмен, Мұқа, Өлмағамбет сияқты жастар. Оспан ауылының жігіт-желеңі де бірге кеткен.

Оспанның өзінен туған бала болмаса да, бұның кенже інісі есебінде, Құнанбайдың қолында өскен Ақылбайдың екі баласын Оспан асырап алған еді. Олар үлкен үйде, Еркежаның қолында өсетін – Өубәкір және Пәкізат. Оспанның ерке етіп өсірген бұл екі баласы өзге балалар журмейтін жерлерге еркін бара беретін. Бүгін Пәкізат «Өбіш ағамның алдынан шығамын» деп, қасына бір топ өзінен үлкен қыздарды ертіп алған.

...Жүргіншілер ойға, жазаң жерге келіп түскенде, бағанадан бұларға көрініп, өздеріне қарай асығып, тырагайлад шауып келе жатқан аттылардың алдыңғы екеу-үшеуі үйме-жүйме қатар жетті. Омырауларын тер басқан, демігіп, танауратқан сәйгүліктерді зорға тоқтатқан ауыл кісілері күймеге соқтыға жаздал, дабырлап сөлем берісті. Қуаныштың айрай-шуын, шат күлкісін Өбіштің алдынан ала шықты.

Бұрын жеткен Кекітай, Дәрмен және Оспанның бір үл, бір қызы – Өубәкір, Пәкізат. Алдарынан бұлар орала бергенде, күймеде отырган Өбіш: «Тарт! Тоқтат аттың басын!» – деді. Қатты жортып келе жатқан күйме тоқтағанша, өзі ерекше шапшаң жас өскери дағдысымен күймeden жеңіл ытқып, қосаяқтап секіріп те түсті. Козлода отырган Баймағамбет те аттарды тежей берді.

Іні-бауырлар көздерінде қуаныш жасы бар. Жарқыраган күлкі мен жас аралас шыққан үзік-үзік сөздер естілді.

– Агатай!

– Өбіш аға!

– Айналайын Өбіш аға! – деген шашудай шат, ақаусыз таза бауырмал сөздерді естігенде, Өбіштің өңі аппақ боп, жүрегі қалтырап кетті. Атынан домалай түсіп, құшағын аша жүгірген Кекітай Өбішпен қатты құшақтасып, сүйіспін түр. Бұған Өбіш ауру сияқты көрініп еді. Бауырмал жүрегі зу етті. «Ауру болмаса, бүншалық шөлмектей аппақ боп жүдер ме еді?» дегендей күдік оянған.

«Өбдірахман көп уақыт елге келмеді. Қаладан ауру алыш қала ма!» деген құдік уайымды, бұл азамат туралы үлкен аға, көрі шешелер құдігін Көкітай көп еститін. Жаңағы үріккен қалпын ол жасырған жоқ. Өбіштің құшағынан босай бере:

– Өбіш аға, деніңіз сау ма? Аман-сау жеттіңіз бе? Түсіңіз неге жүдеу? – деп еди. Өбіш Өубекір мен Пәкізаттың бетінен кезек сүйіп жатып, Көкітайға жалт қарап, құліп жіберді. Жаңағы аппақ сүр жүзіне қазірде жуқалаң қызыл жарастық қан ойнап шығыпты.

– Денім сау, Көкітай! – деп ауыл-аймақтың, әкесінің амандығын сұрап кетті.

Осы кезде созыла шапқылаған тосушылардың барлығы ағызып кеп, үйме-жүйме аттарынан түсе, жүгірісіп жатыр. Өбішті бәрі де аймалап, орталарына алды. Көкітай қазір құйменің ішінде бұған қарап құліп, екі қолын жайып, тосып отырган Магашқа қарай ұмтылған.

Өбіш енді Көкітайдан ауылдардың қонысын сұрастырып келе жатты.

Барлыбайда Абай ауылы бар екен. Бұдан өзге Ыргызбайдың көп ауылдары ілгері жайлауларға көшіп кетіпті. Мынау ауыл осы жолаушылардың келуін тосып, іркіліп қалыпты.

Шымы тұтас жазықта дүрілдетіп шапқан көп аттылар барлық ағындаған тобымен Барлыбай өзенінің жағасындағы Абай ауылына келіп те қалды...

Абайдың айналасы қазір, көбінше, өйелдерге толы. Дәл қасында екі көзі жасаурап, өңі ақ сурланып Өйгерім тұр. Көп келіндер, жұмысшы, сауыншы, жылқышы, биешілер сияқты жұпның жүзді көрші-қолаң да көп. Үлкендерден қартаң шал көршілер болмаса, басқа бөгде адам аз. Жүргіншілер дәл ауылға тақай бергенде, салт аттының бәрін Дәрмен дабыстап тоқтатқан-ды.

– Өбіштің құймесін алға шығарындар! Алдымен Өбіш жетсін! Ауылдың тосқаны сол ғой, біздер емес. Және ауылға атшабар, стражниктер төрізденіп, қоқандап бармайық! Иркіле жүріндер! – деп бүйірган.

Баймагамбет ауылдың іргесіне жеткенше нар құла атты басын ірікпестен, сар желдіріп әкелді. Құйме тоқтамастан, Абай бастаған жиын қарсы алдынан өздеріне қарай қозғалғанда, Өбіш тағы да тоқтап болмаған құймеден ытқып, секіріп түсіп, қекесіне қарай құшағын жайып, асыға жүгірді.

Абай да мол құшағын кең жайып, Өбішті бауырына алды. Соншалық қатты қысып, құшып тұрып, құлагынан, бетінен, көзінен сүйіп, ұзак уақытқа шейін өз бауырынан босатпады. Өке мен бала екеуінде осындағы сағынышты құшақтан басқа бір ауыз сөз болған жоқ. Өбішті көп уақыт жүрегіне басып тұрып, босатқанда Абайдың қара сүр жүзі аппақ сүр боп, өзгеше оцып өзгергендей...

...Көп қауышу, жылап амандасу арасында шешелер мен жеңгелерінің тілеуlestігі айтылады. Балажан көрші кемпір-шалдардың Өбішке айтып жатқан үзік-үзік мейір, шапқат сөздері естіледі.

- Жаным, есен жеттің бе?
- Сәулем, ұзагынан сүйіндірсін!?
- Көп сағындырыдың гой, қуатым!
- Айналайын күнім!..
- Ата-анаңды ұзағынан сүйіндірсін сапарың!
- Сапарың құтты болсын, қарагым!
- Қош келіпсің, Өбішжан! – деген сан тілеулемес жүректерден шыққан ыстық сөздер Өбіш үйге кіргенше барлық жиын атаулының тұла бойын шымырлатқандай.

Қонақтар үйге кіріп отырысымен, Абай Өбіштің жүзіне үңілді.

- Неге жүдеусің, Өбіш, денің сау ма?

– Қаланың оқуы жақсы болғанымен, тамағында нәр бар ма?! Сорып тастағандай, шөлмектей болыпсың гой? – деп, Қекбай Өбіш өңінің ақшылдығы үшін бүкіл қала тамағын кінелауга айналды.

Тағы бір кезде Абай Өбіштің оку жайын сұрастырып еді.

Петербургтегі Михайлов атындағы артиллерия училищесі Өбіштің айтуынша, оның таңдан түскен мектебі емес екен. Ол өзілдеп отырып, Абайдың өз сөзін келтірді:

- «Баламды медресеге «біл» деп бердім,
- Кызмет қылсын, шен алсын деп бермедім», –

дегеніңіз есімде, ага! Ниетім, өзіңіз білесіз, политехникалық институт еді. Былтыр да, арғы жылы да оған түсуге мениң жолым тар болды. Мынау школдың енді біраз оқуы қалды. Өзге оқуды осыны тамам етіп алып, ескермекпін, – деген.

Абай өзіргі сөзді ұзаққа созған жоқ:

– Фылымның жаманы жоқ. Біздей сусағанға қай ғылым болса да, соңына түссе, алтын асыл қазынадай. Азаматтық құралыңды мығым етіп берерлік оқу, тәрбие болса, ата-ана одан өзге қолқа салмайды, қарагым! Халқыңа басшы болар талап соңына түссең, офицер бол жүріп жетесің бе, инженер болып, адвокат оқуын оқып жетесің бе, бәрібір! Қай тұргысына барсаң да, еліңің мұнды мен мұқтажы мың батпан. Тек, оқып өсе беруіңе саушылық қуатың ғана жетсе екен деп тілеймін! – деді.

Өбдірахманды тағы да құшақтап, бір қолымен бауырына қысып, ұзақ үстап отырды.

Үй толы адам жиылып, ас өзірленді. ...Осы кеште жиі ауысып отырган шай ішу, қымыз ішу, ет жеу араларында үй толы жиын әдемі бір сауық өнер көрсетісті.

Сахара тіршілігінде ақын, әнші, ойынши, күлдіргі адамдар көп кездеседі. Абай ауылының өзі болса, бұнда неше алуан сырлы сымбат, әнер үлгілері бар. Бірақ бүгін бұл ауылдың барша адамдарын анық та-маша қалдырған жаңа әнер көрінді. Ендігі сауықтың әрбір түрін тың қонақ бастады.

Барлыбай жазығында жайлаудың жарық айлы, желсіз тынық түнінде, Абай мен Әйгерімнің үлкен үйінде, аса нәзік шеберлікпен сызылып созылған скрипка күйі кетті.

Бүгінгі отырыста үй іші сауыққа ауысқан сайын сол скрипка ішектерінен өзгеше бір саздар тамылжиды. Әбіш жақсы скрипкашы екен.

Ол кей уақыттар орыстың сұлу назды романстарын тартады. Бұл қауымға тың болғанмен, барлық орыс жұртына мәлім «Стенька Разин», «Ермак», «Бродяга» сияқты әндерін де тартады. Ойнақы, мәлдір қызық ырғагы бар, қайнағандай жігері жүлкәнып тұрған өте әсем ырғақты би күйлерін ойнайды. Кезектесіп мазурка, полька-мазурканы жайнатады. Бір ауық құтыртып, асқақтата тасқындаған музыкамен «Гопакқа» соғады.

Әбіш әр әнер, әр мінездермен, отырыс-турис, киім қалпымен Абайдың жас достарының барлығын таңғалдырды. Олар қызығып таңырқайды. Оқу тәрбие мен шаһар тіршілік тәртібі бұлардан әрбір қимыл-қозғалыстарын, пішін-мұсін, қалып-қабілетін мүлде басқа еткен Әбіш мынау. Осылардың кейбірі туған ана құрсағынан туса да, мүлде басқаша боп, сыпайы бекзада үлгіде қалыптанған Әбішке көп таңырқап қарасады. Өздерінің ағасы, бауыры, ыстық досы, жандай жақын қадірлісі болған Әбіштің, бұлардан сондайлық ала бөтен өзгешеліктеріне кейде кешіріммен, кейде қызығу, мақтанумен, шексіз қошемет, құрметпен де қарасады.

Сан рет скрипканы өзі тартып өткеннен кейін, бір кезде Әбіш өз скрипкасын Мұқаға ұсынды.

Мұқа Абай ауылына бұл жастарға жолдас, дос болып, бертінде кеп қосылған. Ол осы елдің адамы да емес. Қөршілес Қекен болысындағы Үақтың Қандар дейтін руынан шыққан.

...Қалада кездесіп жүретін сыпайы мінезді, әнерлі күйші-скрипкашы және әсем әнші Мұқаны Абай мен Магаш – екеуі де қатты ұнатқан. Дәрмен, Әлмағамбет, Ерболдар сияқты өздерінің қасында сақтап, айырылmas дос етіп алған.

Ұзақ түн бойында ас пен сауық кезектестігі ауысып отырған кездерде, әрбір өредіктे домбырашы Ақылбай, күйші Мұқа, әнші-күйші Әлмағамбеттер қонақ тартып өткен полька-мазурка сияқты билердің кейбір қайырмаларын өздерінің домбырасына ақырындантып, іліп-тартып, ұғып қалып отырғандарын да байқатып отырды. Сол орайда, Әбіш ұсынған скрипканы алған Мұқа өзінше бір сезімді күй тартып кетті.

Саусактары ұлкен, тартыс мәнері Әбіштей емес. Бұл отырып, байсалды салмақпен, тек қол қозғалысымен ғана тартады. Әбіш байқап отыр. Мұқа да скрипканың тартуын әлдебір провинция күйшісінен үйренген, аз оқыған тәсілдер бар. Ұлкен техникасы болмаса да, барынша шын сезімін ынта-бейілмен жеткізбек болған сирек талап танытады. Күйі анық мұнды, күйікті жүректің шын шері. Осы күйін екі қайырып тоқтағанда, Әбіш жалт бұрылып, бұл күй не күй екендігін сұрады.

Мұқа өзіне сенімді жүзбен жауап қатты:

– Бұл күйді біз «томной места» деп тартамыз.

– Темное место?

– Темное место?! – деп Әбіш бұрын өзі естімеген күй жайынан сөл ойланып қалды.

– Бұл вальс қой өзі, – деп тағы біраз ойланды да: – Атына қарағанда, бір сезікті орыннан естілген күй сияқты ғой! – деп Мұқаның жүзіне күле қарады.

...Алыс жолдан келген өнерлі, оқымысты қонақпен сағынысқан аға, бауыр, құрбы-құрдас, дос-жарандар ең алғаш осылай кездесті.

Кешегі мол сауықтың қалың тобы бүгін екіге бөлінетін болды. Биенің бас сауымы кезінде Абай үйінде қымызы ішіп отырып, жастар өзара кім жүріп, кім қалатынын айтысты.

...Арада екі сағаттай уақыт өтті. Кейде желе жортып, кейде жазаң жерлерде бір-екі рет жарысып алысты. Бір шакта жүргіншілер аршалы тастақбелге шыққанда, үзын өлке бойында, қалың шалғынды кең қонысқа созыла қонып отырған қалың ауылды көрді.



Сахара тіршілігі – бұл жерде: ауыл, жырақтагы елді мекен деген мағынада.

Гопак – украин халқының ұлттық биі.

Полька-мазурка – поляк халқының ұлттық биі.

ОЙТАЛҚЫ

1. «Қарашығын» тарауынан берілген үзіндіні оқып танысындар. «Қарашығын» сөзінің мағынасын анықтаңдар.
2. Абай ауылдындағы обігер мен қарбаластың себепшісі кім?
3. Жазушы әке мен бала сағынышын қалай суреттеген?
4. Маңайына үлгі болған Әбіштен әкенің күтер ішкі үмітін жазушы қандай сездермен берген?
5. Әбіштің ерекше өнері мен өр мінездеріне, отырыс-тұрысы мен киген киіміне Абайдың жас достарының барлығы неге таңғалды деп ойлайсындар?
6. Әбішті өз ортасынан даралап тұрған қандай өнері?
7. Мұқа кім? Ол скрипкада қандай күйді орындауды?

ОЙ БЕЙНЕЛЕУ

1. Үзіндіні ғаламдық тақырыптағы өзекті мәселелермен байланыстырып, өз ойларында жазыңдар.

Тараудан үзінді	Ғаламдық тақырыптағы мәселемен байланысы	Өз ойым
<p>Абай өзіргі сөзді ұзаққа созған жоқ; – <i>Фылымның жаманы жоқ. Біздей сусаганга қай ғылым болса да, соңына түссе, алтын асыл қазынадай.</i> Азamatтық құралыңды мығым етіп берерлік оқу, тәрбие болса, ата-ана одан өзге қолқа салмайды, қарагым! Халқыңа басшы болар талап соңына түссең, офицер бол жүріп жетесің бе, инженер болып, адвокат оқуын оқып жетесің бе, бәрібір! Қай тұргысына барсаң да, еліңнің мұңы мен мұқтажы мың батпан. Тек, оқып все беруіңе сауышылық қуатың гана жетсе екен деп тілеймін! – деді.</p>		

2. 1-жүп – үзіндідегі көркемдегіш құралдарды, 2-жүп айшықтау амалдарын табыңдар. Үзіндіде мінездеу, портрет немесе суреттеудің мысалдары бар ма?

ОЙ ЗЕРДЕЛЕУ

1. Үзіндідегі және Абайдың Әбішке арналған өлеңдеріндегі Әбіш бейнесін салыстырыңдар.

Үзіндідегі Әбіш бейнесі	Абай өлеңдеріндегі Әбіш бейнесі	Үндестік

2. Ж. Дәдебаевтың «Тұыстарының және достарының ішіндегі өнерлілердің барлығы да Абай төңірегіне жиналған. Бірақ Абай маңын төңіректегендеге олардың әрқайсысының вздерінше құған есебі, ұстаган жолы бар» деген түжырымын топта талқылаңдар. «Абай аға», «Кек жолында», «Қараашығын» тарауларынан мысалдар келтіріндер.

ОЙ ТҮЙІН

Романиның көркемдік құндылығы мен жазушының эстетикалық мұрат-мақсатын талдай отырып, «Абай жолы» роман-эпопеясының көркемдік-эстетикалық құндылығы неде?» деген тақырыпта әдеби эссе жазындар.

Кері байланныс. «Ойды аяқта».

- ✓ Бүгін мен мынаны білдім: ...
- ✓ Мен мынаны үйрендім: ...
- ✓ Қолымнан келді: ...
- ✓ Қындық тудырды: ...

Қаламгер пікірі

Бұл роман – бүкіл түркітілдес халықтардың да адамзат мәдениетіне қосқан үлесі.

Шыңғыс Айтматов

ҚАРАШЫҒЫН (жалғасы)

Оқу мақсаттары:

- 11.1.3.1 көркем шығармадагы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен дара-лау арқылы өмір шындығын көрсету.
- 11.2.5.1 қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіндегі ортақ бағыт, әдеби ағым, жалпыадамзаттық құндылықтарды анықтау, талдау жасау.
- 11.3.4.1 шығарманы идеялық жағынан мазмұндас әлем әдебиеті үлгі-лерімен салыстыра талдап, әдеби сын жазу.



Тірек сөздер: «Қоңыр өулие» үңгірі, жастар саяхаты, үңгір тылсымдары.

Мақсатқа қол жеткізу үшін:

- ✓ жинақтау мен даралау арқылы жасалған кейіпкерлер бейнесін талдау;
- ✓ әдеби ағым мен бағыт деген теориялық ұғымды қайталау;
- ✓ үзіндідегі жалпыадамзаттық құндылықтарды анықтау;
- ✓ әдеби сын жазу ушін сынни баға беру.

...Осы уақытта күн де батуға тақаған-ды. Жұргіншілер енді желе жортып, жіті жүрүмен бүгінгі күн жетпек болып шыққан ауылдарына тақап келді. Қазір бұлар Шыңғыстың сыртын көлдененцеп кесіп аққан Шаған өзенінің бойына ілінген. Кейде шалғын, кейде тастақ жағасы бар Шаған сұзы тағы бір кезде ақшыл керішті сойып ағып, терең жарлар жасаған өзенде біраз құлдаپ, тізіле жортып келген жұргіншілер, қазір тастақ тақыр кезеңнен аса бере, жап-жақын жерде отырған мол ауылды көрді. Қозылары жаңа жамыраған, иттері үріп шулаған, құлыш-тайы шіңгірлеп кісінеген көп үнді, даңғаза болған ауылдың үстінен шықты.

Бұл ауыл – Оспанның әйелі Еркежанның төркіні – Байтас ауылы. Қонақтардың жетіп қонбақ болып келе жатқан жері де осы. Ауыл төбесін көрген соң, Қекбай жүрттың бәрін аяң жүріске салды. Дәл осы ауылдың сыртында, өзеннің ар жағында бөлекше зорайып көрінген бозғылт биікті көрсетіп, Қекбай Әбішке: «Қоңыр әулие» дегеніңіз мына тау болады! Ертең күнұзын мейлінше аралауға жап-жақын тұрғаны осы!» – деді.

Ертеңіне сәскеде «Қоңыр әулиенің» қасына кеп түскен жолаушылар тікшелеу тастақ беткейге аттарын қалмақша байлас қалдырыды. Өздері тегіс тау үңгірінің кірер аузына келді. Дәл кірер жері тар болғандықтан, Қекбай бастаған жігіттер бірінің артынан бірі тізілді. Қысаң есік сияқты, қалтарысы бар босағадан бұрылышып, аз уақытта қараңғы үңгірге барлық топ түгел кірді.

Үлкен үңгір іші сымды, салқын екен. Әркім өзі бұрын өзірлеп алған шырағдан, білте шам, шиге ораган білтелерін тұтатып, жандырысып алды. Енді әр жерде жылтыраған әлсіз шамдарымен үңгірдің қалың қараңғылығын сөл сейілткендей. Бәрі де жайылыңқырап, жай қозғалышып, айналаны барлас басады. Үңгір іші басқан сайын кеңейіп, төбесі биіктеп, мол салқын, меңреу жайға айналды. Шам жарығы түскен тастар тау сыртындағы тастай емес, қара барқын және тұтасқан жартастар төрізді. Үнсіз, жым-жырт қалың тыныштық бар. Тұнып тұрған тас қараңғы үйқыдай. Жұргіншілерді қадам басқан сайын жер асты сияқты, ертегілік бір гажайып жұмбақ жолға тартып барады. Табан астындағы жайдак тастақтың өзі де еңістеніп, жүрісті жылдамдатып, терең түкпірге жетелеп бара жатқандай. Бұрын бұл үңгірге келмеген Дәрмен Әлмагамбет және Қекітаймен ақырын сейлесіп, жай өзілдескен болса да, аяқтарын қорқақтап басады. Біріне-бірі сығылышып, кейде Қекітайды Магаш алға қарай итере түсіп, өзі соның артын ала жұргісі келеді. Қекбай мен Әбіш бұлардан ілгерілеп кетіп, айналаны тамашалап, асыға қарап келеді. Біраз жұрген соң, алдағылар «су, су!» десіп, бөгеліп қалды.

Енді біразда барлық жастар қара үңгірдің үлкен қара сұның жағасына жиылышқан еді. Түп-тұнық, таза шыныдай, мәп-мөлдір мол су жатыр. Біреулер алға қарай дабыстап үн қатса, тау іші күнгірлең, жаңғырығып, азғана дыбысты да әуліктіріп, алысқа әкетеді. Қолына ұзын шыбық құрық ұстаган Дәрмен су бойын жағалай түсіп, терендігін өлшеді. – Бұл су мол! Терең тұңғының екен. Шетінің өзі де Өлмағамбет сияқты аласа кісінің бойынан асып кетті! – дейді.

Көкітай мен Дәрмен енді біразда жерді сипалап жүріп, ұсақ тастан тауып алып, құлаштап, суды бойлап лақтырып көрді. Бар пәрменімен лақтырган тас ұзап барып, терең суга шолп етіп түседі. Үңгір бойы белгісіз ұзаққа созылып жатыр. Тау ішінің көлі де алысқа кетіп, созылып жатқанын танытады.

Шамдарының жарығын су бетіне түсіре отырып, жастардың әрқайсысы әр түрде таңданған сөздерін айттысады. Әбіш осында үңгірдегі көлдер туралы оқыған бір жайларды айта бастады. Жастар мұны қоршап ап, тыңдалып отыр.

– Адам қиялды мұндай үңгірлерге неше алуан ғажайып жандарды мекендетеді. Біздің бәріміз бағанадан осы үңгірге кіргелі біраз сескеніп, үркектеп келдік. Егер осы судан шын бір мақұлық көрінсе, қандай қорқар едік?! – деді.

Әбіш Өлмағамбеттің бағанадан қорқып, өз-өзінен бұғынқырап, тіпті, ақырын сейлеп, сыйырлап жүрген жайын еске алды.

– Сондай бір мақұлық албасты шайтан бейнесіне түсіп, бізге көрініп қалса, ғажап емес-ау! Егер ол көрінсе, біздің Өлмағамбет құрбанға шалған лақтай бақырар еді! – деді.

– Кім білсін, әлде шамға, біздің дабырға құлақ салып жақындала та келер! – дей отырып, Әбіш орнынан оқыс атқып тұрып: – Әне, келіп қалды! – деп, артқа қарай жалт бергенде, бір Өлмағамбет емес, Мағаштан басқа жастардың барлығы қоса жапырылып, артқа қарай салдырай қашты. Қебінің шамдары да өшіп қалып, біріне-бірі қақтықты. Өлмағамбет елден бұрын жығылып еді. Дәрмен қорыққан жоқ-ты. Өлмағамбеттің үстіне әдейі құлап, үнсіз жаныштап жатыр. Шошыған Өлмағамбет дыбыстай алмай сыйырлап: «Өлдім, әлдім!» деді.

Тек бұлардың артынан естілген мазақ құлкі ғана үркек жастардың естерін жиғызыды. Әбіш пен Мағаш үңгір ішін жаңғыртып, сақылданап құледі. Өлмағамбетті тұрғызып алған жастар, енді оны қоршай сүйемелеп, құлісіп, қайта оралды. Шамдарын тағы жағып алысты. Көкітай енді Мағашқа әзілдеді:

– Сен қорыққаныңдан қозгала алмай да қалдың-ау! Сен негып қашпадың?!

Магаш даңғырлап қатты сөйлей мысқылдан түр. – Шайтан болса, одан «қашып құтылам» дейтін мен надан емеспін ғой сендердей! «Аятул-күрсіні» оқып тұрдым. Бәрінді мен құтқарып тұргам жоқ па!

Өлмағамбет енді есін жиып, дағдылы қылжаққа басып:

– Е, айналайын Магаш, әйтеуір, осы үнгірден шыққанша сол дұғанды ұмыта көрме! – деді.

Озге жастар бұны өлі де мазақтай түсіп, күлісіп түр.

Алғашқы желісі үзілген әңгімені Әбіш қазір қайта бастады. Ол енді көшпілікке үғымды жайды сөйледі:

– Бұндай үнгірлер анда-санда әр тауларда кездеседі. Соның көбінде осындай көлі де болады. Және сол үнгір көлдерінде қараңғылықта тіршілік ететін мақұлық бар. Ол үнгір көлінің балығы деп аталады. Ал өзі балықтан сырт бітімі жағынан өзгерек жан иесі. Оның түсі адамның жалаңаш етіндей ақ сүр келеді. Ұзындығы бір жарым кездей. Он үшон төрттегі баладай болады. Құн сөүлесін көрмейтіндіктен, реңі ақшыл келеді. Өзінің көзі жоқ, мұлде соқыр болады! – деді.

Көкбай таңданып өзілдеді.

– Астарыпыралла! Әбіш-ау, мынау айтып тұрганың нағыз албастының өзі ғой!

– Атамаңыз! Көпірдің бетін әрі қылсын. Мынау көлде ол жүрмей-ақ қойсын! – деп Дәрмен де қалжыннады.

Өлмағамбет енді қыбыжындан, тағы да сенімсіз қорқақтыққа ауысты:

– Өй, жігіттер! Осы ақыреттің қызығын көріп болдық қой! Енді тек жарық дүниемізге шықсақ қайтеді! – деп еді.

Әбіш оны түңілтіп:

– Қайтқаны несі? Бүгін күні бойы осында боламыз. Мына үнгірдің әр жаққа кетіп жатқан тараулары бар. Қазір соның әрқайсысына бөлініп түсіп аралаймыз, асықпаймыз! – деді. Бұнысы – байлау, берік айтылған сез.

Өлмағамбет амалсыздан басын шайқап:

– Ендеше, Магаш, мен сенің шамынды ұстап жүрейін. Сен, әйтеуір, әлгі жарықтық «Аятул-күрсіні» оқи бер! – деп Магаштың қолтығына кіргендей бол, сырт жағына жабысып түр.

Көкітай Әбішке қарап, осы үнгірдің «өулие» аталатын себебін сұрап еді.

Әбіш өзінің шапшаң, ширақ бойымен лып етіп тұрып, қозғала берді. – Ол – ең үлкен мәселе! Біз қазір соны шешуіміз керек. Келіңдер, біз сол өулиені іздейік енді. Мынау ғажайып үнгір мен осы жұмбақ жартастар арасында өулиеден қалған із болмасқа мүмкін емес. Жүріндер! – деп су жағасынан кейін бұрылды.

«Қоңыр әулиенің» үнгірлері біреу емес, бүйірлеп кететін бірнеше қалтарыстар бар еді. Соның бір үлкен бұрмасына тұсті де, жүре берді.

Бірер жақпар тасқа Мағаш, Кәкітайлар өздерінің аттарын жазды. Бұлар осы тұста бөгеліп қалғанда, Әбіштің қасына Дәрмен ерді. Үнгірдің тағы бір қалтарысына екеуі оқшауырақ кетті.

...Содан ары жалғыз өзі ілгерілеп кетті. Аздан соң:

– Кәкітай, Дәрмен, Мағаш! Мұнда келіңдер! Мен әулиені таптым! – деп көңілдене дабыстады.

Көлдің сол жағындағы бір кең қалтарыста Әбіш бұларды тосып түр екен. Шамымен бүйірде жатқан бір ұзын тастың бойын жағалай жарқыратып, қадала қарап түр.

– Өулие, мінеки! Мынау тәсекше қашалған тасты көріндерші. Мынау бас, мынау иық кескіні!.. Ұзын дене, бойы былай кетеді! – Кәкітай мен Мағаш тас мүсінге таңдана қарап, Әбіштің айтқанына илана бастады. Дәрмен де сұлап жатқан мүсінді анық аңғарғандығын айтты. Әбіш енді өзінің табысына толық сенген үнменен өзіл тастанды: – Рас, «Қоңыр әулие» сұлу мүсінді емес! – деп ойланып түр. – Бірақ адам бойына тілеген қуат, қиял еткен қайрат байқалады. Мен білсем, баяғы адам қиялшылдыққа келгенде, ешкімнен осал болмағандай! – деді.

Қоңырсалқын үнгірдің ішін ұзак уақыт, кейде терең ойлы сез, кейде күлкі өзілмен күңгірледіп, даурықтырып жүрген жігіттер тобы енді шығуға айналды. Алдарынан кең үнгірдің тар есігі көрінді. Жарық Күннің сөүлесі алтын теңгедей жарқырайды. Кейін бұрылған топтың ең алдында кішкентай бойлы, жуантық денелі Өлмағамбет келеді.

Ол адымдай түсіп, асығып барып, елден бұрын сыртқа шығып, тас үстінде терін сұртіп отыр. Кейінгілер шығып болған соң, құтылғанына қуанғандай ақсия құлді.

– Бұдан былай, бұл әулиеңізben араласымыз бола қоймас-ақ! Ер Тестік болмай-ақ қоямын. Жер астының сұлуы емес, осы тобықты ішінен таңдаған қызым қолыма тиетін болса, менің ертегім сол! – дейді.

Атқа мініп, ойға таман түс бергенде Әбіш тастан қаланған кеп бейіттерге бұрылды. Бұл бейіттер барлығы біріне-бірі ұқсас, бір гана мезгілде туған кеп мола тәрізді. Кейбір бейіттерге үциле қарап келген Әбіш бірнеше жерде тұрган сирек тастарды көрді. Солардың әрқайсысының бетінде қашап салған таңба бар.

Арттағы топпен Кәкбай жеткенде, Әбіш осы бейіттердің мәнін сұрастыра бастады. Кәкбай бұл бейіттің Тобықты бейіті емес екенін білдірді. Таңбаларды бұрын ол өзі байқаған емес еді. Қазір атынан түсіп, таңданып, үциле қарап жүріп, Арғынның «қос дөңгелек» таңбасын танығанын айтты. Керейдің «ашамай» таңбасын, Найманнның

«шөміш» таңбасын тағы да кезек-кезек тауып, таңдайын қағып, басын шайқады.

– Орта жүздің бар атасы бас қосқан зират көргенім осы. Мынада бір қалың сыр бар-ау, жігіттер! Исі Орта жүздің бір араға қойылған ұлты бар дегенді естіген де емес ем. Бұл қалай, ә!? Не гажайып!.. – деп көп бейіттің орта тұсына тоқтап, жүгініп отырды да, «сұннәтәні» мақамдарап созып, Құран оқып, бата қылды. Бір жерде опырылып, іші үңірейіп жатқан мола да бар екен. Соған кеп үңілісіп түрған топқа Мағаш бір бас сүйекті көрсетті. Сарғайған сүйектің шеке тұсында оқ тескен тесік бар екен. Көкбай енді тың бір әңгімені баяндап кетті:

– Осы Арқаның елі Абылайдың жорығын көп айтады гой. Қалмақпен сол заманда соғыс салған Абылай болды. Ал енді бір естіген ақызын және бар. Абылайдың қолы осы Арқаны бойлап, қалмақпен қуа соғысып келе жатқанда, бір уақыт қалмақтар тәсіл жасапты. Бір тастың үңгіріне кіріп, бекініп жатып алыш, жасырынып қалады. Артынан қуып келе жатқан Абылайдың қолы «жау қашты» деп, бейқам болады. Сонда қалмақтар үңгірден шығып, Абылайдың қолын тұтқыл шабуылмен қырарман болыпты дейді. Бірақ жүрт ес жиып, соғыса бастағанда, қазақ көп болғандықтан, қалмақ қайта қашып, үңгірге кіріпті. Сонда бекініп жатып, садақ атып, Абылайға алғызбай қойыпты. Көп адамы қырылып, ашынған Абылай қолдагы батырларына жар салыпты. «Кімде-кім ерлік етіп айласын тауып, осы қалмақты дәл осы үңгірден шығармай қырып беретін болса, будан былай қолбасылық дәрежені үнемі сол кісіге бүйірамын!» депті. Сонда Абылайға ерген көп батырлардың ішінен үздік шыққан Қаракерей Қабанбай болған еді. Құндіз-тұні талмай ұрыс салып, үңгірдің аузын оқпенен көміп, қалмақты бұқтырып отырып, әлденеше күн аштықтан бұралтады. Сейтіп, ақыры қалмақты жеңіп, Абылайды дегенине жеткізеді. Соның артынан жеңістің тойын жасағанда, Абылай Қабанбайды қасына алыш отырып: «Бар батырдан сен оздың. Жеке-дара шығып, озып тұрсың. Айтқаным айтқан, сертімнен шыққаным осы, қайратың үшін будан былайғы жорықта ұдайы қолбасы сен боласың! Және будан кейін сенің атың Қабанбай емес, «Дарабоз» болсын!» – депті. Қабанбайдың бұл кезде жасы егде тартып, сақал-шашина бурыл кірген кезі екен. Содан мұны барлық анызда «Дарабоз» атайды! – деді.

Жиын жұрт Көкбайдың әңгімесіне барынша иланып, ықыласпен тындаады. Көкбай енді тағы бір тың жайларды баяндап кетті:

– Ал енді бұл қай шабуыл екен? – дей түсіп, ойланғанда отырып, алыш күндер оқиғаларын еске алды. – Абылайдың шабуылы көп болған. Соның атақтылары: «Шаңды шабуыл», «Қоржын қаққан» деп айттылады. Қалмақпен болған бітімнің ең үлкенін «Қандыжап бітімі» деп атайды.

Өткеннің бәрі көңілге күңгірт, көзге көмескі той. Кім білсін, мынау қырғын әлде сол жорықтардың біреуінің жолында болар ма екен? – деді. Осыдан кейін Кекбай Өбішке қарап, өзінің Абылай туралы дастан жазғалы жүргенін айта келіп, енді бір нық байлау жасай сейледі. Бар жастарға қарап:

– Үндемендер, мен қазір тап осы жерде өзім үшін бір үлкен түйін шешкелі отырмын. Енді мен Абылайды жазамын, жазғанда үлкен дастан етіп, бар қазақтың баласы Абылайдың аруағынан айналатын етіп жазамын, – деді.

Дәрмен Кекбайдың бұл байлауын үшқары көрді.

– Аруағынан айналмай-ақ, шынды жазса, жетпей ме? Абай ағам бізге соны өситет еткен жоқ па еді?

– Жоқ, бұл жөнінде, Абылай тұсында, оны қанша мақтап көтерсем де, Абай ағам теріс демейді, демеске керек. Өйткені қазақтың бұдан артық әулиесі болмаған.

Дәрмен ол сезге тоқтамады. Кекбайдың осындайда бір жаққа лағып кеткіш қыңырлығын ол өрқашанда сүймейтін.

– Әулиесі дейсіз, біз Абай ағамның тәрбиесі, өситеті бойынша нелер әулие-әнбиені де сынап, талдап алатын болмап па ек?

Кекбай бұл тұсқа келгенде ызалана сейледі:

– Қой, шырагым, бүйтіп асқақтама! Абылай – қазақтың ұлы ханы, оған тіл тигізgendі көтере алмаймын, – деп атына жақындей берді.

– Е, Қеке! Дастаныңызды бітірген кезде көрерміз, төрелерге тізгініңізді беріпсіз той, тек «тереге ерген ерін арқалайды» деген қалың қазақтың ақылы тұра болып жүрмесін, – деп тағы Магашқа қарай көзін қысты да, сөзін бітірді.

Дәрменді қостап күлген жастар көп еді. Сондықтан ба, Кекбай томсарды да, үндемей қалды.

Жол ұзак, жүретін уақыт қысқа болғандықтан, бұлар енді аттаннысымен қатты жүрмекке үәделесті. Топ алдында жараву сары атқа мінген Өбіш қатты желіп келеді. Кейде жазық жерде ұзак жарысты да өзі бастап, топты артынан қалдырмай үнемі суыт жүргізіп отырды. Сондайлық үрдіс, өнімді жүріс арқылы ғана бұлар Абай ауылына ел жатар кезде келіп жеткен еді.




«Қоңыр әулие» үңгірі – романда Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы Тоқтамыс ауылынан 18 шақырым жерде орналасқан «Қоңыр әулие» үңгірі туралы айтылған. «Қоңыр әулие» деген атпен тағы бір үңгір аталады. Ол – Павлодар облысындағы Баянауыл тауының батыс жағындағы Аққарағай тауының күнбатыс етегіндегі үңгір.

ОЙТАЛҚЫ

1. Өбіш «Қоңыр әулие» үңгіріне кімдермен барды?
2. Үзіндідегі географиялық атаулардың мәнін ашындар. «Қоңыр әулие» үңгірі туралы естігендеріц бар ма?
3. Жазушы үңгірді қалай сипаттаган?
4. Көкбай кім туралы дастан жазбақшы болды?

ОЙ БЕЙНЕЛЕУ

1. «Оқиға картасы» әдісі бойынша топпен үзіндінің сюжеттік желісіне сәйкес негізгі оқигалардың суретін салып, олардың қасына мәтінді мазмұндауга көмектесетін тірек сөздер мен сөз тіркестерін жазындар.



2. Үзіндідегі жастар бейнесін топтастырындар.

- 1) Тарихи негізі бар бейнерлер:
- 2) Ақындықта бейім жастар:
- 3) Скрипкашы, әнші жастар:

ОЙ ЗЕРДЕЛЕУ

1. 3. Қабдоловтың «Арна» сын-зерттеу әсселер жинағынан алынған «Өуезов пейзажы – бай палитраның түрлі түсті бояуларымен келістіре салынған сурет қана емес, шынында да құдды жанды адам: дем алады, қозгалады, жадырайды, күледі, жылайды – дәл адамша әрекет етеді» деген пікіріне сүйене отырып, романдағы пейзаж көрінісі туралы пікірлерінді білдіріңдер. Үзіндіден мысалдар келтіріңдер.
2. Үзінді мен әлем әдебиетіндегі ортақ бағыт, әдеби ағым, жалпыадамзаттық құндылықтар туралы болжамдарың мен тұжырымдарыңды жазындар.

ОЙ ТҮЙІН

Шығарманы идеялық жағынан мазмұндағы әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап, әдеби сын жазындар.

Кері байланыс. «Үш минуттық эссе».

- Бұғінгі үйренгендеріңің ішінде ең маңыздысы не?
- Қай сұрақ есінде қалды?
- Сен үшін ең қызын, түсініксіз болған не?

Тарихыңды зерделей біл

Қоңыр өулие үңгірі Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданындағы Шаган өзенінің оң жағалауында. Үңгірдің тар аузы Шаган өзенінің жарқабақты жиегінен 80–100 м жоғары орналасқан. Ұзындығы – 65–70 м, ені – 10–22 м, биіктігі – 2–14 м. Негізгі үңгірдің оң жағында 15 метр жерде ені 50 см, биіктігі 110 см тар қуыс бар, қуыс кеңеңе келе ұзындығы 12 м, ені 10 м, биіктігі 5 метрдей ұлкен бөлме орнындағы қуысқа ұласады. Бұдан 12 м солтүстік бағытта үңгір төбесінің биіктігі 20 м, диаметрі 5–7 м екі күмбезді болып келеді де, көлге жалғасып аяқталады.

Қаламгер пікірі

...Әз басым өзге елге сапарға шығып, өзге жүрттың табалдырығын аттай қалсам, әрқашан қасиет тұтып, өзіммен бірге қастерлеп ала жүретін екі түрлі үлттық асылым бар: бірі – «Манас», бірі – Мұхтар Өуезов...

...Мұхтар Өуезов – «Манас» эпосының асқан білгірі және зерттеушісі, қырғыз әдебиетшілерінің досы және ұстазы... Қазақ пен қыргыздың тілдері домбыраның қос ішегі секілді өзара жақын және үндес, сондықтан Өуезовтің кітаптарын біздер екі тілде бірдей құмартса оқымыз...

Шыңғыс Айтматов

ҚАҚТЫҒЫСТА

(жалғасы)

1

Oқу мақсаттары:

11.1.2.1 әдеби шыгармада көтерілген мәселелерді қазіргі өмірмен байланыстырып, үлттық мұдде тұрғысынан ашу.

11.2.1.1 әдеби шыгарманың композициясын, жанрлық ерекшеліктерін айқындаپ, уақыт пен кеңістік тұрғысынан талдау.

11.3.2.1 көркем шыгарманың жаңашылдығын галамдық тақырыптармен байланыстыра отырып, сини тұрғыдан бага беру.



Тірек сөздер: Оспан қайғысы, жаңа мәселе, Әбіш ойы, жатақтар.

Мақсатқа қол жеткізу үшін:

- ✓ үзіндідегі оқиғаларды қазіргі өмірмен байланыстыру;
- ✓ уақыт пен кеңістікке талдау;
- ✓ сыйни бағалау.

Әбіш биыл да жазғы демалысқа елге қайтқан. Бірақ бұл жаз соншалық басқа, бетен. Бала шағынан бері елге келіп жүріп, дәл қазіргідей жүдеу жүз, жадау көңіл аға-бауырын, ауылын да білген жоқ-ты.

Бұл елдің қазіргі жайлауы да Шыңғыстың сырты емес. Салқын белдер, ұзын аққан өзен-бұлақтар, көгорай шалғындар да жоқ.

Ауылдар алыс жайлауға шықпай бауырда, Ералыда қалыпты. Әбіштің келген кезі июльдің басы, жаз ортасы болғандықтан, кең жазықтың тықыры көгалдары тапталып қалған. Айнала атырапқа көз салсаң, сарғыш көде, бетеге басқан реңсіз дүние мол жатыр.

Сол көрініс те осы өлкеде отырған көп ауылдың мынау жаздағы жабырқау ажарына сай келгендей.

Алғашқы үш күн бойында әкесінің қасында болған Әбіш, қазір Абайдың да үлкен уайымда екенін көрді. Бір Абай емес, биылғы жыл осы отырған бар ағайын, көп ауыл тегіс қаралы. Себебі, өткен қыстың бас кезінде Оспан қайтыс болған.

...Өлім кешіріммен келеді. Қайтыс болған адамның жақсылығын ғана айтқызып, айып-міндерін ұмыттырады. Бірақ осымен аралас Абай ойына жанасқан күдік те бар. Ол әлеумет азаматы болған ақын Абайдың өзіне де, алыс-жақынға да сынмен, әділ талаппен қарайтын ойынан туады. Сонда Оспан екі алуан бол ойға келеді. Кесек, бірбеткей, қайратты жан еді. Жасынан ұстаған жерде қолы, тістеген жерде тісі кетерлік, берілген бетіне барымен ауатын тұтас бітімді. Дүниекорлығы, сараңдығы жоқ, дос болған адамына ақкөйлек ашық. Өзге көп туыстың оған тенелері жоқ. Оларды ойласа Абай, өсіреле Оспанды жаңағы жақтарынан жоқтай түседі.

...Әбіш келгеннен бері Ералыға екі күндей мол бата оқыршы тобы келді. Абай екі күн ұдайы Оспан үйінен шықпады. Әбішке де осы үйде отырып, аға зарын мұң етуге үйгарғандай. Бұл күндерде Әбіш әкесіне де ұзақ-ұзақ қараушы еді. Сақал-шашының ағы биыл айқындан молая түскен Абайдың қазіргі міnez әдетінде де өзгеріс байқалады. Ол бүгінде өте аз сейлейді. Осы қазаның салдарынан ұзақ жалғыздық ойна кеткендей.

...Жылап келген бата оқыршы ағайын қасында әрі өзі отырады, әрі Әбішті де осы жүрттың ортасында, Оспан үйінде көбірек отырғызады.

Тек үшінші күн кешке жақын Әбішті Оспан үйінен Дәрмен ertip, көп ішінен жарып алып шықты.

...Оңаша шығысымен Дәрмен осы жайды бастай бергенде, Әбіш өз ойында жүрген ең соңғы, ең мазасыз жарасын ескергендей, шұғыл өзгерді. Бар қабілеті, қалпымен тұтас қана Дәрменге бағынып, тыңдал қапты.

– Біз сені Абай ағама, бәрімізге ем әкеледі деп күткеміз, Әбіш. Өзіміз ауыр уайымын сейілте алмай қойдық. Бұндағыға қуат бер. Мен саған осыны әдейі айтайын деп ертіп шықтым! – деді.

Әбіш бұл сөзге көп шешіліп, жауап берген жоқ. Сейлем келе жатқан Дәрменнің жүзіне көлденеңнен жиі қарап, оның шыншыл түсіне үната қадалды. Жылтыр қара қасты, үлкен көзді, кесек қырлы мұрынды Дәрмен – анық сұлу жігіт. Қазір жүріс үстінде толқынып сейлеу себебінен өң-ажары ақсүрләніп, қыландана түскен. Ашық мандайында, кесек мұрнының жотасында және екі бетінің үшінда жылтырап білінген сүйкімді шұғыла бар. Бұл рен де Әбіш кезіне өзгеше жарастықты көрінді.

...Осы күні кешке ымырт жабылған соң, Абай өз ауылына кеп, аттан түсті де, Әйгерім үйінің киіз есігін көтеріп ашты. Үй іші қараңғы екен. Ешкім белгі бермеді. Тыста да Абайдың атын ұстап, алдынан шыққан кісі болмаган.

Абай қараңғы үйдің ішіне бас сұғынқырап тұрып:

– Әйгерім?! – деді.

Сол сәтте үй ішінен төсек жанынан сергек қозғалып, Әйгерім жауап қатты.

– А-а-б-а-й! Сізбісіз! Аба-ай! – деген үні соншалық бір оқыстап қуанған белгідей. Жіп-жіңішке әсем дауысы барынша жақын леппен жан тартқандай, ыстық көрінді.

...Жастар келгенше Абай кітаптың ашулы бетіне жиі қарап отырып, жазып жатыр еді. Соңғы бір ауыз өлең өзін қатты қобалжытты. Шабытты толқын қозғау салып, құбылып құйылғандай:

...Кім білер жабырқаңқы жазған сезім,
Жібермей көп тоқтатар оның көзін!
Жолаушы жол үстінде тамаша еткен
Секілді, еткен жанның бір күмбезін...

Күндіз жастарға айтқан сыр қиялдың бір тарауы осылайша Байрон, Лермонтов үндеріне сай келумен шыққандай. Батыл дауыс пен қатқыл үн тастамады. Қоңыр кеште баяу қоңыр, мұнды саз сөл шертіліп басылды. Болашақтың оқушысына емеурін арқылы сыпайы, сараң сөлем жолдағандай. Оnda да сезімтал, танығыш, ойшыл оқушымен «жабырқаңқы сез», «кумбез» деп елес беріп, тартынып тілдескендей.

Жастар бұл үйге қалың тобымен, тыстағы өзіл, дабырымен сергек ажар ала кірді.

Абай олармен араласа отырып, Өйгерім қолынан шай ішті. Соңғы жыл дағдысы бойынша, ол шайды аз ішетін. Павловтың жүрек қамында, саушылық жөнінде айтқан мәслихатынан бері Абай сұйық асты аз ішуге тырысатын. Өсіреле шайшыл әдетінен өзін-өзі тежеп жүретін.

... – Жә, шырақтар, мен бүгін сендердің алдыңа өзіміздің ағайын-туыстың жаңа бастап отырган бір сәлем сезін салмақшымын. Бүгін таңертең маған Есіргеп келді. Оны жіберген Тәкежан мен Ысқақ. Менің бір аға, бір інім. Екеуі менен оңаша сөз байласып, енді мені де ақылына алмақ болып отыр! – деп Абай біраз бөгелендей қалды.

Кәкітай өз әкесі Ысқақтың аты Тәкежанмен қатар аталғанда, Абайға ауыр ренішті жай бар ма деп қысылып еді. Ол өзі Ысқақтан туғанымен, Абайдың тәрбиесінде өсіп, туған баласындағы кеткендіктен, Ысқақтың сезі, ісі, мінезі болса, барлығын да ең өуелі Абай көзімен қарап бағалайтын. Әке-шешемен аз араласады. «Абайға жайсыз мінез Ысқақ жағынанғана тұмаса екен» деп үнемі іштей күдікте, сезікте жүретін.

Абай өзінің бөгелісінде Кәкітай жүзінің қысылған өзгерісін бақты да, оны тыныштандыра сөйледі.

– Өнеугі жатақтың шатағына жалғас, тағы бір бықсыған араздық, жаманшылық сезін бастай ма деп ем. Сөздері орынсыз емес сияқты. Үй ішінің, осы ауылдың ортақ ісі болғандықтан, мен сендердің кеңесінде әдейі салып отырмын. Тәкежан мен Ысқақ екеуі Оспанның жылын берейік дейді.

Магаш өзі күткен кеңес бүл емес екенін еске ала отырып, дағдылы шапшаңдыры бойынша:

– Е, Оспан ағамның жылы толмай тұрып, ол кісілердің асыққаны несі? – деп қалды.

– Асыққанда орынды дәлел бар тәрізді, – деп Абай Магашқа бір рет көз таstadtы да, көпке ақыл сала сөйледі. – Оспанның жылы толғанын күтсек, ол декабрь ортасы. Қалың қыс кіріп қалады. Қыстауда, таршылықта отырып, ас бере аламыз ба? Қыс қандай басталады? Ол да мәлім емес. Қазір болса ел жиын, шаруаның тығыз-таяңы жоқ. Енді бір он бес-жиырма күнде жылын беріп үлгеруге болады. Одан кешікsec, күздің жауыншашыны тағы келеді. Отын-су да қыындаған кетеді. Елден ел ажырап, қыстау сағалап, бытырайды. Енді қалған екі-үш айдың айырмасы бар ма? Осындаған жер кеңірек кездे жылын берейік депті! – деді.

Өуелі жүрттың бөрі аз ойланып қалып еді. Абай сабыр мен мәслихат тосты. Біраздан соң Кәкбай тамағын кенеп алыш:

– Абай аға, менің ойымша, сол кісілер дұрыс айта ма деймін. «Ас» деңіз, «жыл» деңіз, әйтеуір, қалың жиынды жөнелту керек. Соған дәл осы мезгілден қолайлы кезді мен де таппай отырмын! – деді.

Өбіш те, Көкітай да осыны қостады. Ақыры, Абайдың өзі де қарсылық білдірген жоқ. Байлағандай бол, Көкбайға ертең барып, Тәкежанға соны айтуға да тапсырды. Магаш та әкесі үйгарған соң, қарсы болған жоқ. Бірақ өзінің мінезді, көнілшек адамгершілігі бойынша жаңағы байлауға жалғас бір кеңес қости:

— Осы байлау дұрыс шығар, аға, — деп Абайға ойланған қарады да, — жалғыз-ақ, ендігі жайды кісі салысып, елші жүргізіп сейлеспей-ақ, үй іші кеңесі еткен мақұл болмас па? Оспан ағам үйіне бар ұлкендер жиналышп отырып, анау үш келініңдің басын қосып және олардың балалары: Әубекір, Пәкізатты да қастарыңызға алышп отырып ақылдасты дұрыс-ау деймін! — деді.

Бұнысы Абайдың ойына келмеген екен. Ол осы ақылды аса дұрыс көріп, тез құптады. Өздерінің ағатын түзеген Магашты ұнатып қалды.

...Сейтіп, жиын байлау жасап, Оспанның жылын енді жиырма күнде беретін болды. «Ас» демей, «жылы» деп жариялауға үйгарысты.

Сол үшін Абайды алыстан, сырттан кінәлап сөйлеген сездер көп болса да, ендігі өлімнің бәрін де Ырғызбай ортасы «ассыз» атқаратын.

«Жылы» деп шешкен соң, оған шығарылатын мал саны, шақырылатын ел көлемі аталағы. Бар Ырғызбай Оспаннан пайда көрген. Сол себепті Тәкежан мен Ысқақтың айтуы бойынша, ол ағайынның бәрі де шығынға ортақ болуға өзір екен.

...Тәкежан Өбіштің сезіне таңданған жоқ. «Орысша ескендіктен, түсінбестік етіп отыр» деп, сөл кешіріммен күлімсіреп қарады.

— Е, шырағым-ау, атамызыңың жолы сол емес пе? Бұндай жиында мал шығыны орынды. Жұмсалатын жолы да осы. Оны, тіпті, шаригатымыз да құптайдығой! — деді.

— Шаригат құptaғанда, көріп-қасерге берілсін деп құптайды! — деп Өбіш өзінің әр жайды біліп, ойланып сейлеп отырғанын танытпақ болды.
— Өзі ток, қызықмасы жиынды қымызбен қыздырып, етпен кептей түс демейді. Мен білсем, осы жолы шығаратын мал түгел жұмсалсын, бірақ анық мұқтаж, нашарларға үлестіріліп берілсін... Өлген жанның артын солай күтсе, мақтан үшін, атақ үшін емес, игілік үшін күткен болар еді ғой! — деді.

Өбіштің оқшаша ойларын Абайдың үгіна түскісі келді.

— Кімдерге беріп, қайда жұмсаса, мақұл дер едің?

— Кім деріңіз бар ма? Жоқшылық жүдеген ел аз ба айналамызда? Ең алдымен, мынау қалың жатаққа беріп, солардың жүдеу шаруасын аз да болса, сүйеп кетуге болмас па еді? Олар болса, шетінен осы ауылдың көп заманғы малшы, қосшы көршісі емес пе? Тіпті, шынға келсек, ата-аналарымен ұзақ еңбек еткен... Арқа-басы жауыр бол, тозып, азған күйлеріне, тым құрыса, осындайда қарасса, не етеді? Сіздердей ел кісілере, оқта-текте осылай ойласа, обал бола ма?

Сөзі Тәкежандарға жат көрінгенмен, дәлелді сияқты. Өбіштің өзі ойламаған түрде сөзі шешен бол айтылды. Абай осы жағын ғана аңдал, баласының байлауынан, жаңа буынның жаңа үнін естігендей болды.

Оз ішінде Өбішке қарсы дау ойлаған жоқ. Бірақ Тәкежан үшін «тікбақай» сөзі тек бір ұстірт, женілдік есепті болды. Ол бұран ой тоқтатқысы келмеді. Тек мырс беріп, жақтырмай күлді де:

– Жатақ-сатақ деп неғыласың, Өбірахман, кедей десек, ол кедей өздеріміздің бүгінгі көршілерімізден де табылады. Ескеретінін ескерерміз! – деп мойнын Ысқаққа қарай сырттап бұрды.

Ысқақ та Өбіш сезіне бөгелуді ойлаған жоқ. Ол өзірге шейін екі ағасының сезін тыңдал, үнсіз отыrsa, енді Өбішті тоқтатпақ бол, қысқа ғана түйін айтты:

– Жылын бергенде, қайыр-садақалық мал да бөлінер... Сонда көрілер, оның қазір не сөзі бар? – деді.

Абай бұл арада үндеген жоқ.

Кеш бата кеңестің бар жағын шешкен ағайындар тарай берді.

Абай да Өбішті ертіп, өз ауылдарына қайтты. Атқа мінбей, екеу ғана бол, ақырын жаяу басып, әңгімелесіп кетті.

Қазір Абай Өбіштің иығына бір қолын асып келе жатып, оның жаңағы сездерін еске алды.

– Сен дұрыс сез айттың, Өбіш... жоқ-жітік, жатақ туралы айтқаныңың бәрі де жай сез емес. Өнімді, өрелі сез. Бірақ осыны кітаптан үққан ойша айттың ба, жоқ, жатақ жайын білгендіктен айттың ба?

– Кітаптан үққаным мен жатақтан көргенім екеуі дәл қосылған соң айттым.

– Жатаққа барып па едің? Өлде Дәркембайды көрдің бе?

– Дәркембайды да көрдім... Жатақтың әр үйінің өзіне де, күнде жаяулап шыққанда, бас сұғып, байқап жүрмін.

– Оның жақсы екен, Өбішім... Ал Дәркембаймен сөйлескенің, тіпті, дұрыс. Сен екеуіміз кітаптан оқып білгеннің көбін, Дәркембай өмірден бақылап білген...

– Өз аузымен татып та білген...

– Иә, рас, ашысын татып білген, ауырын арқалап білген. Тарқамас қу түйіннің көбін ақылды басымен ойлап, барлап білген. Онымен іштесіп сөйлессен, анық халық үнін де, мұңын да үғасың... Бірақ сенен тағы бір сез сұрайын... Ал Оспанның «жылы» деп мал шыгардық, соны себездеп көп жатаққа бір қара, жарым қарадан бөліп бердік. Рас, сен айтқан қызықмасыларға жіберген бос шығыннан бұл көп пайдалы. Өрбір нашар үйге жеке бір қара тисе, бірер айға болса да, үлкен олжа. Үәләкин, халықтың сондай қалың көпшілігінің мол мұқтаждығы қайда?

Оларға мынау іstemек ісің не талшық болмақшы? Бұл бір шөкім ғана, зәредей ғана, тіпті, болымсыз жақсылық қой... Ал сен қараңғы кедей жүртүңнен ең алғашқы емшісі екенсің. Сенің сол қалың көпке, халқыңа арнаған басқа ойың, мұратың, жәрдемің бар ма?.. – деп Абай баласына барлап қараган.

– Мен әлі оқуды тауысқам жоқ қой, – деп Әбіш әуелде өз ойларын жия алмай қалды.

– Рас, тауысқан жоқсың. Бірақ тауысуға жақынсың. Мен бір сенің басыңда да арнап айтпаймын. Оқуды тауысқан қазақ баласы да бар ғой. Естуімше, Қарқаралыдан, Омбы, Қараёткелден және онан аргы Орынбор, Троицкіден, Кіші жүзден де оқып жүрген қазақ жастары шыға бастады. Жыл құсындай сендерсің. Жаңа дәуреннің алғашқы келгіні боларсыңдар. Жә, халық туралы, оның бүгінгі ауыртпалығы туралы, болашақ тағдыры туралы ой іздегенің, соны жиып, түйгенің бар ма? Бұны мен бір саған емес, сенің өзінді қоса бар тобыңа айтам. Орысша оқуға, дұрыс жолға түскен барлығыңа, қазақ жасына айтып келем... Осыны айтшы!

– Өуелі бір нәрсенің басын аша сөйлейік, ага. Жаңағы сіз санаған көп жерде оқыған, көп қазақ жасы азғантай ғана оқып, ерте тоқтап қалып жүр...

– Рас... Рас, – деп Абай Әбдірахманның сезін бөле берді де: – тоқтап қалып жүрген жоқ. Топтап барып тілмаш, песір болып жүр. Көбі және песір де бола алмай, кесір боп жүр. «Қазақ жаманы орыс бола алмайды да, орыс жаманы қазақ бола алмайды» дегенді біздің халық соларды көріп айтқан. Бұл не деген сез? Мениң үгүймеша, терең сын. Яғни өуелі жақсы қазақ болып алмай, жақсы орыс та бола алмайсың, яки өуелі жақсы азамат болып, өз ортаңа, халқыңа адамшылық танытпасаң, өзге елдің адамы болып та жарытпайсың деген сез. Ал біздің көп шала оқығандар жетістірген күнде, тәуір чиновник болады екен. Салтыков-Щедрин мен Толстой масқаралап, әшкерелеген қу-құрдым төрешік болғанша, болмай-ак қал, – деп ойлаймын.

– Білемін. Сіздің «Интернатта оқып жүр» деген өлеңіңізді маган Петербург пен Омскіде жатқа оқып беріп, қатты мақұлдаған жастар болған-ды.

– Мақұлдаса, оларың ойлы жас екен. Сын көтерер қымбатты болғаны ғой. Ал енді сол жастарың бар, өзің бар, жаңағы сезіме не жауап айттар едіңдер?

– Жауабы өзірше біреу-ақ па деймін, ага... – деп Әбіш ойланып, іркіліп сейледі. – Жауабы: «Оқу бітіреміз де, қызмет етеміз! Елге сол қызмет бабында пайдалы боламыз» дейді ғой.

– Қызмет бабы жандаралдың, ояздың, соттың алды ма? Ондайларды көріп те журміз. Жаңа жол, өзге еріс тауып, соны халқына, тобына

таратып іс ету қайда? Немесе орыс даналарындай халық қамын ойлап, өсиет таратып жүрген бар ма?

– Өй, ондай өлі жоқ қой... Ондайлық білімі толып, өнері асқан жоқ қой...

– Бәсе, сондай қазақ оқығанын көрмей жүрміз... Мен осыны тосқан әкенің, ағаның бірі едім!.. – деп Абай бұл әңгімеге қанағаттана алмай, үндемей қалды.

Әбіштің есіне енді бір жаңа нәрсе түсіп еді.

– Қазіргі оқығаннан сіз ойлаған адамды таппадым. Бірақ осындай көрнекті өріске қадам басқан бір-екі кісі қазақ оқығандарында болған екен. Естімесеңіз, соларды айтайын.

– Олар кім?

– Бұның бірі – осыдан жиырма бес жылдар бұрын, жастай қайтыс болған Шоқан Үәлиханов деседі. Екіншісі – Орынбор маңынан шыққан Ыбырай Алтынсарин! – деді. Абай Алтынсарин атын естіген, оны жақсы біледі екен. Шоқанды білмеди.

Әбіш солар жайын бірталай таратып, жақсы бейілмен айтып шықты. Шоқан турасында Сібірдің көп ірі адамынан қатты мақтаған сөз естігенін айтты.

– Жалғыз-ақ, кітабына, қалдырган жазуларына кездеспедім. Өзі қазақ халқының қамын ойлауда көп ірі сөздер сөйлеп, жазып өткен кісі дегенді оны білген екінің бірі айтады! – деді.

Абай да, Әбіш те ол адамның әрі жастай кетіп, әрі жазғаны жогалғанын екініш етті.

– Ал Алтынсарин русско-киргизская школа ашқан. Өз білімін қазақ жасын оқытуға жұмсаған. Көп жерде школдар салдырып, артына шәкірт қалдырган. Және кітап та, өлең де жазған. Халық үшін іс те, өсиет те қалдырган, анық жемісті еңбекке берілген сол адам екен! – деді Әбіш.

Абай Алтынсаринді есіне алды. Орысша интернатты, школдарды қазақ үшін ашуда анық үлкен еңбек етіп кеткен қамқор азамат сол екенін айтты. Сөз аяғында Әбішке қарап:

– Ал осы Алтынсариндей еңбек етсе, олқы бола ма? Бір үлгі осы болмас па еді? Бұған не айттар едіңдер? – деді.

Дәркембайға соңғы кездескелі Әбіштің өз ойында жүрген бір ниет бар-ды. Қазір әкесіне соны айтты. Бағанадан бергі Абай қозғаган сезге өз басының әзіргі жауабы осы болатындай етіп, сенімді сөйледі:

– Өрине, бұл – үлкен үлгі. Егер бар оқыған, жақсы білім алған қазақ жастары, тіпті, өзді-өз еліне, оязына барып, сонда Алтынсарин ашқандай бір-бір орыс школын ашса, бүгінге, әзірге үлкен істің басы сол емес пе?

– Бәсе... Бар мұқтажды бұл шешпес! Бірақ көп жоқшылығымыздың

әзірге ең ауыры – жарық жоқтығы, білім-өнерден қақас қалған қараңғылығымыз той!

– Ендеше, тағы айтайын, аға, менің өз басымның алдағы күнге арналған байлауы осы! – дегенде, Абай үндемей, Өбішті белінен құшақтап, бейілденіп тыңдай бастады. Өбіштің ішінде жүрген тағы бір күдігі бар еді. Өкесі мұнымен сырласып келеді. Өдейі осындаи сирек болатын оңашалықта анық жүрек жарғандай шын сырға шақырған тәрізді. Сол жайларды жаңағыдай алабұртқан көп сезімдермен қатар аңғарды да, енді Өбіш өзінің көңілінде жүрген бір ауыртпалығын айтты.

Онысы осы күнгі оқып жүрген оқуы туралы. Өбіш ана жылы амалсyzдан түскен әскери оқу бұл күнде оған жақпайды еken. Ондағы тәрбие бұрынғы бір замандардағы орыс әскерлік мектебі беретін тәрбиеден мүлде өзгеріп кеткен. Қазіргі әскерлік оқу тек жалаң құрал болатын, патшалықтың қatal құдіретін, тәж-тагын ғана қорғайтын топас жандар әзірлейді. Бұл мектеп ішінде халық қамы, азаттыл ой дегеннен елес те көрінбейді. Өбіш артиллерия оқуының бүгінгі тәрбиесінен де, келешек қызметінен де күтылсам дегенді арман етеді еken. Соны ашты...

– Дәл осы Ералы, Ақшоқыға келіп, школ салдырып, сонда мына атыраптың бар баласын орысша оқытуға кіріссем деп жүрмін. Өнеугүні Дәркембай: «Білген білімінді қойныңа салып ап кетпе... Еліце жарық әкел. Артында бауыр жеткіншегің, өренің бар. Соларды өзіңдей орысша білімге жетілт», – деді. Сонысы бір Дәркембай сөзі емес, халық тілегі сияқты. Бүгіннің де, келешектің де менен тілейтін қарызы есепті. Тегінде, шынды айтайын. Жаңа анау ақсақалдармен сейлескенде түгел ашпадым. Анығында, мен Оспан ағама арнаған малды жұмсап, жатақ ортасына школ сала берсе деген ойды ойлап ем... Осыған дәл биыл бекініп жүрмін, бұған не дер едіңіз? – деп Өбіш сөзін бітірді.

Абай баласына тез жауап қатты:

– Бұған менің алғыстан басқа айтарым бар ма, Өбішім!.. Міне, сен ерісінді тауып, жолынды аштың... Енді қалған оқу да, одан аргы талап та осы ниетіце жетектесін. Сен еліце келіп, мынау жатақтардай көп елдің малшы-жалшы нашарларынан өнерлі, қайратты азамат өсіріп шығарсан, өз басың түгіл, атаң менің де халық алдындағы көп қарызымыңды өтемес пе ең? Осы елдің жас буынына сен үстаз бол, тағылым айтып отырсан, мен арманы бар әке болам ба? – деп үні өзгеріп барып тоқтады.

Соңғы сөздер Өбішті қатты толқытты. Өкесінің кеудесінде осыншалық халық үшін қам ойлаған ең зор арман барын аңғарғанда, Өбіш жүрегінде сол өз өкесі үшін сөл мақтан да оянған.

Абай бұған орай, өз баласының осындейлиқ сыншы ойлары барын сүйсініп қабылдады.

...Абай осындағы жаңалық сыр ашқан баласына өзі де қуанып еді.

– Өбішім, жаңа заман елшісіндегі болдың-ау. Өзіме, дүниеге жаңадан атар таңың лебін сезгендей болым той. Қазақ сияқты сорға қамалған, қараңғыда адасқан елдің айласызы, әлсіз жетекшісі көруші ем өзімді. Ендігі буынның, жаңа төлдің басшысы болатын азамат төрелікпен патшалық қасында, соның ығында қалмас деуші ем. Мына топқа арман қосқаның қандай қасиет. Не тапсаң, ендігөрі өкінбей, жалтармай, осы жолыңдан іздегейсің! – деді.

Қазір екеуінің жаяу сейілі аяқталып, алдағы ауылға тақап келіскеңді. Абай енді Оспан үйінде сейлекен сөзге оралды.

– Ал өзірше болса да, Оспанға шығарылатын мұліктен кедейлерге үлес беру деген сезің орынды. Бұны ертең дер кезінде мен де қостаймын. Мал берілгенде оны тарататын Тәкежан, Ысқақ – үшеуіміз боламыз. Сонда менің еркіммен де аз мал үлестірілмес. Бәлки, аналардан гөрі мен молырақ тарататын болармын. Сонда сенің сезінді орындалап, жатаққа барынша мол ғып бергіземін! – деді.

Бұл кезде екеуі Әйгерім үйінің жанына жеткен еді. Өбіш сөл іркіліп, қеудесін басыңқырап, оқыс тоқтап қалды. Абай бұған айналып, бөгеле берді де, жөн сұрады. Өбіш азғантай қабақ шытып, қеудесінен қолын түсірді.

– Кеудем шаншып қалғаны. Қеше түнде жеңіл жатып ем, сұық тиіп, шаншу қадалып қапты! – деді.

Оз ішінде не бары, не білгені белгісіз. Бірақ жаңағы жайсыздау қимылын қазақы адамша сез қылды. Елге келгелі бұндай оқшау белгі болған жоқ-ты. Бұның шаншу деп түсіндіргені, Абайға да жат хабар бол көрінген жоқ.



Тікбақай – бұл жерде ұнамаган, қарсы келген деген мағынада қолданылған.

Қызықмасы – қызық құган (сауықшыл) топ деген мағынада.

Себездеп – пайдаланып.

ОЙТАЛҚЫ

1. Үзіндіні оқып, бөлімдерге бөліп, жоспар құрындар.

Бөлімдер	Басты оқигалар	Кейіпкерлердің іс-әрекеттері


2. Тарауда қазақ халқының қандай гүрып, салт-дәстүрлері көрініс тапқан?

3. Автор Өбішті неге жаңалықтың жаршысы етіп көрсетуді мақсат еткен?

4. Өбіштің қалың елді ояту, азаттық өперу туралы пайымдаулары қандай?
5. Өбіш кедей жатақтарға қандай қамқорлық танытады?
6. Қалай ойлайсың, Өбіш дара кейіпкер ме?

ОЙ БЕЙНЕЛЕУ

1. «Маңыздылық аймагы» әдісі бойынша дәптерге мына шеңберді сзып, шеңбердің ішіне маңыздылық жағынан көтерілген мәселелерді орналастырындар. Маңыздылығы жогары мәселені ортанғы шеңбердің ішіне жазындар.
2. Абай мен Өбіштің диалогін рөлге беліп оқындар. Диалогтен Өбіштің жан-дүниесіндегі көзге көрінейтін қандай қасиеттерін тани алдындар? Оның ішкі қасиеттерін жазушы қалай мінездеп жеткізген?



ОЙ ЗЕРДЕЛЕУ

1. Өдеби шыгарманың композициясын, жанрлық ерекшеліктерін айқындаپ, уақыт пен кеңістік тұрғысынан талдаңдар.
2. Үзіндідегі кейіпкерлердің тілі олардың дуниетанымдарын, болмыстарын қаншалықты аша білген? Ойларында «Төрт сейлем» әдісімен жеткізіндер.

1. *Пікір.* Пікірінді бір сөйлеммен жаз.
2. *Дәлел.* Үзіндіден дәлел келтір.
3. *Мысал.* Пікірінді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.
4. *Қорытынды.* Ойынды қорытындыла.

ОЙ ТҮЙІН

Көркем шыгарманың жаңашылдығын ғаламдық тақырыптармен байланыстыра отырып, сынни тұрғыдан баға беріндер.

Кері байланыс. «Зерде».

Білім. *Тақырып бойынша алған ақпараттарым.*

Әмоция. *Сабактағы көңіл күйім.*

Баға. *Өз жетістігіме беретін бағам.*

Сын. *Өз бойымда нені дамытуым керек?*

Идея. *Маган келген жаңа ой.*

М. Өуезовтің «Қылыш заман», «Қараң-Қараң оқиғасы», «Өскен өркен», «Абай жолы», «Еңлік-Кебек» және басқа да шығармалары өмірлік материалдарды, шындық болмыстағы нақты құбылыстарды творчестволықпен игерудің, айрықша суреткерлік парасатпен пайымдаудың сан алуан озық үлгілерін көрсетеді.

Жангара Дәдебаев

ҚОРШАУДА

(жалғасы)

Оку мақсаттары:

11.1.2.1 әдеби шығармадагы котерілген мәселелерді қазіргі өмірмен байланыстырып, үлттық мұдде түрғысынан ашу.

11.2.2.1 автор бейнесінің шығарманың негізгі идеясымен байланысын айқындау.

11.3.2.1 көркем шығарманың жаңашылдығын ғаламдық тақырыптармен байланыстыра отырып, сынни түрғыдан баға беру.



Тірек сөздер: соғым науқаны, жас ақындар, Абай мәжілісі.

Мақсатқа қол жеткізу үшін:

- ✓ үзіндіні оқып, Абай айналасындағы ақындар мен олардың өнерлері туралы талдау жасау;
- ✓ автор бейнесін білдіретін сөздерді теріп жазу;
- ✓ негізгі идеяны анықтау;
- ✓ сынни бағалау.

1

Биылғы қыстың басы адамға да, малға да әзір аса жайлы бол түр. Декабрьдің ортасына тақалса да, әлі қар қалындаған жоқ, күн аяздал сүйтқан да жоқ. Шағырмақ, бұлтсыз ашық күндер көп. Қыс белгісі жақында түскен күпсек қардан және кей күндерде болатын сөл шытқыл аяздан ғана білінеді.

Қыс кешең басталғандықтан, Ақшоқыдағы Абай ауылы биыл соғымды жай соя бастаған. Соңғы үш-төрт күн ішінде жылқы, ту сиырлар, ерекк қой, ту саулық, семіз ту бойдақтар сойылды. Кілет, шошала, зеуенәй атаулыға Өйгерім қыс азығын ертелі-кеш жигізып жүр. Бір әредікте күле түсіп, Зылиқа мен Баймағамбетке күдік айтты.

– Тек осы әбігер күндерде ғана қонақ саябыр бола тұрса екен! Азық қоятын жерлер, ас пісіретін үйлер аузынан шығып жатқанға Абай ағаң қарай ма? Қонақтың қырқы келсе де, жібермейді рой, – деген.

Бұнысы уайым емес, сөл ғана шаруаның қысылшаң күйін ескерткені. Көмекші жігіттер мен келін-кепшіктерге жіті жүріп, ширақ жұмыс етуді тапсырганы.

Бірақ Әйгерімнің тілегі болған жоқ. Үәделескендей дәл осы бүгінгі күн ойдан, таудан, тұстас-тұстан қонақтар кеп жатты.

Бір топ жолдасымен Байғабылдан Ақылбай келген. Абайдың сөлемімен осы соңғы жылдарда «ақын» деген атқа шыққан: Керей – Үәйіс, Топайдан Бейсембай деген ақындар да келіпті. Түстен бері осы қонақтар Абайдың үстіне келіп, сөлем берісіп, тұстік астан, күндізгі шайдан ішісті. Отаулар, қонақ үйлер, көрші үйлердің бәрінде әзірге жататын орындарын анықтасты.

Кеше «қонақ келмесе екен!» деген Әйгерім, бүгін осы қонақтарды өзінің дағдылы, сыпайы жүзімен қарсы алды. Құйлі көркем күлкісі үзілмей қабылдады. Зылиқаға шынын айтады: «Қонақ келмесе екен деп нем бар еді! Айтқаныма қарама-қарсы болғанын көрмеймісің. Енді тек сыр бермей, қабақ шытпай қабылдай беріңдер! Осыны көршілерге, келіндерге де айт! Және ас пісіретін кісілер жас малдың жылы-жұмсағын, төтті-дәмдісін бапты ғып мол-мол ассын. Атап тапсыр!» деген.

Бүгін келіп жатқан қонақтармен бірге қызық сауық, көңілді өнер қоса келетінін Әйгерім жақсы біледі.

Шын, бүгін Ақшоқыға өздерінің соңғы өнер табыстарын асырып әкелген өнерпаздар аз емес.

Келген ақындардан Абай күнұзын сұрау салумен болған-ды. Ақшоқыда күзден бері жазу соңында болған Мағаш Африкада Ніл дариясы бойындағы бір үлкен ерлік істі жыр етіпти. Мейірімсіз байдың ер құлдан саза тартқанын көркем әңгіме еткен. Соңғы күндерде сол дастан Ақшоқы, Қорық, Қіндікті, Шолпан сияқты жақын жердегі ауылдарға көшіріліп, жатталып, әнге қосылып тарап жатқан. Ақшоқыда туған, бұдан бұрын тараган Дәрменнің «Еңлік-Кебегіне» Мағаштың соңғы дастаны «Медғат-Қасым» сыңар серіктей қосылған.

Жемісті болған күз соңында көп ақынның табысы бүгін осында үшірасып отыр. Бұған себеп те бар. Қарамоладан аман-есен қайтқан соң, Абай өз достарының бәріне жаздығуні Павлов, Әбіштер айтқан өситеттерді ескерткен. Еңбекке, өнерге шақырумен қатар, әрбір ақынның ойында жүрген арманын, ақындық толғауын білген. Сонда атап көрсетілген мерзім де бар. Әйгерім оны білмесе де, Абай осы бүгін келген ақын атаулының бәріне бір күндерді белгілепті: «Дәл биыл, Ақшоқыдағы біздің ауыл

согымын соятын күндерге жырларыңды бітіріп, менің қасыма жетіндер» деген екен.

Бұрын келген ақындар күндіз екіден, үштен оңашаланып, өзара өлеңдерін оқысқан. Бірен-сарап «Еңлік-Кебек», «Медғат-Қасым», «Қозы Көрпеш» сияқты өлеңдерді Абай да күндіз тағы бір тыңдалап өткен. Бірақ ешкімге әзір ойын ашып айтқан жоқ-ты.

Көшпілік кеште түгел Абай мен Әйгерім қасында бас қосады. Өлі келіп жетпеген ақындар бар. Тағы да тың өлеңдер сонда оқылады. Дәрменнің сол кешке әдейі іріккен бір жыры тағы бар-ды. Өз ойында, барлық басқа жырлар тыңдалып өткен соң, ең соңынан айтып шықпақ арманы.

Осы күні кешке ел орынга отыра бергенде, тағы да тың қонақтар келді. Бұлар – Базаралы мен Кекбай. Екеуі бүгін кешке осы ауылдың желкесінде кездесіп, бірге келіскең. Абай Базаралының келгеніне, әсіресе қуанып, күле амандасып, жадырап қалды.

Бұл жолы досының шақыруының және бөгде жұмыссыз тыныштық сапармен, Абай қасында біраз болып қайтпақ бол келген. Абайдың қасына жиылыш өлеңдерін тыңдатады дегенді Ерболдан жақында есітіп еді.

...Осы қалыпта Әйгерім мен Зылиқа шай жасамақ бол еді, үстел басына барлық жұрт сыймайтын болған соң, Абай үстелді жигызды да, ұзын кең дастарқан кілемге жазылды. Кең үйдің мол жиыны енді түгел қанат жайып, дастарқан жағалай отырысты да, шайға кіріsti.

Кекбай шайды ерте ішіп болған. Сол аңғарды таныған жұрт дастарқан жиылмай-ақ әр жерден күнкілдеп «жыр басталса» деген еді, Базаралы домбыраны өз қолымен алып, осындайдағы әдеті бойынша Кекбайға үсынды.

Содан ары тыңдаушыларды көп өтіндірмей Кекбай өз өлеңін жырлап кетті. Ұзақ ішілетін шай аяқталған жоқ-ты. Бірақ үлкен самауырды қайта демдеп өкелгелі алып кетіскеңде, өлеңнің айтылышы жатуы мезгілді сияқты.

Кекбай бірталай уақыт жырлағанда, Абылайды мадақтап сейлекен. Енді самауыр қайта кіргенде, Абылайдың нәсілдеріне ауысып, соларды қошеметтей бастап еді. Дәл осы уақытта Базаралы Кекбайды санынан қақты да, «тоқташы» дегендей белгі етті. Кекбай Абайға қарап еді, көптен салқын қабақпен тыңдалап отырған Абай да тоқтағанын мақұл көргендей екен.

Кекбай еріксіз шұғыл тыйылышы қалды. Енді Базаралы іле сейлейженелді.

– Бұрын сейледі деп айып етпендер, жігіттер, осында менен басқаңың берің, бастығың Абай бол, өңшең ақын екенсің. Ендеше, көп айттушыға бір тыңдаушы болсам, ойымды айтайын, – деп Кекбайға салқын қарап алды.

Абай Базаралының бұл мінезін де құп көріп, айтуын өтінді.

– Айтсам, Кекбай, «алдияр» дедің, «асыл ханым» дедің, «аруагыңдан айналайын» деп те жалбарынып жатырысың. Аяғы Абылайдан өтіп, нәсіліне де тауап қылар төрізің бар. Шынымды айтайын, жақпайды маган, Кекбай, мұның. ...Біз Абай сезін естігелі осыны ұмытсақ, мақұл емес пе еді? Кекейіме қонбайды, ейткені көңліме жақпайды. Ал адалын өздерің айт! – деп Базаралы Абайға қарады.

Жүрт мына сын шыға бастағалы шайды ішпей, сілейе тыңдаپ қалған екен. Абай Базаралыны қостап, ойланана отырып, бас изеді де:

– Осы сез, анық әділ сөз гой. Айтып қойғанымыз болсын, айтпағанымыз болсын, берімізге де жетерлік сын екен, – деп ойланана отырды.

...Шай енді мұлде ішілмей қалған. Үй іші жым-жырт боп, Абайдың енді тағы да аитар ой-өрісін тосқан. Абай ойланана отырып, жай сейлеп кетті. Өзіргі өңінде қуаң тартса да, толқу, қызу бар.

– Батырды, қызыңты, асық ынтықты тауыпсындар! Жырларың да, сырларың да аз емес, армандарың да жаңа! – деп бастады. Бар бүгінгі дастандардың түгел тобын қармап өтті. – Жазарсың... Жаз. Бірақ Бұл аз! Аз! – деп қатаң, салқын үн таstadtы. – Істің сезі емес, түстің... Тәтті түстің сезі. Сендер ғана емес, менің өзім де жетпеген жер, жазбаган зар бар.

...Ендігі күшті соған серме!.. – Сезін осымен тоқтатты.

Жастардың бәрі тегіс аңғарып отыр. Өзір Абай мақұлдаған бірде-бір өлең болмай шықты. Кекбай үнсіз жиын арасынан турегеліп, «басым ауырып тұрғаны» деді де, шығып кетті. Есіктен шығардағы күжірейген жуан жотасына қарап отырып, Абай оның өкпелеп бара жатқанын аңғарды. Соған орай өзі де ішінен қатуланып қалды.

Қабақтары ашыла алмаған ақындар арасында енді сабыры таусыларман боп тіленіп отырған Дәрмен ғана. Қазіргі қатты сыншыл қабақтардан күдіктене түссе де, өжет, ершіл көңлі қорғанған жоқ-ты. Сонысы сүйеу болды да, Дәрмен Абайға өтініш айтты.

– Абай ага, сынға толы боп деген жерден шығады демейім, бірақ менде бір тың жыр бар еді. Өзін бенде баласына оқыған жоқ ем, соны тыңдаپ, мінеп берсеңіздер, қалай болар екен?! – деді. Абай Дәрменге жалт етіп үмітпен қарап қалып:

– Айтшы, сен айтып көрші! – деді.

Содан ары ақ сүр жүзді, тықыр тығыз сұлу мұртты, отты көзді, қаршығадай алғыр кескінді ақын жігіт жедел созып, өз жырын оқып кетті. Үй іші тегіс Абайдай бейіл қойып тыңдаپ қалды.

...Зорлығы мен сүмдигы күшті бай ауыл, киіз үйде ықтырмасына сыйынған. Сол ауылдың шеткі жыртық лашығында жүдеген ауру ана

бауырында қос бөбек лыпасыз бүрсөң қағады. Олар – Асан, Үсен... Зарланған көрі сорлы әже – Иіс. Құнұзын бай малының соңында жаурап ұшып қайтқан азамат – Иса!.. Осы түндегі асқындаған дауыл, азынаған сүйк лашық, бүріскен аш-арық, панағыз момын да жазықсыз үй іші... қатал қаскей бай менен қабандай қырыс жыртқыш бай баласы. Исаңың сабалуы. Ыққан қой... Оны құған Иса... бұған өшіккендей дүлей дауыл, қар аралас сүйк жауын... Содан ары қасқыр... қасқырлар!.. Исаңың ер қажыры, батыр қайраты... Жанталас!.. Соңғы арлан берімен жекпе-жегі.

Осы жайларға ақын жыры ауысқанда, үй іші тегіс демін ішіне тартқандай тынып қапты. Қыбыр еткен бір жан жоқ. Тек оқта-текте күрсініп, шошына сыйырлаған Өйгерім үні білінеді.

Ойда-жоқта, қақ қастарынан шықкан тың дастанның бар адамы, бар құбылысы кеше ғана өздерін қайғыртқан шер-сорымен, енді, тіпті, жақын кеп бар жүректі бүріп қысып әкеткендей.

Шебер ақын алмастай өткір сөзден, оттай сезімнен құдіретті жыр құрап үдең барады. Азамат Иса, ардақты ұлан, ердің еріне бітпес қайраттты. Неге атты! Кім үшін атты! Қатыбас, аямас, ер қадірін танымас дұшпаны үшін, адамның қасқыры үшін атты-ау, есіл ер!.. Иса ауру... Науқасы қатаң, балалар қорқынышта. Шеше зарда, жар дертте... үй жүдеу. Үй іші аш... Исаңың көкірегінде арман, арылмас, айықпас арман. Зарлаған анам, жетім боп балам, төсек тартып жарым қалып барады-ау! Адам да емес, қорқау қасқырдың інінің аузында қалып барады-ау!..

Бұл тұста Өйгерім жылап жіберді. Бір Өйгерім ғана емес, Абайдың да көзі жасаураған, Дәрменнің өз көзінен де жас парлайды. Сандырак... қасқыр... ...Сонымен өшті зор кеудеде ұлken от!.. Кетті асыл ұлан!.. Зарлап қалды қос жетімек – Асан, Үсен. Арлыға, айуан емес адам ұлына, ағаға жаутаңдаған өтініш көзбен, әлсіз үмітпен қалды сорлылар!..

Осыдан ары жырының аяғын бітірмей, Дәрмен орамалымен көзін басып, жылап отырып қалды. Жиын жым-жырт. Исаңың анық қазір ғана дүниеден кешкен өлімінің үстінде отыргандай, қаралы... Барлық жүрек қапада. Абай да екі көзі жасқа толып, басын төмен салыпты. Демі дірілдеп, ауыр-ауыр күрсіне береді. Барлық өне бойы, кең кеудесі түгел сілкініп тітіркенгендей. Ұзақ уақыт осылай отырып барып бойын тежеп, ойын жия бере қысқа ғана тіл қатты:

– Некрасов, мынау Некрасов үні ғой. Орыс халқының шын зары мен арманды жанын танытқан Некрасов көкейімнен кетпей отыр. Бұны мен тапқан жоқ ем... Өзім таппасам, жетпесем соған жетуші, табушы болса деуші ем... Жолың болсын, бауырым Дәрмен! – деді.

Абайдың жаңа Некрасовты аузына алғаны тегін емес болатын. Ауыл қыстауга қонғаннан бері Абай өзі Некрасовты ерекше бейіл бере оқыды.

Жөне осы күздің бірер күнінде, оңаша шақта Дәрменге де Некрасовтың бірнеше өлеңін, дастаның әдемі әңгіме етіп, шебер тілмен жеткізіп берген. «Крестьян – бұқара халықтың ішіндегі шынды, наразы көңілді, қайғылы халді айтуда ең үлкен үлгі беретін ақын осы» деп баяндаған.

Дәрмен сол күндерде Абайды бар ынтасымен тыңдай отырып, өзінің ішінде Иса туралы тағы бір әмірлі ыстық қиял толқындары оралып үйірілгенін сезіп еді. Енді біразда үнсіз ойланып қалған Абайдың қиялы оянды. Аталақ пен ақын ағалық бөгде бір сурет оралды.

Құз-қияға, жалтыр тасқа, қақап тұрган аязда жұмыртқаларын салған алғыр қыран бүркіт ана... Ел осылай аңыз етеді, ақпана сол жұмыртқаларын салып ана қыран қыс бойы бауырына баспай тосады екен. Сонда бір жұмыртқа жарылады, екіншісі және жарылады. Аязды көтермей үшіншісі де жарылады. Қалса аман, біреу ғана қалады екен. Сол қалғанды, жалғызды ғана, мамыр күні тұғанда қыран ана бауырына басады да, балапан етеді екен. Кей жылдар бірде-бір жұмыртқасы аман шықпай түгел жарылып, ана бауыры түңіледі де, тұл кетеді.

Абай енді бір сөт халқы мен өзін де сол анадай сезінеді. Мұның да айналасында сондай күй жоқ па? Жарылып жатқан жұмыртқалар аз ба? Жарылған жұмыртқаның біреуі – анау Шұбар болса, ол жарылып қана қоймай, маңайына шірік, лас дерт те таратып, өлексе құртын кебейтіп жарылғандай. Тағы бір жұмыртқа – жаңағы кеткен Қекбай ма? Тым құрыса, мынаны тыңдамай да кеткені, ұзаққа бармас жарылар тұқым болғаны гой. Мынау отырғаннан, қалғаннан да талайы нәсіл болмас... Жарылар да, бітер де! Тек жалғыз ғана арман, тым құрыса, біреу... біреу ғана болса, қалса деуші еді ана көңілі... Енді сол біреу – осы Дәрмен болар ма?! Осы гой! Артымнан мен жетпегенге жетіп, мен көксегендей ортаны көксеп ұшармысың алышқа! Жетермісің жақсы жайылымға? Мен үшқаннан арыға ұшар болшы! Мен танығаннан арғыны танышы, кейінгі елің керер ырыс-қонысты барлашы! Ол сол, сен бүгінгі шыншыл жүрекпен таныған өрісте!



Кілет, шошала, зәуезнәй – тамақ сақтайтын арнайы бөлмелер.

Қатыбас – қатты, қатығез деген мәғынада.

ОЙТАЛҚЫ

1. «Қоршауда» тарауын оқып, тезистік жоспар жасаңдар.
2. Ақшоқыға өздерінің соңғы өнер табыстарын асығып әкелген өнерпаздар кімдер?
3. Магаш не туралы жырлайды? Ақындық жолда да, азаматтық үстанымда да әке жолын үлгі тұтынған жан туралы не білесіндер?

- Базаралы тыңдауши ретінде Көкбайдың Абылай туралы дастанына қандай сын айтады?
- Шәқірт ақындары әкелген өлең-жырдың бірде-бірі Абайдың кеңілінен неліктен шықпады? Үзіндінің осы тұсын Абайдың қай өлеңімен салыстыраш едіндер?
- Дәрменнің Исаға арналған дастанының тыңдармандарға әсерін жазушы қалай суреттеген?
- Сол жыры арқылы Дәрмен орыстың қай ақынымен рухани үндестігін танытады?

ОЙ БЕЙНЕЛЕУ

- Тараудан өздеріце ерекше ұнаган үзіндіге «Үш жақты құнделік» толтырындар.

Мәтіндегі ең маңызды, өзіңе ұнаган үзінді	Түйіні	Үзіндіге сай келетін мақал-мәтел

- Үзіндідегі Дәрмен мен Көкбай бейнелерін «Вenn диаграммасы» бойынша салыстырындар.

Дәрмен		Көкбай
Айырмашылығы	Үқастығы	Айырмашылығы

ОЙ ЗЕРДЕЛЕУ

- Дәрмен Абай армандаған парыз бер жауапкершіліктің жүгін адаптацияның үрпақ өкілі ме? Жазушының Абай дәстүрінің жалғасы барын, оның мұрагері халық өкілі екенін жеткізген концептуалды шешімі туралы не айтасындар?
- Кесте арқылы шыгарманың негізгі идеясымен автор бейнесінің байланысы туралы өз ойларынды айтсындар.

Үзінді арқылы жазушының айттар ойы	Менің ойым	Шыгарманың негізгі идеясымен автор бейнесінің байланысы туралы тұжырымым

ОЙ ТҮЙІН

Үзіндідегі Көкбай мен Дәрменнің жырларына айтылған сын мен бағаны зерделей отырып, өз бағаларынды беріңдер. Ойларынды әдеби сын түрінде жазындар.

Көрі байланыс. «Жинақтау паракшасының индексі».

(Екі жағында да көрсетілген тапсырмалары бар параптар таратылады).

1-беті: бүгінгі тақырып бойынша негізгі идеяларды атап шық.

2-беті: бүгінгі тақырыптан нені түсінбегеніңді анықта.

Қalamгер пікірі

...«Абай» романын мен соншалықты рақаттанып аудардым. Образдардың бедерлігі мен әсемдігі, тілінің айқындығы мен бояуы терең поэтикалық сезім – осының бәрі қажетті сөздерді сарыла, сарғая іздеуге мәжбүр ете тұрса да, қуанышты болды; мені тағдыры өзіме көптен жақын да қымбат болып кеткен қазақ әдебиетіне деген мақтанды сезімі билеп алды.

Леонид Соболев

АБАЙ ЖОЛЫ

(төртінші кітап)

ТҮН-ТҮНЕКТЕ

Оқу мақсаттары:

11.1.1.1 әдеби шыгарманың сюжеттік-композициялық құрылымын талдау арқылы көтерілген ғаламдық мәселелерді терең түсіну.

11.2.1.1 әдеби шыгарманың композициясын, жанрлық ерекшеліктерін айқындаپ, уақыт пен кеңістік түргысынан талдау.

11.3.1.1 шыгарманы ғаламдық тақырыптармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау.



Тірек сөздер: Ертіс жағалауы, қала тірлігі, қаладагы індег, дәрігер кеңесі.

Мақсатқа қол жеткізу үшін:

- ✓ үзіндінің сюжеттік-композициялық құрылымын талдау;
- ✓ жанрлық ерекшелігін ашу;
- ✓ уақыт пен кеңістікті білдіретін сөздерді анықтау;
- ✓ тарихи және көркемдік құндылығын білдіретін сөзді саралау.

Ертістің үлкен сүйна қарай үцілген еңіс, құлай берісте пар ат жеккен жеңіл трашпенке зырлап келеді. ...Ұзақ қүнгі жүрістен талмаган екі жарапу баран ат шоқыта шабады. Бұл жүргіншілер осы бетімен ағындағы, Ертіс сүйна түсіп кетердей. Бірақ жотадан сондай жақын көрінген Ертіс онша тақау емес екен. Жаңағы кезеңнен соң да сөл жайылатын алаң бар боп шықты. Сол алаңда аттардың желігі басылып, жай бүлекке ауысты. Енді біразда пар атты арба жар жағасын жағалай жүріп кетті.

Жүріс бәсендеген соң байқалды, жел де жоқ, салқын да білінбейді екен. Қазір июльдің ортасы. Ол – қаланың ең ыстық шары. Соған орай мынау кеш те тымырсық, қапырық. Өле тұнжыр ғана тұнып тұр.

Жақын аққан үлкен дария да сөл ғана жүлдyz жарығымен сөулелене түсіп, үнсіз жым-жырт көрінді. Қыбыр-қимыл жоқ, бейне бір қалғып қалған тәрізді.

Өзеннің алыстау, аргы жағасында қалың тогай қарауыта дүңкиеді. Ол – белгілі Полковник аралының қалың биік тогайы. Аргы жағадағы Үлкен Семейдің оттарын, үй-жайларын көзден жасырып тұрған да сол арал тогай. Тек аргы-бергі жағадан өзір білінетін тірлік белгісі – иттер үні ғана... Бірі алыстан, біреулері жақыннан кейде салмақпен, кейде шәүілдеп үреді. Бірауық олар шуласып, таласа жарысып үріп кетіседі.

Осындаған шақта қаланың шетіне жаңа ғана кірген жолаушылар бірнеше жалпақ тәбелі қоңырқай үйлерден айналып өтті. Енді бір кезде төбесі жабық аласа қораның кішілеу қақпасына кеп тоқтады.

Көшір шапшаң қозғалып, ытқып түсіп, қолындағы бишігімен қақпаны тықылдатып қағып жатты. Осы шақта арбадан мол денелі жолаушының өзі түсті. Қақпаның ар жағына келіп дауыс берген ашық үнді әйел, әуелі тесіктен сығалап, келгендерді болжап көрмек еді. Ел жататын кез болғандықтан, тұн қараңғысында келген адамдардың түсін аңғара алмай, қатты дауыстал:

- Е-е, бұ кім? Кімсіңдер? – дегенде, көшір тез жауап қатты:
- Аш, мен Баймағамбет. Келіп тұрған Абай ағам!

Абай бұл кезде арбадан ұзаңқырап, жар жағасына тақап барып, женіл мол шапаның шешіп, жолдың шаң-тозаңын сілкіп, қайта киіп жатқан. Келген қонақтар жайын естіген үй иесі әйелдің үні тез өзгерді.

– Ойпыр-ау, Абай ағам ба? Қазір, қазір ашайын! – деп қақпасын аша берді. Өңі-түстері танылмаса да, бойлары көрінген соң, амандасу басталды. Абай дауысын көтеріңкіреп, көңілді үнмен:

- Дәмежанбысың! Қалай, үй ішің, бала-шагаң аман ба? – деді.

Дәмежан ашық жауап беріп, амандығын айтып, Абайдың үй-жайын, ауыл-аймақ, ел-жұрттының амандығын байыптаپ сұрады. Бұл дауысы саңқылдаған, сөздері сонша анық, айқын естілетін, үні ажарлы әйел екен. Ол амандаса сала қораның іші қараңғы екенін айттып, шам алып шықпак боп, тез бұрылып ішке қарай жөнелді. Жабық қораның ішінде оның тысырлатып басқан кебісінің дауысы ұзаңқырап барады. Баймағамбет ашық қақпаның алдында дегбірсізденіп, ауыздықтарын шайнап, жер тарпып тұрған аттарына және Абайға да сөйлеп тұр.

– Қора қараңғы, қазір, қазір. Шам келсін! – деп, әр сөзін жылдамдата қайталап, «қазір, қазір» дейді.

... – Дәмежан, қалаға кешігіп келген соң, жақын жағы той деп сенің үйіңе бұрылып ек. Ең өуелі, сен қысылма. Бізге самауыр қойып, шайыңды берсең болады. Жолдан шаршап келдік, тезірек жатып, тыным алайық.

Ол сезді Дәмежан тез жөнге салды.

– Қысылатын дәнеңем жоқ, Абай аға. Бар мәзір, жоқ жайымыз сіз келгенде дастарқан үстінде болады. Келген соң ендігісін өзіме беріңіз! – деді.

... Сейтіп Абайлар бұл түні Ертістің сол жағасындағы Слободка дейтін, қазақша «бер жақ» атанатын қалаға қонды. Бұл – Семей қаласының бір белімі. Соның Дәмежан қорасы тұрған жағы бас жатақ атанады. Бұндағы қала қазағы, көбінше, көшпелі елден келіп осында орнаған. Ал қырда қыстаудан көшпей қалатын шаруаларды «жатақ» дейтін. Сол дағдымен мынау қалада отырған қазақ үйлерін, көп квартал белімдерін де «жатақ» деп атандыра береді. Осынау тұсты «бас жатақ» дейтіні, ол өзеннің өр жағында болған соң солай аталады. Тегінде, қала халқының арасында қалалық тұрмыс қалыпқа әлі түгел үйлеспеген, қыр мен қала әдеттерін өр алуан араластырған қазақылықта осы шетте, бас жатақта көбірек байқалатын.

... Кекбараздаған аппақ, тап-таза кимешек-шаршысын аса сәнді етіп тартқан Дәмежан үлкен, таза самауырдың қасына отырды. Құлағында үлкен күміс сырғасы сілкіне түсіп, үстел басы тола отырған жұртқа жіті қозгалып, шай құйып отыр. Абайға арнап пісірген құймағы, мол бауырсақтың ортасына табаққа салынып қойылған еді. ... Дәмежан Абайға қарап:

– Абай аға, құймақ жеңіз, алыңыз! – деп сыпайы қонағуарлық көрсетті.

... Дәмежан «қалада жаман ауру» барын жасырмады. Өлім де бар дейді. «Бұ не?», «Қайтпек керек?», Абай өзі не істейді? Қалага келген шаруасы үлкен де, тығыз да болатын. Онысы және бар. Ендігі жайды басты бір адаммен сейлесіп шешу керек. Сол үшін шайдың артынан Абай тез ғана орысша бір қағаз жазды да, Баймагамбетке беріп жатып:

– Қазір тез ат жек те, мынаны Федор Иванович Павловқа алып бар. Ұақыты болса, тез келсін деп отырмын. Осында өзің алып кел! – деді де, өзі осы үйде Павловты тосып қалды.

Осыдан әрі Абай жаңағы айтылған ауру, өлім жайын тағы сұрады. Дәмежан енді бұған шынайы ауыр індет жөнінде біртіндең отырып, көп танытты.

– Алысты білмейміз, естуімше, ар жақта өлім саябыrlау болса керек! – деп Дәмежан тың сөзге ауыса бергенде, Жәбікен қосыла сейлеп:

– Ар жақтың да анау Затон жағы, шет-шеті көп ауырып түр деседі.

Дәмежан оның сезін өз бетіне қалдырды.

– Қасымызды, осы бер жақты, мына өзіміз білген айналаны айттайықшы. Бұндайда өрекпіген алыш қаштыдан жаман жоқ!

Абай бұған бас изеді.

– Рас, көргендерінді, жақын маңызды айтшы. – Осы тұста да індеп пен қаза бар ма?

– Бар, сол!

– Бар болғанда жиілеп барады! – деп енді шешіле түскен Жәбікен Демежанға тағы қосыла түсті.

– Кімдер, қане! Кім ауырды, кім өлді? – деп сұраған Абайға бұл екеуі кезектеп отырып, соңғы екі жұма ішінде өлген көршілерін санай бастады.

...Осы кезде бұлардың үстіне, Баймагамбетке бастатып Федор Иванович Павлов келіп кірді.

Абайдың мол денесі өте шапшаң қозғалып, отырған орнынан атқып тұрды. Құткен қонағын қуанып қарсы алды. Федор Иванович үндемей құшақ жайып амандасты. Абайдың қолын ұзақ сілкіп, қатты қысты.

Сөлден соң жайласып отырысмен Павлов Абайдың бұнда не шаруамен келгенін сұрап қалды. Ең алғашқы кездесу үстінде Абай досының сол сұрауына жауап берумен болды. Ол бұл сапарға келуге міндетті екен. Өйткені биыл Петербургте оқу бітіріп, аз отпүск алыш елге келген Әбіш енді Алматыға қызмет жайына журмекші. Ол елде жақында өзінің қалыңдығы Мағышқа үйленіпті. Бұл жайды естіген тұста Павлов қысқа ғана түрде қайырлы болсын айттып, Абайдың сөзін бөлмей тыңдай берді.

* * *

Абай сол ұзақ жолға келіні мен баласын ұзатып салғалы келіпті. Оның үстіне Әбіштің жолына ақша-пұл өзірлеу керек. Соған осы базарға мал айдатқан екен. Енді сол малды ертерек сатып, пұл қылып, Әбіштің әр керегіне өзірлік жасамақ. Өз жайларын айта келіп, Абай енді Федор Ивановичқа күлімсірей сөйледі.

– Бұның бәріне қосымша – қаладағы достарды сағындым. Қаланы көргім келді. Сонымен кеп қалдым. Ал енді қалаңыздың жайын, өз жайыңызды өзіңіз мәлім етіңізші, Федор Иванович! Александра Яковлевна қалай? Ол кісі доктор фой. Мынау қаладағы науқас жайлы не айттып жатыр? Маган бар нәрсе мұлде қараңғы. Мениң санама сөүле беріңізші! – деп, кейір кітаптардан өзі оқыған геройлары төрізді сейлеп, әзілдей тоқтады.

Федор Иванович әуелі Абайға тек науқас жайын айтты. Оның қаупі мен бір қыындық жөнінде қысқа ғана мәлімдеп отыр. Ең алдымен, өзі доктор болмаса да, «Сашадан естігенім» деп, өз әйелі доктор Александра Яковлевнаны атап етті. Абайға оның сәлем жолдағанын айтты. Мына

науқас басталғалы Александра Яковлевнаны осы бер жақтың больничасына ауыстырылған екен. ...Өзі аса қауіпті, жұқпалы ауру – ел таңдамайды. Бар жүртқа ортақ апат. Бұрында, қазірде ең өуелі Индиядан шығыпты. Содан Ресейді, Еуропаны, Англияны, Қытайды, Жапонияны, тіпті Солтүстік Американы да аралап өткен екен. Қазір Ресейде елу-алпыс губернияға жайылыпты деген сыйбыс бар. Бірақ әр ортада халықтың түрмисына, жағдайына қарай, салты мен қалпына орай бұл ауру әр алуан өтеді. Әйелінің Павловқа тапсырып, Абай сияқты халық адамдарына білдір деген сөздері бар екен. Алдыңғы сөздерін Абайға қысқа ғана айтып келіп, Павлов Абайдың бұдан былайғы сөзді ерекше тыңдаудын өтініп алды.

...Абайдың өзіне де Павловтың енді қайда тұру, қалай журу жөнінде айтпақ мөслихаты бар. Оны қысқа ғана жолдастық бүйрық ретінде сөйлемеді.

– Ибрагим Кунанбаевич, ең ақырда Сашамен екеуіміздің сіз бен Баймағамбетке айтатын бүйрығымыз бар. Иә, бүйрық! Сіз тек тыңдаңыз да, қабыл алыңыз! Мынау үйде сіз жатпаңыз, себебі, бұл үй ішерлік суды өзеннен алады. Ол су – әзірше ауру таратушының бірі. Қазір ауру көп шығып, өлім молайып тұрган мезгіл. Слободканың осы жағы мен аяқ жағы ең қауіпті жерлер. Сіз тезінен Слободканың орта тұсына және қорасында құдығы бар бір үйге көшіңіз. Оナン соң аса шаршамауга тырысыңыз. Асты онша ашықпай тұрып ішіңіз. Бұл ауруда ашаршылық қандай жаман болса, үлкен мешкейлік те жаман. ...Мұмкіншілігі болса, халыққа сезі жететін адамдар арқылы, жаңағы мен алғаш айтқан жайларды қаладағы қазақ халқына жеткізуге тырысыңыз! – деді.

Осыдан кейінгі аз әңгімен соң, Павлов Абаймен енді жиі көрісп тұрмақты уәде етісті де, жүруге айналды. Дәмежан бұл орысқа Абай көрсеткен ықылас, бейілді өзінің жүйрік зейінімен жақсы аңдаған еді. Қонақ жүруге айналғанда ол Абайға қарап:

– Абай аға, ас пісіп қалды. Мына кісі сыйлас адамыңыз тәрізді, дәмге қалдырсацызыш! – деген еді.

Павлов Абайдың аударуынан бұл сөзді естігенде, төсіне оң қолын қойып, бас иді. Дәмежанға үлкен, сұлу көздерімен жылы қарап, аса биязы алғыс айтты. Бірақ асқа қалған жоқ.

...Ол осы бетте пәтеріне қайтқанда Құмаштың қорасына қырдан келген, шаң басқан пәуеске кеп кіріп еді. Бұл келген Абайдың екі жұмадай тосып жүрген баласы Әбіш пен оның жаңада ғана үйленген келіншегі Магыш екен. Абайдың үстіне, ол отырган белмеге Әбіш сөлем беріп кіргенде, Магыш іркіліп, ұялып есік сыртында қалып еді. Абай соны аңғарып қалып, офицер киімін киген, қалаға өскерлік формасымен кірген Әбіштей баласының сөлемін жөндеп алмастан-ақ, оны қайта жұмсады.

– Сөлемің жен, бірақ артында, есік сыртында менен ұялып Мағыш тұрып қалды. Олай қалуы сенің офицерлігіңе, менің аталық, әкелігіме жараспайды. Бар, ертіп кір үстіме. Менімен амандасудан ұялмасын бұдан былай! – деді.

Әбіштің қоңырқай қызыл тартқан, тотықкан жүзі қып-қызыл бол кетті. Ол қысыла күлген бойында, әскери қозғалыспен шұғыл бұрылып, есікті аша берді де, Мағышты өзінен бұрын кіргізді.

Мағыштың бой сымбаты сұңғақ, биік. Аппақ мандайына, қара қасына шұғылалы, үлкен қой көзі сөл ғана қайшылықтай болса да, жақсы жарасқан. Абайдың жүзіне Мағыш көзі құрмет-ізетпен қарай түсіп, төмендей берді. Толық, сұлу еріндері мен сопақша келген аппақ қызырлыт беті де әдептілік танытады. Қызыл еріндерінде сөл ғана сыпайы жымию бар. Бұл жүзден уыз жастықтың сүттей таза, момын адалдығы нұр атады. Абай оған «қарагым» деп амандасты. Әкелік бейілмен жылы достық аңғартты.

– Ұзақ жолдан шаршап талмадың ба, Мағышым? – дегенде, Мағыш әсем дауысымен ақырын ғана:

– Жоқ, аға, оншалық шаршагам жоқ, – деді.

Абай бұл балаларының өз қасында болуын, әсіресе бер жақта қалуын қауіп санайды. Әбіш пен Мағыш екеуінен де сол ойын іріккен жоқ. Қазір аттарын доғартпастан, тезінен ар жаққа жөнелуі керек. Абай солай байлаған екен. Ар жақта бұлардың тусуіне лайық, көп жүрт бармайтын Данияр деген оқыған қазактың үйі бар. Оны Әбіш те біледі. Жастанар енді сонда барады. Осымен Мағышты Баймағамбет ертіп, тысқа шыға берді. Абай сөл іркіліп қалған Әбішке тез ғана бір мәслихат айтты. Оны жаңа ғана есіктен шыққан сұңғақ, сұлу бойлы Мағыштың сыртына қарап айтқан еді.

– Ауылдағы енелер мен абысындарға қосылып, Ділдә келініне кимешек-шаршы, қалың жібек желең кигізіп жіберіпті. Мағыштың өз бойының жарастығын жеткізе түсем деп, жарыса түсіпті. Қаланың үлгісіне лайық емес. Сенің бұдан былай араласатын ортаңа кимешек-желектің керегі не, қалай дейсің? – деп Абай құле қарап еді. Әбіш өзінің бұрыннан байлан қойған жайының үстінен дөл түскен әкесіне ырза болды. Үндемей құліп, бас иді де, шығып кетті.



Трашеңке – жеңіл жүретін арба түрі.

Кекбараздау – тап-таза етіп, крахмалдан жуу.

Індет – жүқпалы ауру қоздыргышының ауру ағзадан сау ағзага жұғып, үздіксіз таралуы.

Кимешек-шаршы – ақ матадан тігілген, омырау мен арқаны жауып тұратын, беті ойылып жасалған әртүрлі үлгідегі баскиім.

ОЙТАЛҚЫ

1. «Абай жолы» роман-эпопеясының төртінші кітабы қандай тараулардан тұрады?
2. «Тұн-түнекте» тарауының толық нұсқасын оқыңдар.
3. Үзіндінің сюжеттік-композициялық құрылымына талдау жасаңдар.
4. Үзіндіде көтерілген басты мәселелер не?
5. Семей қаласына тараган оба ауруынан халықты сактандыру үшін Абай қандай өрекеттерді қолга алады? Тараудан мысалдар келтіріңдер.
6. Абай мен Павлов арасындағы қарым-қатынас туралы не айтар едің? Абайдың орыс достарының қазақ халқына жанашырлығы, ізгі ниеттері қалай бейнеленген? Олардың бойында ең тамаша мінез-құлыш, қасиеттер қалай жинақталған?
7. Төртінші кітапта Абай халық тағдыры шешілетін жерде, қалың елдің қамқоршысы бейнесінде суреттелетініне мысалдар келтіріңдер.

ОЙ БЕЙНЕЛЕУ

1. Топпен бірге үзінді мазмұнын ашатында мәселелердің тізбесінен тұратын жоспар жасаңдар.
2. «Абай жолы» роман-эпопеясындағы Абай жеткен биіктікті межелендер. Қосымша дереккөздерге сілтеме жасай отырып, Абай бейнесін жасаудағы жазушы шеберлігі туралы ойларынды кестеге түсіріңдер.

Үлгі:

Қаламгерлер пікірі	Романинан мысалдар	Өз пікірім

ОЙ ЗЕРДЕЛЕУ

1. Жазушы үзінді кейіпкерлерінің киім киоін, жүріс-тұрыс, сырт пішіндерін ерекше сипаттап, этнографиялық суреттер жасағанына дәлелдер келтіріңдер.
2. Үзіндіден көрінетін Әбіш-Абай арасының романының бірінші, екінші кітаптарынан көрінетін Абай-Құнанбай арақатынасынан өзгешелігі, айырмашылығы туралы топта талқылау жасаңдар. Жазушы Абай-Әбіш, Құнанбай-Абай арқылы қандай мәселе көтерген деп ойлайсыңдар? Бұл мәселенің бүгінгі күнде маңыздылығы неде?

ОЙ ТҮЙІН

Шыгарманы галамдық тақырыптармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалаңдар.

Тарау атауы	Тарихи құндылығы	Көркемдік құндылығы
Түн-түнекте		
Жаңашылдығына баға:		

Кері байланыс. «Жинақтау парақшасының индексі».

(Еки жағында да көрсетілген тапсырмалары бар параптар таратылады).

1-беті: бүгінгі тақырып бойынша негізгі идеяларды атап шық.

2-беті: бүгінгі тақырыптан иені түсінбегеніңді анықта.

Қаламгер пікірі

Қазақстан үшін Өуезов – екінші Абай, біз үшін – Шығыстың Шолоховы... М. Шолоховтың «Адам тағдыры» әңгімесіндегі шалқар шабытпен жазылатын болса, ол шыгарма өмірді мадақтайды әрі дәріптейді. «Абай жолы» – нақосындаш шыгарма...

Мұхтар Өуезов өзінің «Абай» романының бірінші кітабымен-ақ әдебиеттің атқаруға тиісті ең жоғары қызметі мен ең жоғары рөлін қолмен қойғандай көрсетіп берді. Ол өз халқының өзін-өзі танып-білуіне көмектесті, ал басқа халықтар үшін тамаша жаңалық ашты...

Николай Погодин

ҚАПАДА (жалғасы)

Оқу мақсаттары:

11.1.1.1 әдеби шыгарманың сюжеттік-композициялық құрылымын талдау арқылы көтерілген ғаламдық меселелерді терең түсіну.

11.2.1.1 әдеби шыгарманың композициясын, жанрлық ерекшеліктерін айқындау, уақыт пен кеңістік түргысынан талдау.

11.3.2.1 көркем шыгарманың жаңашылдығын ғаламдық тақырыптармен байланыстыра отырып, сынни түргыдан баға беру.



Тірек сөздер: Дөркембайдың аманаты, кедей ауылы, жатақтар түрмисы.

Мақсатқа қол жеткізу үшін:

- ✓ үзіндінің сюжеті мен композициясын талдау;
- ✓ галамдық мәселені тауып саралау;
- ✓ үзіндіде бейнеленетін уақыт пен кеңістікті анықтау;
- ✓ сұни бага беру.

Абай мен Дәрмен қоңыр адырдан асып, тәскей қоныс – Молалы суға жеткенде күн батуға тақаған. Құздің бұлыңғыр күні айықпады. Ертеден кешке дейін қатты қара жел соғумен болды. Онсыз да тозығы жеткен кеп жатақтың ауылдық қазір, өсіреле жүдеген түскен жадаулықта. Жиырма шақты қоңырқай үйлі, жыртық қара лашықты ауылдың тірлік белгісі аз-ақ. Кейбір үйдің түңлігі астынан жіңішкелеп шалқып шыққан түтін байқалады.

Ауыл сыртында жүрген жан байқалмайды. Талшық болмысын жалғыз-жарым сауынынан айыратын шешелер өз үйлерінің ырында бірлі-жарым сиырларын сауып отыр.

Екі жолаушы өздері іздеген үйді ешкімнен сұрастырмай-ақ, сырт долбарынан айырып таныды да, дәл кеп түсті. Бастап келген Дәрмен. Ол бұл үйге келіп, түсіп жүргендіктен, ескі туырлыққа былтыр жамалып қосылған жақалу қызыл киізді есінде сақтаушы еді. Бұл шақта ол қызыл киіз оқып, құрым сарыға таман айналса да, жапсыра жамалған қалпы белгі болды.

Жүргіншілер кеп түскенде де, бұларды аңғарып, қастарына келген кісі жоқ. Абай бие бауындей жерде, өремен жайылып жүрген екі атты көрді. Біреуі Ерболдың алааяқ қоңыр аты тәрізді. Екіншісі, Базаралының бір кездегі теңбіл аты, бұл күнде тарлан бозға айналған. Екі атты таныған Абайдың көңіліне ол аттың иелері түсті. Күні бойғы үзак жүрістен қажыған көңіл жайы енді сөл көтеріле берді.

Үй іші бұл кезде «кісі келді-ау» деп селт етпегендей. Адам жоқ иесіз үй болмаса, не бір басқаша орасан күй болмаса, аттан түскен шет қонақты сезгенде, иті абалап әлек, шу жасап жатқанда, қауқары бар үй жанынан біреуі не шықса немесе дыбыс берсе керек еді. Бұл үй ондай белгілер жасамады. Абай мен Дәрмен үйге кірген соң ғана ерекше жайдың мәнін білісті.

Кішкене қоңыр үйдің сол жағында, жер төсекте ауру жан жатыр. Екі ерек, бір әйел сол қысылып жатқан адамның ескі төсегіне ентелеп, науқасқа үзіле қарасып отыр. Осы жандардың бейнесін көргенде, Абай мен Дәрмен бар күйді анық аңғарды. Бұларды енді ғана білген дені сау жандар тез серпіле берді. Абаймен ақырын амандастып, төр жақты босатып, орын беріп жатқан Базаралы мен Ербол.

Әйел үнсіз жас төгумен отырган қалпынан көп ауысып, өзгерген жоқ. Абай бұл адамдармен ақырын, қысқа ғана амандық айтысты да, аурудың халін сұрады. Осы кезде ауруға телміріп отырган әйел науқастың ымдаң жасаған белгісі бойынша еңкейіп үцілді де, жүзіне жүзін тақады. Сейтті де қатты дыбыстап:

– Келген Абай, Абай, Дәрмен! – деп екі-үш қайырды.

Бетін Абайларға бұрды да: «Келген кім?» – деді, тілі қайта шешілгендей.

Осыдан кейін Базаралы Дәрменге кеңес етті.

– Қасына тақашы. Сені аузына ала береді. Айтпағы бар ғой деймін, – деген еді.

Дәрмен сырт киімін тастан, бешпентшең күйде жаңағы әйел отырган орынға жүресінен отырып, еңкейе берді. Абай да осы кезде тымағын тастан, төсектің бас жағынан шынтақтан келді. Дәрменге бас түйістіре отырып, әлсіз науқастың кез алдына бар жүзімен көрінді.

Ербол сөніп қалған отты осы шақта құрғақ тезек салып, қайта қоздандырып үрлей түсіп еді. Енді бір сөтте лаулап тұрып, маздал жанған от Абай мен Дәрменнің жүзін ауру адамға анық көрсетті. Аурудың аппақ сақалы ұзын күйде үйысқандай. Кесектеу мұрны қазір сүйірленіп, қырлана түскен. Кішілеу көздері ашылар-ашылмластай сөл ғана сығырайып, төмендеген. Ағарған қалың қасы ретсіз үйпаланып, көзіне қарай жайылған. Дерт жеңген қарт өзіне үцілген екі жүзге кезек қарап, сөл ғана езу тартқандай болды. Өте ақырын ғана дауыспен:

– Абаймысың? – деді. Қірпігін ғана қозғап, өзіне қарай шақырғандай.

Абай оның не тілегенін аңғарып, аурудың сақалына бетін әкеп баса берді. Науқас бұнысын құптаң, бас изегендей ишарат жасады да, Абайды құлағынан, самайынан, маңдайынан қоса иіскең, сүйгендей белгі етті. Қөптен көзден шықпаган кесек тамшы, ыстық жастар Абайдың көзінен көрі досы Дәркембайдың мұрнына, оң жақ бетіне сап-салқын тамшы бол қат-қат тамды. – Қайран қартым-ай!.. Қадірлім-ай! – деп Абай, өзімен-өзі сейлескендей күрсініп, бір жалын атты. Демі дір-дір еткен өксік төрізді ауыр күйініш қалпын байқатты. Улken адамдық пен мейірімді достық қасиеттерін жиган кең кеуде аса аңы бір шерменен өзгеше күйзелгендей.

Дәрмен жылап жіберді. Жаңыл да мұрнын тартып, үнсіз жасын төге түсті. Кейінірек отырган Ербол да Абай аузынан шыққан жаңағы жалынды андағанда қатты «ah» ұргандай бол, дыбыстап күрсінді. Үнсіз, жым-жырт күйде басы-көзін төмен салып Базаралы да ауыр уайымға батқан. Лапылдай жанған тезек отының ойнамалы жарығы оның қастарының арасындағы үш тарау терең әжімдерін өзінше бір ереуілдеген көлеңкедей етеді. Кейіс, нала елесіндей айқындай түседі.

Қасына кімдер келгенін жақсы аңғарып жатқан науқас енді бар күшін, ес, санасын зорлықпен жинап алды. Тағы да қабагымен ишарат жасап, Дәрменді өзіне қарай тарта тұсті. Жас жігіт қарт ағасының қиналған жүзіне жүзін тақап, етпеттей кеп еді. Дәркембай баяу салмақпен қозғалған кішкене көздерін бір сөтке Абайға аударды да, Дәрменге сөйледі. Сөзі сыйыр, бірақ анық естілді.

– Абай сенің... қарызыңнан... құтылды! – деген сөздерді бөліп-бөліп, өте ақырын айтты. Аз күшін тартына жұмсал, тағы бір нәрселер айтып қалмақ тәрізді. Қуаты шақ болғанымен санасы сау, ойы сергек. Есті қарттың жаңағы сезін естүмен қатар, оны қоршай отырған бар достары да ендігі жайды жақсы аңғарды.

Ербол, Абай, Дәрмен – үшеуінің де есіне ерте кезде өткен, Дәркембай өзі араласқан бір шақ түскен еді. Ол – Құнанбайдың Меккеге жүргелі жатқан сағатында Тінібай қорасында, Семейде болған оқиға. Сол кезде көзіне кез ауру тиіп, кір орамалмен басы, бетін қигаштай таңып алған он-он бір жасар бала Дәрменді Дәркембай Құнанбайдың алдына әкелген. Жетімнің Құнанбайда қарызы барын айтқан. Сонда Абай аузынан шыққан бір сөз бар еді. Жас бала Дәрменге қарап: «Өкем үшін мен қарыздармын» деген. Сондағы әділ адамның, адамшылығы зор адамның аузымен айтылған ер серті есепті екен.

Бүгін өлім аузында жатқан Дәркембай осы жайды есіне текке алмады. Базаралы мен Ербол да сол бір жайды еске ала бере, өз беттерімен Дәркембай сезін құптағандай, бас изесті. «Сонау шақтағы Дәрмен қандай еді, бүгінгі Дәрмен қандай?!», «Абаймен оның екі арасы қандай?!», «Туды» деген жай сөз!», «Бүгінгі Дәрменді бүгіндегі Абайдың баласы емес деп кім айта алады?», «Кейбір туған баладан, аға-ініден, бауыр жақыннан Абайға Дәрмен сонағұрлым жақынырақ, ыстығырақ, қымбаттырақ десе, кім таласады?» Дәркембайдың төрт-ақ сөзben мегзегені осы. Базаралы, Ерболдай дос-жаранның өз іштерінде талай жайды ойлап өтіп, құптаап отырғаны да сол.

Дәрмен мен Абай өз араларын сарапқа салып жүрмеуші еді. Тек қазір Дәркембай аузынан шыққан аз сөзден соң, көңілдерінде, тереңде, іште жатқан бір жаразтық жайды аңғарысты. Дәрмен жылай отырып, ауру картқа тілмен жауап айтқан жоқ. Бірақ басын қайта-қайта еңкейте иіп, изей түсіп, аға сезін құптағанын танытты. Және содан әрі де Дәркембайдың бір нәрсе айтқалы жатқанын аңғарды. Аурудың аузы мен көзінен өзінің көзін айырмай: «Тағы да айт!», «Тағы да айтарыңды тосамын!», «Не өсиет айтасың?» деген жүзбен телміре қарап отыр. Бұл сөт – осы екі туыстың арызdasу сөті екені бар жаңға айқын. Бір Дәрмен емес, кішкене үйде, науқас төсегінің айналасына үйірілген кішкене топтың бәрі де үзілгелі

жатқан асыл жанмен арыздастып қалу халінде отыр. Соның аңғарған есті әйел – көзі жасты Жаңыл сыртқа екі-үш рет аландап, өзіне-өзі айтқандай етіп үн қатты. Сыбырлай берді. Шалының көктен тілсіз, үнсіз жатып, енді ғана соңғы айтарын айтып кетпек болып жатқанын андаған сайын Жаңыл жаңағы сезін, сыбыр сезін қайталай түседі.

– Рахым қайда жұр? Келмеді-ау! Негіп кешігіп жұр Рахым! Келмеді-ау, әлгі Рахым! – дей беріп еді. Дәл осы кезде сол анасы көп күткен Рахым да Абай мен Дәрменге сәлем бере кіріп келді.

Бұл күнде жасы он төрт, он беске келген бала жігіт Рахымның бойы бойшаң, ақшыл жүзі ашаң, арықтау екен. Ол кіре салысымен шешесінің үнсіз қол бұлғап шақырған ымы бойынша тымағын тастанады да, әкесінің төсегіне Дәрменмен қатар отырып, үңіле түсті. Дәркембай Дәрменнің қасында өзінің жалғыз баласының, жас баласының жүзін көргенде қатты қобалжып, бір толқып, оймен түйіліп қалды. Реңі қашқан жұқа еріндерін жиыра тістеніп, өте аңы бір зәр жұтқандай шер тұтқан-ды.

Абай танып отыр. Қарт досының осы бір сараң ғана бет белгісінде оның бар арманы, айтары сезілгендей. Бұ дүниеден әкетіп бара жатқан бір зары білінгендей.

«Жасы жетпей, бұғанасы қатпай, жетім-жалқы боп жалғыз мынау балам қалып барады. Қолында өнері жоқ, алдында малы жоқ, айнала пана жоқ. Кімге қалып барады?» деген ой, «Күні не болады» деген қауіп, күдік Дәркембайдың діңкесіне, әсіресе дәп тигендей. Осы жайды ойлай отыра, Абай Дәркембайдың жүзін бақты. Аузынан тағы бір айтсам деген арманы шығар ма екен, жоқ, оған мұршасы келмей, әлі жетпей өтер ме екен? Айтылып болмаган арманымен үзілер ме екен! Ондай қасірет мынау жұмылған ауыздың ішінде шығарман боп тұрып шыға алмай кетсе, оның өзі де бір жаза ғой деп, қиналып ойланып еді.

Жаңағы сыбырлап айтқан азғана сезінен соң, ұзак үнсіз жатқан Дәркембайдың көзі Дәрменді өз қасынан босатпай, әлі өзіне қарай «тыңдай тұс» дегендей тартып жатқан-ды. Сол себепті де Дәрмен бұған «тағы не айтасың?» деген тәрізді кез айырмай қадалып отыр. Енді бір шақта Дәрмен мен Рахымға кезек көз аударып жатқан Дәркембай тағы да бір нарсе айтарман болды. Еріндері сәл қыбырлай түсті. Сол сәтте тағы да айқын сыбыр естіліп еді. Дәрмен анық үғынып, нық тоқып алу үшін ағасының аузына өзінің құлағын да тақай төнді.

– Рахымды саған тапсырамын... Осыны адам ету жайын сен де өз мойныңа қарыз етіп ал!.. Сонымен ақта Абай тәрбиесін!.. – деп бұнымен сезін бітіріп, енді кез қыығын Абайға бұрды. Жаңағы Дәрменші Абай да еңкейіп құлағын тақады. Аурудың бұған айтқан сыбыры, тіпті әлсіреп және қысқарып, азайған еді.

– Рахымды оқуға... берші! Бұны да адам етші!.. – деп, соңғы арызdasу сезін осымен тамам етті.

Дәркембай енді сұлық түсіп, жым-жырт көз жұмып қалды.

Үзіліп бара ма, жоқ арыз, еснет айтамын деп әлсіреді ме, білу қын. Абай науқастың тамырын үстады, сәл, ете сирек, болар-болмас қана соққан қыбыр бар. Үй іші аурудың жүзіне әр сөтін бағып, қадала қарап отырып, енді бір болжау жасасты. Өздерінше долбар айттысты.

– Жаңағы сөзден әлсіреді ғой, тыным алсын! – деп Базаралы байлаған еді.

– Қайта-қайта сұрап «келе ме, келді ме» деп Абай мен Дәрменді тосып еді. Бұларды көріп арманын айтқан соң, енді тыныштық алды білем! – деп Ербол топшылады.

– Сәл қалғығандай... үйқыға кетпеді ме еken? – деген үміт сезін жас Дәрмен айтқан еді.

Абай мен өзге үлкендер бұның сөзіне жауап берген жоқ, олар біліп отыр. Бұндай халге жеткен ауруда дәл бұндай сөтте үйқы болмайды. Ол барлық пен жоқтық арасындағы бойсұну. Үзілермен шақтың бірі. Дәрмен сияқты жас, өуелі өлім көрмеген тәжірибесіздігін танытады. Болмаса ол өзінен кішірек Рахымның көңілін аулайды, үмітін демейді. Бірақ бұның айтқандарына тәжірибелі үлкендер ілтипат жасаған жоқ. Олардың аңдағандары, енді не де болса науқасты тыныш қалдыру керек. Дәрменге сол отырған қалпында қала беруді қолымен белгі етіп бүйірді да, Абай өзі енді терге қарай, кейін серпілді. Базаралы мен Ербол да жазылыңқырап, дағдылы қонақтарша отырысты. Осыдан соң бұлар жай сұраса бастап еді, Базаралының сұрауы бойынша Абай бүгін қорықтан шығып келген жайларын айтты. Құздің қысқа күнінде аяңмен ұзақ жүріскең еken.

Абай Дәркембайдың қалай ауырганын, қашан ауырганын енді анықтап сұрады. Бұл жайды Базаралы, Ербол, Жаңыл – үшеуі кезектесіп айттысты...

– Суық өтті. Осы бір жұмадан бері айықпай түр ғой, мынау қара суық, қатты жел, қораға тасылмаган бір отау пішени бар еді, Қарағандысайда. Соған мынау көрші үйдің арбасын сұрап алып, қасына Рахымды ертіп, бір күн ертемен кетіп еді. Барған соң алған жұмысын тындырмай тоқтай ма бұл кісі. Қара дауылдың үстіне қыыршықтап қар да жауған еken. Соған қарамай баласымен екеуі күні бойы шепті тасып, қораға үйіп те болыпты. Шекпені болса жұқа, омырауы да ашық еді. Жұмыстың қызыуымен оны ойламаған ғой. Бейнет ауыр, әл-ауқат аз, киім лыпа нашар... күн болса өңменімен өтетін қатты жел! Өзге емес, бәрі осыдан болды. Ел жата үйге келгенде «Жаңыл-ай, қатты жаурап, аса қиналып келдім, осы бүгінгі

күн діңкеме тимесе еді!» – деген еді. Айтқаны болды, таңертең өне бойы қызып, жетеліп, жата алмай қинала бастады... Соның арты, міне! – деп жүдеу жүзді Жаңыл білгені мен түйгенінің берін сондай айқын, саналы жүзбен айтып шықты.

Базаралы көп сордың, жүдеулік-жадаулықтың неше алуан қасіретін шеккен адам өзінің салқын, аңы ойын таратты.

Жасы жетпістен асып бара жатқан Дәркембайдың бүгінгі жайын Базаралының бұл айтқан сөзінен орынды, қисынды сөз тауып айту қын. Абай мен Ербол «рас, рас» десіп, тек қана бас изесті. Осы түнде Дәркембайдың халі ауырлап, сағат сайын мегдете берді. Үй іші ас ішіп бола бергенде, үнсіз, сұлық жатқан ауруға, соншалық әлсіз шақтың өзінде де қатты бата бастаған қиналу білінді. Сол соңғы шұғыл өзгерістің белгісі екен. Енді біразда деміне сырыл араласты. Абай мен Базаралы, Ербол – үшеуі де ауруға кезек-кезек тақап келіп, ендігі деміне құлақ салысты. Соның артынан бұлар кейіндей отырып, біріне-бірі ақырын гана айттықсаны сол сырылдың жайы еді.

– Анық сол!

– Сырылдың өзі.

– Мәлім... сол сырыл! – дескен. Кейін тағы бір ет асымдай мезгіл өткен соң, жаңағы жаман нышан араласқан дем ауырлай барып, таңға тақаған кезде Дәркембай дүниесін салды.

Келесі күні сөскеден бастап, жиын отырган жатақтың барлық жұрты өздерінің қадірлі қарты, көрі ағасы Дәркембайдың қазасын күтумен болды. Молалы судан қой өрісіндей жерде, бел астында, жатақтың бұдан бұрын өлгендерін қойған көп бейіт бар-ды. Соған ер-азамат Дәркембайдың сүйегін апарып, таза арулап, қойып қайтты.



Құрым – иленген жұмсақ тері. Үзіндіде киіздің тозып, ескіргенін білдіріп тұр.

Кейіс, нала – қайғыда, мұңда, ауыр қайғыда деген мағынада.

ОЙТАЛҚЫ

1. «Қапада» тарауын оқып, мазмұндаудың жоспарын құрындар.
2. Үзіндіге қандай оқығалар арқау болған?
3. Эпопеяда ел намысының жоқшысы Дәркембай қалай тұлғаланған? Дәркембай талай кедейдің бейнесін бойына жинақтаған типтік бейне деуге бола ма?
4. Үзіндіде Дәркембай қадірін автор Базаралының қандай сөздерімен берген?
5. Дәркембай соңғы арман-тілегін, аманатын кімге айтты?

ОЙ БЕЙНЕЛЕУ

1. Үзіндіге сүйене отырып, кестені толтырыңдар.

Үзіндің құрылымы, негізгі оқиғасы	Кейіпкерлер тағдыры	Жазушының көркемдік әдісі мен тәсілі

2. 1–4-кітаптар бойынша Базаралы мен Дәркембай бейнесін ашатын эпизодтарды еске түсіріңдер. Базаралы мен Дәркембай бейнелерін «Вenn диаграммасы» бойынша салыстырыңдар.

Базаралы		Дәркембай	
Айырмашылығы	Үқастығы	Айырмашылығы	

ОЙ ЗЕРДЕЛЕУ

1. Үзіндігі портреттеуге назар аударыңдар. Оның маңызы, яғни кейіпкерлер іс-әрекетін, жан дүниесін ашу дағы маңызы туралы ойларыңды «Төрт сейлем» әдісімен жеткізіңдер.
2. Топпен бірге романың 1–4-кітаптарына сүйене отырып, Дәрмен бейнесі туралы шагын таныстырылым жасандар.

I топ	II топ
<p>1) Дәрмен туралы Абайдың пікірі мен көзқарасы</p> <p>2) Дәрмен туралы достарының пікірі</p> <p>3) Дәрмен туралы үстем тап өкілдерінің пікірі</p> <p>4) Кімнің пікірі өзіңе жақын? Не себепті жақын?</p> <p>5) Дәрмен туралы өз пікірің қандай?</p>	<p>1) Өмірдегі мақсат-мұрраттары</p> <p>2) Халық, кедейлер туралы көзқарастары, қарым-қатынастары</p> <p>3) Өнер, білім, болашақ туралы пікірлері</p>

ОЙ ТҮЙІН

Берілген сұрақтарды талқылай отырып, көркем шыгарманың жаңашылдығын зерделеңдер және сынни түргыдан бага беріңдер.

- 1) Шыгармадағы жаңашылдық не деп ойлайсыңдар?
- 2) Романда қандай жаңа идея айтылған? Мысал келтіре отырып дәлелдендер.
- 3) Романың жаңашылдығына қандай бага берер едіңдер?

Кері байланыс. «Шыгу парагы» бойынша сұрақтарға жауап жазыңдар.

1. Бүгін не үйрәндідер?
2. Романиң жаңашылдығына баға бере алдың ба?
3. Тақырып бойынша қандай сұрақтарың бар?
4. Келесі сабакта қандай мәселеге баса назар аудару керек?

Қаламгер пікірі

...Шығыс халықтарының әдебиетіндегі көркем прозаның гүлдене дамуы – айтарлықтай жаңалық. Тарихи дамуының ерекшеліктеріне байланысты бұл халықтарда елец, ән дәстүрі жақсы дамыған еді... Өйткенмен Шығыстың көптеген халықтары әдебиетінде көркем проза болған емес. Сөйткен топырақта, мәселен, қазақ әдебиетінде Өуезовтің «Абайы» сияқты үздік романдардың тууы – қуаныш үстіне қуаныш.

Александр Фадеев

ҚАСТЫҚТА

(жалғасы)

Оқу мақсаттары:

11.1.1.1 әдеби шыгарманың сюжеттік-композициялық құрылымын талдау арқылы көтерілген галамдық мәселелерді терең түсіну.

11.2.2.1 автор бейнесінің шыгарманың негізгі идеясымен байланысын айқындау.

11.3.4.1 шыгарманы идеялық жағынан мазмұндас әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдау, әдеби сын жазу.



Tірек сөздер: қастық, өмірдегі үлкен соққы, ел үміті, жақын адамдар.

Мақсатқа қол жеткізу үшін:

- ✓ үзінді сюжетіндегі маңызды белімін табу;
- ✓ галамдық мәселелермен үндесетін тұсын анықтау;
- ✓ автор бейнесі мен негізгі идеяны саралау;
- ✓ әлем әдебиетіндегі шыгармалармен салыстыру;
- ✓ әдеби сын жазу.

Қоңыркөкше деген елдің өткен сайлауда болып бекілген Сәмен өз елінің қасқыры болды. Көкшенің көп кедейін жылатып, «ауылын шапты, жерін өртеді, жесірін шулатты, малын үрлattività» деп айналадағы елге Сәменді қатты қаралайтын ақыз тараган. Осы сөз Абайға жеткен.

Абайға «қолыңдан келсе, тілің жетсе, осы пәледен елімізді құтқарып бер. Бұл – ертегінің екі басты жыланынан кем болмай тұр. Ат пен асты

гана алмай, адамның арына, басына жетер болды» деп, көп момын ел Сәменнің үстінен ұлыққа да арыз жазған. Приговорлар түсірген. Абайдай көлденен ағайынга да көп шаққан.

Осы сөздің көбі Абайға анық жылаулар жүрттың аузымен бұрын да айтылған еді. Кешеден бері мына Арқат басында да айтылды. Абай ауылынан шығып, Қоңыркекшениң қалың жайлауын аралап келгенде, жолдағы көп елден де осыны есітіп келген. Жылаған жүрттың көз жасын көріп тұрган Абай жиренішін жасыра алмай, жаңа шұрай топтың алдында Сәменді бетке қамшымен үргандай, соққы салды. «Сен ел иесі болмай, ел жақсысы атанбай елден садаға кет!» – деді. Ендеше, бұл Абай не қылса, Маковецкий оязға Сәмен болыс туралы ойдағысын айтады. «Сайлатпауга да тырысады» деп Сәмен мен Оразбай қазір Абайдан жаңа бір жаза күтті.

Осының арты Оразбай мен Сәменнің алай-тулей көп өрекетін турызды. Оразбай Арқаттан шығып, Сәмен болыстың ауылына барды. Бұның елі «Жаман Тобықты» атанатын. «Жаман Тобықты» өздерін «Жекең» деп атандырган. Қоңыркекшениң көп елінің бірі осы Жекең, онан соң Мамай, тағы біразырақ тобы Қекше. Қазір Оразбай Сәменді қасына алып отырып, үш күн ішінде қан жайлаудагы Жекеңнің бар атқамінерін жиды. Мамайдың ең үлкен руы – Мырзаның бай-багланын және шақырды.

Соларға Құдай, аруақты айта отырып, Құнанбай баласы Ыбырайды өлердей жамандады. «Арқаттағы сиязда Тобықтыны жер қылып Үаққа жығып берген Ыбырай. Сол Ыбырай ертеңгі сайлауда сенің бәріңің басынды тексіз, құнсыз бір кедейдің, бір Қекшениң қанжығасына байлаап береді!» – деп отырып, әлденеше бозқасқаны да сойғызды, кекқасқаны да жесті. Сөйтіп анттасып, баталасып отырып Қоңыркекше болысының Мырза-Жекең деген ең көп елдерін өз жарына, өзі арқылы Сәмен жарына ант ішкізіп, анық байлаап қосып берді.

Осыдан кейін он бес-он алты күн өткенде Жекеңнің жайлауы Ақшатауда үй тігіліп, Көшбике деген қоныста сайлау жүретін болды. Оразбай аз күнге ауылына қайтқан еді. Дәл сайлаудан үш күн бұрын Сәменнен қос атпен шапқан хабаршы келді. «Елге, шарға салса, жеңіп алып отырмын. Болысқа өзім сайланатын жөнім бар. Бірақ сайлау басына Абай келгелі жатыр. Ол оязбен, тілмашпен келіседі де, кесірін тигізеді. Өзің жетпесең болмайды. Дегенің рас болса, табылар жерінен табыл, Оразеке!» – депті.

Оразбай осы хабарды ести сала атқа мінген. Қасына ерткені – тағы да үзенгі серігі Есентай. Ол бұл шақта да Оразбайдың шойын шоқпары төрізді, зілдей ауыр салмақ танытады да, тек үндемей гана ере береді.

Оразбаймен екеуі де жасында ұры, жортуылшы болған себепті қазір егде тартқандарымен, атқа мінсе қатты жүрісетін. Жері алыс болса да, Көшбикеге араға бір-ақ қонып жетпек болысты. Жолда жұмыс бітіре, серт байласа кету үшін қонағын аулы – Тәкежан ауылы. Сонда астындағы аяңшыл ақжал аттың алдын аяңдатып, артын желдіре отырып, қасындағы үш-ақ кісі жолдасымен Оразбай ымырт жабыла асыға келді. Сол арада шай ішіп болмастан-ақ Тәкежан Әзімбайды тек өз қасына оңаша алып, жақын жердегі ауылынан Шұбарды шақыртып келтірді.

Осы үш Ыргызбай мен Оразбай далаға оқшау шығып алып, түн жарымына шейін аса құпия, сұмдық бір байлаудың түйінін түйді. Бар сөздің аяғында Әзімбай мен Шұбарға тағы бір соңғы салмағын сала Тәкежанның көзінше сөз тастады.

– Екеуің екі «бердінің» баласысындар! – деп бастады.

Тәкежанның шын аты – Тәңірберді, Шұбардың әкесі – Құдайберді. Соларын атағаны болатын.

– Арысы Өскенбай бидің, берісі кешегі қажы Құнанбайдың аруақтарын шақырып ауызга алсам, қасымда бел балалары екеуің барсың, өзіммен бірсің! – деп кетемін. Ыбырайды сол «аруақ атынан садаға» деп, «ата ұлынан шығарып тастадым» деп кетемін! – деген. Осыны бар сырдың байлауы етіп аяқтаған да тына қалған. Жаңағы үш Ыргызбайға кезек қарап, үндөрін бағып отырып алған-ды. Олардың бірде-біреуінен сөз шыққан жоқ. Бірақ жаңағы Оразбай аузындағы үлкен қырсық пәле сөзге бірде-бірі шіміріккен де, түршіккен де жоқ. Үндемегендегі болмаса, құптамай отырған жоқ. Шұбар болса, Оразбай оған, өсіресе қадала қарап қалғанда, ақырынғана, болар-болмас қана бас иді. «Мақұл, құп көрдім!» дегенді аузы айтпаса да, аңғары танытып отыр. Әзімбайға, Тәкежанға Оразбай онсыз да күдік қылмайтын. Шұбардың жаңағы үрлап аңдатқан сараң ымын жалғыз көзben анық көріп таныған Оразбай енді «болды, бітті» деп қамшысын мықынына таянып сүйенді де, тұра берді. «Тарт атымды!» деп бүйрыйқ та берді. Сонымен келуін ымырт жабылған, көз байланған кезге дәлдеген Оразбай ендігі сырын, жайын да көзге түсіргісі келмейді.

...Абай Сәменнен өзгеше жылаулар болған Кекше, Мамайдың адам түршігер қорлық жайын тағы да есітіп, үйінде жата алмаған. Арқатта осы елдің содырларына қарсы алысты. Енді осы сайлауда, тым құрыса, Сәмендей, Әзімбайдай жеміт болыстарды орнынан түсіртіп, «аз да болса жүрт басына жеңілдік өнеріп көрем» дейтін. Сонымен, Көшбикедегі сайлауға о да жүрді. Бірақ Оразбай түнделетіп, түн қатып таңсөріде барып түскен сайлау басына Абай келер күні екінді кезінде ғана, қасындағы төрт кісі жолдасымен асықпай кеп жеткен еді.

Жақын жандардан қасына ергені Кәкітай болатын. Қалған үш кісі бөгде көрші, тек бір сапарға қосылған кісілер. Ояз да сайлау басына жаңа ғана келген еken. Абай одаша бір үйге өз жолдастарымен келіп түсіп, азгана сусын ішіп, енді оязға өзі келген жөнімен кіrmекші болып еді. Бұлар түскен үйде жаңағы сусын берген күтушілер Сәмен болыстың әдейі қойған адамдары болатын. Оның бір жылпың жігіті қымызың құйып отырып, Абайдың оязға бармақ байлауын естіді. Енді жылт етіп, аз уақытқа үй сыртына шыға қойып, бұны тосып отырған кетік сарыға «Абай ұлыққа қазір кіргелі отыр, барып айт!» деп хабар жіберді. Абай отырған үйге көрші үйлерде тығылып сайланып отырған, қандарын ішіне тартқан елу-алпыс атқамінер бар еken. Солардың тап алдына Сәмен түсіп алыпты. Бөрінің қолында қамшы ғана емес. Кейбіреулерінде қолшоқпар, тағы бірлерінің сапысы да бар. Абай отырған үйге осы топ беттей бергенде, Есентай тап беріп, Сәменді сәл тоқтатып қалды да, өз бойымен топтан тасалай шеттете берді. Бітік көздерін бұл жерде айқындалап аша түсіп, түқыра қарады. – Сәмен, қол батыр болмай, жүрек батыл болмас... – деп, Сәменнің қолындағы жіңішке қамшыны алды да, өзінің сегіз өрме, бұзау тіс дырау қамшысын ұстартты. – Еттен өтіп, сүйекке жеткен ызамыз бар-ды. Тапсырдым, Жәкен аруағына! Аяма да... Аянба!.. – деп Сәменді сейлетпей жөнелтіп жіберді.

Өзөзіл қан тілегенін танытып қалды. Абайдың үстіне есікті шалқасынан аштырып, аттап, екпіндеп Сәмен кіргенде, қалған он-он бес кісі қатарынан қаруладын жасырмай иін тіресе, сұғына берді. Сәл сескеніп, үнсіз қарап қалған Абайға Сәмен тұра басып, адымдалап кеп, қатты сүмдүк бір боқтық айтты. «Соңымнан қаласың ба, жоқпышың!» деп қамшымен бастан тартып жіберді.

Сол-ақ еken, Абайдың үлкен денесі қозғалып түруға да мұршасы келмедин. Соққы жауып кетті. Кім екені белгісіз, жаңағы келген топтың ішінде, енді Абайды талап өлтіруге айналған түрді көріп қимаган біреулер Абайдың денесін бүркеп құлай кеткені де болды. Олар біреу емес, бірнеше адам. Осындағы әбігер арасында Абайға қамшысы тимей қалғандар Кәкітай мен қалған жігіттерді сабай жөнелді. Жан ұшырған Кәкітай қалай шыққаны белгісіз, жаңағы үйден жұлқынып шығып, соңынан құған қамшы астында шырылдай айғай салып, орысшалап: «Құтқарындар, көмек етіндер!» деп ояздың үйіне қарай жүгірді.

Бірталай уақыт өткенде, ояз үйінен шыға мылтық атқан стражниктердің әрекетін аңдалап барып, жаңағы қаптаған жауладар жан-жаққа шашырап, тарап кетті. Бірақ Оразбайдай қараниетті жаудың дегені болды. Өлімнен де аяйын деген ниеті жоқ. Сәменнің талайдан кескекті иттей ырылдап, арсылдап, кіжініп жүрген тілегі болды. Жауыз дүшпандардың

күндіз-тұні, айлар бойы, жылдар бойы қамауында келе жатқан, талауын тосқан, бірақ тәуекел етіп, шыдап тосқан Абай бүгін өлімнен бетер жаза шекті. Бұның басына тиғен соққы, етіне түскен жара, бетінен ақкан қан беймезгіл заманның адал ұлын қасқырша талаған қас қымылдың айғагы еді. Ол соққы Абайға ғана тиғен соққы емес, қазақтың халқының арына соққан сүмдүк соққы болды.

Абай есінен танып қалған екен. Ол не болғанын андай бере, өз ішінде жалғыз ғана удай ой ойлады. «Несіне тірі қалдым, өлсем етті!» – деді. Ишінен сан рет қайталап айтқан арман осы.

Абай Шақпақтағы ауылға кеше келген. Барлық ауылдың үлкен-кіші, көрші-қолацы, етбауыр жақыны – бәрі Абайдың жүзіне тұра қарай алмайды. Бейне бір сондай ғазиз, ұлы жанның алдында өздері айыпты тәрізді. Бұл жараның атын атай да алмайды. Соққы Абайға ғана емес, оны сүйген, оны қимаган, қадір тұтқан жандардың дәл өз бастарына тиғен соққыдай. Халыққа тиғен соққы немесе жазығы жоқ, қасиетті қарт ананың бетіне соғылған қаскөй, сүм соққы тәрізді.

Өйгерім Абайды құп-ку болған өңменен, екі көзі мөлтілдеп толған жасспен аттан түсіріп, өз қолымен есік ашып, қарсы алған еді. Күндіз де, тұнде де ол Абайдың жүзінен бұрыла берсе, үн шығармай жас төге береді. Осы екі-ақ күннің ішінде ақ жүзіне айқын сызық әжімдер түсіп, кекшіл көлеңке уайым таңбасы білініп, оп-օдай күрт құлап, қартаң тартып қалғандай.

Абай өзі де үнсіз де қыбырсыз. Бар мен жоқтың арасындағы бір мен-зенде.

...Осымен келесі күннің екінді шағында ауыл үстінде бір шаң-шұң шығып қалды. Соңғы күндер Тәкежан ауылы да Абайға көңілкостық білдірген тәрізденіп, осы арага, Шақпаққа көшіп келіп қонған. Жаңа Магаш пен Қекітай, Баймагамбет – үшеуі ат үстінде келе жатып ойда жоқ жайға кездесіпті. Тәкежан ауылының сыртында бір түп талдың арасында тығыла түскен ерттеулі ат көрініп түр екен. Бұлардың тықырын есітіп, басын жұлып алған қараган торы тәбел атты Магаш пен Қекітай екеуі қатарынан танып қапты. Тани сала бір сүмдүк сезіп, екеуі тап береді. Сонда жаңағы торы тәбел аттың бауырында тығылып отырган Оразбайдың аты шулы ұрысы – Қиқым атып тұрады.

Оразбай Өзімбай мен Тәкежанға астыртын жансызын жіберіп, Абайлардың не өзірлігі, не ниеті бар екенін білдіргелі отыр. Қекітай мен Магаш Абайдың өзі отырган үлкен үйге ләнет айтып, түршігіп сөйлеп келеді.

Үйде үнсіз отырган Абай енді ғана елең етіп, аналар есіктен кіріп болмастан: «Тағы немене? Айт шындарыңды, не білдіндер?» – деп қатты зеки сұрады.

Магаш жаңа көрген жайды әкесінен жасырмай, Тәкежанды «құдай атты ғой, құдай атқырды!» деп отырып, ашып айтып берді.

Сол-ақ екен, Абай: «Әпер тымағымды!» – деп Баймағамбетке қол созды. Баймағамбет тымағы мен қамшысын қоса берген еді. Абай асырып, дауысы дірілдеп, атып түрді. Жалғыз-ақ сез тастады: – Мені шағатын жылан қойнымда отыр ғой! Несіне қалам, бұл жерде, бұл елде!? Жоқпын мен сендерге! Шық, жүр, Баймағамбет! – деп ақыра бүйрық етті де, Баймағамбетті ертіп, тысқа шықты.

Соңғы бір айдан бері өзі мініп жүрген Есентайдың сүр жорға аты деген ат белдеуде байлаулы түр еді. Соны өзі шешіп, мініп алды. Баймағамбетке нұсқап, Магаштың атын көрсетті.

– Мін мынау атқа, баста мені! Кеттік бұл елден, бұл қу өмірден! – деді. Өні аппақ бол бозарған. Бойындағы үнсіз қатты ашудан бетінің түктеп бозарып шықсан. Баймағамбет кермедегі атқа қарғып мінді де, Абайдың алдына түсті.

– Қалай бастайын?

– Тарт батысқа қарай! – деп Абай сүр жорғаны тебініп, қамшылай жөнелді.

Магаш пен Қекітай есі шыққандай не қыларды білмей, дал болып, үркіп қалысқан еді.

Абайлар тасырлатып, қатты кетіп барады. Осы кезде енді сыртқа шығып, әлі ақырган күйде тұрып қалған Магаш пен Қекітайдың қасына Ысқақ пен Шұбар ат үстінде тақап келіп қалған еді. Ысқақ алдында түрған жастардың ажарын жақтырмай шошынып қалып: «Ой, немене, не болған? Анау Абай ма?! Қайда барады? Не гып барады?» – деді.

Магаш бұл туысқандардың жүзіне қарамай қырын тұрып, өзімен өзі сөйлегендей, шатасқандай бір жайды айтты.

– Білмедім, бұл дүние не бол барады?.. Кетті елден, бұл жүрттан... Құдер үзіп!.. Енді қайта оралмас бол кетіп барады, әне! – деп тоқтап, тамағына жас тығылғандай, ызалы жас түйіліп тұрып қалды.

Сол-ақ екен, Шұбар сөтте құбылып, жаны күйген кісі бол: «Не дейді? Құдай-ау, не дейді. Жібергеніміз бе? Жүрсөңші, Ысқақ аға!» – деп атын борбайлад, Абайдың соңынан шаба жөнелді. Ысқақ бірге шапты.

Жайлаудың бұлтсыз ашық кеші батып қалған еді. Үлкен шарасы қып-қызыл бол шөгіп бара жатқан Күн алыстағы сары жотаға жарым бойымен бата берген шақта, бар дүние қызыл арай, соншалық айқын қызыл бояуга малынғандай. Жырақтағы таулар да, жақындағы мал, ауыл үйлер де, қазір, міне, Абай мен Баймағамбеттің қатты жортып келе жатқан аттары мен өздері де сол қызыл ренде басқарған, өзгерген.

Енді біразда бұлардың өз аттарының дүбірін басып тасырлатып, шауып келіп қалған, арттан қуған кісілердің аңғары байқалды. Абай бұрылған жоқ еді. Алда келе жатқан Баймағамбет бұрыла берді де, ат басын іркіп, тоқтай қалды.

Сол арада шауып кеп жеткен Ысқақ пен Шұбар Абайдың екі жағынан жарыла келіп, жете берді де, аттарынан секіріп-секіріп түсті. Ұзын бойлы, ұзын қара сақалды Шұбар қазір сүп-сүр боп алышты. Зарлап: «Агатай, Абай аға, қайда баrasын?» деп жүгіре басып кеп, сүр жорға аттың шылбырын қолына алды.

Абай бұның үнін де, өзін де жақтырмай: «Тұр былай, жібер!» – деп еді.

Шұбар сол сәтте Абайдың атының шылбырын өзінің мойнына ұзын сақалын қоса бастырып, екі орап алды. Соншалық жасанды құбылыс көрсетіп, түк аяmas жан болып, дауысы да дірілдей түсті. Анық аяр құбылдың сөзін таstadtы.

– Кетпейсің еліңнен, бауыр жұртыңнан! Айналайын Абай аға! Кетер болсаң, мені буындырып, атыңның тұяғына бастырып, өлтіріп кет! – деп айғайлап жіберді.

Енді Ысқақ та келіп, жаяу күйде Абайдың атының сулығынан алыш тұр еді. «Сабыр қыл, Абай!» деп ол анадай аярланбай, бірақ шын қысылып, күйзелген кісінің үнімен сейледі.

– Жаңа ғана жайын біліп шықтым. Анау сүйген балаң Өбіштің санадан сарғайған жары, қайғылы Мағыш қазір үзілгелі жатыр! Сені «Соңғы демім үзілерде бір көріп, ырза қош айтсам» деп арман етті. Кешегі Өбішіңнің аруагын ұмытасың ба? Бұ да балаң еді. Қош айтпай, кетесің бе? – дегендे, Абай шұғыл өзгеріп, алдыңғы байлауынан амалсыз айнып қалды.

– Соным бар ма еді? Менен де мұңлы сорлым бар ма еді?! – деді. Амалсыз қайтатын жайының белгісі еді.

Дәл осы минуттарда, оқшаша отауда, биік тәсектің алдына салынған жертесекте өмір бойы бірде-бір рет қабақ шытысып көрмеген жандай досы Мәкеннің тізесіне басын салған күйде Мағыш үзіліп бара жатыр еді... Соншалық сау, сұлу біткен жас денесі бар тұлғасын улатқан қасіреттен енді ғана мұлде жеңіліп болған. Екі жыл бойында ұзак қайғы-қасірет шеккен сол Мағыш, өзінің ғашық жары Өбішіне берген сертін енді міне орындаған.

Бұның жұбаныш білмеген, уануды ойламаған, ұдайы ғана у жүтқан қасіреті бар-ды. Соны ойлап Абай биыл және де Өбішін еске алыш, бір шер толғау тудырып еді. Осы зарының соңғы жолдарында:

– Тиянагым, тұрлауым,
Енді кімге асылдым!
Ойламадым туганда,
Бір өзіңе бас үрдым.
Жалғыз сенен айырылып,
Артыңа қарап, ах үрдым!
Ойламадым еш жанды,
Өзіңе ердім оңаша.
Рақттанып, мақттанып,
Қылушы едім тамаша.
Шын сорлы мен дагы
Мағыш байқап қараса!... –

деп Мағыштың шеріне дәрмені біткен өз шерін қосып еді. Жұбана алмаған Мағыш дегеніне жетті.

Қазір Абай Шұбармен Ысқақтан бөлініп, Баймағамбет екеуі бол Әбіштің қаралы отауының сыртына кеп, жаңа аттан түскенде, Мағыш үзіліп кетті.

Жылап отырган Мәкеннің жүзінен Мағыштың қайтыс болғанын білген Абай енді есіктен кіре бере еңкілдеп жылап, еңіреп келіп, Мағыштың жүзін құшып, кесек-кесек ыстық жастарын төгіп-төгіп жіберді.



Жаңа шұрай топ – ерекше топ деген мағынада.

ОЙТАЛҚЫ

1. «Қастықта» тарауын оқып, мазмұндаудың жоспарын құрындар.
2. Тарапудың сюжеттік-композициялық құрылымына талдау жасаңдар.
3. Оразбай мен Сәмендер қандай кейіпкерлер? Романның алдыңғы тарауларынан олардың іс-әрекеттерін естеріңе түсіріңдер.
4. Абай Көшбикеге қандай мақсатпен аттанған еді?
5. Абайдың оязға кірмек ниетін естіген Сәмен тобы қандай сүмдүк әрекетке барады?
6. «Жауыз дүшпандардың құндіз-түні, айлар бойы, жылдар бойы қамауында келе жатқан, талауын тосқан, бірақ тәуекел етіп, шыдан тосқан Абай бүгін өлімнен бетер жаза шекті. Бұның басына тиген соққы, етіне түскен жара, бетінен аққан қан беймезгіл заманның адап ұлын қасқырша талаган қас қимылдың айғағы еді. Ол соққы Абайга гана тиген соққы емес, қазақтың халқының арына соққан сүмдүк соққы болды» деген авторлық баяндау қандай ой арқалаган деп ойлайсындар?

7. Автор кейіпкердің сол сөттегі жан қиналысын, ой арпалысын қандай сөздермен берген?
8. Көшбикедегі оқигаға Тәкежандардың қатысы барын естігенде Абай қандай жағдайда болды?
9. Артынан қуа келген Ысқақ пен Шұбардың қандай сөздері ғана Абайды алған бетінен қайтарады?

ОЙ БЕЙНЕЛЕУ

1. Үзіндідегі негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді теріп жазындар. «Қос жазба күнделігі» әдісімен түсіндіріңдер.

Негізгі ойды білдіретін сөйлем	Менің пікірім

2. Үзіндідегі образдар галереясына талдау жасаңдар. Кейіпкерлер образына қатысты көзқарастарыңды қорытындылаш жазындар.

Кейіпкерлер	Үзіндідегі мінездемесі	Кейіпкердің әрекеттері	Кейіпкер образына қатысты менің көзқарасым
Сәмен			
Оразбай			
Тәкежан			

ОЙ ЗЕРДЕЛЕУ

Шыгармадағы автор көтерген мәселелерді бүгінгі күнмен байланыстыра отырып, үлттық мұдде тұрғысынан талдан жазындар. Кестені толтырындар.

Абай заманы	
Үлттық мұдде	
Бүгінгі заман	

ОЙ ТҮЙІН

Мұхтар Әуезов қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіндегі жалпыадамзаттық құндылықтарды қандай оқигалар арқылы берген? Әлем әдебиеті шыгармаларынан дөлелдер көлтіріп, сынни хабарлама жазындар.

Кері байланыс. «Сұрақтары бар қорап».

- Қорапқа бүгінгі тақырып бойынша сұрақтарынды салындар.
- Сұрақтар келесі сабактың басында талқыланады.

Ғалым пікірі

1941 жылы мамыр айында Алматыға ауысып келіп, Қазақтың Мемлекеттік біріккен баспасына бас редактор болып тағайындалды... 22 маусым күні Ұлы Отан соғысы басталды да... кейбір жабдықтар мен қызметкерлердің жетіспеу салдарынан, оның бұрынғы жоспары өзгертіліп, біраз шыгармаларды тоқтата тұруға мәжбүр болдық. Бірақ біз, баспа қызметкерлері, әрі ойласып, бері ойласып, «Абай» романын ертерек шыгару керек деп таптық. Көп кідіртпей машинкага жаңа әріппен қайта басқызып (кітап алғашында ескі латын әрпімен терілген еді), баспаханага жібердік. Келесі 1942 жылы маусым айында «Абай» баспадан шықты (бірінші кітап – *Б.К.*). «Абай» баспадан шыққан күні ол жөнінде Қуандық Шаңғытбаев екеуіміздің мақаламыз да жарық көрді («Социалистік Қазақстан», 26 шілде, 1942 жыл).

«Абай» романын шыгарысуга менің де біраз еңбек сініргенімді байқап, маган өз кітабының бетіне мынадай сөздер жазып сыйлады: «Бейсенбайға! Кітаптың дүниеге шығуына еткен еңбегің мен достық, інілік көңілінді айрықша сүйсініп бағалаган жүрекпен сыйлаймын. Мұхтар. 31.08.42.».

Бейсенбай Кенжебаев

ЖҰТТА

(жалғасы)

Oқу мақсаттары:

11.1.2.1 өдеби шыгармадагы көтерілген мәселелерді қазіргі өмірмен байланыстырып, үлттық мұдде тұрғысынан ашу.

11.2.2.1 автор бейнесінің шыгарманың негізгі идеясымен байланысын айқындау.

11.3.2.1 көркем шыгарманың жаңашылдығын ғаламдық тақырыптармен байланыстыра отырып, сыни тұрғыдан баға беру.



Тірек сөздер: соңғы сапар, қимас тұлға, ақын өлімі, мәңгілік өмір бастауы.

Мақсатқа қол жеткізу үшін:

- ✓ үзіндіні оқып, үлттық мұддені білдіретін тұстарын анықтау;
- ✓ автор идеясын табу;

- ✓ автордың кейіпкеріне деген қозқарасын білдіретін сөздерді анықтау;
- ✓ сынни бағалау.

Магаштың өлімінен он шақты күн өткен соң, қыстау маңынан, Ақшоқыдан ұзап көшерде қалың жүрт Магаштың зиратына барып, қоштасып аттанған екен. Сонда Абай Магаштың жас балалары мен Баймағамбетті ғана алып, зират басына кейіндеп барыпты. Жылап жүрген ер мен әйелдерді бейіт басынан тез жүргіздіртіп жіберіпті. Балалар мен өзі моланың ішіне кіріп, біраз отырады да, тағы бір кезек Баймағамбетке «балаларды алып шыға бер» деп белгі етеді. Содан кейін Баймағамбет балаларды пәуескеге отырғызып, тыста тұра береді. Абай жапа-жалғыз, баласының жас қабірінің басында екі сағат тапжылмай, сыртқа шықпай қалып қояды. Кейін кешке таман ғана моланың ішінен Абай шыққанда сақалы аппақ болып, беті-жүзі құлбеттеніп, бар денесі жер тартқан жандай құр сүлдерімен ғана шыққан екен. Баймағамбеттің енді ғана есіне түседі, Абай сонда бұған бір-ақ ауыз сез айтыпты.

Баймағамбеттен сол сырды ең алғаш есітіп отырып, Дәрмен бір сыр айтты. Магаш кеткен соң, он екі-он үш күн болған шақта Абайға тағы бір үлкен толқын соққының өзгеше қатты тигенін еске алды. Әйгерім мен Баймағамбетке ол да өзі білген құпия бір жайын ең алғаш баян етті.

Осы көктемде, Абайдың өмір серік екі арысындей, екі үлкен досы Ербол мен Базаралы да қаза болған. Өуелі Ербол сүзек боп жығылады. Сол қатты ауыра бастағанда Базаралы қасына келеді де, он шақты күн өз қолымен күтеді. Ұзілген сағатында досының басын тізесіне салып отырып, қош айттысады.

Ел жүдеу, жыл жұтаң, ауыл мен ауыл арасы да хабар-ошардан үзіліп қалған кез болған соң, Ерболдың жаназасы көпке жарияланбай, азгана жанкүйер жиыны атқарған болатын. Дәл осы күндерде Ерболдың қасында отырып, Базаралы өзі де ауырып қалғанын сезіп отырыпты. Өне бойын алып түскен ауырлаған дертін батыр жүрекпен тістеніп жеңіп, Ерболдың жаназасын өзі басқарып шығартқан.

Сол күні кешке үйіне келеді де жығылады. Арада үш күн өткенде қызыу асқындаپ, өне бойы от-жалын боп лаулай бастайды. Ауру екенін, тіпті жақын ауыл, жанкүйерлері де біліп үлгерменті. Талайдан әлсіреп, солғындап келген дертті жүрек мынау ыстықты, соқпа сүзектің ыстығын көтере алмай, бар-жогы үш-ақ күннің ішінде батыр жанды Базаралы өзі де қаза болған.

Бұл жайлар дәл Магаштың қысылып жатқан шағында болған еді. Абайдың қайғысы онсыз да жетіп жатқандықтан, Кәкітай мен Дәрмен өздері

де Абайға білдірмей, өзгеге де айтқызбай ірке тұрган-ды. Тек Магаштың өлімінен он екі күн өткен соң ғана ауыр қаза хабарын екі іні дос – Дәрмен мен Кәкітай амалсыз отырып, оңаша жерде ғана Абайға айтқан еді.


Абай сонда егіліп тұрып еңіреп жіберген. Ұзақ уақыт бойын жия алмай, бар еңсесімен бір тұңғызыққа қарай ұмтылып, құлай бергендей күрт кеткен екен. Осыған шейін бірталай шақ өз ішінде үнсіз буынып, улы дертпен түйіліп қалған болса, дәл сол бір сәтте «соңғы рет айтып қалайын» дегендей өзгеше бір зар шеккен-ди.

– Құп-ку болып, жапа-жалғыз қалыппын! Бақсының моласындай жапа-жалғыз қалыппын. Кімім қалды, нем қалды?! – деп өзімен-өзі сыйырлай күбірлеп сейлем кетеді.

– ...Ей, сорлы заман, менен аяған қай қастығың қалды... Мен ішпеген у бар ма!.. Жүрегімді көрші, міне, жарадан сау жер қалды ма?

– Мұнша ғазап шеккендей не жазық, не айыбым бар? Көп көргенің шер кеуденің әлсіреген тынысы ма?!. – деп біраз отырып барып, тағы да бір ауық уланған оймен оянғандай болады.

Абайдың жаңағы зарына шыдамаған Кәкітай егіліп жылап жіберіп, көз жасын көрсетпейін деп үйден шығып кеткен еді. Дертті жанның, оған қадала қарап әр қыбырын бақкан жалғыз ғана Дәрмен қапты. Соған Абай тағы біраз сыр, шер тастап еді.



– ...Жапан тұз, елсіз, жолсыз сары далада жалғыз түп ағаш өсіпті. Айлар, жылдар, не замандар жасапты. Өрбір көктем күніне үмітін артып, шат қуаты жапырағын жарып, گүлін атыпты... Талай жылдар өтіпти. Өр жылының гүлдері мен дәндері үшіп, тарап кетіп жатыпты. Сан жапырақ сарая солып, жоқ болыпты. Бір заман сол айдаладағы жалғыз ағашқа жай түсіпте де, жайрапты. Бар бұтақтан, گүл жапырақтан, дән нәрден айырылыпты, ажырапты... Қуарып, шошайып қалған жалғыз ғана қу ағаш көк аспанға тіл қатыпты. Не жазып ем, не сүмдүк, не зұлымдық етіп ем?! Біттім, міне, тек көк аспан қуәм едің, сенен ғана сұраймын. Сорымның да қуәсі, көгерген, گүл атқан шағымның да қуәсі сен едің – кең көк аспан!.. Сен ғана бір айтшы... Мен өлейін, бірақ сол сан жылдарда сенің желдерің қуып әкеткен гүлдерім, дәндерімнен үрпақ, нәсіл қалар ма?... Сайда болса да, жас жапырағын кекке созып, گүл жемісін жер жүзіне берер ме?! Өлде бір-бір өлкеде, тағы бір замандарда сол гүлдердің бір тобынан саялы тогай, мәуелі бақ өсер ме!.. Бұтақтарында өнген-өскенді мадақтап құмыр бұлбұл сайрап ма! Саясында жас өмір, жаңа дәурен мекендер ме! – деп өзімен-өзі шын бір ұлы шабыт, ақын шабытымен шарықтап бір барды да, содан соң үні өшті.

Дәрмен Өйгерімге осы жайды айтып өтті де, ең ақырында «Абай ағамның ең соңғы бой жазғаны, сыр ашқаны сол ғана болды ма деп шошынамын!» деп, өзі байқамай ағыл-тегіл ағып кеткен жастарын жалаң алақандарымен сурте берді.

Осы бір өзі ғана білген Абай шерін, сырын айту үстінде Дәрмен бұрын аңдамаған, ойы жетіп болмаған өзгеше жайларды енді-енді теренденеп, кең үғына бастады. Тегінде, жаңағы жан сөздері Абайдың бұрынғы тірлігінде айтылмаған, әлі тудырмаган ғажайып сырлы, өзгеше бір өлеңі тәрізді. Ұлы жүрек түбіндегі ең соңғы бір кенже, таусыншық асыл туыс па екен! Қара сөзбен айтқаны болмаса, жаңағы Дәрменнің өзі қайталап айтқан Абай сөздері соншалық бір терең, көркем! Бар өлеңнен де өктем бір оқшашау өлең гой! Толысып, тугалы тұрган терең сырлы сымбат қой. Толқыған теңіз түбінен атылып шығатын меруерттей кесек қымбат дүние гой!.. Осы және Абай кешіп өткен шабытты ақын өмірінің, еңбекке толы азамат ойының, ойға толы өмірінің екшеліп келген, сарапланған жиын жайы екен.

Дәрмен ойы ұзай түсті. Кең шабытпен байқап шолып аңдаса, Абай өзін: ұзақ өмір бойында сол сахарага гүлдер шашқан, асыл ұрықтар таратқан бейтерекке теңепті. Сонысы дел гой. Айнымас әділ, анық шын гой. Осыны және қай кезде айттыпты? Жай түсіп, соңғы бұтақтары сынып, қу түбірдей жалғыз қалған, жайрап қалған күнінде тағдырына арыз-айып еткендей, өкім айттып өтіпти. Бұл зәулім шынардың ең

соңғы қалған үш-төрт жемісті балғын бұтақтары бар еді. Оның бірі – Мағаш. Бірі – халқының қадірлісі Базаралы. Тағы бірі – Абайдың бала, бозбала шағынан осы күнге дейін өмірде бір рет, бірде-бір сөлғана қабақ шытындырып көрмеген айнымас досы, бар тұғаннан да жақын тұған, өмірсерік жан досы Ербол еді. Осының үшеуі бірдей сыннып құлап түскен күні жаңағыдай жан жалынын атқан екен асыл көкірек!

Дәрмен енді ойласа: Базаралыға, Ерболға, Мағашқа Абайдың айтқан «қош-қошы» да, достық, аталық «арыз қошы» осы. Жаны жылап тудырған жоқтауы да осы екен-ау!..

Дәрмен осылайша өзі де бір ақындық терең толғауға түсті. Ақын жанын ақынша шыншыл шабытпен жете таныды. Бұның көңіліне Абай енді өз сапарын, өмір сапарын тауысып қойған жандай сезілді де, ол уана алмай көп жылап, көп егілді.

Абай осылайша бар асыл жандарынан айырылғанын көріп күніреніп болды да, үғымсыз бір дертке түсті.

«Күнім санаулы, мен де жоқпын, дауа жоқ!» деген екен Баймагамбетке, қасындағы Қекітай, Ақылбай сияқты іні-бала, жақындар «доктор алғызамыз» дегенде Абай сұық қана түйіліп, бас шайқаған. Мүлде керек етпейтінін білдірген. Бұнда енді түні бойы титтей көз шырымын алар үйқы жоқ. Күндіз жалғыз-жарым оқыс айтып қалған сөзден бөтен тіл де жоқ...

«Не болды?», «Сізге не болды, Абай?!» деп үй оңашада беті-жүзін ыстық жасымен жуып, үш рет, үш күндей оңаша оралып келген Өйгерімге де Абай жауап қатпады. Басын шайқап, Өйгерімді арқасынан сипап, басынан аялап қояды. Үшінші рет қана Өйгерімнің жас тамшысы түйіліп тұрған оң көзінен бір рет сүйді. Сейтті де алақанымен «басқа жайды айтпа» дегендей ын жасады.

Абай үшін қазір дүние жыртылып, бұзылып, құлап, тозып бара жатқандай. Бұл білген жақын дүние дәл солай.

Халық ашығып, жүдеп, жұтап, қырылып барады. Сахара жұрты шұбырды. Бұл қадірлейтін «халық» дейтін қалың шогыр ыдырап, таусылып барады. Абай өзі болса, бұның да тірегі сынды, Мағашы кетті. Енді бұл өзі де ортасынан опырылып, құлап, сыннып қалған. Бұның да өзінің барлығы, болмысы бытырап, ыдырап тозып бара жатқандай. Өзінің де бір сипатынан соң бір сипаты күн санап тарап бітіп барады.

Соған орай бұның бар мүшесі, тәні де солып, семіп, бір қуатынан соң бір қуаты кетіп, тозып барады. Қазір ол көп нәрсені сезбейді. Көп уақыт оның санасы көп нәрсені түсінбейді, үқпайды. Сондықтан оған енді үйқы да керексіз, ас пен дәм де керек емес. Ол сейлемейді, ой да солған. Құлмейді. Қуаныш пен жұбаныш, жақсылық пен жаманшылық, күн мен түн айырмасы жоқ бол тұтасып, мұнарга айналып барады.

Ең соңғы санасты өзін тағы сұық, түпсіз, лай реңді толқынды судың ішінде сезеді, ол жүзген болады. Бірақ жақында жетерлік жаға жоқ. Тек алыста, көз үшінда, қиядаған, өзір бергі бетін түн түнегі басқан, биік қоңыр бел бар. Соның ар жағынан алтын арай, жақын таң түн түнегін азадан серпілтіп, баяу көтеріп жеңіп келе жатқандай. Абай бар ойы-бойымен сол асыл арай алыс таңға құбыласындей бой үрудә. Ал жақын дүние сұық, лай, түпсіз тұңғының болтарта берсе, бұл өшे берді, сөніп, семе берді.

Бір күйге сайған жаңағы жұмбак жай, оның ең соңғы деміне дейін ой, қиялышынан, көз алдынан кеткен жоқ. Осылайша айналасы айықпаған сүртүман, сұық заман ішінде ұлы жан дүниеден көшті. Магаштың қырқын беріп болған күннің ертеңінде Абай және қаза тапты. Ұлы кеуденің ыстық демі тоқталды. Шөл даланы жарып аққан дариядай, игілік өмір үзілді. Сонау бір шақта тасты тақыр, жалтыр биік басына жалғыз шыққан зеулім өскен алып шынар құлады. Өмірден Абай кетті.



Пәуеске – орыс тіліндегі «повозка» арба деген сөздің қазақша айтылуы. Тәбесін, сыртын былғарымен жапқан, ою-өрнек сап, сөндеп жасаган, күймелі жеңіл арба.

Фазап – қазақ тілінде азап түрінде айтылатын араб сезі.

Таусыншиқ – *таусылған, біткен, аяқталған, соңғы* деген мағынадағы сезі.

ОЙТАЛҚЫ

1. Абайдың көкіргіндегі қамығу мен өмірден түцілудің қоюлай түсуіне қандай оқиға себепші болады?
2. Жазушы Абай басындағы психологиялық ахуалды ішкі монологі арқылы қалай танытқан?
3. Ербол мен Базаралының қазасын естіген ұлы ақынның ішкі жан дүниесіндегі өзгерістерді жазушы қалай бейнелеген?
4. Неліктен жазушы Магаштың қырқын беріп болған күннің ертеңінде қайтыс болған Абай өлімін символдық формада түйіндеген? Неге жазушы бірінші кітап соңындағы шыңға шыққан жас шынарга қайта оралады?
5. Төртінші кітаптың соңында сипатталатын шынарда қандай символдық ой түйінделген?

ОЙ БЕЙНЕЛЕУ

1. «Ойлан-жұптас-бөліс» әдісімен автор бейнесі мен шыгарманың негізгі идеясының байланысы туралы ойларынды бөлісіндер. Төмендегі сұрақтарды негізге алындар:
 - 1) Романдағы авторлық ұстаным туралы пікірің қандай?
 - 2) Автор романда ұлттық ерекшелікті қалай көрсетеді?

- 3) Жазушы романда пейзажды өзінің авторлық идеясына сәйкестендіріп қолданған ба?
 - 4) Жазушы «Абай жолы» роман-эпопеясында халық тағдырын қалай суреттеген деп ойлайсындар?
 - 5) Жазушы романда дауір тынысын шынайы көрсете алған ба?
2. 1-топ – «Абай жолы» романының әдеби-тарихи маңызы туралы, 2-топ – Өуезов тілінің образдылығы туралы, 3-топ – кейіпкерлерге қатысты тарихи шындық пен көркемдік шешім туралы, 4-топ – эпопеядагы тарау аттарының символдық мәні туралы жоба жасандар.

ОЙ ЗЕРДЕЛЕУ

Автордың портрет берудегі ерекшеліктері, жазушының идеялық, эстетикалық нысанасы, көркем тілі туралы пайымдауларында жазындар. Ойларында романнан бір-біріне үқсамайтын 3 портретке сипаттама беру арқылы дәлелдеңдер.

ОЙ ТҮЙІН

1. «Абай жолы» роман-эпопеясынан алған әсерлеріңмен бөлісіп, сыр-толғау жазындар.
2. Романың жаңашылдығын ғаламдық тақырыптармен байланыстыра отырып, сини тұргыдан бага беріңдер.

Кері байланыс. «Бес саусақ».

- ✓ Маган роман-эпопея үнады ма? Неліктен?
- ✓ Қандай білім мен тәжірибе алдым?
- ✓ Мен топта/сыныпта нені қалай талқыладым?
- ✓ Тақырып бойынша басты мәселе қандай?
- ✓ Оқу/сабак барысында өзімді қалай сезіндім?

«Ғасырлық туынды» бөлімі бойынша қорытынды сұрақтар мен тапсырмалар

1-тапсырма. «Абай жолы» романынан берілген үзінділерден бала Абайдың қандай қасиеттерін байқагандарында кестеге түсіріңдер. Абайдың бойындағы қасиеттер сенің бойында кездесе ме? Қай қасиетін өзіңде үлгі-өнеге тұтар едің?

Романнан үзінді	Абайдың қандай қасиеттерін аңгардың?
Тегінде ертекші, өлеңші, не басқа әңгімелі адамға талай уақыт тапжылмай тесіле қарап қалу Абайдың кішкентай күнінен бергі әдеті еді.	
Кішкентай күнінен ертек-әңгімені көп сүйеттін бала осы жазда, тіпті, көп есітіп, көп алған сияқты.	

Қобыландының қоштасқаны, Тайбурылдың шабысы, Қазан мен Қобыландының жекпе-жегі Абайды, өсіреле елтіткендей болатын. Жатқанда көпке дейін алағызып үйкітай алмады.	
---	--

2-тапсырма. «Абай жолы» роман-эпопеясынан мақтап сейлеу актілерінің түрлеріне мысалдар теріп жазыңдар.

1. I жақта мақтап сейлеу актісі: _____
2. III жақта мақтап сейлеу актісі: _____
3. Өзін-өзі мақтап сейлеу актісі: _____

3-тапсырма. Академик Зәки Ахметовтың «Абай жолы» атты мақаласын adebiportal.kz сайтынан оқып, Абай бейнесіне қатысты айтқан бағалы пікірлерін жинақтап жазыңдар.

Улгі:

1. «Ақын, ойшыл Абайды жазушы басты кейіпкер етіп ала отырып, айналасына топтасқан көптеген қаһармандармен (бұлардың ішінде аса ірі тұлғалар мол) тығыз қарым-қатынас үстінде жан-жақты ашады. Абай барлық оқығалардың арасында жүреді. Бір қараганда оған қатысы жоқ оқиға, сурет-көріністер оған Абайдың көзқарасы не оның тікелей араласуы арқылы жаңа мазмұн, мағынага ие болып, жарқырап шыға келеді».

2. _____
3. _____

4-тапсырма. «Абай жолы» роман-эпопеясы бойынша ізденіс жұмысын жүргізіндер.

1. «Абай жолы» романындағы мақал-мәтелдер.
2. Эпопеядагы тұрақты сез тіркестері.
3. Романдагы салт-дәстүрдің көрінісі.

5-тапсырма. Абай дүниеге келген әйгілі Шыңғыстау өңіріне (abay-museum.kz/) виртуалды саяхат жасандар. Романдагы географиялық атаулардың мәнін ашыңдар.

Улгі:

Романдагы географиялық атаулар	Географиялық атаулардың мәні
Ақшоқы	ШҚО Абай ауданының солтүстігіндегі таулы мекен. Абайдың қыстауы орналасқан.
Жидебай	Абайдың атақонысы. Қарауыл өзенінің жайылмасында жатқан қалың қорық.

ӘДЕБИЕТТЕГІ СЫН-САРЫН

Әдебиет – қай кезде де адам жанын ізгілікке бастайтын ерекше өнер. Әдебиет өнердің ерекше түрі ретінде өзі бейнелеп отырған дәуірдің, заманның сарынын, тынысын береді. Әдебиет – адамның өзі өмір сүріп отырған ортасын көркем түрде бағалаудың құралы. Адамның рухани дүниесінің биікке, асқақтыққа ұмтылуы қандай маңызды болса, көркем ойлау арқылы өзіне және қоршаған дүниеге сынни баға бере алуы да маңызды. Сөз арқылы дүниенің көркем бейнесін санасына құйған адамның сынни ойлау, бағалау мүмкіндігі де кеңеймек. Өзін дұрыс бағалай алатын адам ғана болашақта тұлғаға айналады.



ТУМАНБАЙ МОЛДАГАЛИЕВ

(1935–2011)



1935 жылы 20 наурызда Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданындағы Жарсу ауылында туған. 1956 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін тамамдаған.

Тұңғыш өлеңдер жинағы 1957 жылы «Студент дәптері» деген атпен жарық көрді. Орыс және батыс классиктерінің, сондай-ақ түскән республикалар ақындарының өлеңдерін қазақ тіліне аударған. Оның «Құстар қайтып барады» (музыкасы Н. Тілендиевтікі), «Бақыт құшагында», «Өнім сен едің» (музыкасы Ш. Қалдаяқовтікі), «Ертіс вальсі» (музыкасы Б. Жамақсаевтікі), «Шақырады көктем» (музыкасы Ә. Бейсекеуовтікі) атты әнге жазылған өлеңдері халық арасына кең тараған. Ол Дж. Байрон, М.Ю. Лермонтов, Т.Г. Шевченко, О.Т. Туманян, С. Канутикан, Ф. Фұлам, Р. Фамзатов, Д. Жалсараев және т.б. ақындардың шығармаларын қазақ тіліне аударды.

Ақынның 1990 жылы 13 томдық шығармалар жинағы, 2004 жылы 14 томдық шығармалар жинағы жарық көрді. 1992 жылы Физули атындағы Халықаралық түркі дүниесі ақындары сыйлығы тапсырылды. Тұманбай Молдағалиев шығармашылығының ең басты ерекшелігі – оның өлеңдері сезімге толы. Ақынның «Қош, көктем», «Жаңа дәптер», «Жүрек ояу қашанда», «Махаббат оты сенбейді», «Жүргім менің сапарда», «Мен де жиырма жаста едім», «Жүректегі жазулар» т.б. жыр жинақтарын жазды.

Ақын Мұзафар Әлімбай: «Бұнымен қатар, Тұманбай – ойшил ақын. Біздің қазақ халқының маңдайына біткен ойшылдық, толғампаздық, сонау ұлы жыраулардан басталады той. Сол дәстүрді жалғастырушылардың біреуі – Тұманбай», – деп баға береді.

Ақынның әр жылдарда шыққан «Көмила» (1960), «Құралай» (1961), «Алатай қызы» (1964), «Зулайды күндер» (1966), «Жаңа дәптер» (1967), «Шақырады жаз мені» (1969), Таңдамалы шығармаларының үш томдығы; «Жаз да етіп барады» (1996), «Сарыала күз келгенде» (2000), «Тұған елім – тірегім» (2001), «Сарындырган көктемдер» (2002), 14 томдық шығармалар жинағы (2004), II томдық өлеңдер жинағы (2005), «Шыңдағы гүлдер» (2006), «Қар жауып тұр» (2008), «Ұмытпа мені» (2009) және т.б. жинақтары бар.

...Қазір кемеліне келген тұста көптеген өлең кітаптардың авторы болған Т. Молдагалиев – поэзиямыздың көрнекті, мерейлі ақын.

Қалижан Бекхожин

Бір нөрсе анық, ақының өзі өлгенімен, сөзі өлмейді. Тұманбай Молдагалиевтің азаматтық қасиетіне қайырылсақ, ол жарық дүниеге қара көзілдірікпен емес, махабbat көзімен қараган, сымбаты болек сұлулықтың сырын үққан жаны жайсаң жан! Ақындығын айтса – құйылып түскен құйма талант.

Сәбит Досанов

Теория

ПОЭЗИЯЛЫҚ ЛЕКСИКА – өлең-жырларда, поэзия туындыларында қолданылатын сез қоры, тіл байлығы. Бұл тұрғыдан қараганда, әр сөздің мағыналылығы, мәнділігі және бейнелілігіне, сез сұрыптау, іріктеу, таңдамалысын тану, шебер қиуоластыру, сез інжуін жарасымды қолдану шеберлігіне айрықша назар аударылады.

Сез өлемінде халық тарихы, оның ырым-нанымдары, салт-жоралары, мәдени-тариҳи дәстүрлері, дүниетанымы, шаруашылық кәсібі айқын бейнеленеді. Бұған қоса ақын, яки жазушы сөздің символикалық-поэзиялық қасиеттерін, суреттілік-бейнелілік, мәнерлік-әуезділік сипаттарын мұқият ескереді. Сейтіп, талғам таразысына салып толғанады, өлшейді. Ой сүзгісінен өткізіп, солардың ең қасиеттісін, саналысын, салмақтысын алады. Дүниені, болмысты шынайы, табиғи және әсерлі күйінде суреттеп бейнелеу мақсатында әрі шығарманың идеялық-көркемдік мазмұнына орай, ол жалпы халық тілі мен ұлттық әдеби тіл қазынасын еркін пайдаланып отырады. Сонымен қатар сез талғау суреткердің идеялық-әстетикалық көзқарасына, өмірлік және көркемдік тәжірибелеріне, интеллектуалдық мәдениетіне, сезім-түйсік қуатына тікелей қатысты.

Серік Негімов

БАУЫРЛАР

(өлең)

Оқу мақсаттары:

11.1.2.1 әдеби шығармадагы көтерілген мәселелерді қазіргі өмірмен байланыстырып, үлттық мұдде түрғысынан ашу.

11.2.3.1 шығармадагы көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарының қызметін талдай отырып, автор стилін анықтау.

11.3.3.1 шығарманың идеясын көркемдік-эстетикалық құндылық түрғысынан талдап, әдеби эссе жазу.



Тірек сөздер: бауырлар, Отан, туган жер, атамекен.

Мақсатқа қол жеткізу үшін:

- ✓ өлеңді толық оқып, негізгі идеясын анықтау;
- ✓ өлеңде көтерілген мәселенің үлттық мұдделік сипатын талдау;
- ✓ көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын талдау;
- ✓ автор стилін білдіретін негізгі оралымдарды табу;
- ✓ өлеңнің көркемдігін талдау, әдеби эссе жазу.


Менің жерім мына жер – сенің жерің,
Жарасып түр сол жерге келулерің.
Осы алқапта сенің де малың жатыр,
Жайқалып түр, шабылмай егіндерің.

Менің көлім мына көл – сенің көлің,
Сенің арқаң – көңілге семіргенім.
Жоғалмасын, ағайын, жоғалмасын,
Жетем деген сол көлге сенімдерің.

Менің тауым мына тау – сенің тауың,
Ақбас шыңын алты ай жаз жуған жауын.
Жалғыз рет көрсөң де тірлігінде,
Мүмкін емес сол тауды сағынбауың.

Туы да бір ішетін сұы бірдің,
Әуреледі бұл жерден қызып әркім.
Мына орман менікі, сен де соның
Ағашынан үйіне уық алғын.

Көрдің бәрін, кеп түсті жан да азапқа,
Тускен кезі кеп және ар мазаққа.
Тогайдагы толғағыш құстар да ортақ,
Дүниені жайлаған бар қазаққа.



Мынау өзен менікі, ел күніге
Сүйінеді үрпақтың ерлігіне.
Қимай кеткен сол суды аталарың,
Бетін жуып соңғы рет мөлдіріне.

Мынау теңіз менікі – сенікі ол да,
Ел ырысы дәл бүгін бекем қолда.
Әр бұтасы, ағашы туған жердің
Үйстық тарта береді екен жолда.

Желбіреді көгімде, міне, туың,
Тұлпарым да дайын тұр міне-тұғын.
Мынау үлкен мәңгілік қалаларда
Үйлерің тұр көшіп кеп кіре-тұғын.

Келші, бауырым, кешікпей кір қатарға,
Меңіреуге меңіреу тіл қатар ма?!

Мына тауда сенің де жылқыларың
Жату керек шұрқырап күн батарда.

Жазым да ерек, биылғы күзім бөлек,
Алмам да ерек мол биыл, жүзім де ерек.
Мына көлде сенің де балаларың,
Асыр салып тал түсте жүзу керек.

Кел, бауырым, несіне жүрсің жырақ,
Ішің де ұнап түр маған, сыртың да ұнап.
Сендердің де бір салған әндеріне,
Бар таулары қазақтың түрсін құлақ.

Жендік біздер тіршілік құресінде,
Өні есінде еліңің, жыры есінде.
Қай қыырға ұшсаң да, қазақ болсан,
Абайыңды еске алмай жүресің бе?!

Жастау болсаң жайқалып, жалында ал,
Бақыт өзі кеп сонда қолыңды алар.
Қазақ болып тұғаның рас болса,
Сарыарқаға сағыныш қанында бар.

Тұған елсіз ешқашан көгермейсің,
Кім қашанғы бұғауга көнер дейсің.
Қазақ болып тұғаның рас болса,
Алматыға бір келмей және өлмейсің.

Мұлгисің бе жырыммен ұшықтасам,
Қуатым деп Сыр суын ішіпті Асан.
Қазақ болып тудым деп айта көрме,
Алатаудың басына бір шықпасаң.

Оянады көңілден қайдагы арман,
Бақыт желі ескендей жайлап алдан.
Президентім бар менің елі түгел,
Ақ киізге көтеріп, сайлап алған.

Тұым биік бүгінде, нұым да әсем,
Естілер шақ кетті өтіп үнім бәсек.
Қазақпын деп айтпа сен, жан бауырым,
Алматыны тірлікте бір көрмесең.

Қауқылдастып қалдық-ау, есендесіп,
Таңнан тағы тербетті шешем бесік...
Қарсы алуға дайын түр бауырларың,
Өз жеріңе бәрің де келсең көшіп...



Ұық – кереге басы мен шаңырақты ұстастыратын ағаш.

Ақ киізге көтеру – хандық дәүірде қазақтың хан сайлау дәстүрі.

Бұғау – қылмысты адамның екі білегіне, аягына кигізілетін, арасы шынжырмен қосылған темір шығыршық.

ОЙТАЛҚЫ

1. Өлеңді түсініп оқып, қара сөзben баяндаңдар.
2. Әр шумақтағы тірек сөздерді белгілеңдер.
3. Ақынның осы өлең арқылы жеткізгісі келген ойын анықтаңдар.
4. Өлең неге «Бауырлар» деп аталған?
5. Өлең кімдерге арналған?
6. Ақынның бұл өлеңді жазудағы мақсаты не деп ойлайсыңдар?
7. Ақын дүниежүзіндегі қандас бауырларымызға қандай өтініш, тілек білдіріп отыр?

ОЙ БЕЙНЕЛЕУ

1. Топпен бірге өлеңге сатылай кешенді талдау жасаңдар.

1. Авторы.	7. Бунақ.
2. Жанр түрі.	8. Буын саны.
3. Тақырыбы.	9. Үйқас түрі.
4. Негізгі ойы.	10. Көркемдегіш құралдар.
5. Шумақ.	11. Сөздік.
6. Тармақ.	12. Тәрбиелік мәні.
2. Өлеңдегі ақынның көтерген мәселесін жұптасып анықтай, кестені толтырыңдар.

Өлеңде көтерілген мәселе	
Мәселені ашып түрган шумақтар	
Көтерілген мәселелеге өзіндік көзқарасымыз	

3. Өлеңдегі патриоттық идеяны танытатын шумақтарды теріп жазып, автор бейнесіне жоба жасап қорғаңдар.
4. «Бауырлар» өлеңіндегі көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарының қызметін топпен бірге талдай отырып, автор стилін анықтаңдар. Өлең бойынша «Жазушы тілінің сөздігін» құрастырыңдар.

Тілдік ерекшеліктер	Өлеңнен мысалдар
Көркемдегіш құралдар	
Айшықтау амалдары	

Шешендік сөз оралымдары, афоризмдер	
Антонимдер	
Фразеологизмдер	

5. Т. Молдагалиевтің «Бауырлар» өлеңі мен О. Асқардың «Шетте жүрген бауырларға» өлеңіндегі ортақ бағыт, жалпыадамзаттық құндылықтарды анықтап, талдау жасаңдар.

Т. Молдагалиев. «Бауырлар»	О. Асқар. «Шетте жүрген бауырларға»
Тақырыбы, негізгі ойы	
Көтерген мәселелері	
Өлеңнен көрінетін құндылықтар	

ОЙ ЗЕРДЕЛЕУ

1. Ақынның әлемнің әр түкпірінде жүрген қандас бауырларымызға айтып отырган өтініш, тілектерін негізге ала отырып, өзінің тілегінді білдір.

Автордың тілегі	Мениң тілегім

2. – *Мұлгисің бе жырыммен үшықтасам,*
Қуатым деп Сыр сүнн iшінті Асан, –
 деген үзіндідегі тарихи шындықты өмірмен байланыстырыңдар. Асан-қайғының үзын аққан Сыр бойын көргенде: «Басы байтақ, аяғы тайпақ қоныс екен, Қаратауды жайласам, Сырдың бойын қыстасам, қоныс болуга сондаған дұрыс екен» деген сыйын негізге алыңдар.
 3. «Авторга хат жазу» әдісімен қандас бауырлар атынан авторга хат жазыңдар.
 4. Берілген үзіндін тыңдал, есте қалған шумактарды қарасөз түрінде жазыңдар. Ұақыт – 15 минут.

ОЙ ТҮЙІН

– *Туган елсіз ешқашан көгермейсің,*
Кім қашанғың ңұрауга көнер дейсің, –
 деген жыр жолдарындағы ойды терендеңде отырып, әдеби эссе жазыңдар.

Кері байланыс. «Үш минуттық эссе».

- Бүгінгі түсінгендеріңің ішінде ең маңыздысы не?
- Қай сұрақ есінде қалды?
- Сен үшін ең қынын, түсініксіз болған не?

ТАЛАСБЕК ӨСЕМҚҰЛОВ

(1955–2014)

Қазіргі қазақ өнерінде өшпес із қалдырған жазушы, кинодраматург, күйші Таласбек Өсемқұлов 1955 жылы 1 тамызда Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы Ақтогай стансасында дүниеге келген. Жеті жасынан бастап нағашы атасынан дәстүрлі музикалық білім алып, әнші Көрім Баймуратовтан, домбырашы Газиз Нұрпейісовтен домбыра өнерін меңгерген. 1976–1980 жылдары Алматы қаласындағы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университетінде қазақ филологиясы факультетінде оқыған. Прозалық шыгармалар мен сценарий жазумен студент кезінен бастап айналысқан.



Т. Өсемқұловтың әдебиет, музика, бейнелеу өнері, кино, дәстүрлі өнер, тарих, этнография, мифология салаларындағы шығармалары қазақ оқырманының өзін-өзі тануына және рухани түлеуіне негіз болды. Республикалық баспасөзде «Атайы», «Көрі ат», «Арылу» сияқты әңгімелері, «Шымдан» повесі және музиканттардың өміріне арналған «Талтұс» романы жарық көрген. «Көкбалактың өлімі», «Біржан сал», «Құнанбай», «Жестырнақ», «Алматы – Астана», «Тұмар падиша» сынды киносценарийлердің авторы.

2003 жылы «Талтұс» ғұмырбаяндық романы жарық көрді. Романда жазушының балалық шағындағы естеліктер берілген. Дала даналарының мектебіндегі асыл мұрамыздың, ұлттық құндылықтарымыздың жоғалып бара жатқандығы туралы жазушы қынжыла жазады. Роман АҚШ-тың Индиана университетіне қарасты Three String Books баспасында «A Life At Noon» деген атпен ағылшын тілінде жарық көрді. Жазушының бұл романы орыс, ағылшын, француз, испан, қытай және араб тілдеріне аударылған.

Таласбек Өсемқұловтың республикалық баспасөзде қазақ және орыс тілінде түрлі әдебиет, мәдениеттану тақырыптарына арналған бірқатар мақалалары жарық көрген. 1973 жылы «Байжігіт күйлері» деген жеке гранд-диски Бүкілодақтық «Мелодия» фирмасынан шықты. «Мәңгілік сарын» антологиясына 20-дан астам, «Қазақтың мың күйі» (2009) антологиясына 40-тан астам күйі енген. 2010 жылы Парижден «Тәттімбеттің мұрасы» деген CD дискісі шыққан.

Республикалық халық аспаптар мұражайында, «Жазушы» баспасында, Алматыдағы Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваторияда қызмет еткен.

Қalamгер пікірі

Таласбек өмір-тіршілікті тым жақсы білген, өмірлік те, өнерлік те білімі мен тәжірибесі бай жазушы болғандықтан да, шыгармаларының барлығында дерлік оқырмандары үшін бейтаныс кеңістіктер ашылады. Бұл кеңістіктер, өсіресе өнер, оның ішінде, дәстүрлі өнер, тарих, этнография, мифология салаларындағы еңбектерінде ауқымдана түседі. Оны өз ұлттының тағдырын әлемдік өркениетпен бір аяда қарастыра отырып, ұлттық бейресми тарихымыздагы көптеген ақтаңдақтарды ашқан, баламалы нұсқалар ұсынған үлкен тарихшы деуге болады. Оның көркем шыгармаларын былай қойғанда, әлемдік өркениеттер туралы әсселері; әлемдік тарихтан жазған Мысыр пирамидалары, тамплиерлер туралы, Бабылдың күйреуі туралы, Сион пайғамбарларының протоколдары; Томирис – Тұмар падиша туралы, сақтар мен парсылар, қаңылар тарихы туралы; Қондыгер, Кетбұға, Шыңғысхан туралы, сондай-ақ қазақ бастаң кешкен небір наубеттердің – ашаршылық пен соғыстардың түп тарихтары туралы, тағы да басқа көптеген мақала, зерттеу, әсселері – жалпы қазақ тарихында алғаш рет соны қырынан қозгалып, жазылған тақырыптар. Жазушының прозасында, көркем әсселерінде кейінгі қазақ тарихы – Абылай хан, Құнанбай, Абай, Біржан, Тәттімбет, Сүгір, Байжігіт тағы да басқа көптеген өнерпаздар тұлғаланып шықты.

Әлия Бөлежанова

Теория

ЛИРИКАЛЫҚ ШЕГІНІС – әдеби шыгармада белгілі бір оқиганы еске салу, оқиганың тарихи уақытын айқындау мақсатында қолданылатын көркемдік тәсіл. Автордың тікелей сюжеттік баяндаудан ауытқуы; композициялық-стилистикалық әдіс, бейнеленетін немесе оған жанама қатысы бар авторлық пайымдау, ойлау, пікір білдіру.

БЕКТОРЫНЫҢ ҚАЗЫНАСЫ ҚАЙЫРБОЛДЫ МЕН БЕКТОРЫ

Оқу мақсаттары:

11.1.2.1 әдеби шыгармадағы көтерілген мәселелерді қазіргі өмірмен байланыстырып, ұлттық мұдде түрғысынан ашу.

11.2.5.1 қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіндегі ортақ бағыт, әдеби ағым, жалпыадамзаттық құндылықтарды анықтау, талдау жасау.

11.3.2.1 көркем шыгарманың жаңашылдырын галамдық тақырыптармен байланыстыра отырып, сини түргыдан бага беру.



Тірек сөздер: таңгажайып, дүние, ет жүрек, тас жүрек.

Мақсатқа қол жеткізу үшін:

- ✓ үзіндіні түсініп оку;
- ✓ сюжеттен галамдық тақырыптармен үндесетін тұстарын табу;
- ✓ өмірдегі оқығалармен байланыстыру.


Бала кезінде ең жақсы көріп тыңдайтын ертеғісі «Ер Төстік» еді. Өжесі таңгажайып хикаяны айтып болып:

– Міне, немелтайым, осындаған да кеп болған екен, – дейтін күрсініп.

Тұнде түсіне Ерназарды құдықтың жаңында ұстап алыш, азапқа салған Бекторы кіреді. Оянғанда көргенін әжесіне айтатын.

– Ол жын-пері ғой, ойлама! – деуші еді бұндайда әжесі, – Құдай Бекторыны кездестіргеннен сақтасын.

Қайырболды есейіп ержетті. Әскерден кейін Алматының орталығындағы ресторанның біріне жұмысқа тұрды. Ет пен көгөніс турап,



қамыр илейтін асүйдің қызметшісі болып бастаған талантты жігіт, бес жыл дегенде тұнгі ресторанның даяшысы дөрежесіне көтерілген.

Бұл егемендік алған кез еді. Ағыны қатты осы азғантай жылдың ішінде қоғам танымастай болып өзгерді. Кеп адам өрге шықты, кеп адам заманың тұңғырына құлдырады. Құдайға шүкір дейтін. Тамақ тоқ, көшеге киіп шығатын бірсыдырығы киім бар. Тапқан-таянғаны қаладан тәп-тәуір пәтер жалдауға да, атасы мен әжесіне жәрдемдесуге де жететін. Бірақ көнілдің терең түкпірінде әлдебір мазасыз ой күнінде неше оянып жегідей жеуші еді. Бұл кезде адамдар жаппай өмірдің қызығын кешуге кіріскең. Алматының орталық көшелері қызыл-жасыл шамдармен сөулеленіп, тұнгі өмір басталады. Қымбат ресторандарға қымбат автомобиль мініп келіп, түсіп жатқан, ақылға сыймас қымбат киіп әшекей тағынған адамдар... Қайырболдының басы айналып қалатын. Өсіреле тұнгі барларға келіп, таң атқанша отырып, шығарда ақшаны дестесімен төлей салатын бай баласы – көркем қыздар мен көрікті жігіттердің қылықтарын көргенде «апыр-ау, бесіктен белі шықпай жатып қона салған бұл қандай бақ» деп меңірейіп, бір жағы күйзеліп тұрып қалатын. Кедейшілікте, әрбір жапырақ нан санаулы жоқшылықта өткен балалық шақ есіне түседі. Пәтеріне қайтып келіп, осындай көңілсіз оймен күнін өткізген Қайырболды демалмаған күйі қайтадан кешкі жұмысқа келетін.

Өліесінде, жұмадан сенбіге қараган тұн еді. Тұн ортасында, рестораннан шыққан үш бойжеткен барға келіп отырды. Валютага ғана сатылатын қымбат коктейль алдырып, өздері ұнататын блюзді қойғызып қойып, көңіл көтерген қыздар таң ата есеп айырысқанда бармен жігітпен арада әдептен аспаған ыңғайсыз жағдай болып қалған. Қайырболды қыздардың абыржыған түрлеріне қарап, ақшаларының жетпей тұрғанын түсінген.

Біреуі бұрыннан келіп жүрген сенімді адам. Жұқа көк жібек кейлек киген сұлу қыз барменнің алдына өзінің күәлігін қойып жатқанда шыдай алмай кетті. Қыздардың жанына жетіп барған.

– Қанша жетпейді?

Бармен күәлікті көрсетті.

– Міне, күәлігін беріп тұр гой.

– Олай болмайды, – деді Қайырболды.

Күәлікті алыш, иесіне ұсынды.

– Қанша жетпейді? – деді, содан соң, барменге қарап.

Бармен ақшаның сомасын айтты. Даяшының бір айда табатын шайлығы. Қайырболдының іші udай ашыған. Бірақ айтылған сез – атылған оқ. Сөзге келмей ақшаны санап берді.

– Рыцарылар әлі бар екен, – деді қыздардың бірі.

Бәрі риза кейіпте күлген. Кек кейлекті қыз шығар есікте тұрып, Қайырболдыға белгі берді.

– Іңғайсыз болды, – деген Қайырболды жанына келгенде, – міне, мынаны алышыз.

Көркіне көз тойғандай, гауһар орнатылған ауыр алтын жүзікті жігіттің алақанына салды.

– Қойыңыз, – Қайырболды жүзікті қыздың өзіне ұсынды. – Мен сізге сенемін ғой.

Қыз жымышп күлді, бірақ жүзікті алмады.

– Мен де сізге сенемін, Қайырболды.

Жігіт қайран қалған.

– Менің атымды қайдан білесіз?

– Секрет, – деді қыз бұрылып кетіп бара жатып. – Өлі кездесеміз деп ойлаймын.

Арада екі айдай уақыт өтті. Қыз енді келмейтін шығар деп шешкен Қайырболды бір іске белін буган. Жүзікті ломбардқа апарды. Аса қымбат мүліктің ақшасына пәтер сатып алды. Бұл, әрине, адам нанбайтын нәрсе еді.

Әзірге ешкімге ештеңе айтпайын деп үйгарды. Себебі көnlі алаң болатын. Я бақ, я сор екені белгісіз, әйтеуір түсініксіз бір нәрсенің тақап келе жатқанын сезген.

Арада төрт ай уақыт өткенде бейтаныс қыз бой көрсетті. Тағы да жұмадан сенбіге қараган түн еді. Түн ортасынан ауа барға үш қыз кірді. Қайырболды қайран қалған. Үш қыздың үшеуі сол өткендегідей киінген. Содан соң, таң ата тағы да... барменмен шағын дау-дамай болды. Қайырболды күліп, қыздардың жанына келген.

– Сіздерді құтқару менің мамандығыма айналған сияқты. Қанша жетпей тұр?

Бармен калькуляторға қарады.

– Үш жұз қырық доллар.

Бұл жолы ақшасы көп Қайырболды жап-жаңа жұз долларлық төрт банкнотты барменнің алдына тастай салды.

– Артығын ал, – деді бармен.

– Кетерде аламын, – деді Қайырболды.

Қыздардың біреуі бұның қолын қысқан. – Рақмет сізге. Сіз нағыз жігітсіз.

– Оқасы жоқ, – деді Қайырболды.

– Сізben оңаша сейлесуге бола ма? – деді кек кейлекті қыз.

Қайырболды кезекті клиентке қызмет көрсетті де, үсті-басын түзеп, сыртқа шықты. Қыз есіктің алдындағы орындықта отыр екен.

– Менімен өңгімелесуге уақытыңыз бар ма? – деді Қайырболды қасына келіп жайғасқанда.

– Иә, – деген Қайырболды, – мен боспын. Жұмыс аяқталды десе де болады.

– Олай болса жүріңіз, қыдырып қайтайық, – деді қыз.

Екеуі опера театрының жанындағы паркті аралап, ұзақ жүрген. Жазғы таң. Ауа қоңырсалқын.

– Сізге рақмет, – деді қыз:

– Міне, бізді екінші рет құтқарып жібердіңіз.

Қайырболды құлген.

– Мен сіз тағы да бір жұзік берейін деп түр екен десем.

Қыз да күлді.

– Жоқ, бұл жолы ондай жұзік бере алмаймын.

Екеуі скамейкаға отырды.

– Ал, енді мениң бір сұрағым бар, – Қайырболды қыздың жұзіне бажайлай қараған, – мен сіздердің ақшаларыңыздың жетпей қалғанына ешқашан сенбеймін. Сіздің тастап кеткен жұзігіңіз қанша тұрады, білесіз бе?

– Білемін, – деді қыз әлдебір нүктеден көз алмаған күйі. – Серіз миллион доллар.

Қайырболды түршігіп кеткен. Қыз басын көтеріп, күле қарады.

– Сондай-ақ әлемдегі ең асыл, ең қымбат әшекейлерді есепке алатын каталогтардың бірде-біреуінде ол жұзіктің жоқ екенін де білемін.

Қайырболдының жүрегі әлдебір жамандықты сезіп сыздай ауырған. Алыстан талықсып бір қорқынышты өуен естілгендей болды.

– Олай болса... осындай қымбат мүлік иесінің... бір фужер коктейльге ақшасы жетпей қалғанын қалай түсінуге болады? Сіз кімсіз өзі?

Қыз үндеңген күйі тәмен қарады.

– Жауап беріңіз, – деді Қайырболды.

Кенет қыз... бұның жұзіне тағы да күле қараган.

– Айтпақшы, пәтеріңіз құтты болсын.

– Қайдағы пәтер? – деді Қайырболды.

– Жұзіктің ақшасына сатып алған пәтеріңізді айтам, – қыз шалқая бере сақылдай құлген.

Алдау мен арбау туралы, жырынды алааяқтардың аңғал адамдарды түрлі пәлекетке ұрындырып кететіндігі туралы өңгімелерге қанық Қайырболдының ойы сан-саққа жүгірді. Мынау алдында отырған қыз әлдебіреуге қызмет қылып жүрген көззап. Біреулер бұны құртпақ болып осы қызды жалдаған. Жұзікті бұған әдейі берген. Енді осылайша іліндіріп алып, өмір бойы бопсалап қызметіне жүргізбек. Осылайша қор қылмақ.

- Қателесесіз, – деді қыз. – Мені ешкім де жұмсаған жоқ.
- Қайырболды тағы да қайран қалған.
- Мен сізге ештеңе айтқам жоқ қой.
- Айттыңыз не, ойладыңыз не, бәрібір емес пе?! – Қыз сұық жымыған. – Ең бастысы, көніліңізде түр.

Бұл қыз адамның ойын оқи алатын болып шықты. Шарасы таусылған Қайырболды енді жалынуға көшкен.

- Айналайын қарындас, айтыңызы, сіз кімсіз? Менде неніз бар?
- Бұл арандатуныңдың мағынасы не? Сізге не керек?

Қыз тағы да жұмбақ жымыған.

– Өзірге секрет. Уақыты келгенде естисіз.

Қайырболды орнынан айғайлай көтерілген.

- Слушай, атаңа нәлет хайуан! Жоғал әрі! Мен қазір милиция шақырам!

– Милиция дейсіз бе? – Қыз Қайырболдының жүзіне бажайлай қарған. – Мынауыңыз жақсы идея екен. Шақырсақ, шақырайық. Мен жүзігімнің үрланғандығы жайлыш арыз берем.

Қайырболды орындыққа сылқ етіп отыра кетті.

- Мен сені іздеп келдім, Қайырболды, – деді қыз аяқастынан «сенге» көшіп, – жүзіктен басталып төрт айға созылған хикаяның бар сырғасы-ақ.

Қайырболдының көзінен қос тамшы жас сорғалап түскен.

– Сіз мені құртуға келгендің ғой, – деді дауысы қалтырап.

- Жо-жоқ, – деген қыз бұны иығынан сипап, – жүзік турасында қорықпай-ақ қой. Бопсаға бопса қылыш айта салғаным ғой. Ұмыт оны.

Тұнгі кафе-бардан көніл көтеріп шыққан бірнеше адам жандарынан еткен. Қыз үндемей қалды. Қайырболдының кез алдына бүкіл әмірі елестеп еткен.

- Тыңдасаныз, айтайын, – деді қарлығып: – Мен... Әке-шешеден ерте жетім қалып, ата-әжемнің қолында өстім. Кедей болдық. Ит басына іркіт төгілген заманда қара наң, қара сумен отырушы едік. Ақырында ержеттім. Тәуір кәсіпке іліндім. Жолым ешқашан оңай болған емес. Басқаға өзінен өзі келе салатын нәрсе маған жұз есе қынға түсетін. Өмір бойы өзімнің талабыммен, өзімнің адад еңбегіммен ғана наң тауып жүрген адаммын.

Қыз сөзді белмей тыңдаған.

- Жалғанды жалпағынан басқандарға емес, маған келіп ұрынғаныңыз қалай?! Жарайды, міне, азғантай ғана тіршілігім бар. Әбден қартайған, қорғансыз атам мен әжем бар. Қаланың түбінде тұрады. Егер мен кетсем, олар өледі де қалады. Қәне, қаматыңыз, айдатыңыз.

Қыз үндеңен жоқ.

– Мениң бар жазығым, жетпей тұрған ақшаңызды төлеп бердім. Мен не қылдым сізге? Өлде жақсылықта қайтарған жақсылығыңыз осындай ма?

Қайырболды айттымды айттым, енді не істесең де, өзің біл дегендей қыздың бетіне қараған. Қыз бұның қолының үстіне қолын қойды.

– Мен сені сол себепті ізден келдім ғой, Қайырболды. Енді менімен жүр.

Қыз орнынан тұрды.

- Қайда? – деді Қайырболды.
- Мениң үйіме, – деді қыз.

Медеуге баратын жолдың оң қапталындағы қымбат аудандардың бірінде тұрады екен. Екеуі таксиден түсіп, қалың бақтың арасымен бұлдырап ұзақ жүрген.

– Міне, келдік, – деді қыз, патшаның сарайына бергісіз үш қабат зәулім үйдің ауыр есігін ашып жатып.

Ақ, қара, сары, қызыл мәрмәр діңгектер, әр бұрышта зұбәржаттан қашап жасаған алып вазалар, төбеден салбырап тұрған алтын люстралар. Ат шаптырым залда кем дегенде жұз адам сыйтын үстел. Ақ дастарқанның үсті қисабы жоқ тамақтың, шараптың түрлері... Қайырболдының көзі бұлдырап кетті.

– Үй өзіндікі, – деді қыз, – қалаған уақытында келесің, қалағаныңша жайлайсың.

Екеуден екеу отырып жақсылап тамақтанған.

– Ал енді мән-жайды түсіндіріңіз, – деді Қайырболды сөл шалқайыңқырап отырып, – мені бекерден-бекер өкелмеген шыгарсыз бұл жерге.

Қыз орнынан тұрды.

- Ер соңымнан.

Екеуі ұзын дәлізben жүріп, жер астындағы қабатқа түсті. Қызыл ағаштан шауып шыңылтырмен қапталған ауыр есік өзінен-өзі ашылған. Бұлар күңіреніп тұрған тағы бір үлкен бөлмеге кірді. Самаладай жарық. Қабырғаны жағалай орнатылған қисапсыз сөрелер. Биікке қанша кететіні, бөлменің алға қарай қанша созылатыны белгісіз.

– Бұл бөлме осылай созылып барып гиперкеңістікке, яғни шексіздікке кетеді, – деді қыз.

Қайырболды жан-жағына үрейлене қарады.

– Ал енді танысуға болады, – қыз жақындаپ келіп, Қайырболдының кезіне көзін қадаған. – Мен Бекторымын.

Қайырболды үндемей тұра берді.

- Иә, иә, сол баяры перінің қызы Бекторымын, – деген қыз, адамның ойын оқитын әдетімен. – Өжең талай айтып берген «Ер Тестік».
- Мен сізден шаршадым, – деді Қайырболды, – қорықканнан шаршадым.
- Қорқатын себебің – сенде жүрек жоқ, – деді Бекторы.
- Менің жүргегім ешқайда кеткен жоқ, – деді Қайырболды түршігіп, – езімде.

Бекторы сөл үнсіз қалды.

– Қазақта қорқақ адамды жүргегі жоқ адам дейді, менің айтайын дегенім осы ғана, – деген содан соң, – әрине, сенде жүрек деп аталатын нәрсе бар. Бірақ сендері жүрек тек қанды ары-бері айдайтын мүше ғана. Ертеңгі күнді ойласпап сарғайған, бітпес үрейден өбден жансызданған бір жапырақ ет қана.

– Осы, адамның жүргегі деген қызық нәрсе, – деген тағы да Бекторы, – өзі бар, өзі жоқ. Өзі жоқ, өзі бар.

– Сөзіңіз жұмбақ, – деді Қайырболды, – бірін түсініп, бірін түсінбей түрменин.

Бекторы көңілсіз жымиды.

– Айтайын дегенім, жүрек бар болғанда – жоқ. Ол, өзі жоқ болғанда ғана бар.

Қайырболды Бекторының жүзіне таңдана қараған.

– Мысалы, осы сені-ақ алайықшы. Сен өзіңмен бірге даяшылықта жүрген қызды сүйесің. Есің кете сүйесің. Әрбір жүрген жүрісін, әр сейлекен сезін тамашалап, елжіреп тұрасың. Бірақ сөз айтуға батпайсың. Себеп? Себеп, кеудендері жүрек деп аталатын зиянды мүше айтқызбайды, асықтық сезінді, яғни жүргегің бар, бірақ жоқ. Мысалы, талай рет алі жеткен адамдар көшеде саған тілі тиді, қияннаташ кетті. Өзің жұмыс істейтін тұнгі ресторанда бай клиенттер талай рет қорлап, жәбірлеп кетті. Сен осының бірде-біреуіне жауап қата алмадың. Неге? Өйткені кеудендері жүрек деп аталатын түкке де керегі жоқ нәрсе тілінді байлады, айтқызбады. Яғни жүргегің өзі бар, өзі жоқ. Сенің басыңнан еткен азғантай өмірің – кеткен есе мен кек, тапталған арманның тарихы.

Бекторының бет қаратпай сейлекен сезінен есекіреп қалған Қайырболды қабырғага сүйенген.

– Ешкім де... менің ішімді... бұлай ақтармап еді.

Тағы да үнсіздік орнады.

– Ал сол жүректі... бар қылу үшін не істеу керек? – деді бір кезде Қайырболды.

Бекторы шорт кесті.

– Бар қылу үшін ол жүректі жоқ қылу керек!

Қайырболды Бекторыға бұрылған.

– Яғни...

– Яғни, ол жүргегінді маган беруің керек, – деді Бекторы.

– Қалайша? – Қайырболды тағы да аңырып қалған. – Мен өліп қалмаймын ба?

– Ұғыспадық, – деді Бекторы. – Біз қазір фәни дүниеде тұрған жоқ-пзы. Осыны қалай тұсінбейсің?

– Сонда біз қайдамыз? – деді Қайырболды. – Мына үй... мына байлық...

– Сен осы үйдің табалдырығын аттағанда-ақ фәниден кеткенсің, – деді Бекторы. – Сен қазір өңінде емессің. Анықтап айттын болсам, біз қазір сенің тұпсананда отырмыз.

– Ішімде осынша салтанат бар екеніне ешқашан сенбес едім, – деді Қайырболды дауысы дір етіп.

– Сендер, адамдар, өздеріңді өздерің білмейсіңдер. Түк те білмейсіңдер. Осы бүкіл дүние, не керектің барлығы, бүкіл гарыш өздеріңде екенін, өздеріңің іштерінде екенін білмейсіңдер. – Бекторы тақау келді:

– Сонымен жүргегінді маган бересің гой?

– Ал орнына? – деді Қайырболды.

– Ал орнына мәрмәр жүрек салып берем, – деді Бекторы, – мен сенің жүргегінді кеудеңнен ауыртып алайын деп жатқам жоқ. Мәрмәр жүрекке келіссен болды. Сол сәтте жүргегің өзінен-өзі маган көшеді.

Бекторы сөрелерді аралап кетті.

– Міне, қара. Мынау – өзің билетін адамдардың жүректері. Мынау – сен жұмыс істейтін ресторанның бастығының жүрегі.

Қайырболды қыздың соңынан еріп отырып, қайран қалғаннан танбады. Банкілерде әлдебір сүйкітың ішіне салынған жүректер. Бекторы иелерінің аттарын атап келе жатыр. Қайырболды өзі танитын бірнеше кеденші офицерлердің, полиция қызметкерлерінің, жұмыс бабымен алдарына барған тағы да талай үлкен шенеуніктердің жүректерін көрді. Олардың адамға деген аяусыздығының, зорлық-зомбылықтарының сырын енді тұсінген. Адамдардың бір-біріне неге қиянат жасайтынын үққан.

– Міне, барлығының жүрегі осы жерде деуге болады, – Бекторы сөрелерді иегімен нұсқады. – Мәрмәр жүрек ыңғайлы. Бірді-екілі адам болмаса, өзінің тірі жүрегін ізделп келген ешкім жоқ.

– Барлығы болғанда қалай? – деді Қайырболды. – Бұл жерде қанша адамның жүрегі тұр?

– Өлмисақтан, дүние жаратылғаннан бергі адамдардың барлығының жүрегі, – деді Бекторы. – Бүгінде көзі тірі адамдардың барлығының

жүргегі осы жерде десе болады. Сен сияқты азғантай ғана адам өз жүректерімен жүр.

— Ал өз жүргіммен қалсам ше? Жүргегімді сізге бермесем ше? — деді Қайырболды.

— Өзің білесің, — деді Бекторы, — өз қалауында. Байырқа мен байлықта болғың келсе, жүргегіңнен құтыл. Бүгінгі бостандық, бүгінгі азаттық пен еркіндік — ақшада. Азат болғың келсе, ерікті болғың келсе, жүргегіңнен құтыл. Ал қалған күніңді кіріптарлықта, құлдықта өткізгің келсе — осы жүргегіңмен қал. Қайталап айтайын, бәрі де өз қалауында.

Қайырболды қинала ойланып тұрып қалды.

— Түсінем, — деді Бекторы, — мұrsat берейін. Шыға тұрайын.

Бекторы шығып кетті. Қайырболды екі қолымен шекесін сығымдаған, менірейіп қанша отырғанын білмейді.

— Ата-бабаның аруағы, көмектессендер, қайда қалдындар? — деді ақырында тістеніп. — Міне, мен аяныңды, жәрдеміңді күте-күте шаршаган жетім қозы, өз несібемді татуға кеттім.

Содан соң есікке қарап, қатты дауыстаған.

— Бекторы, мен дайынмын!

— Келісетініңді білдім ғой, — деді Бекторы кіріп келе жатып.

— Не істеу керек? — деді Қайырболды.

— Ештеценің де керегі жоқ, — деді Бекторы, — келіссөң болды.

Қайырболды оң қолын кеудесіне қойды.

— Келістім.

— Жеткілікті, — деді Бекторы, — жүргегің менде.

Екеуі салтанат бөлмесіне қайтып келген.

— Менің үмбетім болдың, — деді Бекторы, — енді біз осыны тойлап, көңіл көтереміз.



Әлмисақтан — ертеден, бұрыннан, баяғыдан.

Үмбет — қостаушы, ізін жалғастырушы, қарауындағы.

ОЙТАЛҚЫ

1. Үзінді мазмұнымен танысып, тақырыбы мен идеясын анықтаңдар.
2. Шыгарма қандай үлгіде жазылған? Тілдік және жанрлық ерекшелігін анықтаңдар.
3. Оқига желісі бойынша негізгі оқигалар тізбегін құрандар.
4. Шыгарманың негізгі кейіпкерлері кімдер? Қысқаша сипаттап беріңдер.
5. Әңгіменің қазіргі өмірмен байланысы, өзектілігі туралы пікірлерің қандай?

ОЙ БЕЙНЕЛЕУ

- Шыгармадагы автордың ойы мен көтерілген мәселені топпен бірге анықтап, кестені толтырыңдар.

Автордың ойы	
Шыгармада көтерілген мәселе	
Көтерілген мәселеге өзіндік көзқарасымыз	

- Әңгімедегі мәңгілік құндылықтар туралы «Түске айналған фантастикалық шындық» тақырыбында шыгармашылық жұмыс жазыңдар.

- 1-жұп – Қайырболды бейнесі, 2-жұп – Бекторы бейнесі бойынша «Көркем шыгармадагы кейіпкер портреті» кестесін толтырып, жұптасып талқыландар.

Тұр-келбеті	
Мінез-машыры	
Өскен ортасы, тәлім-тәрбиесі	
Іс-өрекеті, сөйлеу мәнері	

ОЙ ЗЕРДЕЛЕУ

- «Бекторының қазынасы» туындысында қай кейіпкер ұнады? Қандай іс-өрекеттерімен немесе қасиетімен көзге түсті? Ойынды «ПОПС формуласы» арқылы білдір.

Мениң ойымша, ...

Мен оны ... деп түсінемін.

Мен оған ... деген деректер, мысалдар келтіре аламын.

Мен ... деген қорытынды шешімге келдім.

- Әңгімедегі ойлардың қазіргі замандагы өзектілігін түйіндеңдер. Осы шыгарма арқылы жазушыға қандай баға беруге болады?

ОЙ ТҮЙІН

- Әңгімeden алған әсерлерінді белісіндер.

- Шыгарманың жақашылдығына сынни тұргыдан баға беріндер.

Маған ұнаганы ...

Мен үшін ерекше әсер еткен ...

Мениң көңілімнен шықпаганы ...

Мениң оқырмандарга берер кеңесім ...

Шыгарма несімен ұнады?	Сабактан алған әсерің	Түйінді ой

ҚАЙЫРБОЛДЫ-САҒЫНДЫҚ ПЕН БЕКТОРЫ (жалгасы)

Оқу мақсаттары:

11.1.3.1 көркем шыгармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен дара-лау арқылы өмір шындығын көрсету.

11.2.1.1 әдеби шыгарманың композициясын, жанрлық ерекшеліктерін айқындаپ, уақыт пен кеңістік түргышынан талдау.

11.3.4.1 шыгарманы идеялық жағынан мазмұндас әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдау, әдеби сын жазу.



Тірек сөздер: байлық, ақша, мол қазына, адамгершілік, өзін жогалту, өзін іздеу.

Мақсатқа қол жеткізу үшін:

- ✓ уақыт пен кеңістік ұғымын қайталау;
- ✓ көркемдік құндылығын білдіретін сөздерді анықтау;
- ✓ басқа да осы әңгімелеге үқсас шыгармалармен салыстыру;
- ✓ әдеби сын жазуға дайындалу.

Кезін ашып, өзінің қайда екенін түсінбей ұзак жатқан. Ақырын тұрып жан-жағына қарады. Аэропортынан жаңындағы жұпымны пәтеріне мүлдем үқсамайды. Үйді қарап шықты. Он бір бөлме екен. Бір-біріне үқсамайды. Бөлменің біреуі қымбат таспен қапталған болса, біреуі заты түгіл аты да белгісіз ағашпен көмкерілген. Бірнеше жерде телефон аппараттары тұр. Ванна көздің жауын алатын қара мәрмәрмен безендірілген. Ат шаптырым асүй. Үстел үстінде бір шиша тұр. Бірден таныды. Бұл – жұмыс істейтін тұнгі рестораның бай клиенттері ғана ішетін қымбат шарап. Бір бокал шарапты қағып салған. Басы лезде шайдай ашылды. Осы кезде телефон шыр ете қалды. Ақырын алып құлағына тоқсан.

- Алло.
- Бұл Қайырболды мырза ма екен? – деді ар жақтан Бекторы.
- Қайырболды қуанып кетті.
- Иә, мен, мен ғой. Бір жұмбақ сарайда жатырмын.
- Ол сенің үйің, Қайырболды, – деді Бекторы, – залдағы үстелдің үстінде үлкен сары сөмке жатыр ғой. Құжаттың барлығын соның ішінен тауып аласың. Керек қылғанда мені ойласаң болды, жетіп келем. Ал жайла үйінді. Жаңа өмірдің қызығын көр.

Телефон сырт етіп өшті.

Қайырболды сары сәмкенің ішіндегі қағазды үстелдің үстіне төге салып, шетінен қарай бастаған. Заңдастырылған үйдің құжаты. Содан соң... содан соң «Меркурий» халықаралық қаржы жүйесінің депозиттері, швейцар банкісінің депозиттері. Депозиттер, депозиттер, депозиттер... Қайырболды жан-жағына үрлана қарады. Өзінен басқа ешкім жоқ. Түс көріп отырған жоқ па деп өзін-өзі шымшып көрді. Өңі. Өңінде болып жатыр!

Үстел үстіндегі калькуляторды алып, депозиттерді есептегендеге ақылға сыймайтын миллиондаған доллар болып шықты.

– Болды! – деді айғайлап. – Қош бол, кедейлік, құрдымға кет, жоқшылық!

...Жаңа өмірін меншік иеленуден бастады. Әуелі өзі жұмыс істейтін ресторанды қаланың маңайындағы, алыс аймақтардағы, ет, көгөніс, жеміс-жидек өндіріп, өсіріп жеткізіп тұратын шаруашылықтарымен қоса сатып алды. Кезінде өзіне теперіш көрсеткен басшыларды, өзіне үнамайтын адамдарды әй-шайға қарамай жұмыстан босатты. Ешкім қарсылық қылмаган, құжаттарын алып, үн-тұнсіз кете берген. Сол күні бұның қол астына келіп ресторанның директоры болып бекітілген Сәрсен деген досы қарсыласып көрмек болды.

– Қайырболды, «Кең болсаң, кем болмайсың» деген, кешіре салсаң қайтеді, – деген досы.

– Бұрынғы жаудан адал дос жоқ, есінде болсын.

– Кебінің бала-шагасы бар дегендей.

– Олар кімді аяпты? – деді Қайырболды күліп. – Керек болса, сені де қызметтен босатам. Бар, жұмысыңды істе.

Содан соң жанына шетелдің тілдеріне жетік, жөн білетін бірнеше адамды алып, дүниені аралап, сайранды салды. Аз жылдың ішінде бармаған жері қалмады. Париж, Лондон, Рим, Мадрид, Амстердам... Мұхиттан өтіп, Нью-Йорк, Токио, Гонконгқа барды... Әлемдегі ең ірі буржуазиялық курорттардың көбінде болды... Қызық үшін Ресей олигархтары таңдап алған Куршевельде екі апта болып, Швейцарияның қысқы көркін тамашалап қайтқан. Және барлық жерде «Меркурийдің», швейцар тағы басқа банктердің сиқырлы кредит көртішкесінен ақша тоқтаусыз төгіледі, есіктер өздерінен өздері ашылады, қызмет өз-өзінен көрсетіледі. Ақша әкелетін бостандықтың не екенін енді түсінгендей.

Жанындағы көмекшілері дүниенің қай түкпірінде жүрсе де, Алматыда не болып жатқанын интернет арқылы біліп отырады. Бұл кезде Сәрсен дәрежесі өсіп, енді Қайырболдының іс басқарушысы болып тағайындалған.

Күндердің күнінде өзінің миллиондарын іске қосып, банк, кредит жүйесіне ауыз салды. Енді бір доллары лездің арасында он долларға айналатын болды. Алғашқыда несие сұрап келгендерді өзі қабылдайтын. Кейіннен қаптаған көмекшілер барлық жұмысты өз мойындарына алған. Аса ірі кредитті ғана бұнымен ақылласады. Ал ұсақ-түйек болып жатқаннан толық бейхабар.

Өзі жайлы, қол астындағы банк жүйесі жайлы баспасөзде неше түрлі сый мақалалар жазылып жатқанын еміс-еміс естітін. Бірақ бұл кезде Қайырболды жердің тартылыш күші әсер етпейтін орбитага шыққан, ешбір заңға бағынбайтын адамға айналған. «Барға барша береді» дегендей. Үсті-үстіне төгілген қисапсыз ақша туыстық сезімді де, арды да, үятты да, бәрін ұмыттырған.

Бақ қонған күні такси жалдап қала тубінде тұратын атасы мен әжесінің үйіне барды. Тұн іші еді. Қақпаның алдына келіп, ұзақ тұрды. Бірақ өз бойынан ешқандай сезім таба алмады. – Қызық, – деді қайран қалып. – Әке-шешемнен ес білмейтін кезімде айрылыптын. Кемпіршал... атам мен әжем тәрбиелеп өсірді. Әкем де, шешем де осылар еді. Бірақ неге жүргім селт етпейді? Ішімде неге ықылас-пейіл жоқ? Мынау тұрган жұпның үйден, бастан өткен кіріптар өмірден неге жиренем?.. Білмеймін... Әйттеуір мына қақпаға кіргім келмейді... Осыны ғана білем.

Бұрылып жүре берген. Одан кейін өмірдің қызығына толы қарбалас бәрін ұмыттырды.

Бұл кезде қол астындағы банк алпауытқа айналған. Алған несиені қайтара алмай қаншама адам барынан айрылып, тіленшіге айналды, қаншама ошақтың оты өшті. Банкке қарсы қаншама қылмысты іс қозғалды, бірақ пара берудің, жемқорлықтың қыр-сырын жете менгерген Қайырболды бір журналист жазғандай «қандай жауыннан болса да, шыланбай құргақ шығатын». Жаза көрмеу адамды аздырады. Бәрін сатып алып үйренген Қайырболды басқада мұдде бар, намыс бар, тіршілік бар деп білмейтін. Жер бетінде мен және менің тілегім мен қалауым ғана бар дейтін.

Өзі төмен тап, өтініш иесі болып жүргенде көрген қорлықтарын ұмытқан жоқ. Сол өткен өмір тәжірибесі бойынша қол астындағы банктің қабылдау бөлмелерінде, операциялық залдарында қандай қияннattар істелініп жатқанынан толық хабардар болатын. Бірақ не естісе де, не білсе де, селт етпейтін.

Адамның дегені емес, Алланың дегені болады екен. Қектемнің шуақты күні мейманханада белгіленген сырлы кездесуге асығып келе жатқан. Крем түстес «Бентли» зымырап келіп, мейманхананың алдындағы шағын алаңға бұрыла бергенде қатар-қатар тіреудей қылып су шашып тұрган фонтанның тасасынан қолында шелегі бар бір бала

жұғіріп шықты. Шопыр тежегішті аямай басқан. Бірақ бәрі де зая екен. Бала соққыдан автомобильдің капотына шықты да, екі қолын жайып барып, бір қапталға құлап түсті.

– Не істедің сен? – деді Қайырболды айғайлап. – Неге осынша қатты келдің?

– Кешіріңіз, аға, – деді өңі шүберектей қуарған шопыр, – мына жерден атып шығатынын кім білген?!

Жерде жатқан баланың жанына жұрт жиналып қалды.

– Жарайды енді, – деді Қайырболды, – болары болды. Бірдене қылып құтылармыз. Өуелі көрейік.

Бұлар топқа тақағанда баланың жанында жүресінен отырған мейманхананың швейцары орнынан тұрып, қынжыла бас шайқаган.

– Өттеген-ай. Осы жерде машина жуып күнін көріп жүрген бала еді. Сондай жақсы еді өзі.

Қайырболды жұртты киіп-жарып баланың жанына барды.

– Тірі ме?

– Жоқ, – деді түрғандардың бірі. – Өліп қалған сияқты.

Баланың бетіне үңілген Қайырболды кенет айғайлап жібере жаздал, өзін-өзі әрең тежеген. Бала бұның өзінен айнымайды екен. Өзер жүріп машинаның жанына келді. Есікті ашып, тағы тұрды.

– Қайтамыз, – деді содан соң, отырып жатып.

Шопыр сөл аңырып қалды, артынша үйқыдан оянгандай асығыс машинаны оталдырды.

...Үйге жұғіріп кірген Қайырболдының алдынан аспаз әйел шыққан.

– Мырза...

– Қоя тұрыңыз, – деді Қайырболды қолын сілтеп, – екінші қабаттағы кабинетке сигара, кофе, коньяқ келтіріңіз.

Аспаз әйел сұрагандарын алдына өкеп қойғанда менірейіп отырған Қайырболды конъяктің бөтелкесін дереу ашып жөппелдеме бірнеше бокалды толтырып ішкен. Иесінің бүндай әдетін бұрын көрмеген аспаз әйел ернін жымқырып тәмен қарады.

– Кешкі жақалықтан көрген шығарсындар, – деді Қайырболды аспаз әйелге қарап.

– Иә, көрдік, – деді аспаз әйел, – бірақ біз сенбедік. Сіздің олай етуіңіз мүмкін емес.

Қайырболды тағы бір бокалды толтырып ішті.

– Байғұс, әйтеуір тірі екен, – деді аспаз әйел. – Мырза, бүгінгі қонақтарға не дайындауымыз керек.

Қайырболды селк ете қалды.

– Тірі дейсің бе? Қайда екен?

Аспаз әйел қуанып басын изеген.

– Иә, тірі. Бірақ ауыр екен. Реанимацияда. Сонымен бүгінгі қонақ...

– Қонағыңды қоя тұр, – деді Қайырболды, – Жандосты шақыр.

Аздан соң осы үйдің ұлан-гайыр шаруасын басқаратын Жандос кірді.

– Шақырдыңыз ба? – деді елулердегі жылы жұзді адам.

– Жандос, жағдай былай, – деді Қайырболды, – анау бүгінгі апатқа түскен бала қай ауруханада жатыр соны біл. Содан соң менің атымнан Совминнің ауруханаасымен сейлес те, баланы соның реанимациясына ауыстыр. Қанша ақша, қандай көмек керек, бәрін үйымдастыр. Тындырганнан кейін айтарсың.

* * *

Қайырболды реанимация бөлмесіне кіргенде шашын қырау шалған, жас өнді дәрігер орнынан тұрып қарсы жүрген.

– Өтінем, – деген биязы дауыспен, – реанимация жалғасып жатыр. Бала системаның астында. Бір рет қана қараңыз. Ештеңеге қол тигізбеңіз. Шығып кетіңіз.

Тұнгі шаммен жарықтанған бөлмеге кіріп баланың жанына отырған Қайырболды көпке дейін қарауға жүрегі дауаламай басы салбырап отырған да қойған. Есіктің сыртында тұрган дәрігер жөтеліп белгі бергенде ақырын көз қыығын тастады да, ыңырана тербеліп отырып қалды.

Содан соң баланың бетіне қайта үзіліп, көңілі бұзылды. Кішкентай әлсіз дененің ажалмен алысып, жанның әне-міне үзіліп кетейін деп жатқаны көрініп тұр. Тәлтіректеп дәлізге шықты. Дәрігер қолтырынан сүйеп, тахтаға отырғызы.

– Сабыр етіңіз. Әлі үміт бар. Кіміңіз еді?

Қайырболды дауысы қарлыға жауап қатты.

– Ең жақын адамым.

– Жүріңіз, менің кабинетіме барайық, – деді дәрігер.

– Дәрігер, тыңдаңыз, – деді содан соң, – өтінем. Жоқ, жалбарынам. Осы баланы құтқарыңыз. Бар өнерізді салыңыз. Өкінбейсіз. Қандай дәрі керек, қанша ақша керек, қысылмаңыз, айтыңыз, бәрін берем. Тек тірілтіңіз. Егер осы бала тірі қалса, мен бүкіл өмірізді қамтамасыз етем. Мынау аурухананы шетелдің ең озық техникасымен жабдықтап берем. Тек барыңызды аямаңыз.

– Бұл – біздің парызымыз, – деді дәрігер, – қолдан келгеннің бәрін де істейміз. Ал сіз, енді үйіңізге қайтыңыз. Демалыңыз.

Бір апта бойы бел шешкен жоқ. Қызметке бармады. Құні бойы үйде, ауруханадан хабар күтіп, менірейіп отырады да қояды. Сегізінші құні түске қарай дәрігер телефон соққан.

– Құттықтаймын, – деген толқынысын жасыра алмай, – балаңыз ажалды жеңді. Бірақ өте әлсіз. Тағы біраз жатуы керек.

Жұруге жараганда баланы үйіне алдырды. Өбден сауыққаннан кейін мән-жайды сұраган. Қаланың түбінде Тұздыбастау деген жерде тұрады екен. Ауылына машинамен апартып тастаған.

Ертеңіне кабинетке Сәрсенді шақыртты.

– Анау баланың бүкіл жағдайын білші, қандай көмек керек екен, қалай көмектесуге болады? – деген досының бетіне қарап отырып: – Екі күнде осы шаруаны тындыршы.

– Шеф, оның білетін ештеңесі жоқ, – деді Сәрсен, – анықтап та қойдым. Бұл, баяғыда, осыдан төрт жыл бұрын бізден кредит алыш күйіп кеткен адам. Соның үйелмені. Әйелі, балалары.

– Одан кейін не істедік? – деді Қайырболды.

– Не істеуші едік? – деді Сәрсен. – Кепілге қойған үйін, бизнесін, бәрін алдық.

Қайырболдының санасында бір қақпақ сарт етіп ашылғандай болды. Ақ шашты жүдеу адамның, неше ай тұрып бұның қабылдаудына өзөр ілінгені, осы кабинетте тұрып қалай жалынып-жалбарынғаны, өзінің ол адамды алдаш шығарып салғаны, бәрі есіне түскен.

– Әлсіз адам гой, – деді Сәрсен. – Пәтерінен, бизнесінен айырылғаннан кейін көп үзамай қайтыс болған. Әйелі, бала-шагасы қаладан ауылға көшкен.

Қайырболды орнынан тұрып, кабинетті ары-бері кезіп, ұзақ үнсіз журді. Устелге екі жұдырығын тіреп, күрсініп тағы тұрды.

– Былай істейміз, – деді тағы бір сигараны тұтатып, – ересек, көмелетке толған баласы бар ма?

– Иә, – деді Сәрсен, – бар.

– Бүкіл бизнесін қайырып беру керек, – Қайырболды орнына отырып, тез-тез жарлық берे бастады, – бізге кеткен пәтеріне парапар пәтер алыш беріңдер. Қаладан. Содан соң баяғыдағы үш жұз мың несиені заңдастырып, қолдарына ұстатаңдар. Содан соң...

– Шеф, бір отбасына осының өзі жетіп артылатын игілік, – деген Сәрсен. – Осымен тоқтайық.

– Жарайды, – деді Қайырболды. – Осы шаруаларды тындыр. Тағы да тілектері болса, көре жатармыз.

...Үйге келгеннен соң, кабинетке тәсек салдырды. Бірақ үйықтамады. Көрер таңды көзben атқызған. Балалық шағын, түрін көре алмай кеткен әкесі мен шешесін, бар-жогы белгісіз атасы мен әжесін, соңғы аласапыран сегіз жыл өмірін ойлады. Таңертең тастайін бекінген. Шайын баппен асықпай ішті. Жақсылап қырынып, душ қабылдады. Мұздай киінді. Содан соң машинага мініп, таута қарай тартқан.

Таныс жолмен жүріп отырып, іздегенін тез тапты. Зәулім үйдің белмелерінде тырс еткен дыбыс жоқ. Сол баяғы байлық пен салтанат. Залда жасаулы дастарқан. Ештеңеге қол тигізген жоқ. Дәлізбен жүріп жерасты ұрага келді. Қызыл ағаштан шапқан есік дыбыссыз ашылды. Қайырболды жап-жарық белмеге кіріп, қабырға бойлай созылған серелердің жанына тақаған.

– Келдің бе? – деді таныс дауыс.

Қайырболды селт еткен жоқ. Жаймен бұрылды. Бекторы.

– Иә, келдім, – деді.

Дауысы сезімсіз шықты.

– Білгем, – Бекторы елжірей жымиган, – қайтып келген санаулы адамның бірісің. Сол үшін ризамын.

– Мыналар ешқашан қайтпайды, – иегімен сөрелерді меңзеді, – жүрексіз жүрген үнайды еken. Жүрексіз жүргеннен шаршамайды еken, жалықпайды еken. Көбі құрдымның шетінде тұр. Ал көбі құрдымға баяғыда құлап кеткен.

Кенет жер-дүние солқ ете қалды. Қайырболды жан-жагына қараган.

– Бұл – келе жатқан апаттың белгісі, – деді Бекторы.

– Нениң апаты? – деді Қайырболды үрейленіп.

– Жанның, рухтың, иманның апаты, – Бекторы Қайырболдының жанына келді.

– Бекторы, уақыт етіп бара жатыр, – деген Қайырболды. Бекторы алақанын Қайырболдының қеудесіне тигізді.

– Міне, қайтардым.

Сол сөт Қайырболдының бойын баяғыда ұмыт болған сезімдер кернеп жөнелген. Қуаныш та, қайғы да, сүйініш те, қамрық пен мұң да бар еді қайтып келген түйсікте.

...Сыртқа шыққан Қайырболды машинасын көре алмады. Артынша үстіндегі өзінің бұрынғы қарапайым киімін танып, бөрін түсініп, рақаттанып тұрып күлген. Содан соң Медеудің жолымен төмен қарай асыға жөнелді Алматыға.

Ол кейін әжесімен кешу айттысып табысады, атасының төрт жыл бұрын қайтыс болғанын естіп қайғырады, ақырында өзі сүйген қызға жүрегі дауалап асықтық сезін де айтады. Бірақ бұның бөрі кейін болады. Ал қазір ол Алматыға, өзінің Алматысына асығып бара жатыр еді.

* * *

Сағындық оянғаннан кейін көрген түсін пайымдал, өзінің кім екенін есіне түсіре алмай ұзақ жатқан. – Қызық, – деді мырс етіп. Мен неге түсімде басқа адам болдым. Неге Қайырболдымын. Неге ресторанды қызмет қылатын

даяшымын. Мен Сағындық Тілешев, шындығында қазақ теледидарында қатардағы тележурналист-редактор болып қызмет етпеуші ме едім.

Бір шыны кофе ішіп, жұмысқа аттанды. Келе сала күнделікті қарбаласқа кіріп кеткен. Түстің шамасы еді. Қөшеге шығып келген қызметтес қызы редакцияға даурығып сейлем кірген.

– Өй, Сағындық, фойеде сені бір қызы тосып тұр. Такая красавица! Ерек түгілі әйел ғашық болғандай.

Сағындық шашын асығыс түзеп жіберіп, сыртқа беттеді. Теріс қарап тұрған қызды бірден таныған. Селт еткен жоқ, қорыққан жоқ.

– Амансыз ба, Бекторы?

Бекторы бұрылып, жылұшырай күлген.

– Амансың ба, Сағындық?

Екеуі сыртқа шықты.

– Қайда барамыз? – деді Сағындық.

– Кавалер деген атың бар емес пе?! – деді Бекторы.

– Осы маңайдағы бір кафеге барайық.

– Қарсы болмасаңыз, «Алматы» ресторанына барайық, – Сағындық қызға қолын ұсынған.

Күн едөүр ыстық болғанымен ресторанның іші салқын екен. Даюшы дастарқан мәзірін алдарына қойып, кетіп қалды.

– Мен шай ішсем болады, – деді Бекторы.

Сағындық жеңіл-желлі тамаққа тапсырыс беріп, шылымын тұтатып, орнығып отырды.

– Сенің күйінді түсінem, – деген Бекторы аз үнсіздіктен кейін, – менің ізден келіп саған жолығуым, одан кейін басыңдан өткен өткелек, бұның бәрі ақылыңа әзер сыйып тұр. Сұрақ сұрауга бойындағы туабітті мәдениетің жібермейді. Сол себепті барлығын мен өзім айтып берейін.

Бекторының дауысы қолсозым жердегі жұмыр тастан қаланған бұлақтың сылдырыммен жарасып, ертегідей тербеп жөнелген.

– Адамзат өзінің осы жолға қалай түскенін, бүгінгі күйіне қалай жеткенін білмейді. Себебі ақылы кеміс. Адамзат бүгінгі ахуалына бір күнде келген жоқ. Және адам, инсан, әлмисақтан аргы көне дүниеде мұлдем басқа болған. Ақ пен қара, жалған мен ақиқат, жамандық пен жақсылық дегенді сендердің миы ауысып кеткен философтарың ойлап шығарған. Дүниеде өз бетінше тұрған жамандық яки жақсылық болмайды. Қандай да болмасын сез яки іс өзінің айтылуының немесе тындырылуының ыңғайына қарай жаман я жақсы болып шығуы мүмкін. Ақылды тәуіптің тілекестікпен айтқан өтірігі ауруға шипа болады. Осыны өтірік деп көрші. Өлемдегі ең ізгі деген ақиқат, антұрған мұнафұқтың аузынан шыққанда былғаныш кептегі жалған сез болып шығады. Бұдан кейін оны қалай ақиқат санайсын.

Бұгінде сендер жамандық, өтірік, жалған деп санайтының барлығы көне дүниеде жақсылықтың, шындық пен ақиқаттың жартысы, соларға аппаратын жол саналған. Сендердің үғымдарындағы жын менен пері, шайтан мен шерәлі, әзәзіл, көне дүниеде ізгілік жолындағы періште атаулының сынарлары болып саналған. Ол кездегі адам құр сөзге емес – нақты іске сенетін, істі ғана шын сөз санайтын. Көне адамның ойы, сөзі және ісі бір жерден шығатын. Құдайдың сөзі мен ісі сияқты. Содан кейін жерді ғана емес, бүкіл болмысты астан-кестең еткен сұмдық апат келді.

Бекторы алдына қойылған шайдан бір үрттап, аз үнсіз қалды.

– Ол не апат? – деді Сағындық. – Қайдан келген?

Бекторы мұңая жымиган.

– Аспанның сырын кім білген?! Бұл зауалдың неліктен келгенін, болмыстың қай түкпірінен бізге қарай атылғанын күні бүгінге дейін ешкім айтып бере алмайды. Өйтепеір келді, бәрін күйретті де кетті. Адам періштеге теңескен ізгі еді, иманды еді, ақылы қыырдағыны шалатын кемел еді. Бірақ осы өлемдік, гарыштық апattan кейін адамзат бақытсызы болып қалды. Ақылы кеміс, жарымжан болып қалды. Кеміс ақыл зорлық-зомбылыққа әкелді. Осының бәрі асқына келе ақырында бүгінгі кенеусіз қиянатқа ұласты. Осының салдарынан адамның кекірегіне, көңіліне періштемен қатар, тең үялаған біз – перілер, жындар, соңында жамандық иесі болып шықтық. Алайда біздің атымыз өзгергенмен, затымыз өзгермеди. Жаратқан Ие мойнымызға артқан міндettі адал атқарып келеміз.

Бекторы жалт етіп, Сағындыққа бір қараган.

– Не айтқың қелгенін түсінем. Дүниеге жамандықтан не пайда демексің ғой. Жанында жамандық тұрмаса, жақсылықтың жақсылық екенін қайдан білесің? Қарсысында жалған мен өтірік тұрмаса, ақиқаттың ақиқат екенін нендей тиянаққа сүйеніп білдің? Жолдың серті – адасу, адасып барып түзелу. Екі түрлі пәктік бар. Біреуі анадан тұғандарғы, күнә мен зина, қияннан бейхабар, тәжірибесіз, мінезсіз пәктік. Екіншісі, бұл дүниенің барлық сатыларынан қан кешіп жүріп еткен, өтсе де лайланбай қалған пәктік. Адам болып қалам десең, осының бәрінен өтуге, осының бәрін көруге міндettісің. Міне, осы қасіретті өткелектің бәрінен өткізетін біз, жындар, перілер.

– Сөзің асыл, Бекторы, – деді Сағындық төмен қараган күйі, – тек бір ғана түйткіл бар. Мен неге басқа адамның кебін кидім, осы түсініксіз?! Бекторы шайын ішіп отыра берді.

– Айтайын, – деді содан соң күрсініп, – дүние барған сайын қыындал, адамдардың бір-біріне деген көңілі барған сайын суып барады. Қазақтан пейіл кетті. Бұрын жақсылығы асып-төгілген, тәңіректегі жұрттың бәріне пана болып, шарапаты жеткен қазақ, енді өзіне қайырым қыла алмай отыр.

Сен Қайырболдының тағдырын кештің. Қайырболды болып, кедейшіліктің қорлығын да, байлықтың ігілігін де көрдің. Асып-тасқан меймананың неге апарып соратынына да көзің жетті. Сен өзің мұлдем танымайтын адамның тағдырына теліндің. Бөгденің тағдырын өз тағдырында кешкендіктен, сен сол Қайырболдыны енді өзіңдей көресің. Үрпак ендігі жерде бір-біріне осындай бауырмал болмаса, өмір сүру қын болады.

Бекторы орнынан тұрды.

– Аман бол, Сағындық.

– Бекторы, кетпеңізші, – деді Сағындық менірейіп отырып.

– Мені кетеді деп кім айтты? – деді Бекторы жымып. – Мен сенімен гана амандасып тұрмын. Өйткені саған енді менің керегім шамалы. Мен елден кетпеймін. Ешқашан да. Перінің қызы Бекторы қазаққа әманда керек.

Есікте бір сәт қана бөгеліп, қолын бұлғады. Содан соң басын биік ұстап, шығып жүре берген.

... Сағындық тұнгі ресторанға келіп, шеткі үстелге отырған. Терезенің алдында сейлесіп тұрган қыздардың біреуі жанына келді.

– Не бұйырасыз?

– Маған Қайырболды қызмет қылса деп едім, – деді Сағындық. – Оның үстелі қай жерде?

Даяшы қыз таңдана қараган.

– Қайырболды дейсіз бе? Ол кім?

Енді Сағындықтың таңданатын кезегі келді.

– Кімі қалай? Осы ресторанда жұмыс істейтін даяшы.

Даяшы қыз әдеппен жымиған.

– Кешіріңіз, бұл бір түсініспеушілік. Қайырболды деген даяшы бізде ешқашан болған емес.

– Мен он жылдан бері осы ресторандамын, – деген одан кейін. – Завзалды шақырайық. Мүмкін сол кісі білер.

Залдың менгерушісі, қалың қайратты шашын қырау шалған, егделеу келген денелі адам екен.

– Қайырболды Намазбеков дейсіз бе? – деді маңдайын уқалап. – Лақап аты емес пе екен?

– Жоқ, азан шақырып қойған аты, – деді енді құлкісі келе бастаган Сағындық.

– Онда кешіріңіз, – менгеруші қолын жайды, – мен отыз бес жылдан бері осы қызметтемін. Ондай адам ешқашан болмаған бізде.

Сағындық орнынан тұрды.

– Жарайды, мазалағаным үшін кешірім өтінем.

– Отрыңыз, дәм татыңыз, – деді менгеруші.

– Келесі жолы, – Сағындық сыртқа беттеді.

Көңілінде ешқандай күмән, ешқандай сауал қалмаған.

– Сен пері емессің – періштесің! – деген, самаладай жарқыраған Алматының тұнгі көшелерін тамашалап келе жатып. – Жаса, Бекторы!

* * *

«Мен заманымда кедейлікті де, байлықты да көрдім. Басыма нелер келіп, нелер кетпеді. Кедей едім. Кедей болсам да, көңіліммен бай едім. Бай болдым, Бай болсам да – кедей болдым. Ақшасы көп қайыршы болдым. Тастан сарай салдырым, алтынды уыстап шаштым. Бірақ қеудемдегі жүргегім де тас еді. Міне, мен қазір ешкімнен артық та емеспін, кем де емеспін. Тіршілігім бір басыма жетеді. Есесіне қеудемде тірі жүрегім бар. Көңілімде адамдарға деген құрмет пен ықылас-пейіл бар...».

Сағындық қаламын қойып, үстелден шегініцкіреп отырды да, терезеге қарады. Қалың бактың ар жағынан Алматының гажайып таңы атып келе жатыр еді.



Инсан – кемел адам, толық адам.

Мұнафұқ – екіжүзді, имансыз адам.

ОЙТАЛҚЫ

1. Өлген жүрекпен байлықта бата алаңсыз өмір сүрген Қайырболдының Бекторыны іздел, тұспанасына аттануына әсер еткен қандай оқига еді?
2. Түсінде Қайырболды болып ғұмыр кешкен Сағындық қандай адам?
3. Түс көріп ояңған Сағындықтың Бекторымен кездесуі қалай етті? Екеуі не жайында сұхбаттасады?
4. Әңгімеде көтерілген мәселелер бүгінгі қогамда қалай көрінеді?
5. Әңгімeden қандай заманауи қағида шыгаруга болады?
6. Әңгіменің танымдық-тәрбиелік мәні неде деп ойлайсыңдар?
7. Осы тақырыпта жазылған қандай шыгармаларды білесіндер?

ОЙ БЕЙНЕЛЕУ

1. Шыгарманың композициясын анықтаңдар.

Оқиганың басталуы	
Оқиганың дамуы	
Оқиганың шиеленісуі	
Оқиганың шарықтау шегі	
Оқиганың шешімі	

2. Шыгармадагы уақыт пен кеңістік көрінісін топпен бірге талдаңдар.

- I. Қайырболдының басынан кешкен оқиғалары.*
- II. Сагындықтың перінің қызы Бекторымен кездесуі.*
- III. Әңгімедегі соңғы оқиға кейіпкері Сагындықтың шыгармасының аяқталуы.*
3. Жұптық жұмыс. Әңгімедегі Бекторы мен «Ер Төстік» ертегісіндегі Бекторыны салыстырыңдар.

«Бекторының қазынасы» әңгімесіндегі Бекторы	«Ер Төстік» ертегісіндегі Бекторы
Үқастықтары	
Айырмашылықтары	

ОЙ ЗЕРДЕЛЕУ

- «Адам баласының шынайы өмірде жүзеге асыра алмаган әрекеті виртуалды өлемде қындықсыз жүзеге асады» деген пікірмен келісесіндер ме?
- Пікір.** Пікірінді бір сөйлеммен жаз.
- Дәлел.** Өз пікірінді бір сөйлеммен дәлелде.
- Мысал.** Пікірінді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.
- Корытынды.** Мәселе бойынша қорытынды шығар.
- «Бекторының қазынасы» әңгімесінде көтерілген мәселенің өзектілігін анықтап, қорытынды жасаңдар.

Т. Әсемқұлов. «Бекторының қазынасы»	Озекті мәселе	Қорытынды

- Әңгіме кейіпкерлерінің бойынан көрінетін жақсы және жаман қасиеттерді салыстырып, «Тестесі» бойынша түсіндіріндер. Саған қандай ой салды?
- Ұзіндіні тыңдаپ, Бекторы мен Қайырболдының диалогіне талдау жасаңдар. Уақыты – 15 минут.

ОЙ ТҮЙІН

- «Бекторының қазынасы» әңгімесін ғаламдық тақырыптармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалаңдар.
- Әңгімеге талдау жасап, әдеби сын жазыңдар.

Кері байланыс. «3 минуттық пауза».

Мен _____ өз көзқарасымды өзгерттім.

Мен _____ туралы білдім.

Мен _____ таңғалдым.

ЭРНЕСТ ХЕМИНГУЭЙ

(1899–1961)


Эрнест Миллер Хемингуэй – американалық жазушы, журналист. 1899 жылы 21 шілде күні АҚШ-тың Иллинойс штаты, Оук-Парк қаласында дүниеге келген. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін 1954 жылы жазылған «Шал мен теңіз» повесі үшін Нобель сыйлығының лауреаты атағын алды.

Ол дәрігер отбасында туған. Эрнесттің келешекте әлем танылған жазушы болуына әкесі тікелей өсер етті. Бала күнінен оны кітап оқуға, табиғатты суюге, аңшылыққа, балық аулауға баулыған да әкесі еді. Араға көп жыл салып, бала Хемингуэй кішкентай күнінде алған өсерлерін өз шығармаларына арқау етті. Эрнест спорт десе, ішер асын жерге қоятын, өсіреле ол бокс пен футболдың жанкүйері тана болып қоймай, спорттың осы түрін өзі де жетік игере білді.

Мектеп қабырғасында жүріп оқушылар газетін шығаруы Э. Хемингуэйдің өдебиетке баар алғашқы баспалдағы іспетті еді. Мектеп газетіндегі «Байшыкештердің өмірінен» атты мақаласы оны Оук-Паркке танымал етті. Алғашқы әңгімелері «Тарихи орын» деп аталатын мектеп журналында 1916 жылы жарық көрді. Осы жылдың жазында Эрнест ата-анасының қарсылығына қарамастан, достарымен саяхатқа кетеді. Солтүстік Мичиганда өткізген сол саяхатынан ол үйіне үлкен өсермен оралады. Кейінірек Э. Хемингуэй осы сапары жөнінде көптеген әңгімелер жазды.

Жазушының алғашқы кітабы «Біздің дәуірде» деген атпен 1925 жылы жарық көрді. Хемингуэй XX ғасырдың 30-жылдары «Бұқа мүйізі», «Фрэнсис Макомбердің қысқа бақыты», «Килиманджаро қары» т.б. туындыларын және қоғамдағы әлеуметтік қайшылықтарды сынға алатын «Бар мен жоқ» романын жазды. Испан дәуірі жазушы шығармашылығының өрлеу кезеңі болды. Бұл тұста оның көптеген очерктері, репортаждары, «Бесінші колонна» пьесасы, «Қоңырау кімге соғылады?» романы жарық көрді.

1926 жылы жарық көрген «Фиеста» әңгімесі Эрнест Хемингуэйдің жүлдзызды дүниесі болды. 1920 жылдары Франция мен Испанияда өмір сүрген жастардың «тамырынан ажырауы» туралы көркем суреттелген бұл шығарма жазушының оқырманын арттырды.



1927 жылы оның «Сүрбойдақтар», ал 1933 жылы «Жеңімпаз құр қол қайтты» деген әңгімелер жинағы шықты. Осы кітаптары Хемингуэйдің қысқа әңгімелердің үздік шебері атанадырды. Ал жазушының 1929 жылы шықкан «Қош бол, қару!» романы Э. Хемингуэйдің бүкіл әлемге танытты. Жазушы 1961 жылы 2 шілдеде ауыр науқастан қайтыс болды.

Теория

КӨРКЕМ АУДАРМА – әдеби шығарманың бір тілден екінші тілге аударылған нұсқасы, көркем әдеби шығармашылықтың бір саласы. Шығыста орта ғасырлардан бастап қазақ әдебиетінде бұрыннан белгілі сюжетті арқау ете отырып шығарма жазу дәстүрі болған. Олардың бүгінгі деуірде қалыптасқан мағынада аударма деуге келмейді. Олар кейде еркін аударма деп саналғанмен, шынында төлтума шығарма сипатына ие болған. Шынайы аударма қалайда түпнұсқаға сәйкес болуы шарт. Көркем аударма түпнұсқаға мағынасы қаншалық жақын келетініне орай дәлме-дәл аударма, еркін аударма, сәйкес аударма деп ажыратылады. Көркем аудармада әдеби шығарма бастан-аяқ сөзбе-сөз төржімаланбайды, сөздердің мағынасын, көркемдік қуатын, бейнелік әсерін негұрлым толық жеткізу мақсат етіледі.

ШАЛ МЕН ТЕҢІЗ

(повестен цінді)

Аударган: Нығмет Фабдуллин

Оқу мақсаттары:

11.1.2.1 әдеби шығармадағы көтерілген мәселелерді қазіргі өмірмен байланыстырып, үлттық мұдде тұрғысынан ашу.

11.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен дара-лау арқылы өмір шындығын көрсету.

11.2.2.1 автор бейнесінің шығарманың негізгі идеясымен байланысын айқындау.

11.2.5.1 қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіндегі ортақ бағыт, әдеби ағым, жалпыадамзаттық құндылықтарды анықтау, талдау жасау.



Тірек сөздер: теңіз, жолы болмаган шал, үлкен балық, арпалыс.

Мақсатқа қол жеткізу үшін:

- ✓ үзіндіні толық оқып шығу;
- ✓ сюжеті мен композициясын талдау;
- ✓ үзіндідегі оқиганы өмірмен байланыстыру;
- ✓ жинақтау мен даралау арқылы жасалған кейіпкерлердің мінез ерекшеліктерін саралау;
- ✓ шығармадағы негізгі ғаламдық тақырыпты анықтау.

1

Шал Гольфстримге қайығымен бір өзі ғана шығып жүрді. Міне, сексен төрт күн болды, теңізге күнде шығады, бірақ қармағына әлі де ештеңе іліккен жоқ. Бастапқы бір жарым айдай уақыт бойында бұған бір бала серік болған еді. Күн өте берді, қолға балық түспеді, содан соң баланың ата-анасы құдер үзіп, бұл шалды «жолын қырсық шалған сорлы-бейбақ» десіп, балаға енді басқа қайыққа ауыс деп өмір еткен-ді. Басқа қайыққа барғанда баланың жолы болып, серігі мен екеуі алғашқы аптаның ішінде ақ үш ірі жайын ұстаган-ды. Шалдың жағаға күнде құр алақан оралғанын көргенде, бала оны қатты аяп, жаны ашитын; балықшының багор, гарпун секілді құрал-саймандарын, қайық үстінен құратын желкенін қарияның үйіне көтерісіп, жеткізіп салу үшін ылғы алдынан шығатын-ды. Қарттың қайығының үстінде шиыршықталып жататын, өн бойына кенеп жамау жапсырылған қырық құрақ желкен – бейне тас-талқаны шыққан жасақтың құлаған туы сияқтанып елестейтін көзге.

Шал – титықтаған арық, кісі еді; маңдайы, мойны арса-арса; бетіне күрең-қоңыр дақтар түсіп, өңі шұбар тартқан, мұндай дақтар ыстық жақтардағы теңіз бетіне түскен Құн сөүлесінің адамның өніне шағылышынан пайда болады.

Шалдың бетін басқан таңдақ мойынға дейін жайылып тараған; екі қолы тілім-тілім, бұл – қармаққа ілінген ірі балықты судан сүйреп шығарған кездерінде алақанды тіліп кеткен қармақбаудың іздері. Жақында түскен жараның орны емес, талайдан қаңсып жатқан қуаң жердің жарығындай ескі жарықтар.

Шалдың өңі де, киімі де – бәрі де тозған, көнерген, тек көзінде ғана ерекше бір нұр бар, теңіз суы түстес жанары қайсар адамның қалпын танытады.

– Сантьяго, – деді оған бала, екеуі қайық тұратын жиектен жағаға шығып келе жатқанда, – теңізден балық аулауға қайтадан сенімен бірге шығуыма болады. Аз-маз ақша тауып алдық.

Шал баланы балық аулауға баулыған адам еді, бала оны жақсы көретін-ді.

– Жоқ, сен құтты қайыққа кез болдың. Сонда қал, – деді шал.

– Есінде ме, бірде балық аулауга өзің күнде шықсаң да, қармағыңа сексен жеті күн қатарынан еш нәрсе ілкітіре алмаған ең ғой, артынан мен саған серік боп, екеуіміз бірге шыққанда, үш апта бойы күн сайын бір-бір ірі жайынды әкелгендік де отырғанбыз.

– Есімде, – деді шал. – Мениң қасымнан маган сенбегендіктен кетпегенінді білемін.

– Әкем ғой мені қыстаған, ал мен әлі баламын, бағынуға тиістімін.

– Түсінемін. Өйтпеске бола ма?! – деді шал.

– Біздің жолымыз боларына әкем онша сеніңкіремейді.

– Иә, солай, – деді шал. – Ал бізде сенім мол. Рас емес пе?!

...Ол қайықты бір қалыппен ақырын ғана есіп келе жатты. Кейбір иірімдердің тұсы болмаса, судың беті жай ғана қыбырлап, мұхит баяу ғана тербеліп жатыр еді. Шал қайықты толқынның ыңғайымен ыққа қарай жүздіргендіктен, қолына күш көп түспей, ескекті еркін сермен отырды. Таң біліне бастады. Жетсем деген межесінен ұзаңқырап кеткенін сонда барып аңғарды қарт.

«Бір апта бойы терең жерлерден ештеңе ұстай алмадым, – деп ойлады шал. – Бүгін бонито мен альбакор балықтарының қалың жеріне қармақ салып бір көрейін. Ол манда алып жайын жүзіп жүруі де мүмкін емес пе?».

Шал енді солқылдақ шыбықтар іліп қалмас па екен деп бақылап отыр, қармақтың баулары тұра созылып, тереңге түзу бойлауын қадағалап, ескекті ақырын ғана есті. Ағарып таң да атып, Күн шығуға таяу қалды.

Күннің көзі биіктеп, сәске болды. Енді шығыс жаққа қарағанда, Күн көзді онша ауырта қоймады. Шалға енді төменгі жақтан тек үш қайық қана көрінді, олар тым етекте түрған секілденді, тіпті жағадан бері жылжымаған сияқтанды.

«Шығып келе жатқан Күн шұғыласы көзіңе шағылысқанда жанарың түйіліп ауырады, мен бұл күйді өмір бойы бастан кешіп келемін, – деп ойлады шал. – Сонда да көзім жақсы көреді. Кешкілікте Күн көзіне тұра қарай аламын. Күннің нұры бұл кезде таңертеңгісінен де гөрі өткір, сонда да көзім ауырмайды. Ал таңертеңгі Күн шұғыласы көзімді ауыртады».

«Бұл тұста макрель қантап жүрген болуы керек, – деп ойлады шал. – Олар шашырай жүзіп жүр, қанатты балықтың олардан аман құтылуы екіталай. Ал фрегат оны бәрібір ұстай алмайды, өйткені қанатты балық ол үшін ірі соғады әрі бұл үшқыр балық, шалдырмайды оған».

Алыс қалған жағалау көзге ұзын жасыл сыйық сияқтанып елестеді, оның арғы жағынан көгілдір тәбелер қарауытып тұрды, көкжиекпен астасқан бұлттар шұбатылған тау тізбегі секілді. Теңіз беті қара-

кекшілденіп, тұңғықтана берді. Шал су бетіне қарап еді толқынмен бірге тербелे қалқыған балдырға, Құннің суга шағылысып мың құбылған сөүлесіне көзі түсті. Ол манадан қармағымның баулары тереңге тік бойлады ма деп қадағалап келеді, маңайы толған балдыр болғанына куанды, мұндай тұстарда балық болары хақ. Кекжиекке ысырылған ақ бұлттар да, Құн көзінің биқтеп көтерілген кездегі суда ойнаған ғажайып сөүлесі де күн райының жақсы болар қалпын аңғартады.

...Балық келесі айналған шақта судан арқасы көрінді, бірақ ол қайықтан әлі де алыстау жүзіп келе жатыр еді. Енді бір айналғанда денесі судан едеуір көтеріліп шықты, бірақ өзі қайыққа әлі жақындей қойған жоқ. Қармақтың бауын енді азырақ тартыңқыраса, балықты қайықтың дәл іргесіне жылжытып әкелуге болатынын шал біліп отыр. Гарпунды мана әзірлең алған; оған тағылған жіңішке трос жұмыс себеттің ішінде жатыр, оның екінші ұшы қайықтың тұмсығындағы діңгекке байланған.

Балық үлкен айыр құйрығын болар-болмас қимылдатып, баяу айналып, қайыққа жақындей берді, түр-тұлғасы өте сұлу көрінді. Шал балықты қалайда қайыққа жақындана түскісі кеп, қармақбауды бар құшін сап тартып еді, балық бір бүйіріне қарай аударыла беріп, қайтадан түзеліп, тағы да айналып жүзе бастады.

— Орнынан қозғалттым. Бір аударылып тұсуге мәжбүр еттім, әйтеуір, — деді шал.

Балық келесі айналғанда, шал оны гарпунмен түйреуге аз-ақ қалып еді, балық қайтадан түзеліп, әрмен жүзіп кетті.

«Сен, балық, мені мерт қыласың-ау, сірө, — деп ойлады шал. — Әрине, ықтияр өзінде. Сен секілді орасан зор, әрі өсем, әрі шыдамды балықты ғұмыр бойы көрген емен. Мейлің, өлтіре бер мені. Қайсымызды қайсымыз өлтірсек те, енді маган берібір».

«Ақылыңдан тағы да алжаса бастадың, шалым! Ес-акылың бүтін болуы керек-ті. Есінді жи да, басқа түскен азапты не адамша көтер... не балықша шыда», — деп ойын жалғастырды.

— Ал, басым, мәңгірме, қане, көрсет қызметінді. Көрсет деймін! — деді ақырын ғана, өз дауысы өзіне зорға естіліп.

Бір қалыппен жүзіп, балық тағы да екі айналды.

«Не істеуім керек? — деп ойлады шал. Балық жақындей беріп, қайтадан әрі қарай жүзе жөнелген сайын қария бір түрлі ақылынан алжасқан секілденеді. — Не істеуім керек? Ал тағы да бір байқап көрейін».

Ол тағы да қимылдан көріп еді, көзінің алды бұлдырап кетті, сонда да әйтеуір балықты шалқасынан аударып түсірген еді. Бірақ балық қайта аунап, үлкен айыр құйрығын жайқай қозғап, әрі қарай ақырын жүзе жөнелді.

Шалдың қолы салдырап, көз алды бүлдышрап отырса да: «Тағы да бір байқап көрейін», – деді өзіне дем беріп.

Ол тағы да әрекет қып еді, балық бүл жолы да сырғып кетті.

«Ө, солай ма?» – деді қария, балықтың әлсірей бастағанын іші сезді. – Тағы да бір байқап көрейін сені!»

Ол бойындағы қуатын жиып, бар қайратына мініп, айқасқа қайта кіріскенде балықты бір қырына аударып түсірді. Жайын енді жантайып жүзді, ұзын қайқы тұмсығы қайыққа тие жаздал келеді; ол тіпті қайыққа қатарласып та қалды; бітімі жалпақ келген, түсі күмістей жылтыраган, бүйірінде көгілдір жолағы бар бүл балық шалға ерен үлкен көрінді.

Қария қармақбауды тастай беріп, табанымен басты да, қолына гарпунды ала салып, шалқая беріп, бар пәрменімен балыққа сілтеп қалды; жайынның бауыр қанатының артқы жағынан дәл бүйіріне қадады гарпунды. Ушкір темір балықтың жұмсақ етіне кірш етіп қадалған соң, шал оны енді бар салмағын сала итеріп, бойлата берді.

Балық сонда ғана ышқынып қалды, бүйіріне ажал найзасы қадалып тұрса дағы өзінің зор тұлғасына, әсемдігі мен қуатына бейне масаттанғандай жоғары ыргыды. Қайық пен шалдың үстінде – ауада бір сөт асылып тұргандай болды да, теңізге қайта күмп беріп құлағанда шалды да, қайықты да суға көміп кетті.

Шал әлсіреп, есендіреп қалды, көзіне түк көрінбеді. Гарпунның бауын босатып, жаралы қолымен абайлап қана үстады; көзінің алдындағы тұман сейілген шақта ол бауыры жалтырап, шалқасынан сұлап жатқан балықты көрді. Арқа жағынан гарпунның сабы шошайып көрініп тұр, балықтың жатқан жері қызыл ала қан. Қан өуелі қошқылданып, теренде қаптай жүзген қалың балық шоғырындай қарауытып көрінді де, біртебірте ыдырай жайылып, аспандагы түйдек-түйдек бүлтқа үқсады. Аппак күмістей жайын балық толқында ақырын ғана тербелетіліп жатты.

Шал қашан кезі бүлдышраганша, одан жанарын тайдырмады. Көзінің алды қайтадан тұмандана бастағанда, ол гарпунның бауын діңгекке екі қайыра орады да, басын қолына сүйеді.

«Бұбасыма неболды менің? – деді ол қайықтың тұмсық жақ тақтайына маңдайын тіреп, – қарт адаммын ғой, қатты қалжырап қалдым. Маган туысымнан да қымбат жайын балықты өлтіріп тындым-ау, әйтеуір; енді мұның қара жұмысы ғана қалды.

Балықты тұзақтап, қайыққа тіркеп алу үшін арқанымды әзірлейін. Қасымда серігім болғанда да бәрібір, бүл жайынды қайыққа тиесінде едік, әйтсек қайықтың ішін су алып кеттер еді. Суды бірдеме ғып төгер де едік, бірақ мұншалық ауыр жүкті қайық бәрібір көтере алмайды ғой.

Өуелі керек-жарагымды түгел сайлап алайын, сосын жайынды бері тақай тартып, қайыққа мықтап тұрып байлайын да, желкенді көтеріп ап жөнеп берейін».

Ол жіпті жайынның желбезегінен өткізіп, ұшын аузынан шығарып ап, балықтың басын қайықтың тұмсығына тақап байлау үшін оны өзіне қарай тартты.

«Жақсылап тұрып қарап алайыншы, өзі қандай балық екен? – деп ойлады. – Бұ балық өз қазынам ғой. Бірақ бұған сондықтан ғана жалтақтап отырғам жоқ. Гарпунды бүйіріне бойлата сұңгіткенімде, темірдің өткір ұшын жүргегіне дарытсам керек. Жә, тарта тұс бері қарай, байла бекітіп. Қайыққа жақсырақ жанастыру үшін құйрығына да тұзғынды іліп, беліне де жібінді орап алыш, шандып таста».

– Ал, қартым, қимылда, – деді шал өзіне-өзі, сосын құмырадағы судан аздал қана бір жұтты. – Шайқас тынғанмен, ендігі қалған қара жұмысының өзі де бастан асып жатыр.

Шал аспанға қарады, сосын көзін балыққа аударды. Күннің көзіне де абалап бір қарап қойды. «Күн түстен ауып бара жатыр. Жел күшейіп келеді. Қармақбаудың үзіктерін дәл қазір жамап-жалғаудан пайда жоқ. Үйге барған соң, серік балам екеуіміз реттейміз мұны».

– Балығым, жақындан тұс бермен қарай! Балық оның сезіне құлақ аса қоймады. Толқынданған теңіз бетінде тыныш қана тербетіліп жата берді, шал қайығымен өзі жақыннады оған.

Қасына тақау барып, қайығының тұмсығы балықтың басына қатарласа бергенде, жайынның ересен үлкендігіне шал тағы да қайран қалды. Ол гарпунның бауын діңгектен шешіп алыш, балықтың желбезегінен өткізіп, тұмсығына бір орады, соңсоң жіпті желбезектен қайта өткізіп екеп, тұмсығын тағы да бір шандып тас қып түйді де, діңгекке апарып байлады. Енді балықтың құйрығын қайыққа тақап байлау үшін жіптен кесіп алыш, қайықтың арт жағына таман барды. Жайынның тұсі дәл қазір таза күмістей жалтырап жатты, бүйіріндегі жолақтары құйрығы реуішті көгілдірленіп көрінді. Жолақтарының жалпақтығы – кере қарыс, көздері – шарадай.

– Мұны басқадай тәсілмен өлтіруге лаж болмады, – деді.

Ол құмырасын алыш, су ішіп, ес жинады. Ақылынан алжаспасын білді енді, ойы сергіп қалды. «Бұл балықтың салмағы жарты тоннадан кем соқпас, мүмкін одан асып та түсер», – деп ойлады. Балықтың салмағы сол жарты тоннаның үштен екі бөлігіндегі шыққаның өзінде де, егер еттің қадағын отыз центтен сатса, бұл шал қанша ақша табар еді?

– Қолға қарындаш алмай есептеу мүмкін емес. Ауызша қағып тастауға тың ми керек, – деді шал.



Гольфстрим – Атлант мұхитының солтүстік бөлігіндегі жылы ағыс.
Гольфстрим Мексика қойнауынан шығып, Еуропа жағалауына дейін агады; ұзындығы 10 мың километрге дейін барады.

Гарпун – ұшы сүйектен жасалған сұңғі.

Фрегат – желкенді кеме немесе қайық.

Жайын – жайынгерділер отрядына жататын жыртқыш балық.

Ересен – орасан, зор, галамат деген сез.

ОЙТАЛҚЫ

- «Шал мен теңіз» повесінен берілген ұзіндіні оқып, ат қойындар.
- Туынды неге «Шал мен теңіз» деп аталған?
- Шыгарманың астарлы ойы не?
- Бас кейіпкер ретінде қария алғынуының сыры неде?
- Шал неліктен теңізге балық аулауга жалғыз шықты?
- Шалдың жанындағы серік баланы ата-анасының басқа қайыққа ауыстырының себебі неде?
- Жазушы шалдың портретін қалай берген?
- Ұзіндіде жазушы шалдың жайын балықпен айқасын қалай суреттеген?

ОЙ БЕЙНЕЛЕУ

1. *1-top* – шалдың, *2-top* – баланың бейнесіне «FILA толтыру» әдісімен талдау жасаңдар. *Үлгі:*

F /Дерек/ – шыгармадан кейіпкер бейнесін ашатын деректер жинау;

I /Пікір/ – кейіпкер туралы өзінің ой-пікірің;

L /Сұрақ/ – кейіпкердің образдық тұлғасын ашатын сұрақтар құрастыру;

A /Іс-әрекет/ – автордың кейіпкерді суреттеудегі қолданған тәсілі.

Деректер	Ойлар	Сұрақтар	Іс-әрекет

- Автор бейнесі повестің негізгі идеясымен қандай сөздер арқылы байланысады? Автор қандай түйінді ой айтқысы келген? Адам мен табиғат шайқасында кім жеңді? Кім жеңілді? Автор идеясын білдіреді деген 3 түйінді ойды теріп алғып, мағынасын түсіндіріндер.
- Ұзіндіден көрінетін құндылықтарды кестеге түсіріндер. Шыгарманың құндылығына өзіндік баға беріндер.

Құндылық	Эпизодтар	Құндылық	Эпизодтар
1.		1.	
	2.		2.

Шыгарманың құндылығына өзіндік баға:

ОЙ ЗЕРДЕЛЕУ

- Мәтінді тыңдалап, үзіндіде шал не себепті өзін теңіз тасбақасына теңегеніне назар аударыңдар. Табигат пен адам қарым-қатынасы үзіндіде қандай сездер арқылы берілген? Теріп жазыңдар.
- Жұптасып орында. Шалдың теңіздегі айқасын автор уақыт пен кеңістікті байланыстырып бейнелеген бе?

Иә	Жоқ
1-дәлел:	1-дәлел:
2-дәлел:	2-дәлел:
Үстанған позициям:	

ОЙ ТҮЙІН

Эрнест Хемингуэйдің «Шал мен теңіз» хикаятының желісі бойынша түсірілген Ермек Тұрсыновтың «Шал» фильмін көріңдер. Кинодагы шал бейнесі мен повесть кейіпкерінің ішкі өлемі мен өмір сүру дағдыларында қандай үқастықтар бар? Бұл нені аңгартады? Олар өмір үшін күрескен адамның жинақталған бейнесін бере білген деп ойлайсың ба? Пікірлерінді жүйелеп, ойтолғау түрінде жазыңдар.

Кері байланыс. «5-5-1».

1. Үзінді туралы 5 сөйлем жазыңдар.
2. 5 сөйлемді 5 сөзге дейін қысқартыңдар.
3. 5 сөзді 1 сөзге дейін қысқартыңдар.
4. Түйінді сөзді сыныппен бөлісіндер.

ШАЛ МЕН ТЕҢІЗ

(жалғасы)

Оқу мақсаттары:

11.1.2.1 әдеби шыгармадагы көтерілген мәселелерді қазіргі өмірмен байланыстырып, ұлттық мұдде тұргысынан ашу.

11.2.2.1 автор бейнесінің шыгарманың негізгі идеясымен байланысын айқындау.

11.2.3.1 шыгармадагы көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарының қызметін талдай отырып, автор стилін анықтау.

11.3.2.1 көркем шыгарманың жақашылдығын ғаламдық тақырыптармен байланыстыра отырып, сини тұргыдан бага беру.



Тірек сөздер: теңіздегі майдан, жайын балық, акулалар.

Мақсатқа қол жеткізу үшін:

- ✓ автордың негізгі идеясын табу;
- ✓ автордың жазу стилін айқындайтын сөздерге мән беру;
- ✓ шыгармадағы негізгі құндылықтарды сарапалау.

2

... Шал жайынды қайықтың алдыңғы, артқы діңгектеріне және кісі отыратын арқалығына берік бекітіп байлады. Балықтың ғаламат ірілігі соншалық, өз қайығы үлкен бір кемеге тіркелген іспетті көрінді шалға. Қария жіптің шетінен кесіп алды да, жайынның аузы ашылып кетпесін деп һәм жүзуге женіл болсын деп, оның астыңғы иегін сүйір тұмсығына жабыстыра таңып тастады. Содан соң кіндік діңгекті тұргызып, желкенді көтерді. Желкенді жел кернеп, қайық алға жылжыды, шал қайықтың артқы жағына жантая жатып, онтүстік-батысқа қарай жүзе жөнелді.

Онтустік-батыстың қай жақта екенін айыру үшін қарияға компастың қажеті жоқ еді. Түстіктен ескен желдің бағытын байқап, желкеннің желге қалай керілгенін көрсе, осының өзі де жеткілікті оған. «Кішкентай қармағымды, ұшына жылтыраған зат шашып, суға салып көрсем қайтеді, мүмкін жылтыраққа ұмтылып, кішігірім бір балық қауып қалар, – деп ойлады шал, – сондай бір балық үстамасам, қорек қылар еш нәрсем жоқ. Бірақ қармақтың ұшына ілер жылтырақты таба алмады, ал жәшіктегі шабақтар істеніп кеткен еді. Қалың сары балдырың тұсынан өте бергенде шал багормен балдырдан іліп алыш, қайықтың ішіне сілкіп қалып еді, ұсақ шаяндар домалап түсті. Бүргеше секіріп, жыбырлай қашты. Шал бұлардың бастарын жұлышп тастан, аузына салып, асықпай шайнап жей бастады. Бұл шаяндар ұп-ұсақ болса да, аса дәмді өрі өте сіңімді болатынын қария біletін. Құмырада әлі де аздаған су қалып еді, шаяндарды жеп болғаннан кейін, шал сол судан бір жұтты.

Кейбір кедергілер кезіксе де, қайық жақсы жүзіп келе жатты, шал румпельді шынтағымен тіреп, қайықты бағытынан аудармай туралап отырды. Соғып алған балығына көзі қайта-қайта түсे береді; осы түсім емес пе дегендей алақанына қарап, арқасын қайықтың бүйіріне тигізіп байқап, бәрі де өңі екенін сезінді. Алып балықты гарпунмен түйреп, жанын салып айқасқан шағында әлі құрып, көзі қарауытып кетіп еді, сонда осының бәрі де оған көрген түс сияқтанған. Жайын балық судан ырғып шығып, жогары көтеріле созылып, серейе құлап бара жатқан

мезетте, шал бір ғаламат көргендей, өз көзіне өзі сенбей таңырқап қалған. Рас, онда көзі бұлдыраңқырап кеткен еді, ал қазір жақсы.

Жайынның қанжыгага байланғанына көңілі енді сенді, қолының, арқасының сыздап ауырып түрганы да түсі емес екенін анық білді. «Қолдың жарақаты тез жазылады, – деп ойлады қария. – Жарақат түскен жеріне кір қонбасын деп қолымды суға салып қанын біраз ағыздым, теңіздің азы суы жарага шипа. Бұдан артық ем жоқ. Тек ойым шатаспаса екен! Екі қолым өз қызметін атқарды, қайық та жақсы жүзіп келе жатыр. Балықтың аузы жұмұлы, қүйрығын бұлғаңдатпай түзу ұстап келеді, екеуіміз дәл бір ағайынды сияқтанып қатарласа жүзіп келе жатырмыз».

Шалдың ойы тағы да шатаса бастады. «Үйге қарай балықты мен әкеle жатырмын ба, әлде мені ол сүйреп келе жатыр ма? – деген ой келді басына. – Балықты қайықтың артына байлаң алып, сүйретіп келе жатсам, әңгіме басқа. Немесе ол қайығымның ішінде серейіп жатса бір сәрі. Ал қазір бұл екеуіміз бірімізге біріміз мықтап тұрып қосақталып алып, қатарласа жүзіп келеміз. Ө, мейлі, өзіне жақсы болса, мені осы балық-ақ жетелеп тарта берсін. Мен құлықпен ғана айламды асырдым гой, ал бұл маған еш қастандық ойлаған жоқ еді».

Қайық жүзе берді, жүзе берді, шал қолын ацы суға малып қойып, ойым енді шатаспаса екен деп тырысып бақты. Түйдек-түйдек ақ бұлт шырқау биікті жөңкіліп, одан әрі алашабыр шарбы бұлт қалқып бара жатты, желдің тұні бойы басылмасын шал ішінен сезіп отыр. Осыны ұстаганым шын ба, түсім емес пе дегендей алып балыққа әлсін-әлсін қарал қояды.

Бір сағаттай уақыт өткен шамада мұның балығына келіп, бір акула соқтықты.

Бұл акула көлденеңнен киліккен жоқ еді. Жайын балықтың қаны бұрқырап ағып, тереңге жайылған кезде, акула соны көріп, теңіз түбінен жоғары қарай атылған. Еш қауіп ойламай, айдынды айыра тіліп ағындаған қалпы су бетіне шыға келген. Сонсоң қайыра сұңгіп еді, қанның иісін сезіп, қайық пен жайынның ізіне түсіп, қуа женелді.

Ол кей тұстарда ізден адасып та қалып отырды. Бірақ бұрылып кетпеді, ізді не қайыра тауып, не қанның болар-болмас білінген иісін алып, тоқтаусыз қуалай берді. Бұл теңіздегі ең үшқыр балықтай шапшаң жүзетін, мако тұқымдас өте ірі акула еді; арандай аузынан басқа жері ерекше әсем біткен сұлу жыртқыш. Қыр арқасы қылыш балықтың жонындағы кекпенбек, бауыры күмістей жалтыр, терісі әрі майда, әрі әсем, қазір тас жұмұлы аран аузы болмаса, әңгे тұла бойы қылыш балықтан еш аумайды. Қыр арқасындағы үлкен қанатымен суды тіліп, теңіздің бетімен шапшаң жүзіп келе жатыр. Тас жұмылған ернінің жан-

жағынан ақсия шығып тұрған, сегіз қатар болып қисая біткен сояу тістері бар. Бұл тістер басқа көп акуланың үшкір жұмыр тістеріне ұқсамайды, адамның бүгілген саусақтары секілденіп, аңың тұяғынша имие біткен ұзындығы мына шалдың саусағындаидай, ал екі қыры ұстараның жүзіндей өткір. Акула – теңіздің қандай балығы болса да, жей беретін жыртқыш; қуатты, қарулы балықтардың өзінен де тайсақтамайды ол; теңіздің бар балығына бұдан қатерлі дүшпан жоқ. Қазір сол акула жеміне жетуге жақын қалғанын сезіп, қыр арқасындағы кек қанаты суды айыра тіліп, ағындаш келеді.

Шал оны көрген бойда-ақ жақын келуін күтіп, гарпунды қолына оңтайладп ұстап, мұның сабының бауын қайыққа бекітіп байлады. Акуланың еш нөрседен қорықпайтынын, ағындаш келген бойында бірден соқтығатынын билетін. Ол жайын балықты қайыққа тақап байлағанда бір шетінен кесіп алғандықтан, шалдың гарпунға таққан бауы қысқарақ болды.

Қарт қазір бірден сергіді, онша сенімді болмаса да, айқасқа бел байлады.

«Бәсе, істің беті қалайша тым түзеле қалды деп ойлап едім, бар екен той сойқаны», – деді ішінен.

Жақындаш келе жатқан акуланы аңдып отырып, жайын балыққа кезін аударып бір қарап қойды. «Түсім болса жарап еді осының бәрі. Бұл акуладан жалтару жоқ енді маған, өзін сессепей қатыра алмас па екем? – деп ойлады ол. – Дентусо, тұқымың құрысын!»

Акула қайықтың артқы жағына жақындаш келіп, жайынға атылған мезетте, жыртқыштың арандай ашылған аузын, бадырайған кезін шал анық көрді; акула жайынның құйрығының сөл жоғарырақ жерінен келіп қапты, тістері сақ ете түсті. Судан өуелі басы, сосын жоны көрінді. Акуланың азу тістері жайынның терісі мен етін сырылдата сыйырғаны шалдың құлағына анық естілді; жыртқыштың тұмсығынан жоғары қарай созылған жіңішке жолақ, екі көзінің арасын қосып тұрған көлденең жолаққа кеп айқасатын еді, акуланың миы дәл осы тұста болатын. Шал бұл жолақтарды көре алмады, ол тек акуланың ақсиган аран тісті, кекшіл реңді, ауыр, сүйір басын ғана көрді, бірақ қолы мұлт кетпеді, гарпунды акуланың дәл қарақұсынан қадады. Тілім-тілім боп жарақат түскен қолымен гарпунның сабын қысып ұстап, ештеңеден үміт қылмаса да, жыртқышқа қатты өшігіп, бар перменімен соғып еді.

Акула аударылып түсті; жыртқыштың көзі ағып түскенін көрген шал акуланың ажала жеткенін бірден түсінді. Ал акула мойынсынғысы келмегендей, шалқалап жатқан күйінде құйрығымен суды сабалап, бүркүлдатып, тістерін сақылдата дөңбекшіп айналасын ақ көбіктендіріп жіберді. Акуланың денесі судан жартылай көтерілген мезетте, гарпунның

бауы керіле тартылды да, дірілдеп барып, үзіліп кетті. Акула су бетінде сөл жатты да, бірте-бірте бата бастады. Шал одан кез алған жоқ.

– Жайынның қырық қадақтай етін ала кетті бұл, – деді сейлек.

«Қыруар жібімді һем гарпунымды өкетті су тубіне, – деді іштей ойын сабақтап. – Жайын балықтың қаны тағы да шұбырып ага бастады, мына акуланың соңынан басқалары да жетеді енді».

Етінің дал-дұлы шығып қалған жайынға шалдың енді қарағысы келмеді. Акула жайынға тап берген мезетте бұл жыртқыш оған дәл өзіне бас салғандай көрініп еді.

«Балығыма соқтыққан акуланы бәрібір өлтірдім ғой, – деп қария көңіліне жұбаныш қылды.

– Бұл акула – өзім көрген акула атаулының ішіндегі ең ірі дентусо. Иә, осы жасқа жеткенше небір ірі акуланы көрдім ғой.

Жағдайым тым жақсара қалып еді, сол күйінен айнымай тұра беру қайдан болсын. Осының бәрі өңім болмай, өзімнің жатағымда, газет төсөлген кереуетімде үйықтап жатып көрген түсім болса иғі еді. Ешқандай жайын балық ұстамаған-ақ болайын».

– Бірақ адам күйреу үшін жараптамаған. Адамды құртуға болар, ал жеңеуге болмайды, – деді ол.

«Жайынды бекер-ақ өлтірген екем, – деп ойға қалды, – Гарпуннан да айырылып қалдым, халім енді мүшкіл болар. Дентусо епті, озбыр әрі құшті, әрі ақылды акула еді. Алайда одан мен ақылдырақ боп шықтым. Мүмкін, одан ақылым артық та емес шығар. Тек жақсы қаруланған болармын».

– Мұны ойлап басынды қатырма, шалым, – деді үнделеп. – Арқаңды желге беріп, тарта бер де, алдыңнан тағы кезігер қырсық болса, күтіп ал.

«Жоқ, ойға шомбай отыра алман, – деді бұл сөзіне қарсылық білдіріп, – содан басқа еш нәрсе қалған жоқ менде. Өлгі айқастың өзі бейсбол сайысына пара-пар болды. Акуланы дәл қарақұстан соққаныма ұлы Ди Маджио сүйсінер ме еді, қайтер еді, ә? Жалпы алғанда онда тұрган ештеңе де жоқ, бұл әркімнің-ақ қолынан келеді. Ал мынаган не дер едің, шалым: өкшедегі мүйіз бен қолдағы жарақаттың қайсысы қаттырақ батар еді жаңыца? Оны қайдан білейін! Фұмыры өкшем ауырып көрген емес, тек бір жолы ғана, суга шомылып жүрген кезімде электр дәңгелекке өкшемді жалатып ап, сонда тізeme дейін аяғымның жаны кетіп қап, қан-қақсан ауырғаны бар еді».

– Онан да көңілді өсіретін ойды ойласаңшы, шалым, – деп сөйледі қария. – Сен қазір минут сайын үйіце таман жақындан келесің. Жайынның қырық қадақтай етінен айырылған соң, жүрісі де едөуір жеңілден қалды.

Теңіз ағысының дәл ортасына кеп енген мезетте нендей халге душар боларын шал бек жақсы біліп еді. Бірақ енді еш қолданар амалы қалмады.

— Жоқ, бар амалы, — деді ол. — Екі ескектің біреуінің сабына пышағынды бекітіп байладап, енді соны қару қылуыңа болады.

Ол румпельді қолтығымен қысып, желкеннің бауын аягымен басып тұрып, пышақты бекітіп байлады.

— Жап-жақсы боп шықты, — деді ол. — Өзім шал болсам да, өйтеуір енді қару-құралым бар қолымда.

Аңқыған жел есіп, қайықтың жүрісі шапшаңдай түсті. Шал жайынның кеуде жағына ғана қарап отыр еді, көңіліне аздап үміт үялай бастады.

«Үмітсіздікке салыну ақымақшылық болады. Мұның өзі және күнә секілді, — деп ойлады шал. — Нениң күнә, нениң күнә емес екендігін ойлаудың да қажеті жоқ. Дүниеде ойға алатын нәрсең онсыз да кеп. Шынымды айтсам, мен өзім күнә дегеніңе онша түсіне де бермеймін.

Түсінбеген соң, оған сенбейтін де шығармын. Жайынды өлтіргенім күнә болуы мүмкін. Мен бұл балықты аштан өлмеу үшін және бірталай жүртқа талшық болсын деп өлтірсем де, осы ісімді күнә деп ойлаймын. Олай болса, істеген ісіңдің бәрі де күнә боп шыгады. Жә, нениң күнә, нениң күнә емес екендігін ойлап бас қатырудың керегі жоқ. Дәл қазір бұған ой белетін уақыт емес, күнәні тексергеніне ақы алатындар да бар гой, солар-ақ шұғылдансын мұнымен. Күнә дегеніңе не екенін солар-ақ ойлансын. Балықтың балық боп тіршілік етуге жаралғаны сияқты, сен, шалым, балықшы болу үшін жаралған адамсың.

Петр өулие де ұлы Ди Маджионың әкесі секілді балықшы болған».



Багор – ілгек бақан.

Кере қарыс – бас бармақ пен шынашақтың кере созылғандагы аралық мөлшері.

ОЙТАЛҚЫ

1. Үзіндіні оқып, ат қойындар.
2. Үзіндіге күрделі жоспар құрындар. Күрделі жоспарды «Ой картасы» арқылы құрындар.
3. Шал теңізде немен қоректенді?
4. Шал акуламен айқасын неліктен бейсбол сайысына теңеп, өзінің сүйікті спортшысы Ди Маджионы есіне алды?
5. Үзіндіде балықшы шалдың психологиялық жай-күйі қалай бейнеленген?
6. Шал теңіздегі ұзақ сапарында қандай ойларды жаңына серік етеді?

1. Үзіндінің оқиға желісін дамытып жазындар. Адам мен табигат арасындағы қарым-қатынасты өз ойларымен толықтырып, оқиғаның шиеленісу себебін анықтаңдар.
2. Үзіндінегізге ала отырып, кестені топпен бірге толтырындар. Автор бейнесін талдаңдар.

Қандай оқиға болды?	Оқиға қалайша болды?	Оқиға кімдердің басында болды?	Оқиға қалай баяндалған?	Болған оқиғага автордың көзқарасы

3. Хрестоматиядан повесть кейіпкерлерінің бойындағы ерекше мінездерін теріп жазындар. Не себепті осы ерекшелігін таңдағандарынды түсіндіріңдер.

Кейіпкер	Мінезін білдіретін үзінді	Менің ойымша, ...
Шал		
Бала		

4. Ә. Кекілбаевтың «Шыңырау» повесі мен Э. Хемингуэйдің «Шал мен теңіз» повесінің идеялық ұндастігі, бас кейіпкерлер құдықшы Еңсеп пен балықшы Сантьягоның ойындағы жалпыадамзаттық құндылықтары туралы пайымдауларынды әдеби тілмен жеткізіңдер.

Ә. Кекілбаев. «Шыңырау»	Э. Хемингуэй. «Шал мен теңіз»
<p>...Еңсеп тақтай тасты дұрс-дұрс түйгіштей жөнелді. Енді әлгі жер астындағы сарынды сүймениң дүңк-дүңк дүсірі де жеңе алмады. Еңсеп ештеңге алаңдамады. Тақтай тасты төкпектеге соққылады. Ускірік жер астында тұрғанына қарамастан, әуелі мандағына, сосын омырауына шып-шып тер шықты. Тақтай тас сарт-сұрт сынып жатыр. Осылай қазыңқырай түссе, ұлы арнаға да жетеді. Жүргегін қуаныш кернеп, өне бойынан әл кетіп бара жатқандай. Темір сүймен қолынан шығып кетпей шаққа тұр. Шеңгелін сыға түсті. Кенет дәл қасынан дұрс-дұрс дыбыс естілді.</p> <p>...Темір сүймен тақтай тасты тарғы да төбелей жөнелді. Еңсептің өне бойын қара тер жуды.</p>	<p>...Акула көрінген мезетте еңкейіп кеп, оны пышақпен түйреп қалып еді. Пышагы акуланың жай денесіне тиді де, жыртқыштың қалың терісі пышакты терең бойлатпады. Акуланы қатты үргандықтан, қарттың қолы да, иығы да қақсан қоя берді. Бірақ жыртқыш тайсалған жоқ, судан басын шығарып, жайынға қайта атылды, сол мезетте шал оны жалпақ майдайның дәл ортасынан қойып жіберді. Кірш етіп енген пышагын суырып алды да, сол орнына қайыра сұқты. Акула жайынға тісін қадап, әлі жабысып жур, айырылар емес. Шал пышакты енді оның сол жақ көзіне шашып еді, акула сонда да тістеген жерінен айрылмады.</p>

ОЙ ЗЕРДЕЛЕУ

- Берілген үзіндіні тыңдал, көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарының қызметін талдаңдар. Табигат пен адам байланысын автор қандай сөздермен берген? Шалдың портретіндегі бейнелеу құралдарына назар аударыңдар. Уақыт – 15 минут.
- Повестегі жалпыадамзаттық құндылықтарды топпен бірге анықтаң талдаңдар. Нәқтылы мысалдарды оқулықтагы және хрестоматиядағы үзінділерден алуға болады.
1-top: Адам мен табигат байланысы.
2-top: Адам мен адам байланысы.
3-top: Адамның жеке әлемі.
4-top: Адам мен қоғам байланысы.

ОЙ ТҮЙІН

Повестің идеясы мен тақырыбын ашып, жаңашылдығын ғаламдық тақырыптармен байланыстырып, сынни бага беріңдер.

Кері байланыс. «ҚҚҚ кестесі».

Маган үзіндіден қызық болған 2 нәрсе	Маган үзіндіден қиын болған 2 нәрсе	Маган үзіндіден құнды болған 2 нәрсе
1.	1.	1.
2.	2.	2.

ШАЛ МЕН ТЕҢІЗ

(жалғасы)

Оқу мақсаттары:

11.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді ғаламдық тақырыптары өзекті мәселелермен байланыстырып, шығармашылық жұмыстарда қолдану.

11.2.3.1 шығармадағы көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарының қызметін талдай отырып, автор стилін анықтау.

11.2.4.1 көркем шығармадағы ғаламдық тақырыптарга креативті ой қосып, шығармашылық жұмыс (эссе, әңгіме, өлең, әдеби және еркін тақырыптарға шыгарма) жазу.

11.2.5.1 қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіндегі ортақ бағыт, әдеби ағым, жалпыадамзаттық құндылықтарды анықтау, талдау жасау.

11.3.2.1 көркем шығарманың жаңашылдығын ғаламдық тақырыптармен байланыстыра отырып, сынни түрғыдан бага беру.



Тірек сөздер: қатерлі жағдай, жалғызыңық, арпалыс, акулалар шабуылы.

Мақсатқа қол жеткізу үшін:

- ✓ үзіндіні оқып, шыгармашылық жұмыс жазуға дайындалу;
- ✓ әдеби бағыт пен әдеби ағым теориясын қайталау;
- ✓ автордың жазу стилін сөз қолдану ерекшелігіне байланысты анықтау;
- ✓ автор шал бойындағы адами құндылықтарды қандай көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдары арқылы көрсеткеніне талдау жасау.

3

Шал өзіне қатысты бар жайға ылғи ой жіберетін-ді. Не оқитын газеті, не тыңдайтын радиосы болмаған соң, ол қазір кеп-көп таныс жайларды есіне түсіріп, ойға шомды, күнө туралы да ойлап өтті. «Жайынды сен жүртқа етін сатып, өзің күн көру үшін ғана өлтірген жоқсың, – деп бір қойды. – Балықшы болғандықтан, оған үстемдігінді танытқың кеп өлтірдің. Бұл балықты тірі кезінде жақсы көрдің, қазір де жақсы көріп отырысың. Жақсы көргендіктен, өлтіргенің күнө емес. Жоқ өлде бұл күнөнің ең ауыры болар ма?».

– Ойға тым беріліп кеттің-ау, шалым, – деді ол дауыстап.

«Дентусоны құшырланып өлтірдің ғой, – деп тағы да ойға қалды.

– Бұл да сен секілді басқа балықты өлтіріп күн көреді. Құр өлексені жемейді, басқа акулалар секілді мешкей де емес. Бұл – қауіп-қатер дегенінді білмейтін, әсем де айбынды жануар».

– Қатерден өз басымды қорғау үшін өлтірдім мұны. Және өте шеберлікпен өлтірдім, – деді шал сөйлеп.

«Кім болса да аң мен құсты да осылай, не басқаша өлтірмек, – деп ойлап өтті. – Балық аулау көсібі бір күн мені де тап осылай мерт қылар. Қасымдағы серік балам, міне, сол мені ажалдан арашалап қалып жүрген. Жә, жоқтан өзгені ойлай берме, шалым!».

Ол қайықтың ернеуінен төмен еңкейіп, жайынның акула тістеген жерінен бір кесек етті жұлып алды да, аузына салып шайнап, дәмін байқады. Жайын етінің түсі қызыл болмаса да, сиыр еті секілді тығыз әрі дәмді екен. Кей балықтың еті тарам-тарам боп біtedі, мынаның еті ондай емес екен, базарда бұл еттің ең жоғары нарықпен өтетінін шал біліп отыр. Бірақ осы еттің иісі теңіз тарабына тарай берді, шалдың бұған қылар еш амалы болмады. Ол тағы да бір арпалыстарға түсетінін ішінен сезіп отыр.

Жел бәсендеген жок, теріскей шығысқа қарай сөл ғана ауытқыды, бұл жел енді басылмайды деген сөз. Шал алысқа кез тігіп еді, не

бір желкеннің, не бір кеменің қарасы, болмаса будактаған түтіні де байқалмады. Қайықтың тұмсығынан үркіп, екі жаққа ыршып үшқан қанатты балықтар мен ойдым-ойдым балдырлар гана көзге түсे берді. Тіпті құс та көрінбеді.

Шал тезірек әл жиып һем тынығып алу үшін балықтың етін ақырын гана шайнап, қайықтың артқы жағында қисайып екі сағаттай жатты. Бір мезетте жарқ еткен бір акуланы көзі шалып қалды.

- Ай! – деп қалды шал, қолына шеге кіріп кеткенде адамның дәл осылай мағынасыз үн қатары болады.
- Галанос, – деді дауыстап.

Шалдың көзіне осы акуланың артқы жағынан жарқ еткен екінші акула және шалынды; арқасының үш бұрыштанған қоңыр қанатына, құйрықтарының шайқалған қозғалысына қарап, шал бұлардың жалпақ тұмсықты акула екенін бірден таныды. Бұл жыртқыштар жайын балықтың іісін сезіп, аласұрып, иістен бірде адасып қалып, бірде қайта тауып, ашқарақтанған ұмтылып келеді. Қайыққа жақындал қалды.

Шал желкенді тас қып байлаپ, рульді қозғалмастай етіп бекітті де, сабына пышақ байлаған ескекті қолына алды. Алақаны удай ашып ауыргандықтан, ескекті қатты қыспай, ақырын гана кетерді. Икемге келтіру үшін саусақтарын бір ашып, бір жұмып, әрлі-берлі байқап көрді. Сонан соң қолының ауырганына қарамай ескекті сығымдай үстады да, жақындал келе жатқан акуланы бақты. Екі акуланың жалпақ тұмсығын, талпиган басын, кекірек тұсындағы ақ жиекті қанаттарын көріп отыр. Галанос – акула атаулының ішіндегі ең обыры; өлексені де талғамай жұта беретін сасық жыртқыш; ашықкан кездерінде қайықтың рулін де, ескекті де келіп қабады. Теңіз тасбақалары су бетіне шығып үйіктап жатқан кездерінде солардың аяқтарын да жұлып әкетеді; әбден ашыққанда бұл акула су ішінде адамға да тап береді.

- Ай! – деді шал. – Келсең кел, бермен қарай, галанос.

Екі акула қайыққа жақын келді. Біреуі жарқ етіп қайықтың астына қарай сұңғіп жайынның етіне аузызды салып жұлқып қалғанда, қайықтың дір ете түскенін байқады шал. Ал екінші акула қыықша біткен сарғыл көзімен қарттың қимылын бағып қарай берді де, аузын арандай ашып атылыш кеп, дәл манағы акуланың талқандап кеткен жерінен қапты. Жыртқыштың қоңырқай төбесінен арқасына қарай тартылған сызаты шалға анық көрінді, қарт сол межемен акуланың дәл қарагұсын нысананаға алды да, сабына пышақ байланған ескекпен періп қалды; пышағын қайыра суырып алдып, енді акуланың қыықша көзіне қадады. Акула

бұлғаң етіп, балықты тастай беріп, жұлып алған кесек етін жұтып, төмен қарай сусыды.

Екінші акула жайынды қайықтың астынан келіп жұлмалап жатыр, қайық қалт-құлт етті. Акуланы қайықтың астынан шығару үшін шал желкенді түсіріп, қайықты бір жақ қырына қарай қисайта берді. Акула көрінген мезетте еңкейіп кеп, оны пышақпен түйреп қалып еді. Пышағы акуланың жай денесіне тиді де, жыртқыштың қалың терісі пышақты терең бойлатпады. Акуланы қатты ұрғандықтан, қарттың қолы да, иығы да қақсан қоя берді. Бірақ жыртқыш тайсалған жоқ, судан басын шығарып, жайынға қайта атылды, сол мезетте шал оны жалпақ маңдайының дәл ортасынан қойып жіберді. Кірш етіп енген пышағын суырып алды да, сол орнына қайыра сұқты. Акула жайынға тісін қадап, әлі жабысып жүр, айрылар емес. Шал пышақты енді оның сол жақ көзіне шаншып еді, акула сонда да тістеген жерінен айрылмады.

– Ө, солай ма? – деді де, шал пышақты акуланың қарагұсы мен мойын омыртқасының астасқан жігінен сұқты.

Қолы мұлт кетпеді, омыртқаның жұлдының үзіп жібергенін сезді өзі. Енді акуланың жағын айыру үшін, оның аузына ескектің жалпақ басын тығып жіберіп, қайырып бұрады да, акула жайыннан сырғып түсе бергенде:

– Тарт төменге, галанос, – деді шал. – Құлдила, төмен қарай. Серігіңе жолық, со маңнан. Әлде ол сенің анаң ба еді?

Кария пышағының жүзін сұртті де, ескекті қайықтың ішіне қойды. Содан соң желкенді көтерді де, оны жел кернеген кезде, қайықты әуелгі бағытына қарай бұрды.

– Жайынның жарты етіне жуығын өкетті бұлар және еттің ең жақсы жерін өкетті, – деді шал үн қатып. – Бәрі де өңім болмай, түсім болса игі еді, жайынды ұстамаган-ақ болайын. Оның мынадай мылжа-мылжасы шыққанына жаңым ашиды.

Қарт үндеңей отырып қалды, жайын балыққа қарауга енді дөті бармады. Қаны сорғалаған, суға малшынған жайынның дәл қазіргі түсі айнаны аптайтын амальгама сияқтанып, қара қошқыл тартқан, сонда да бүйіріндегі жолақтары білініп тұрды.

– Теңізді шарлап, тым ұзап кетпегенім макұл еді, – деді шал. – Мынадай жайсыз жағдайға тап болғаным жаңымды қинап отыр. Саған да, маған да жақсы болмады, балығым.

«Жә, нальма! – деді ол өзіне. – Пышақты ескекке таңып байлаған жібің қылған жоқ па екен, соны тексер. Қолыңды сипап-сылап жаңын кіргіз, іс әлі тамам болған жоқ».

– Пышақты жанып алатын қайрақтың жорын қарашы, – деді шал ескектің сабына байлаған жібін тексеріп көріп, – қайрақ ала шығуым керек еді.

«Іә, бірталай нәрсені ала шығуың керек еді, қартым, – деп тағы да ойланып қалды. – Бірақ алмай шыққансың. Енді жоқ нәрсенді ойластырып отыратын уақыт емес, қолында бармен қарманып, аман-есен құтылуудың жайын қаастыр».

– Әй, өзің ақылсып-ақ мазамды алып болдың-ау, – деп сөйледі.

Рульдің түтқасын қолтығына қысып үстап, екі қолын бірдей суға малды. Қайық алға қарай жүзіп келе жатты.

– Соңғы акула қанша етті қылғығанын бір Құдайдың өзі білсін. Жайынның салмағы жеңілдеп қалған екен, – деді шал.

Жайынның іші жарылып, ішек-қарны ақтарылып түскенін ойна алмауға тырысты. Акуланың қайықты әр дір еткізіп қалғаны – бір кесек етті жұлып әкеткен екендігі көңіліне аян; енді жайынның бүкіл акула атаулыны шақырып, су ішінде тасжол секілді жап-жалпақ із қалдырып келе жатқандығын және сезді.

«Мынадай балық бір кісіге қыстай азық болар еді... Мұны ойлап қайтесің, шалым! Тынығып ал, балықтың қалған етін қорғап қалу үшін қолынды жазып алуға тырыс.

Мениң жарақаттанған қолымнан аққан қаннның ісі, жайын балықтың суға араласқан қанының ісінене қарағанда түк те емес. Қазір қолым қанап та отырған жоқ. Алақанға түскен тілік онша терең емес. Сол қолымның аздал қанағаны да дұрыс, құрыспайтын болады.

Дәл қазір нені ойласам екен? Еш нәрсені де ойлама, тағы да келіп акула соқтықпас деймісің, соны күткенің абзал. Шынында да осының бері өңім болмай, түсім болса игі еді. Дегенмен кім біледі, әлі де желім оңымнан тұруы ықтимал».

Келесі акула жалғыз кезікті, бұл да жалпақ тұмсықты акула еді.

Өзі тұра астауына еңкендей ұмтылған шошқа секілді, бірақ адамның басын бір қауып жұлып аларлық арандай ашылған аузы жоқ қой шошқаның.

Шал бағып тұрып, акула жақындаپ кеп балыққа тісін қадай берген мезетте, пышақ таңылған ескегімен дәл басына түйіп жіберіп еді. Акула шалқалап аударылып түскенде, пышақ омырылып сынып кетті.

Шал рульге кеп отырды. Бірте-бірте суға ақырын батып бара жатқан акулаға көзінің қырын салған да жоқ. Бұрын мұндайға қызыға қарайтын еді. Ал қазір қарағысы келмеді.

– Қолымда енді багор ғана қалды, – деді ол. – Бірақ одан не пайда? Бұдан басқа екі ескек, бір румпель және тоқпағым бар.

«Иә, енді мені акулалар женуге айналды, – деген ой келді басына, – Акуланы тоқпақпен ұрып өлтіруге халім жоқ, тым кәрімін. Сонда да қайрат қылып, ескегімнің, румпель мен тоқпағымның қашан талқаны шыққанша шайқасармын».

Ол түзди суга қолын тағы да малды.

Күн кешкіріп қалды, көзге тек аспанмен астасқан телегей теңіз гана көрінеді. Жел қатая түсті, көп кешікпей жердің де қарасы көрінер деп дәмеленді қария.

– Шалым, сен қалжырадың. Жан дуниец де қажыды, – деді ол.

Күннің кезі ұясына батар алдында акулалар тағы да тиісті бұған.

Жайын балықтың жосылған қанының ізімен келе жатқан акуланың шоқтығындағы үшкіл қоңыр қанаты шалдың көзіне бірден шалынды. Акула екеу еді, қайыққа қатарласып кеп қалды.

Шал рульді румпельмен тіреп, желкенді бекітіп байлады да, қайықтың артқы жағында жатқан тоқпақты қолына алды. Бұл сынған ескектен кесіп алынған, ұзындығы жарты құлаштай кеспелтек ағаш еді. Шал тоқпақты тұтқасынан оң қолына нығарлай үстап, алақанының сыртынан жіппен орап таңды да, ағындан келе жатқан екі акуланың жақындай тусуін күтті. Екі акуланың екеуі де галанос еді.

«Асықпайын, әуелі біреуі келіп балыққа тісін мықтап тұрып қадасын, нақ сол кезде қақ тұмсықтан не дәл қарагұстан соғып жіберейін», – деп ойлады шал.

Екі акула қатар жүзіп келді де, бергі жағындағысы аузын арандай ашып, жайынның жарқылдаған бүйіріне тісті салып қалған мезетте, шал тоқпақпен акуланы желке тұстан құлаштай соғып жіберді. Қолына қатты дүмпу сезілсе де, сүйегі берік мығым қол талықсымады, шал тоқпақпен акуланы дәл тұмсықтан тағы да қойып қалды. Балыққа жабысқан акула сылқ түсті.

Екінші акула балықтың етінен жұлыш алыш, кейін кетті де, аузын арсита ашып, қайта бұрылды. Оның аксиган тісіне қыстырылған аппақ талшық етті шал айқын көрді. Тоқпағын құлаштай сілтеп еді, бірақ акуланың қарагұсына дәп тигізе алмай, тек тәбесінен соқты. Акула қартқа көзін бір аударып қалды да, еттен аузын толтыра жұлыш алды. Сол кесегін жұту үшін сөл шегіншектей бергенде, шал оны тағы да соғып жіберіп еді, бұл жолы да тоқпағы акуланың тәбесіне дүңк етіп тиді.

– Қане, галанос, жақындашы бермен қарай. Тағы да бір жақындан көрші, – деді шал.

Акула қайыра ұмтылып, жайынға оқша атылып кеп, тісін сақ еткізіп сап қалғанда, шал оны тағы да періп жіберді. Тоқпақты құлаштай

көтеріп, бар пәрменімен соғып еді. Бұл жолы қарагүсқа дәл тигізді де, тоқпағын шашаң көтеріп ап, дәл сол тұстан тағы да бір соғып қалды. Балыққа жабысқан акула тістеген жерінің етін собаландай жұлып, төмен суси берді.

Шал бұларды су бетіне тағы да шыға келер деп ойладап еді, бірақ акуланың екеуі де қайтып көрінбеді. Біраздан соң біреуінің қайықтың қасында үйірліп жүргенін қарт байқап қалды. Ал екінші акула көзге түспеді, ол біржолағайып болды.

«Мен бұларды шоқпармен ұрып өлтіремін ғой деп ойлаған да жоқ-пын. Бұрын өлтіре беретінмін, – деді қария ішінен, – әйткенмен екеуін де қансыратып жібердім, жағдайлары онша тәуір бола қоймас. Тоқпақ сөл ұзынырақ боп, қос қолдап соққанымда алдыңғы акуланы сеспей қатыратыным анық еді. Қартайсам дағы, осы қазіргі күйімде-ақ серейтіп салатын едім».

Жайынға қарауға енді мұлде дәті бармады шалдың. Оның жарты етінің ада болғанын іші сезіп отыр. Бұл екі акуламен айқасып жүргенде, Күн батып кеткен.

– Қазір қараңғы түседі. Сол кезде Гавананың жылтылдаған оттарын көрермін, – деді ол. – Ал шығысқа қарай тым ауытыңқырап кеткен болсам, онда со жақтағы жаңа курорттардың біреуінің жарығы көрінер.

«Жағалаудан тым жырақта қала алмаспын. Жүрт мені қайда жогалып кетті деп аландап отырған шығар, – деген ой келді басына, – әсіреле серік балам қатты алабұртып отырған болар. Бірақ ол менің аман-сау екендігіме күмәнданбаса керек! Егде балықшылардың тықыршуы мүмкін. Жастар жағы да аландар. Мен сол жақсы адамдар арасында күнелтіп жүрген қартпын ғой».

Акулалар жайынның дал-дұлын шығарып кеткендіктен, шал оған қарауға дәті де бармай, оған арнап тіл де қата алмай отыр еді. Кенет басына бір тың ой келді.

– Жарты балық! – деп үн қатты ол жайынға. – Бұрынғы бүтін балық! Қыырға сонша ұзап кеткенім бекер-ақ болды-ау. Сені де, өзімді де сорлаттым. Дегенмен екеуіміз бірталай акуланы өлтірдік, біразын қансыратып жібердік. Сен, қарт балық, өзіңнің осы ғұмырында бұлардың талайының көзін құртқан шығарсың, ө? Тұмсығының наизадай сұп-сүйір бол бітуі тегін емес.

Шал толғанып, егер осы жайын теңізде емін-еркін жүзіп жүрген болса, акуланы қалай жайқар еді деген бір ойга кетті.

«Акулалармен шайқасу үшін мен мұның сүйір мүйіз тұмсығын кесіп алайын» деп үйгарды ол. Бірақ жанында балтасы жоқ еді, пышағы да сынып қалды.

«Жайынның мүйіз тұмсығын кесіп алсам, ескектің сабына бекітіп байлар едім де, мұның тамаша қару болып шығар еді. Міне, нақ сонда бұл балық екеуіміз қол үстаса қимылдаған болар ек! Акулалар түнде тап келсе, қайтпексің, шалым? Қолыңдан келер не қайрат бар?».

– Айқасамын. Кеудемнен жаным шыққанша айқасамын, – деді ол.



Дентусо – акуланың түрі.

Амальгама (франц. *amalgame* – қорытпа) – сынап араласқан металдардың қорытпасы. Амальгама сүйік және қатты болуы мүмкін. Бұл сынап пен басқа металдардың арасалмағына байланысты.


Румпель – жүргізу тұтқасының (руль) үстіңгі бөлігіне кигізілген мүйізшелер.

ОЙТАЛҚЫ

1. Узіндінің мазмұнымен танысып, бөлімге ат қойындар. Сол атты таңдауынның себебін дәйектеп жазындар.
2. Шал күнө туралы неге ойланып кетті? Өзін қалай жұбатты?
3. Сантьягоның мұхит пен теңізді мекендейтін жыртқыштарды жақсы білетінін үзіндіден мысалдар келтіре отырып дәлелдендер.
4. Ол су жыртқыштарымен неге арпалысады?
5. Шалдың акулалармен айқасы кезіндегі іс-әрекеттерін жазушы қалай сипаттаған?

ОЙ БЕЙНЕЛЕУ

1. Шал акулалармен неше рет айқасқа түсуге мәжбур болады? Узіндіден мысалдар келтіріндер.
2. Кейіпкердің болмысы мен табиғатын ашу үшін топпен бірге «Блум түймедағы» стратегиясына сай анықтауыш сұрақ, тәжірибелік сұрақ, бағалау сұрағы, шыгармашылық сұрақ, интерпретациялық сұрақ, қарапайым сұрақтар құрастырындар. Сұрақтарды топпен бірге талқыланадар.
3. Узіндіден көрінетін құндылықтарды топта талқылап, құндылықтар бойыниша кластер құрастырындар.



ОЙ ЗЕРДЕЛЕУ

1. Жұмекен Нәжіменовтің «Шал мен теңіз» өлецин zhumeken.kz сайтынан оқып, екі туындыны салыстырып, өз көзқарастарынды білдіріндер. Шыгарманың көркемдік құндылығына бага беріндер.

2. Өздерің ерекше ұнаган үзіндіге «Уш жақты түсініктеме күнделігін» толтырындар. Ойларынды жұптасып бөлісіндер.

Мәтіндегі ерекше әсер еткен үзінділер	Жеке түсінік беру: Қандай ой тұғызды? Соған байланысты қандай сұрақ туды?	«Мұғалімге хат» (сұрақтар)

3. Мәтінді тыңдаپ, үзіндіде айтылған теңіз жануарлары туралы экология тақырыбында шагын эссе жазындар. Эсседе шал не себепті өзін теңіз тасбақасына теңегеніне назар аударындар. Табиғат пен адам қарым-қатынасы үзіндіде қандай сөздер арқылы берілген? Уақыт – 15 минут.

ОЙ ТҮЙІН

Шығармадагы Сантъяго бейнесін оның қандай қасиеттері даралап тұр? Ойларынды түйіндең, сынни баға беріңдер.

Кері байланыс. «Табыс сатысы» әдісі.

1-баспалдақ. Мен ... білемін.

2-баспалдақ. Мен ... түсінемін.

3-баспалдақ. Мен ... жасай аламын.

ШАЛ МЕН ТЕҢІЗ

(жалғасы)

4

Оқу мақсаттары:

11.1.2.1 әдеби шығармадагы көтерілген мәселелерді қазіргі өмірмен байланыстырып, үлттық мұdde тұрғысынан ашу.

11.2.2.1 автор бейнесінің шығарманың негізгі идеясымен байланысының айқындау.

11.3.2.1 көркем шығарманың жаңа шығарманың галамдық тақырыптармен байланыстыра отырып, сынни тұрғыдан баға беру.

11.3.4.1 шығарманы идеялық жағынан мазмұндас әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдаң, әдеби сын жазу.



Тірек сөздер: акулалар, жайын сүйегі, шал мен бала, орындалған мақсат.

Мақсатқа қол жеткізу үшін:

- ✓ үзіндіден галамдық тақырыпқа сай оқиганы іріктеу;
- ✓ автордың идеясын анықтау;

- ✓ көркемдігі мен эстетикалық құндылығын сараплау;
- ✓ әдеби эссе және әдеби сын талаптарын қайталау.

Қараңғыда алыстан жылтыраган не от, не шапақ көрінбеді; уілдеген жел үні ғана, жел кернеген желкеннің тысырлағаны ғана естіліп тұр. Кенет шалға өлген екенмін гой деген ой келді. Екі қолын қеудесіне қойып еді, қолдарының жаны кеткен жоқ екен, саусақтарын бір ашып, бір жұмғанда, сыздап ауырганы сезілді, бұл – тіршіліктің белгісі. Шал қайықтың артқы жақтауына сүйеніп еді, тақтай иығына батты, өзінің тірі екендігіне қарттың сонда ғана көңілі сенді.

«Жайын балықты соғып алар болсам, оқырмын деп серт қылған дұғаның берін оқуым керек, – деп ойлады шал. – Бірақ қазір дәрменім жоқ, тым қалжырап қалдым. Қашықты алыш, иығыма жамылайыншы».

Ол қисайып жатып, қайықты туралап жұздіре берді; Гавана шамдарының аспанға түскен шапағы қашан көрінер екен деп, қадағалап отырды. «Қолымда жайының өлі жарты еті қалды, – деп ойлады, – жолым оңғарылып, тым құрығанда осыны үйге аман-есен жеткізермін. Жолымның бір оңғарылар кезі болды гой!.. Жоқ, – деді шал өзіне, – жазығың бар, қайығың тым алышқа үзап кеткен кезде, осы балық қармағыма қайдан ілініп еді деп ренжіген болатынсың».

– Жоқтан өзгені көкіме, шалым! – деді ол өз ойын өзі беліп.
– Үйықтап қалма, рульді бақ. Сенің де басыңа бақ қонар.
– Егер бір жерде сатылатын болса, өзіме аздал бақыт сатып алар едім, – деді шал.

«Неменеце сатып алар ең? – деп өзіне және сауал берді. – Жоғалтқан гарпуныңа ма не сынған пышағыңа ма, өлде қырық тілім болған қолыңа ма? Кім білген! Тенізден балық аулауға шыққан сексен төрт күн бойында іздегенің бақыт болды, соны сатып алғың келді. Саған сол бақытты сата да жаздады ғой...»

Жә, жоқтан өзгені ойлаудың керегі не?! Адамға бақыт түрліше түрде келмек, оны танымай қалармын деймісің? Бақыттың қандай түрі болса да, тандамай-ақ, аздал сатып алар едім, сұрағанын төлер ем. Гавана шамдарының аспанға түскен шапағы көрінсе екен көзіме, – деп те ойға берілді шал. – Қартым, сен өзің бар жақсылық басыма бірден орнай қалса дейсің-ау. Жоқ, дәл қазір тек Гавананың жарқыраған оттарын көрсем екен, өзге тілек тілемен».

Ол рульдің қасына жөнделінкіреп отырғысы кеп қозғалып көріп еді, тұла бойы қақсан қоя берді, өзінің шынында да тірі екендігіне шалдың көзі енді ғана анық жетті.

Қала оттарының аспанға түскен шапағы оған тұнгі сарал онның шамасында көрінді. Ай туып келе жатқан кездегідей, әуелі бозалаң сөүле білінді де, бирте-бирте айқындала берді. Шал осы көрінген жарықты бетке алыш жүзіп келеді, енді Гольфстримге ілігуге аз-ақ қалдым деп ойлады.

«Өттеуір жердің қарасы көрінді-ау, – деді ішінен. – Әрине, акулалар маган тағы да келіп соқтығар. Бірақ құр қол адам қараңғыда оларға не қайрат қыла алмақ?!».

Шалдың тұла бойы сырқырап шанышты, тілім-тілім қол-аяғының жарасына тұнгі салқын жайсыз тиіп, ауырта тұсті. «Мүмкін, енді акула кезіге де қоймас, айқасқа түспеспін, – деп те ойлады. – Тек айқасқа түспесем екен енді».

Бірақ тұн ортасы шамасында акулалармен тағы да айқасты ол; бұл жолғы айқастан түк өнбесін білді де. Акулалар үйірімен кеп тиісіп еді, шал олардың қыр арқасындағы қанаттарының суды тілген ізін ғана, жыртқыштардың жайынға атылған кездегі қылаң еткен елесін ғана көрді. Акулалар қайықтың астыңғы жағынан кеп тістерін сақ еткізіп салып жіберіп, жайынды жүлкүлағанда, қайық қалт-құлт етті. Шалдыбыс білінген тұсты жобалап, тоқпақпен төпелей берді, бір кезде қолынан тоқпағы да ұшып кетті.

Ол енді румпельді шығырынан жұлып алыш, қос қолдан ұстап, жыртқыштарды оңды-солды соққылады. Акулалар қайықтың тұмсық жағына үймелесіп қалған екен; жайынға бірінен соң бірі ұмтылып, оның етін дал-дұл ғып жұлып жеп жатыр. Кейін қарай шегіне беріп, жеміне қайыра атылады.

Ақыр соңында бір акула жайынның дәл басына ұмтылып жүзіп барды, балықтың қауқиған басынан өзге дымы қалмағанын шал сонда білді. Жайынның тастай бас сүйегіне акуланың тісі кірш етіп қадалған мезетте шал оны дәл тұмсықтан румпельмен періп қалды.

Құлашты кере сермен, тағы да екі-үш қайыра соғып жіберіп еді. Румпель сатыр-сұтыр етіп жарылып, омырылып сынып кетті де, шалдың қолында оның тек шолтиған сабы ғана қалды. Қарт енді сол саппен түйіп қалып еді, ағаш акуланың денесіне кірш ете қалды. Сап ағаштың сынық жағы үшкір екенін сезіп, акуланы тағы бір түйіп жіберді шал. Акула балықты тастай беріп, өрі қарай жылысып кетті. Үйірімен келіп тиісken акуланың бұл ең соңғысы еді. Бұл да тайды, өйткені балықтың енді құр сүйегінен басқа, жейтіндей ештеңесі қалған жоқ еді.

Шал демін әрең алыш отырды, аузына өзгеше бір дәм білінді. Балға ұқсас тәтті дәм. Шал бір сөт қорқып қалып еді, бірақ көңілі орнына тез тұсті. Ол мұхитқа түкіріп тастанады да:

– Галанос, асандар, жапырыла ұмтылындар! Адамды өлтірдік деп масайрандар, – деді.

Қарт енді өзінің оңалмастай боп әбден жеңілгенін білді де, қайықтың арт жағындағы орнына жылжып барды; румпельдің қолындағы тұқылын рульдің кертесіне сұғып көріп еді, тура келді, енді осыны ілдөлдә ғып, рульді ептеп басқаруга болатын секілді.

Шал иығына қапшығын жамылды да, қайықтың бағытын түзеді. Қайық енді жеңіл жүзді, шал да енді ештеңені сезбеді де. Оған енді бәрібір еді, тек қайығын жағаға тезірек жеткізсе, жақсы жеткізсе болғаны.

Тұнде акулалар, бейне үстел үстінде қалған сарқытқа қомағайлана бас салған ашқарақша, балықтың қаңқасына таптап берді. Шал бұларға назар салған жоқ. Өзінің қайығынан басқа еш нөрседе жұмысы болмады оның.

Жайынның құр қаңқасы қалғаннан кейін қайықтың жеңілденіп, жүрісі шапшандай түскенін ғана сезіп келе жатты.

«Қайығым жап-жақсы, – деп ойлады, – тек румпельдің сынғаны болмаса, еш жеріне зақым түскен жоқ, бүтін. Ал румпельдің жақасын орнатып алудың қындығы жоқ».

Шал қайықтың жағаға таяп қалғанын сезді, теңіз жағалауындағы поселкелердің жылтыраган оттары көрінді. Қарт өзінің қай жерде келе жатқанын да білді, енді үйге жетудің еш қындығы жоқ.

«Жел жарықтық дос қой бізге, – деді ішінен. – Дегенмен үнемі дос та емес-ау, – деп бір қойды. – Шалқар теңізде қастарымыз, достарымыз барышылық. Ал тесек бар гой, соны айтамын. Төсекте жату деген гажап нәрсе! Жеңіліске ұшырасаң, көңілің жай табады екен. Бұлай болатынын білмейтін ем... – деп ойланып қалды қарт. – Шалым, сені жеңген кім осы? – деді өзіне сауал беріп. – Ешкім де емес, – деп жауап қайырды. – Шығандап тым үзап кеткенімнің кесірі».

Ол қайығымен кішкентай қойнауга кеп кіргенде, террассаның маңы қараңғы еді, шамдар сөнген; жұрттың бәрі үйықтап қалған. Жел уілдеп, бұрынғысынан да күшіне түсті. Гавань төңірегі тып-тыныш; шал жартастың ығына таман таяла бергенде, қайығы қайырга тиіп, қайрандап қалды. Оған жәрдемдесіп жіберетін ешкім жоқ, шал өзі тырбанып қайығын ілгері жылжытыңқырады да, сосын жерге түсіп, қайықтың бауын жартасқа іліктіріп байлады.

Кіндік діңгекті сұрып алып, оған желкенді домалатып орады да, сыртынан жіппен буды. Содан соң діңгекті иығына салып, өрге қарай аяндап еді, өзінің әбден қалжырап біткенін ол сонда ғана сезді. Бір сөт аялдан, жан-жағына қаранып еді, қайығының артқы жағында бұлғандаған жайынның алып құйрығына көзі түсті, жарқабақтанған ірі



толқын балықтың құйрығын жоғары серпіп, көтеріп-көтеріп тастайды; қайық жаққа көшедегі қолшам жарығы түсіп тұрғандықтан, балықтың тізілген омыртқасының ағараңдаған желісі де шалға көрінді, сүйір мүйіз тұмсығы қайқиған жайынның басы да қарауытып көзге шалынды.

Шал өрге қарай қайтадан қадам басты. Қырқаға шыға бере құлай кетіп, кіндік діңгекті иығына салған күйінде біраз жатты. Содан соң түрегелмек болып еді, қол-аяғынан әл кетіп, бойын жаза алмай қалды. Жолға кез жіберіп, осы қалпы едеуір отырды. Бір мысық жолды кесіп жүгіріп өтті, шал оның кеткен жағына біраз қарап отырды да, енді көзін сұлық жатқан жолға аударды.

Бір кезде ол иығындағы кіндік діңгекті жерге тастай беріп, орнынан түрегелді. Соңсоң діңгекті көтеріп иығына қайтадан салды да, жолмен жоғары өрлей берді. Өзінің лашығына жеткенше бес рет аялдан демалды.

Үйге кірген соң, кіндік діңгекті қабырғага сүйеп қойды. Су құйылған құмыраны қараңғыда қармалап тауып алып, қанып ішті де, кереуетіне келіп жатты. Көрпешемен иығын бүркеп, арқасын, аяғын қымтады да, төсениш ретінде жайылған газетке бетін басып, алақанын жайған күйі екі қолын созып жіберіп, ұйықтап кетті.

Ертеңіне шалдың серік баласы лашыққа кеп кіргенде, қарт үйіктап жатыр еді. Жел өте күшейіп кеткендіктен, балықшылар бүгін теңізге шықпаған еді, ешкім оятпаған соң, бала үйіктап қалған-ды, үйқысы қанған соң, өзі оянып тұрып, күндегі дағдысынша таңтертең шалдың лашығына соққан. Бала қарттың ақырын ғана дем алып жатқанын көрген соң, көнілі тыншып еді, бірақ шалдың тілім-тілім қолдарын көргенде, жылап жіберді. Қарияға кофе алып келу үшін лашықтан етеп қана шықты да, асханага бет алды, жеткенше жылап барды.

Шалдың қайығының маңына балықшылар жиылып қалған еді, қайыққа қосақталған ғаламат нәрсеге бәрі таңдана қарасады; біреуі шалбарының балағын түріп алып, су ішінде жайынның қаңқасын жіппен өлшеп жатыр.

Бала бұлардың қасына барған жоқ, өзі әлгінде ғана көріп кеткен болатын, «қайықты мен қарайлай тұрайын» деп бір балықшы оған уәде еткен-ді.

– Қарттың халі қалай екен? – деп дауыстады балаға бір балықшы.

– Үйіктап жатыр, мазалауға болмайды, – деп жауап қатты бала.

Озінің ағыл-тегіл жылап келе жатқанын балықшылар көрсө көре берсін дегендей, көзінің жасын сұрткен де жоқ.

– Мынаның тұмсығынан құйрығына дейінгі ұзындығы он сегіз фут шықты, – деп дауыстады жайынды өлшеп жатқан балықшы.

– Бірде кем емес, – деді бала.

Ол террасага енді де, бір құты кофе сұрады.

– Істық кофе беріңізші маған, сүті мен қанты молырақ болсын, – деді.

– Тағы да бірдеме алсаңшы.

– Керегі жоқ. Өуелі кофені ішсін, сосын не керек боларын өзім байқармын.

– Ой-пой, бұ не деген нән балық! – деді қожайын. – Мұндай нән балықты көрген емен. Айтпақшы, сен де кеше екі ірі балық үстадың ғой.

– Адыра қалсын ол балықтар! – деп бала тағы да жылап жіберді.

– Бірдене жұтқың келе ме? – деп сұрады қожайын.

– Жоқ, – деді бала. – Ана балықшыларға айт, Сантьягоның мазасын алмасын. Мен қазір қайтып келем.

– Шалға қатты жаны ашып тұр дегейсің мені.

– Рақмет, – деді бала.

Ол бір құты ыстық кофені әкеліп, шалдың қасына барып отырды да, қария қашан оянғанша орнынан тапжылмады. Балаға қарт бір мезет ояна берген секілді көрініп еді, бірақ шал сөл ғана қозғалып, қалың үйқыға қайта енді. Бала кофені ысыту үшін жолдың арғы бетіндегі көршілерге барып, қарызға біразырақ отын сұрап әкелді.

Бір кезде шал да оянды.

– Тұрма, жата бер, – деді оған бала. – Мә, іш мынаны! – Ол стақанға кофе құйып, шалға ұсынды.

– Акулалар маган бой бермеді, Маналин. Олар жеңді мені, – деді қарт.

– Дегенмен саған жайынның шамасы келген жоқ қой! Ол сені жеңе алмады рой!

– Оны айтып қайтесің, болары болды.

– Педрико сенің қайығынды, құрал-сайманынды қарайлай тұрайын деген. Анау жайынның басын қайтесің?

– Оны Педрико алсын да, паршалап бұзып, ау құрғанда балыққа жем қылсын.

– Ал жайынның мүйіз тұмсығын не істейсің?

– Оны ескерткіш ретінде өзің ал, қаласан.

– Мақұл, – деді бала. – Ал енді алдағы уақытта не істейтінімізді ақылдасалық.

– Мені іздеді ме?

– Әрине. Жағадағы күзетшілер де, ұшақтар да іздеді.

– Мұхит – ұлан-ғайыр да, қайық болса – құрттай ғана, көзге қайдан шалынын, – деді шал.

Кешеден бергі сырласы теңіз ғана еді, енді қазір қасында ақылдасар адамы отырганы жанын жадыратып жіберді. – Сені сағынып қалыппын, – деді қарт.

– Өзің ештеңе үстай алдың ба?

– Өзуелгі күні бір балық, келесі күні және бір балық, үшінші күні екі балық үстадым.

– Бәрекелді!

– Енді бұдан былай балықты екеуіміз қайтадан бірігіп аулаймыз.

– Жоқ. Мен бақытсыз адаммын. Енді жолым болмайды.

– Жолым болмайды дегенді қой, – деді бала. – Мен сенің қолыңа бақыт құсын қондырамын.

– Менің қасыма ергеніңе ата-анаң не дер екен?

– Не десе, о десін. Кеше екі балық үстадым. Мен әлі көп нәрсені үйренуім керек, сол үшін бұдан былай балықты сенімен бірігіп аулаймын, қасыңда боламын.

– Жақсы бір қарымды найза тауып алып, қолымнан тастамай алып жүруім керек екен. Оның үшкір үшін «Фордтың» рессорынан жасауға болады. Қайрақшыға апарып, қырын қылпытып қайрап аламыз. Үшіншікір, қыры өткір болуға керек, суарып шыңдаудың қажеті жоқ, морт сынибауына жақсы болады. Пышагым екі бөлініп, сыннып қалды.

– Мен саған жақсы пышақ тауып берем, рессорды да қырлап, ұштау қолымнан келеді. Мына азынаған жел неше күн согар екен?

– Үш күн согады. Бұдан да көпке созылып кетуі мүмкін.

– Ендеше оған дейін бүкіл істі реттеймін. Ал сен қолыңды емдей бер әзірше, – деді бала.

– Қолымды қалай емдеуді білемін ғой. Тұнде аузыма бір түрлі бір жылымшы жаман дәм келген соң, түкіріп тастап ем, қолқам үзілгендей болды.

– Қолқанды да емде, – деді бала. – Төсегіңнен тұрма, жата бер, ата, саған қазір таза жейде әкеп берейін. Жейтін бірдеце жөне ала келейін.

– Мен жоқ кезде шыққан газеттердің біреуін ала келші, – деп өтінді шал.

– Сенің тезірек сауығуың керек, өйткені мен сенен бір нәрсені үйренуге тиістімін. Сен маган талай нәрсені үйрете аласың да. Жарақатың жаныңа қатты батты ма?

– Қатты батты, – деді шал.

– Мен тамақ алып келейін, газетті де ала келейін. Сен демал, ата. Дәріханага соғып, қолыңда жағатын бір дәрі де ала қайтайын.

– Педрикоға айт, жайынның басын өзі алсын, ұмытып кетпе.

– Ұмытпаймын.

Бала лашықтан шығып, ескі тастақ жолмен төмен ылдилап түсіп келе жатып, тағы да жылап алды...

Сол күні террассаға бір топ туристер келіп еді. Шығыстан соққан желдің екпінінен ақжалдана дөңбекшігендегі биік толқындарға қарап тұрган турист әйелдің бір нәрсеге көзі түсті; бұл – теңіздің қолтығына толқын айдал келген қоқыстың, босаған қалбырлар мен өлген медузалардың арасында бірге қалқып, су бетінде ағараптап, тербетіліп жатқан алып жайынның қаңқасы еді.

– Бұл не нәрсе? – деп сұрады даяшыдан турист әйел, толқын ысырып бара жатқан қоқыстың арасында қалқыған алып балықтың шұбалған омыртқа сүйегін нұсқап.

– Tiburon, – акула, – деді даяши. Ол болған жайды турист әйелге түгел айтып беруге оқталды.

– Акуланың сөнді иile біткен мұндай сұлу құйрығы болатынын білмейтін ем, – деді турист әйел.

– Мен де білмейтін ем, – деді қасындағы серігі.

Жоғарыда, езінің лашығында, шал қайтадан үйықтап кеткен еді. Тағы да етпетінен жатыр, серік баласы қасында қарауылдан отыр. Шал түсінде арыстандарды көріп жатты.



Лашық – уақытша тұруға арналған шағын баспа.

Цент (ағылш. *cent*; лат. *centum* – жүз) – АҚШ-тың, Австралияның, Канаданың, Жаңа Зеландияның т.б. елдердің ұсақ монетасы, есеп-ақша өлшемі.

ОЙТАЛҚЫ

1. Ұзіндіні оқып, мазмұнына сай тақырып қойындар.
2. Ұзіндіні бөліктеге бөліп, әр бөлікте не айтылғанын қысқаша жеткізіндер.
3. Ұзіндідегі негізгі ойды танытатын тірек сөздерді белгілеңдер. Негізгі ой қай болікте деп ойлайсындар?
4. Жазушының осы повесть арқылы жеткізгісі келген ойын анықтаңдар.
5. Шығармаға композициялық талдау жасаңдар.
6. Өзіне онша сенімді болмаса да, акулалармен айқасқа бел байлағанынан шалдың қандай қасиеттері байқалады?
7. Ұзіндіде серік баласы шалға қалай қамқорлық көрсетеді?
8. Егде Сантьяго мен жасөспірім Маналин арасындағы достық туралы пікірлерің қандай?
9. Автор қарт балықшының алып күшті бағындырганын қандай деталь арқылы танытқан деп ойлайсын?

ОЙ БЕЙНЕЛЕУ

- 1-жүп – Сантьягоға, 2-жүп Маналинге кесте толтырындар.

Ұзінді атауы	Ұзінді кейіпкерлері	Ұзінді кейіпкерлері қандай?	Қандай жағымды қасиеттері үнады?	Кейіпкерге үқсағың келе ме?

2. Кестені пайдаланып, ұзінділердегі жазушының айтар ойы мен өз ойынды жеткіз.

Бөлімдер	Жазушының айтар ойы	Мениң ойым	Тұжырым
1-белім			
2-белім			
3-белім			
4-белім			

3. Топпен бірге «Шал мен теңіз» повесі бойынша «Жазушы тілінің сөздігін» күрастырыңдар.

Тілдік ерекшеліктер	Үзіндіден мысалдар
Балықшы құрал-жабдықтарының атауы	
Балық атаулары	
Жергілікті тілдік ерекшеліктер	
Фразеологиялық-идиомалық тіркестер	

ОЙ ЗЕРДЕЛЕУ

- «Шал мен теңіз» повесіндегі оқига шешімі оқырман ретінде сендерге қалай әсер етті? Ойларынды талдаң жазыңдар.
- «Шал мен теңіз» повесіне «...Алайда тұтас шығарманың логикалық монолог арқылы өрбіп, әлем әдебиетінен орын алуы – автордың философиялық, психологиялық ойларының жемісінен» (Р.Ж. Есбалаева) деген пікірді негізге ала отырып, сини пікір жазыңдар.
- Әлем әдебиеті мен қазақ әдебиетіндегі, қазақ киносындағы үндес туындылардың үқастықтарын салыстырыңдар.

Әртурлі жанрдағы туындылар		
Ә. Хемингуэйдің «Шал мен теңіз» повесі	Ермек Тұрсыновтың «Шал» фильмі	Ә. Кекілбаевтың «Шыңырау» повесі
Автор позициясы		
Сюжет үқастығы		
Тақырып үқастығы		
Автор ойын өз көзқарасыңа сүйене отырып, қалай дамытар едің?		

ОЙ ТҮЙІН

- Уш топқа белініп, балықшы кәсібі туралы топтық жұмыс орындаңдар.
I, II топ: Шығарманы оқи отырып, балықшы кәсібінің қызығы мен қызындығы туралы қандай ой түйіндідер? Кестені толтырыңдар. Түйінді ойларынды мақал-мәтел, нақыл сөздермен тұжырымдаңдар.

I топ	II топ
Балықшы кәсібінің қызығы неде?	Балықшы кәсібінің қынындығы неде?

III топ: Балықшы болу үшін адамда қандай қасиеттер болуы қажет деп ойлайсындар? «Ой картасын» сыйып, дәлелдендер.

2. «Хемингуэйдің әлемдік әдебиетке әсері» тақырыбында сынни мақала жазындар.

Кері байланыс. «Үш минуттық эссе».

- 1) Бұғынгі оқығандарыңың ішінде ең маңыздысы не?
- 2) Қай сұрақ есінде қалды?
- 3) Сен үшін ең қынын, түсініксіз болған не?

«Әдебиеттегі сын-сарын» бөлімі бойынша қорытынды сұрақтар мен тапсырмалар

1-тапсырма. «Бауырлар» өлеңі бойынша тәмендегі тапсырмаларды орындаңдар.

Автор көзқарасы: _____

Өлеңдегі эмоциялық мәні бар сөздер: _____

- Өлеңдегі «Туы да бір ішетін сұы бірдің» деген тіркестің астарлы мәнін түсіндіріндер.
- Өлеңде көтерілген мәселе қазір де маңызды ма?

2-тапсырма. «Бекторының қазынасы» әңгімесі бойынша «Егер ..., онда ..., ейткені ...» әдісімен кейіпкер туралы өзіндік ой-пікірлерінді білдіріп, логикалық қорытынды жасаңдар.

«Егер мен _____ орнында болсам, онда мен _____

, ейткені _____ *

3-тапсырма. «Бекторының қазынасы» туындысының ерекшелігі нене деп ойлайсыздар? З ерекшелігін жазыңдар.

- 1.
- 2.
- 3.

4-тапсырма. «Бекторының қазынасы» әңгімесіндегі оқиға шешімі оқырман ретінде сендерге қалай өсер етті? Ойларынды талдаң жазыңдар.

5-тапсырма. «Шал мен теңіз» повесі мені несімен қызықтырды?» деген сұраққа жазбаша жауап жазыңдар.

6-тапсырма. «Пирамида құру» (жеке – жұп – сынып) әдісімен «Шал мен теңіз» повесін уақыт пен кеңістік түргышынан талдаңдар.

1. Жұпқа бөлініп, повестегі уақыт пен кеңістік көрінісі туралы өздеріңің идеяларын, ойларын, пайымдауларынмен белсіндер.
2. Төрт адамнан тұратын топқа бірігіп, повестегі уақыт пен кеңістік көрінісін талқылаңдар.
3. Бүкіл сынып болып уақыт пен кеңістік көріністерін тақтаға жазыңдар.

ГЛОССАРИЙ

АЛЛЕГОРИЯ (грекше *allegoria* – пернелеп айту), пернелеу – оқырманның санасына, қиялына ерекше әсер ететіндегі образ жасаудың бейнелеуші құралы, көркемдік тәсіл.

ДАРАЛАУ – кейіпкердің жеке мінез ерекшелігі. Кейіпкердің өзіне ғана тән қимыл-әрекеті, сейлеуі, киінуі, жүріп-тұруы.

ЖИНАҚТАУ – типтік бейне жасау үшін кейіпкер бойына заманына, көсібіне, атқарып отырган қызметіне сай іс-әрекет, мінез ерекшеліктерін беру.

КӨРКЕМ АУДАРМА – әдеби шығарманың бір тілден екінші тілге аударылған нұсқасы, көркем әдеби шығармашылықтың бір саласы.

КӨРКЕМДІК ДЕТАЛЬ (*бөлшек, бедер-белгі*) – мағыналық, көркемдік мәні бар ұсақ ерекшелік, сез болып отырган нәрсенің жекеленген сипат-белгілері.

КӨРКЕМ ҚИЯЛ – көркемдік ойлау ерекшелігі, суреткердің дүниеде, өмірде болатын, болуы мүмкін нәрселерді, жай-жағдайларды қиял арқылы елестету қабілеті, бейнелеп көрсету тәсілі.

КӨРКЕМДІК УАҚЫТ – шығармада суреттелетін және оқырманға көрінетін уақыт. Ол нақтылы уақытқа қарағанда, оқырманның қабылдауына байланысты әр қырлы болуы мүмкін. Көркем шығармадағы оқигалардың байланысы және реттеліп берілген сюжет арқылы уақыт сипатталады.

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫҢ ЖАЗЫЛУ ТАРИХЫ. Кез келген көркем шығарма оның жазылу тарихымен байланысты. Ең алдымен, автордың шығарманы қашан, немен, қалай аяқтағанын анықтау қажет.

КӨРКЕМДІК ШЫНДЫҚ – өміршындығының жазушының ой-елегінен, шығармашылық көрігінен өтіп, қорытылып, әдеби шығармалардағы баяндалған, көркем суретке айналған қалпы. Көркемдік шындық – өмірдегі шындықты кең толғап түсіну, терең сезіну, ол жазушының өз ойы мен пікірін білдіруінен туады.

ЛИРИКАЛЫҚ КЕЙІПКЕР – поэзиялық шығармалардан көрінетін адамның тұлғалық бейнесі. Өлең-жырларда акын көбіне өз атынан

сөйлейді. Басқа адамның бейнесін жасап, соның атынан айтуы кейде гана кездеседі.

МӘҢГІЛІК БЕЙНЕЛЕР – белгілі бір заманда, қоғамдық ортада қалыптасқан мінез-ерекшелігі бар, сонымен бірге бойынан жалпы адамзатқа тән сипат-қасиеттер де айқын танылатын, типтік тұлға дәрежесіне көтерілген әдеби бейнелер. Бір халықтың әдебиеті қолемінде гана қалмай, дүниежүзі мәдениетінде танымал бейнелер болады.

МОДЕРНИЗМ (латын тілінен алғынған термин, *modernus*) – жаңа, қазіргі деген мағынаны білдіреді. Модернизм – XX ғасырдың басында пайда болған философиялық-эстетикалық ағым.

ПОЭЗИЯЛЫҚ ЛЕКСИКА – өлең жырларда, поэзия туындыларында қолданылатын сөз қоры, тіл байлығы. Бұл тұрғыда әр сөздің мағыналылығына, мәнділігіне және бейнелілігіне, сөз сұрыптау, іріктеу, тандаулысын тану, шебер қилюастыру, сөз інжуін жарасымды қолдану шеберлігіне айрықша назар аударылады.

ПОЭМА – өмірде болған не болуға тиіс күрделі құбылыстар мен келелі оқигаларды, алуан-алуан адам тағдыры мен заман шындығын қөлемді, желілі, эпикалық не лирикалық сипатты өлеңмен суреттеу.

ПРОТОТИП – әдебиет шығармасындағы кейіпкердің бейнесін жасауға тірек, негіз болатын өмірде болған адам, яғни өмірде бар тұлға.

РОМАН-ЭПОПЕЯ (грек. *eropoeia* – тудыру, жазу) – эпостық шығарманың бір түрі; белгілі бір немесе бірнеше тарихи дәуірдің типтік оқигаларын кең қолемде суреттейтін, бірнеше үрпақ өкілдерінің іс-әрекеттерін ортақ идея мен бір тақырыптың арнасында, көркемдік тұтастықта баяндайтын поэзиялық не прозалық кесек туынды.

СИМВОЛ (грекше *symbolon* – нысана, бейне, белгі) – бейнелеу. Айтайын дегенін ашып айтпай, астарлап, басқа бір нәрсенің бейнесінде суреттеу.

СТИЛЬ – жазушының өмір шындығын танып-білу, сезіну қабілетін, бейнелеу шеберлігін, өзіндік суреткерлік тұлға-бітімін танытатын дара-лық өзгешелігі, жазу мәнері, қолтаңбасы.

СЮЖЕТ (франц. *sujet* – зат) – өзара жалғасқан оқигалардың тізбегі, біртұтас желісі. Сюжеттің негізі – өмірлік тартыс, конфликт, кейіпкерлердің қарым-қатынасындағы қақтығыс.

ТАРИХИ ШЫНДЫҚ – өмір шындығының тарихи тақырыпқа арналған шығармадағы көркемдік көрінісі.

ТИПТЕНДІРУ – суреткердің іс жүзінде өмір шындығын өз дүниетанымы түргысынан белгілі бір уақыт пен кеңістікке, әлеуметтік орта мен дәүірге сай талғап-тануы, таңдал іріктеуі және жинақтауы, сол арқылы өзі жасап отырған көркем бейнені сомдауы, тұлғаландыруы, дарагауы.

ТРИЛОГИЯ (грек тілінен *tri* – үш, *logos* – сез) – мазмұн-мағынасы, сюжеті жағынан бір-бірімен тығыз байланыста, негізгі кейіпкерлері ортақ келетін, өзара жалғасқан, тұтас үш белімді туынды.

ШЕГІНІС – шығармадағы оқиға желісіне тікелей қатысы жоқ басқа бір жай-жағдайларды кенжелей кірістіріп айту. Көбінесе әңгіме желісін үзіп, кідіріс жасаған кезде бұдан бұрынырақ болған жай тілге тиек етілетіндіктен, бұл тәсіл «шегініс» деп аталады. Кейде «лирикалық шегініс» делінеді. Лирикалық шегіністе байқалып отырған жағдайға, суретtelіп отырған кейіпкерге автордың өз қатынасы, өз көзіл күйі айтылады.

ҮЛТТЫҚ МІНЕЗ – әдеби шығармадағы кейіпкердің үлттық сипатымен ерекшеленген мінез-бітімі, оның белгілі бір халықтың өкілі екендігін танытатын психологиялық және ойлау, сөйлеу өзгешелігі.

ІШКІ МОНОЛОГ – кейіпкердің ішкі ойы, өзіне-өзі қарата айтылған арнауы. Көзіл күй сырын білдіретін, эмоциялық өсерді байқататын көркемдік құралдың бір түрі.

ЭКЗИСТЕНЦИАЛИЗМ (лат. *eksistentia* – өмір сүру) – XX ғасырдың бас кезінде пайда болған және болмысты субъект пен объектінің тікелей бөлінбес тұтастыры ретінде түсіндіруге тырысқан қазіргі заманғы философиядағы бағыт.

ЭССЕ – тұрақталған, қалыптасқан тұжырымдарға жаңа қырынан қарап, өзінше толғап әрі дағдыдан, әдеттен, көне соқпақтардан бөлек, тың болжамдар мен түйіндеулерге құрылатын философияның, эстетиканың, әдеби сынның, публицистиканың, көркем әдебиеттің жанры.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра», 1995.
2. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. Қазақ тіліндегі араб сөздері. 1-том. / Ондасынов Н.Д. – Алматы: «Білім», 2010. – 167 б.
3. Өуезов М. Абай жолы. Роман-эпопея. – Алматы: «Жазушы», 1990.
4. Өуезов М. Шығармаларының 50 томдық толық жинағы. – Алматы: «Фылым» (1–11 т.), «Дауір», «Жібек жолы» (12–50 т.), 1998–2011.
5. «Мұхтар Өуезов» энциклопедиясы. – Алматы: «Атамұра», 2011.
6. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі (құраст. З. Ахметов, Т. Шаңбай). – Алматы: «Ана тілі», 1996.
7. Өсемқұлов Т. Бекторының қазынасы [Мәтін]: повесть / Т. Өсемқұлов // «Жұлдыз» журналы. – 2011. – № 8. – 3-16 б.
8. Бітібаева Қ. Әдебиетті тереңдептік оқыту: XIX ғасырдың II жартысы, XX ғасыр: Оқу қуралы, бағдарлама: X, XI сыныптар. – Алматы: Ы. Алтынсарин атындағы ҚР білім акад. Респ. баспа кабинеті, 2000. – 274 б.
9. Бітібаева Қ. М. Өуезов туындыларын мектепте оқыту: Әдістемелік құрал. – Алматы: «Мектеп», 2002. – 120 б.
10. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі: Педагогикалық оқу орындарына арналған оқулық. – Алматы: «Рауан», 1997. – 288 б.
11. Бітібаева Қ. М. Өуезов шығармашылығын оқыту: Әдістемелік нұсқау. – Алматы, 1994. – 94 б.
12. Қазақстан: Ұлттық энциклопедия/Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы, 1998.
13. Қазақстан жазушылары: XX ғасыр. Анықтамалық. – «Ана тілі», Алматы: 2004. – 392 бет.
14. Қазақстан жазушылары. Анықтамалық/Құраст. Қамшыгер С., Жұмашева Қ. – Алматы: «Ан арыс», 2009. – 480 бет.
15. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 3-том. / Құраст. Сүйерқұлова Б., Жанұзақ Т., Жұбаева О. және т.б. – Алматы, 2011. – 744 б.
16. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 7-том. / Құраст. Момынова Б., Сүйерқұлова Б., Фазылжанова А. және т.б. – Алматы, 2011. – 752 б.
17. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 8-том. / Құраст. Қудеринова Қ., Жұбаева О., Жолشاева М. және т.б. – Алматы, 2011. – 744 б.
18. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010.
19. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 1997. – 368 б.

20. Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі / Құраст. Құрманбайұлы Ш., Исакова С., Мизамхан Б. және т.б. – Алматы: «Ұлттық аударма биоросы» қоғамдық қоры, 2019. – 596 б.
21. Мамырбекова Г. Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2017. – 658 б.
22. Молдагалиев Т. 14 томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Жазушы», 2004.
23. Қабдолов З. Таңдамалы шығармалар. II том. Сөз өнері. – Алматы: «Санат», 2003.
24. Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. – Алматы: «Санат», 1996.
25. Майтанов Б. Мұхтар Әуезов және ұлттық әдеби үрдістер. – Алматы: «Жібек жолы», 2009.
26. Тарихи тұлғалар. Таңымдық-көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құраст. Тоғысбаев Б., Сужикова А. – Алматы: «Алматықітап», 2009.
27. Хемингуэй Э. Шал мен теңіз. Повестер/Аударғандар: Әбуталиев Н., Фабдуллин Н. – Астана, 2002.
28. Эссе жазуга арналған 10 сабак. Оқу-әдістемелік құрал/Дүсіпова Қ.С. – Алматы: «Таңбалы», 2017. – 36 б.
30. <https://kitap.kz/author/350>
31. <http://adebiportal.kz/kz/authors/view/3352>
32. <https://kitap.kz/books>
33. <https://sozdikqor.kz>
34. <https://bilimland.kz/ru>

МАЗМУНЫ

Алғы сөз	3
ФАСЫРЛЫҚ ТУЫНДЫ	
Мұхтар Омарханұлы Әуезов	6
Абай жолы (бірінші кітап)	
Қайтқанда	9
Қайтқанда (жалгасы)	16
Жолда (жалгасы)	25
Өрде (жалгасы)	31
Қияда (жалгасы)	37
Абай жолы (екінші кітап)	
Тайгақта.....	42
Еңісте (жалгасы)	47
Оқапта (жалгасы)	57
Биікте (Татьянаның сахарадагы әні)	63
Абай жолы (үшінші кітап)	
Абай аға	73
Кек жолында (жалгасы)	82
Қараышын (жалгасы)	86
Қараышын (жалгасы)	93
Қақтығыста (жалгасы)	101
Қоршауда (жалгасы).....	112
Абай жолы (төртінші кітап)	
Тұн-тұнекте	119
Қапада (жалгасы)	126
Қастықта (жалгасы).....	134
Жұтта (жалгасы).....	143
«Фасырлық түйнди» бөлімі бойынша қорытынды сұрақтар мен тапсырмалар	149
ӘДЕБИЕТТЕГІ СЫН-САРЫН	
Тұманбай Молдагалиев	152
Бауырлар (өлең)	154
Таласбек Әсемқұлов.....	159
Бекторының қазынасы	160
Қайырболды мен Бекторы	160
Қайырболды-Сағындық пен Бекторы	171
Эрнест Хемингуэй	183
Шал мен теңіз (повестен қзінді)	184
Шал мен теңіз (жалгасы)	191
Шал мен теңіз (жалгасы)	198
Шал мен теңіз (жалгасы)	206
«Әдебиеттегі сын-сарын» бөлімі бойынша қорытынды сұрақтар мен тапсырмалар	216
Глоссарий	218
Пайдаланылған әдебиеттер	221

Оқу басылымы
Ақтанова Айман Советқызы
Жүндібаева Арай Қанапияқызы
Нұрлыбаева Жанаң Нұрахынқызы

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Екі белімді

2-белім

Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық
баянтардағы 11-сыныбына арналған оқулық

Редакторы *P. Райбаева*

Суретшісі *A. Дүзелханов*

Көркемдеуші редакторы *A. Бекжонанова*

Техникалық редакторы *Y. Рысалиева*

Корректоры *E. Амангелді*

Компьютерде беттеген *G. Тасыбаева*

ИБ № 065

Теруге 27.04.2019 берілді. Басуға 09.07.2020 қол қойылды. Пішімі 70x90 ^{1/16}.

Шартты баспа табагы 16,38. Есептік баспа табагы 11,68.

Таралымы 6000 дана. № 5187 тапсырыс.

«Атамұра» корпорациясы, ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 75.

Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясы»

ЖШС-нің Полиграфкомбинаты, 050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.

